



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

ҚОҒАМ және Дәуір

ҒЫЛЫМИ - САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ



4/2011

СЫРТҚЫ САЯСАТ
және
ҚАУІПСІЗДІК

ІШКІ САЯСАТ
ЭКОНОМИКА

ҚОҒАМ
ТАРИХ
МӘДЕНИЕТ

Астана



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

2004 жылдан бастап
әр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор
Болат СҰЛТАНОВ,
ҚР Президентінің жанындағы
ҚСЗИ директоры

Жауапты редактор
Нұрлан СЕЙДІН

Шығаруға жауапты:
А.Арзықұлов

Дизайн және беттеу
А.Жұмағалиева, А.Садвакасов

Редакция мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы,
050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 87-б
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ

Телефон (727) 264-34-04
Факс (727) 264-49-95
E-mail: office@kisi.kz.
www.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде 2003 ж.
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы
№ 4526-Ж куәлік берілген.

Индекс 74007

Журналда жарияланған материалдарды
көшіріп басқан, микрофильмдеген
жағдайда журналға сілтеме жасалынуы
міндетті. Жарияланған мақала
авторларының пікірі редакция
көзқарасын білдірмеуі мүмкін.

ЖК «Волкова Е.В.» баспаханасында
басылып шығарылды.
050010, Алматы қ., Райымбек даң., 212/1.

Таралымы 500 дана.



ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ ЖОЛДАУЫ ЖОЛДАРЫНАН

Бақытжан Бұхарбаев
Президент жолдауының бағыт-бағдарлары 4

СЫРТҚЫ САЯСАТ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

Болат Әуелбаев
Қазақстанның ИЫҰ-ға төрағалығы:
заманауи қауіп-қатерлер 7

Лаура Әбжапарова
Қазіргі кезеңдегі халықаралық қарым-қатынастардағы
халықтық дипломатияның рөлі мен маңызы 11

Дана Байғожина
Қазақстанның сыртқы саясаты – қазақ
баспасөзінде 17

ІШКІ САЯСАТ

Нұрлан Сейдін
Президенттік басқару институты:
қазақстандық қолтаңба 26

Гүлмира Сұлтанбаева
Медиадемократия мәселелері:
қазақстандық тәжірибе 45

Рүстем Мұстафин
Қазақстандағы этносаралық қатынастардың
келешек ахуалы 62

ҚОҒАМ, ТАРИХ, МӘДЕНИЕТ

Аманжол Қалыш
Қазақтардың үйлену дәстүрінің ерекшеліктері 67

Эльмира Телеуова
Көшпелілердің саяси ұйымы және жоғары
билік түсінігі 76

Жомарт Жеңіс
Қоңырат тайпасының көне замандағы және ерте
ортағасырлардағы тарихы 82

Алмас Арзықұлов
Діни наным-сенімдер ұлттың тұрақты
дамуының факторы ретінде 93

Сәуле Әлімбаева Маман даярлау жөніндегі пікірлердің әлеуметтік талдамасы.....	104
Жұлдыз Жұмашова Семиотика ғылымының қалыптасу тарихы.....	108
Айғыз Тұрғынбаева 1916 жылғы Жетісудағы босқыншылық.....	113
Ардақ Нұрмұхамбетов 30-жылдық соғыс қарсаңындағы Ресей мен Швеция келіссөздері	119
Алмас Жүнісбаев Санжар Асфендияров – әскери дәрігер.....	126
Түйіндеме	145

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

Болат СҰЛТАНОВ	– редакциялық кеңестің төрағасы, ҚР Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының (ҚСЗИ) директоры, тарих ғылымдарының докторы
Нұрлан СЕЙДІН	– жауапты редактор, ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың әлеуметтік-саяси зерттеулер бөлімінің меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты
Нұржамал АЛДАБЕК	– Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің бірінші проректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор
Рахман АЛШАНОВ	– «Тұран» білім корпорациясының президенті, ҚР жоғарғы оқу орындары қауымдастығының президенті, экономика ғылымдарының докторы, профессор
Мәулен ӘШІМБАЕВ	– ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы, саяси ғылымдарының кандидаты
Камал БҰРХАНОВ	– ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, саяси ғылымдарының докторы, профессор
Қуанышбек ҚАРАЖАН	– әл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы
Бағлан МАЙЛЫБАЕВ	– ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары, заң ғылымдарының докторы
Ләйлә МҰЗАПАРОВА	– ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ директорының бірінші орынбасары, экономика ғылымдарының кандидаты
Зарема ШӘУКЕНОВА	– ҚР БҒМ ҒК Философия және саясаттану институтының директоры, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор
Марат ТӘЖИН	– ҚР Президентінің көмекшісі – Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

Болат СУЛТАНОВ	– председатель редакционного совета, директор Казахстанского института стратегических исследований (КИСИ) при Президенте РК, доктор исторических наук
Нурлан СЕЙДИН	– ответственный редактор, заведующий отделом социально-политических исследований КИСИ при Президенте РК, кандидат исторических наук
Нуржамал АЛДАБЕК	– первый проректор Казахского государственного женского педагогического университета, доктор исторических наук, профессор
Рахман АЛШАНОВ	– президент образовательной корпорации «Туран», президент Ассоциации высших учебных заведений РК, доктор экономических наук, профессор
Мәулен АШИМБАЕВ	– депутат Мажилиса Парламента РК, председатель Комитета по международным делам, обороне и безопасности, кандидат политических наук
Камал БУРХАНОВ	– депутат Мажилиса Парламента РК, доктор политических наук, профессор
Қуанышбек ҚАРАЖАН	– профессор кафедры истории Казахстана КазНУ им. аль-Фараби, доктор юридических наук
Бағлан МАЙЛЫБАЕВ	– заместитель Руководителя Администрации Президента РК, доктор юридических наук
Лейла МУЗАПАРОВА	– первый заместитель директора КИСИ при Президенте РК, кандидат экономических наук
Зарема ШАУКЕНОВА	– директор Института философии и политологии КН МОН РК, доктор социологических наук, профессор
Марат ТАЖИН	– помощник Президента РК – Секретарь Совета Безопасности РК, доктор социологических наук, профессор

Президент жолдауының бағыт-бағдарлары

Бақытжан БҰХАРБАЕВ,
ҚР Президентінің жанындағы
ҚСЗИ-дың ғылыми қызметкері

Казақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы алғашқы рет 1997 жылдың күз айында жасалды. Бұл еліміздің жан-жақты дамуының бағыттарын қамтитын «Қазақстан-2030» ұзақ мерзімді стратегиясы болды. Содан бері жолдаулар саяси дәстүрге айналып, жыл сайын халық пен биліктің байланысын нығайтып, даму векторларымызды айқындап, тұрақты түрде жария болып жүр.

2011 жыл қазақ елі үшін маңызды жыл: мемлекетіміздің тәуелсіздігінің 20 жылдығы тойланып отыр. Оның есесіне биыл тарихымызда қалатын оқиғалар орын алды: Нұрсұлтан Назарбаевтың президенттігінің мерзімін 2020 жылға дейін ұзарту жайлы референдум мәселесі, VII Қысқы Азия ойындарының қазақ жерінде өтуі, Ислам ынтымақтастығы ұйымына төрағалық ету. Осыған орай он бесінші Жолдау да мазмұны мен маңызы жағынан тарихи сипатқа ие болады деп күтілді.

Елбасымыздың 2011 жылғы Қазақстан халқына жолдауы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» деген атаумен тарихта қалады. Президенттің дәстүрлі Жолдауы Қазақстан халқына әдеттегі мерзімнен бір жарым айдай бұрын жария етілді.

Тәуелсіздігіміздің жиырмасыншы жылына қадам жасаған сәттен көп уақыт үзбей жасалған осы жолдауда Қазақстанның егемен кезеңінде қол жеткізген табыстары баян етіліп, алдағы жылдары халқымыздың әл-ауқаты мен жағдайын жақсартуға, Қазақстанның аймақтағы маңыздылығын нығайтуға бағытталған шаралар айқындалады.

Мәселен, тәуелсіздік жылдарында жүзеге асырылған ең маңызды шаралар ретінде Президент 2010 жылы Астанада 56 мемлекеттің басын қосқан ЕҚЫҰ саммитін, қиын-қыстау замандардың салдарынан әлемге тарыдай шашылуға мәжбүр болған қандастарымыздың тарихи отанына оралуын, ел экономикасына 120 миллиард доллардан астам инвестицияның тартылуын, әлеуметтік салада тиімді саясаттың жүргізілуін және т.б. атап өтеді.

Келесі кезекте аяғымызға нық тұру үшін және дамыған бәсекеге қабілетті елдермен тереземіз тең болу үшін жеделдетілген экономикалық жаңғыртуды жүзеге асыруымыз керек. Елбасы Н. Назарбаев осы мәселе жайына биылғы жолдауында бөлек тоқталды. Аталып отырған жаңғырту Президенттің 2010 жылдың қаңтарында ел халқына Жолдауындағы Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының заңды жалғасы болып табылады.

Жолдаудың әрбір сөйлемі жайбарақаттан шығып тұрған жоқ, әрбірінде қол жеткізілген нәтижелер мен алдағы уақытқа нақты талаптар қойылды.

Президент Үдемелі индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудағы бір жылдық көлемдегі нәтижелеріне тоқталып өтті. Аталмыш бағдарлама бойынша елде 152 кәсіпорын іске қосылды, бүкіл ел бойынша барлығы сегіз жүзге жуық әртүрлі өндіріс орны құрылды, 24 мыңға жуық Қазақстан азаматы тұрақты жұмыспен қамтамасыз етілді. Бұл шараның бірінші жылының ең негізгі қорытындысы экономиканың нақтылы секторының есебінен экономикалық өсуде елеулі құрылымдық өзгерістердің басталуы болып отыр.

Алдағы он жылдық ішінде, яғни 2020 жылға дейін бірқатар шаралар қолға алынуы тиіс, Елбасы олардың жүзеге асырылуына бюджеттен 130 миллиард теңге қаражат бөлінеді деді. Нақтырақ айтатын болсақ, 2020 жылға қарай ішкі жалпы өнім өсуі кемінде 30 пайыз болады, өңдеуші салалардағы өсім игеруші салалар деңгейінен асып түседі немесе соған жетеді, ұлттық қордың активтері ІЖӨ-нің кемінде 30 пайызын құрайды, экономиканың шикізаттық емес секторына салынатын отандық және шетелдік инвестиция кемінде 30 пайызға артады, ІЖӨ-дағы шағын және орта бизнестің үлесі 40 пайызды құрайды, халықтың саны 18 миллион адамға жақындайды, солардың ішінде білікті мамандардың үлесі 40 пайызды құрайды, жұмыссыздық деңгейі 5 пайызға дейін төмендейді, ауыл шаруашылығындағы еңбектің өнімділігі 2014 жылға қарай 2 есе, ал 2020 жылға қарай 4 есе өседі.

Аграрлық секторда етті мал шаруашылығын дамыту жөнінде бұрын-соңды болып көрмеген жоба жүзеге асырылады.

2016 жылдың өзінде ет экспорты 60 мың тоннаға жетеді, мұның құны 4 миллион тонна бидай экспортына тең болады деп жоспарланып отыр.

Мақсат-міндеттер айқындалып қана қоймай, сонымен қатар үкімет пен жергілікті басқару органдарына нақты тапсырмалар берілді. Атап айтатын болсақ, шикізаттық емес секторларды дамыту мақсатында үкіметке Қуат тиімділігінің кешенді жоспарын жасап бекіту, индустрияландыру өңірлік саясаттың жаңа парадигмасын қалыптастыру тапсырылып, оған әкімдермен бірлесе отырып Өңірлерді дамыту бағдарламасын жасау жүктелді.

Президент Жолдауының келесі бөлігі әлеуметтік саясатты қамтыды. Елбасының айтуынша, мемлекет жүзеге асыратын «бағдарламалардың басты мақсаты – халықтың әл-ауқатын нығайту». Бұл тұжырым бұған дейінгі қай жолдаудың болмасын, мызғымас принципі болып саналып келеді. Мемлекеттік саясат халықтың әл-ауқатын жақсарту жолында жүргізіліп жатқанының айғағы.

Білім беру саласына тоқтала отырып, Елбасы орта мектептің он екі жылдық моделі енгізіліп жатқанын мәлімдеді. Аяғымызға нық тұрып, көсегесі көгерген ел болу үшін әрбір азамат «өмір бойы білім алатындай» жағдай жасалуы тиіс. Ғылымды жаңғырту мәселесі де өзекті болып отыр. Жаңадан қорғалған ғылым кандидаттары мен докторларының басым бөлігі ғылымды дамытуды көксемейді, сондықтан биылдан бастап бұл жүйе алынып тасталып, тұрақты түрде магистрлар мен PhD докторларын дайындау жұмысы қолға алынатын болады. Жаңа білім ордасы «Назарбаев университетінің» де осы жолда атқарар қызметі аз емес: нарық сұранысына бағдарланған жоғары оқу орнының инновациялық

моделі қалыптастырып жатыр. Бұдан басқа кемінде екі жоғары оқу орны үздік әлемдік университеттер рейтингінде аталатын болуы керек.

Білім беру саласын жетілдіру мақсатында Президент биылғы Жолдауында Үкіметке нақты тапсырмалар жүктеді:

- жоо-лардың инновациялық қызметке көшу тетігін қалыптастыру;
- білім берудің сапасын арттыру және қолжетімділігін кеңейту үшін білім беруге қолдау көрсетудің жаңа қаржылық-экономикалық құралдарын енгізу;
- техникалық және жоғары білім берудің деңгейлері үшін бүгінде Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі ипотекалық құрылыста жүзеге асырып отырғанға ұқсас жинақтау жүйесін әзірлеу.

Қазақстандықтарда мемлекеттен пайыздық бонустар ала отырып балаларын оқытуға қаржы жинаудың жаңа мүмкіндіктері пайда болуға тиіс.

- бизнес-қауымдастықтар мен жұмыс берушілер өкілдерін қатыстыра отырып Кәсіптік-техникалық кадрлар дайындау жөнінде ұлттық кеңес құру.

Президент биылғы Жолдауында тілдерді дамыту мәселесіне жеке тоқталды. Бүгінде мемлекеттік тілді еркін меңгерген ересек тұрғындардың үлесі басым көпшілікті құрайтынын атап өтіп, Елбасы 2017 жылға қарай мемлекеттік тілді білетін қазақстандықтар санын 80 пайызға дейін, ал 2020 жылға қарай кемінде 95 пайызға жеткізу міндетін қойды.

Жұмыссыздық көрсеткішін азайту мақсатымен үкіметке бизнес-қауымдастықпен бірлесіп индустриялық нысандарда жұмыс істегісі келетіндер үшін тегін кәсіптік оқуы ұсыну, әрбір қазақстандықтың елді ауқымды индустрияландыруға қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ету тапсырылды.

Қазақстанның сыртқы саяси бағытын айқындай келе, Н. Назарбаев еліміз алдағы уақытта Беларусь пен Ресеймен бірлесе отырып, еуразиялық кеңістікте интеграциялық үдерістерді нығайта түсетінін білдірді.

Осыған орай Президент 2010 жылы іске қосылған үш ел арасындағы Кеден одағының елімізге әкелген пайдасы жайлы айта кетті. 2010 жылдың 10 айының нәтижесінің Ресеймен және Беларусьпен сауда жасау көлемі 38 пайызға өсті.

Қазақстандық өнімдердің Кедендік одақ елдеріне экспорты 52,4%-ке артты. Бюджетке құйылатын кедендік баждың өсімі 25% болды.

Сонымен қатар ТМД және Еуроодақ елдерімен де ынтымақтастық дамыту күн тәртібінде сақталатыны айтылып өтті. ШЫҰ шеңберінде де әріптестік жалғаса береді.

Қазақстанның сыртқы саяси жетістіктерінің айғағы ретінде биыл орын алған еліміздің Ислам ынтымақтастық ұйымына жетекшілігі.

Қорыта келгенде, Президенттің Қазақстан халқына биылғы Жолдауы да өзінің мазмұндық сипаты бойынша стратегиялық маңызы бар құжат екенін тағы бір дәлелдеді.

Қазақстанның ИЫҰ-ға төрағалығы: заманауи қауіп-қатерлер

Болат ӘУЕЛБАЕВ,
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың
Сыртқы саяси зерттеулер бөлімінің меңгерушісі

Осы жылдың 28 маусымында Астана қаласында ИЫҰ СІМС аша отырып, Қазақстан халықаралық құрылымдар арасындағы беделді және өкілетті ұйым төрағалығын Тәжікстаннан қабылдады, сонымен қатар Ұйымның атқарушы комитетіндегі қабылданған шешімдерге деген жауапкершілікті де мойнына алды.

Еліміз үшін осы бағыттағы ынтымақтастықты арттыруы қазіргі таңдағы мұсылмандық Шығыс елдерінің экономикасы мен қаржы орталықтарының қарқынды дамуы үрдісі аясында өте өзекті мәселе болып табылады. Бағыты мен мағынасы алуан құбылған Ауғанстандағы, Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка аймақтарындағы геосаяси үрдістер қазақстандық төрағалықты күрделі етіп отыр, және де бұл жағдай саясаткерлер, дипломаттар мен сарапшылардан тарапынан қалыптасқан дағдарыстар мен қиындықтарға қатысты жаңа әдістерді қолдануды талап етеді.

Ұйымның қазіргі таңда жаңа атауымен, логотиппен, қосылған құрылымдармен негізінде жұмыс істеуі отырысқа қатысушылар айтып өткендей тек қана «рем-брендинг» емес, оның реформаларға деген талпынысын танытады. Астана қаласында орын алған ИЫҰ-ның 38-ші СІМС үлкен халықаралық маңызға ие болуына осы жылдың наурыз айында Шарм-эль-Шейх қаласында өтуі тиіс болған ұйымның жоғарғы органы ретіндегі мемлекет және үкімет басшыларының 12-ші саммитінің Египеттегі қайғылы оқиғаларға байланысты тоқтатылуы себеп болды. 2011 жылдың басында Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкада орын алған әлеуметтік-саяси мағынадағы үдерістер жағдайында Астана ИЫҰ-ға мүше-мемлекеттер өкілдерінің ауқымды бөлігі үшін келіссөздер жүргізетін бірден-бір алаң болды.

Қазақстан мемлекетінің басшысы Н. Назарбаев өз сөзінде бүкіл ислам қауымы қазіргі таңдағы қауіп-қатерлер алдында бейбіт даму, модернизация, ғылыми-техникалық инновация мен ағартуды негізге ала отырып бірігу қажеттілігін атап өтті. ҚР Президентінің пікірінше, бұл ИЫҰ-ның мүше-мемлекеттерінің әр-қайсысының және де жалпы Уманың бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Қазақстанның Орталық Азия аймағы мен жалпы әлемдегі саяси беделін негізге отырып, оның ИЫҰ-ға төрағалық ету мерзіміндегі жүзеге асырған әрбір шарасы әлемдік деңгейде белгілі-бір резонанс тудырып отыр. Бұл жағынан алғанда ИЫҰ-

ның 38-ші СІМС қабылданған ИЫҰ-ның «Бейбітшілік, Ынтымақтастық және Даму» Астана декларациясы барлық мәселелерге қатысты бағдар болып отыр. Бұл құжат бүкіл мұсылман әлемі елдерінің Палестина мемлекетін мойындауға қатысты принциптері мен ұстанымдарын айқындайды. Сонымен қатар ұйымға мүше-елдердің территориялық тұтастығын сақтау халықаралық құқық және БҰҰ мен ИЫҰ-ның қабылдаған қарарларына сай болуын қадағалайды.

Ал 2011 жылдың 23 қыркүйегінде Нью-Йорк қаласында ҚР сыртқы істер министрі Е. Қазыхановтың басшылығы негізінде қазақстандық делегация төрағалығымен өткен ИЫҰ-ның мүше-мемлекеттерінің Сыртқы істер министрлерінің жылсайынғы координациялық кеңесінде Палестинаны қолдауға қатысты қарар қабылданды. Палестинаны бүкіләлемдік ұйымға тең құқылы мүше ретінде қабылдау мәселесі АҚШ әкімшілігінің Палестина ұлттық әкімшілігі көшбасшылары мен Израиль басшылығы арасындағы келіссөздердің үзілуі қауіпіне қатысты аяқталмағанына қарамастан, ИЫҰ-ның бұл шараларын нәтижесіз деп санауға болмайды.

Егер де келешекте БҰҰ Бас Ассамблеясында көпшілік дауыс негізінде Палестинаға БҰҰ-ға кірмейтін «бақылаушы-мемлекет» дәрегейін бергеннің өзінде, оның ресми өкілдері халықаралық өкілетті форумдарда өз елінің мүддесін қорғауға және Халықаралық қылмыстық сотқа (ХҚС) шағымдар түсіре алатын болады. Ал бұл жағынан алғанда ИЫҰ-ның 57 мүше-елінің бірлескен ұстанымын білдіретін үйлестірілген саясаты әлемдік саяси алаңдағы бұл үрдісте айтарлықтай күш болары даусыз.

Қазақстан өзінің ИЫҰ-ға төрағалығы барысында Палестина мәселесін дипломатиялық жолмен шешуді қолдайды, олай болмаған жағдайда бір халықтың екінші халық есебінен құқықтарының шектелуі аймақта біртіндеп қатерлі жағдайдың қалыптасуына алып келеді. ҚР Президенті Н. Назарбаев БҰҰ Бас Ассамблеясының 66-шы сессиясында сөйлеген сөзінде атап өткендей: «...тәуелсіз Палестина мемлекетінсіз Таяу Шығыста тұрақты бейбітшілікке қол жеткізу мүмкін емес».

Түрлі оқиғаларға толы 2011 жыл әлемді Сомалидегі гуманитарлық апатпен де дүр сілкіндірді. Әлемдік БАҚ бұл елдегі күшті қуаңшылық, егіннің шықпауы мен мал басының қырылуына байланысты орын алған аштық нәтижесінде қиналған адамдардың бет-бейнесіне толы фотосуреттерді ұсынумен болды. Бұл апатқа ел аумағындағы саяси тұрақсыздық пен экономиканың артта қалуы да өз үлесін қосты.

Сомалилік «Джамаат Аш-Шабааб» әскери тобының өз бақылауындағы аймақтарға мұсылмандық емес гуманитарлық ұйымдар мен БҰҰ агенттіктерін жібермеуі жағдайды одан ары қиындатады, бұл топ өкілдері үкіметтік емес ұйым қызметкерлерін ұрлау және ел астанасында ланкестік актілер жасаумен айналысып отырған.

Осыған байланысты көптеген батыстық қайырымдылық қорлардың Сомали тұрғындарына көмек көрсету мүмкіндігі болмай отыр. Олардың тікелей көмектері тек қана ел астанасы – Могадишо қаласы мен көрші елдер аумағында, мысалы, сомали босқындарына арналған лагерь орналасқан Кения территориясында жүзеге асып отыр.

Гуманитарлық дағдарыстың ауқымды мағынада орын алғандығын есепке ала отырып, ИЫҰ шығыс Африка тұрғындарына көмек көрсетудің

шоғырландырылған шараларын жүзеге асыруға талпыныс жасады. Сонымен қатар бұл ұйым өкілдері Могадишодағы Гиманитарлық көмек кеңсесі арқылы Африкалық мүйіз территориясының кез-келген аумағына қажетті жүктерді шұғыл жеткізе алатын жалғыз халықаралық құрылым.

Осы мақсатқа сай Түркия елінің бастамасы негізінде 2011 жылдың 28–29 шілдесі күні Стамбул қаласында шұғыл конференция шақылып, оның жұмысы барысында Сомали мен Африка құрлығындағы басқа да ислам әлемі елдеріне көмек көрсететін ИЫҰ-ның Гиманитарлық коалициясын құру туралы шешім қабылданды. Шұғыл көмек көрсетудің үш айлық бюджеті нақтыланып, ол 20 млн. АҚШ доллары көлемінде белгіленді. Сонымен қатар ИЫҰ-ға кіретін мүше-мемлекеттердің кейбірі Сомалиға жеке қаржылай көмек көрсетуге ниеттенді, мысалы, Сауд Арабиясы 60 млн., Кувейт 10 млн., Судан 100 мың, Қазақстан 500 мың АҚШ доллары көлемінде қаржы бөлді.

Бүкіл мұсылман үшін қасиетті саналатын Рамадан айы мерзімінде Сомали мен аймақтың басқа да елдеріне мүмкіндігінше қаржылай көмек көрсету туралы стамбул кездесуінің қорытынды декларациясында көтерілген бастама арқасында өте қысқа мерзім аралығында (17 тамызға дейін) Сомалиді экономикалық қалпына келтіру, азық-түлік пен дәрі-дәрмек жеткізуге қажетті 395 млн. АҚШ доллары көлемінде қаржы жиналды. Ал Сомалиге көмек бағытындағы Сенімгерлік қорлар желісі бойынша 2011 жылдың қыркүйегіне қарай ИЫҰ-ға мүше-мемлекеттер 500 млн. доллардай қаржы аударған.

Ұйымға қатысушы-мемлекеттер де бұл бағыт бойынша өздерінің гуманитарлық көмектерін көрсетуде. Мысалы, Иран осы кезге дейін жалпы салмағы 120 тонна болатын үш гуманитарлық көмек жіберген болса, ендігі кезекте 200 тонналық келесі партия дайындалуда. Бір айта кетерлігі қиын жағдайға қалған ИЫҰ-ға мүше-мемлекеттерге деген көмек шаралары мерзімдік қана қолдау еместігінде.

ИЫҰ-ның 2005 жылы Меккедегі қаласындағы 3-ші кезектен тыс саммиті декларациясының Онжылдық шаралар бағдарламасы мен Астана декларациясына сай Қазақстан мұсылман әлемі кеңістігіндегі кедейшілікті жоюға қатысты ИЫҰ-дағы серіктестерімен ынтымақтастықты арттыруды жоспарлап отыр. Сомали үшін қордың құрылуы Уммаға кіретін мемлекеттердің тұрғындарын азық-түлікпен, ауыз су және денсаулық сақтау мүмкіндіктерімен қамтамасыз ету секілді орташа мерзімдік міндеттердің жүзеге асуының алғашқы кезеңі болып табылады.

Сомалиді экономикалық қалпына келтіру мен бейбітшілік орнату жалпы аймақта тұрақтылықты нығайту мен қарақшылық әрекеттерді жою жағынан да маңызды болып саналады. Бұл елдегі жағдайға қатысты Астана СІМС сессиясында қабылданған қарарда (4/38-POL) осы мәселеге байланысты нақты шешімдер көрсетілген.

Сонымен қатар экономикалық қалпына келтірудің нақты шаралары ретінде ИЫҰ аясында жұмыс істеп отырған үкіметтік емес ұйымдардың сомалилік басшылық пен әскери топтар арасындағы дағдарыстың шиеленістігін кеміту, және де ұнғымаларды бұрғылаудың техникалық жұмыстарын бастауын айтуға болады. Мысалы, ИЫҰ-ның қаржылық қолдауы негізінде елдің әр аумақтарында тереңдігі 40–175 метр шамасында болатын 582 ұнғыма бұрғылау және су көздерін өндіру мен сақтауға қатысты инфрақұрылымды құру жоспарланып отыр.

Жалпы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету шарасына мұсылман әлемі елдерінің үйлестірілген күштерін ұйымдастыру ИЫҰ қызметінің гуманитарлық бағытына жүйелілік мазмұн береді. Астана қаласында өткен 7-ші Бүкіләлемдік ислам экономикалық форумында қазақстандық тарап осындай бастама көтерген болатын.

Стамбул қаласында қазан айында өткен ИЫҰ-ның Азық-түлік қауіпсіздігі мен ауыл шаруашылығын дамытуға қатысты 6-шы Министрлер конференциясы мен басқа да кездесулерде Қазақстан аумағында ИЫҰ-ның азық-түлік жөніндегі аймақтық кеңсесін ашу мәселесі талқыланды. Ұйымның қызметі аясында мұндай құрылымның пайда болуы жалпы мұсылман әлемінің ауқымды кеңістігінде қалыптасуы мүмкін табиғи жәге әлеуметтік апаттардың салдарларына қатысты шұғыл шаралар жүргізу мүмкіндігі артады.

Осылайша, Қазақстанның ИЫҰ-ға төрағалық етуі кезеңінде Исламның биік мазмұнды құндылықтары мен адами ұстанымдары нақты көрсетіліп, мұсылмандар арасындағы өзара ауызбірліктің маңызы танылды. ИЫҰ Сомалидегі гуманитарлық апатқа қатысты шұғыл түрде шаралар қолдану арқылы ислам ынтымақтастығының шынайылығына күмән келтіруге жол бермеді.

Қазіргі кезеңдегі халықаралық қарым- қатынастардағы халықтық дипломатияның рөлі мен маңызы

Лаура ӘБЖАПАРОВА,
Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӨТ университеті,
халықаралық қатынастар факультетінің PhD докторанты

Казіргі жаһандану дәуірінде халықаралық қарым-қатынастарда өзара ынтымақтастық пен әріптестікті дамытудың позитивті мүмкіндіктерінің артуымен қатар, жаңаша қауіп-қатер түрлері де белең алуда. Оның ішінде атап өтетін болсақ, халықаралық терроризм, діни қарама-қайшылықтар, әскери қақтығыстар, сепаратизм және неофашизм сияқты адамзат баласының бейбіт өміріне алып келетін қауіп-қатерлер әлемнің түкпір-түкпірінде көрініс беруде. Сондай-ақ, халықаралық қарым-қатынастарда гуманитарлық проблемалар да тым көбейе түсті. Бүгінгі күннің ақиқаттылығы мен шынтуайттылығы халықтық дипломатиядан халықаралық қарым-қатынастар шеңберінде адам құқығы, әлеуметтік теңдік пен әділеттілік, демократия мен адамзаттың мәдени және рухани құндылықтарды қорғау мен оның ортақтығы сияқты гуманитарлық проблемаларға жаңаша тұрғыдан қарауды қажет етеді. Әлемде болып жатқан келеңсіз оқиғалар мен қауіп-қатерлер адамзаттың халықаралық, мемлекетаралық қатынастар мен байланыстарды ізгілендірудің жолын табу мен оны дамытуға мүдделілік танытуда. Міне, осындай жағдайда әлемдік саясатқа аса үлкен ықпал етуші халықтық дипломатия рөлінің маңыздылығы арта түсуде. Өйткені, қазіргі таңдағы халықаралық қатынастардың даму үдерісінде халықаралық және мемлекеттік органдардың қызметі жалпы халықтың, қоғамдық күштердің қолдауынсыз аса белсенділікке ие бола алмайтындығын көрсетіп отыр. Сонымен қатар, әлемдік тәжірибеде халықтың дипломатия халықаралық қатынастарда өзінің толық құқылы акторы бола алатындығын әлдеқашан дәлелдеп берді. Қазіргі кезеңдегі әлемдік саясаттағы жаңаша көзқарастар мен ұстанымдардың қалыптасуына байланысты халықаралық қарым-қатынастарда гуманизм принциптері, жалпыадамзаттық адамгершілік нормаларын да алып келді. Әлем жұртшылығының барлық әлеуметтік топтарының рухани және саяси белсенділігінің артуы мен халықаралық істерде моральдық-этикалық фактордың рөлінің өсуіне байланысты гуманитарлық салалар бойынша проблемалар мен қоғамдық пікірдің қалыптасу механизмі мен оның саясатқа әсерін анықтауды талап етуде.

Халықтық дипломатия термині ХХ ғасырдың 90-шы жылдарында посткеңестік республикалардың баспасөз ақпарат құралдарында алғаш рет айтыла бастады. Ал бұл уақытқа дейін әлемнің көптеген мемлекеттерінде халықтық дипломатия термині жұртшылықтың санасына терең еніп, саясатқа ықпал ететін айтарлықтай күшке ие болған еді. Бұл терминнің ағылшын тіліндегі баламасы «citizen diplomacy» немесе «people's diplomacy», яғни қазақ тілінде «азаматтық» немесе «халықтық» дипломатия деген мағына береді. Көптеген зерттеушілер бұл терминді қолдануда аса ерекшелік бар екенін байқамайды. Мысалы, Жорж Крассовски былай деп жазады: «The so-called people's or citizens' diplomacy... This is a phenomenon of our times...» («Халықтық немесе азаматтық деп аталатын дипломатия... Бұл – қазіргі кезеңнің феномені болып табылады»). Сондай-ақ, Жорж Крассовски халықтық дипломатияны жоғары қызметте отырмаған қарапайым адамдардың іс-әрекеті, яғни олардың әрекеті белгілі бір мақсатқа негізделген және гуманитарлық сипатқа ие: бейбітшілік, қарусыздану, қоршаған ортаны қорғау, адам құқығын, денсаулығын және жақсы өмір сүруіне қолғабыс жасау және тағы басқа әрекеттері мен қызметтері деп түсіндіреді [1].

Халықтық дипломатия термині екі компоненттен тұрады. Біріншісі, «халықтық» – негізгі қатысушылары, мүшелері, бастаушысы халық болып табылады деген мағынаны берсе, екіншісі, дипломатия сөзі бірнеше мағына береді. 1. Мемлекеттік органдардың сыртқы саясаттағы қызметі; 2. Шетелдік мемлекеттермен келіссөздер мен қатынастарда қолданылатын әдістер мен тәсілдердің жиынтығы; 3. Қандай да бір мақсатқа жету жолындағы әдіс-тәсілдер жиынтығы. Осы жағынан алғанда халықтық дипломатия контекстінде «дипломатия» сөзі халықтың мүддесін бейбіт жолмен қорғау. Сондай-ақ, ағылшын тілінің оксфордтық сөздігінде (Oxford English Dictionary) дипломатияға былайша анықтама берілген: «Дипломатия дегеніміз – келісімдер арқылы халықаралық қатынастарды жүргізу; осы қатынастарды жүргізу мен реттеудің әдіс-тәсілі және елшілер мен әдейілеп жіберілгендер арқылы жүргізіледі; дипломат қызметі немесе өнері» деп көрсеткен. Жалпы осыдан шығатын қорытынды, халықтық дипломатия дегеніміз, үкіметтен тікелей түрде (кей жағдайларда біршама тәуелді) тәуелсіз заңды және жеке тұлғалардың, үкіметтік емес ұйымдардың, қозғалыстар мен институттардың бейбітшілікті сақтауға, мемлекеттер арасындағы қарым-қатынасты жақсарту мен дамытуға, халықтар арасындағы өзара түсінушілік пен ынтымақтастықты дамытуға бағытталған бейресми сыртқы саяси, мәдени, әлеуметтік қызметтері болып табылады. Сонымен қатар, халықтық дипломатия ретінде халықтар арасындағы түрлі мәдени байланыстар (көркем өнер көрмелері, фестивалдар, өнер жиындары), халықаралық және екіжақты білім бағдарламалары, әріптестік және мәдени алмасу тәжірибелік бағдарламалары және тағы басқа халықаралық байланыстарды атап өтуге болады.

Қазіргі кезеңде халықтық дипломатияның жалпы қайнар көзі немесе бастамашыл топтық белгісіне байланысты оның екі түрін бөліп көрсетуге болады: жоғарыдан, яғни халықтық дипломатияның бастамашысы ресми мемлекеттік орган болып табылады, ал екіншісі төменнен, яғни бастамашысы мемлекеттік органдарға қатысы жоқ, қарапайым адамдар болып табылады. Бірінші түрі бойынша (яғни, жоғарыдан) зерттеуші В.И. Маанди мынадай сипаттамасын береді: «это государственная гражданская, (народная) дипломатия. «Она рождается в коридорах государственной власти, т.е. когда идея, целесообразность,

направленность, средства и даже имена исполнителей исходят «сверху», она просчитывается долго и детально, с учётом множества факторов, с написанием «белого» и «чёрного» сценариев. Но при этом результат её к сожалению, далеко не всегда бывает успешным. Екінші түрін (яғни, төменнен) В.И. Маанди былайша көрсетеді: «это «наивная гражданская (народная) дипломатия». Она «исходит из горячего сердца, рождается спонтанно, находится под сильным влиянием эмоций, осуществляется бессистемно и с совершением массы непростительных политических ошибок, совсем не глобальна, а напротив, случайна, единична. Но при этом практически всегда достигает цели» [2]. Бұл атап өткен халықтық дипломатияның екінші түрі (яғни, төменнен) бұл көптеген мемлекеттерде дамыған және қазіргі кезеңдегі ХХІ ғасырдағы халықаралық қарым-қатынастарда халықтық дипломатияның негізгі түріне айналған. Оның негізін қарапайым халықтың өз мемлекетінің шекарасынан тыс аймақтарда тұратын өзге тілдегі, өзге мәдениеттегі халықпен қарым-қатынасқа түсу, тілдесу және өздері секілді адамдармен достық қарым-қатынас орнату секілді табиғи ұмтылыстар нәтижесінде пайда болады. Сондай-ақ, бұл халықтық дипломатия түрлерінің мақсаттары да бір-бірінен біршама ерекшеленеді. «Мемлекеттік» халықтық дипломатияның мақсаты бұл халықаралық диалогты белсендендіру, өзара түсініспеушілік немесе сенімсіздікті жеңіп шығу, халықаралық қатынасты жақсарту, мәдени және экономикалық қатынасты нығайту, өзара тиімді әріптестікті күшейту және тағы басқа мәселелер. Екінші түрі, шынайы халықтық дипломатияның мақсаты адамның ішкі рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру, нақтырақ: өзара түсіністік, ынтымақтастық, әріптестік, таным, таныту сияқты қажеттіліктер. Сонымен қатар, біріншіден адамның өзінің жеке өзінің рухани қажеттіліктері, содан кейін ғана «мемлекеттік» халықтық дипломатия қоятын глобальды мақсаттарға бағытталады. Бұл жоғарыда көрсетілген екі халықтық дипломатия түрінің өзінің артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Бірақ, халықтық дипломатияның қай түрі немесе деңгейі болмасын, оның негізгі мақсаты жер бетіндегі халықтар арасындағы өзара түсіністікті бейбітшілікті сақтау болып табылады. Бірақ, оның дипломатияның әрбір көрсетілген деңгейінде өзгеше міндеттері, өзіндік мүмкіншіліктері, формалары мен әдістері, өзіндік құқықтық статусы болуы мүмкін. Халықтық дипломатия өз қызметінің ауқымы, географиясы, мақсаты мен міндеттеріне байланысты бірнеше деңгейге бөлінеді: халықаралық деңгей; мемлекетаралық деңгей; мемлекет ішіндегі деңгей; аймақаралық деңгей. Сондай-ақ, халықтық дипломатияның акторларының қызмет талдап қарайтын болсақ, оның бірнеше әдістерін анықтауға болады: наразылық акциясы; ынтымақтастық акциясы; консенсус іздеу; әріптестік; ақпараттық және ағартушылық қызмет.

Зерттеуші Н. Ахундовтың пікірінше, халықтық дипломатияның пайда болуы мен дамуының тарихи кезеңін ХІХ ғасырдың ортасынан бастау алады деген еді. Сонымен қатар, зерттеуші халықтық дипломатияның төрт даму кезеңдерін анықтап көрсеткен (І кезең: ХІХ ғ. ортасынан 1917 ж. дейін; ІІ кезең: 1917 ж. қазан айынан екінші дүние жүзілік соғыс аяқталғанға дейін; ІІІ кезең: ХХ ғ. 40-шы жылдарының ортасынан 80-ші жылдардың ортасына дейін; ІV кезең: ХХ ғ. 80-ші жылдарының ортасынан қазіргі кезеңге дейін) [3]. Алайда, автор өзінің еңбегін ХХ ғасырдың 80-ші жылдардың соңында жазғандықтан, КСРО-ның ыдырауы, «қырғи-қабақ соғыстың аяқталуы», демократиялық про-

цестер, нарықтық экономикаға өту сияқты маңызды тарихи факторлар есепке алынбаған. Сондықтан, халықтық дипломатияның пайда болуы мен дамуының тарихи кезеңдерін басқаша алып қараған жөн.

Біріншіден, халықтық дипломатия алғашқы мемлекеттердің пайда болуы мен дамуы кезеңінде-ақ, пайда болған. Бұл алғашқы кезеңдегі формасын біршама дамытып, бұл процес XIX ғасырға дейін созылған. Сонымен қатар, түрлі аймақтарда қарапайым адамдар арасындағы мемлекетаралық байланыстардың пайда болуы мен дамуы түрліше өтті. Әрине, бұл байланыстар мемлекетаралық қатынастардың ресми түрде орнауына дейін болған еді. Мысалы, жапон-қытай, және жапон-корей қатынастары жеке тұлғалар деңгейінде орнады (будда монахтары, көпестер, босқындар). Оның ықпал еткен себептер қатарында өзара танып-білу процесі, біршама жетілген Қытай мәдениетінің Жапонияға таралуы шамамен IV ғасырға жатады. Сондай-ақ, жапон-еуропа қарым-қатынастары (испандық миссионерлер, португалдық теңізшілер) – XVI ғасырға жатады. Ал орыс-жапон қарым-қатынастары (жапондық балықшылар, орыс саяхатшылары мен теңізшілері) – XVII ғасырға жатады. Сондықтан, кез-келген екі жақты мемлекетаралық халықтық дипломатияның қалыптасуының бастапқы кезеңінің шамамен анықтауға болады, ал жалпы халықтық дипломатияның пайда болуын нақты анықтау мүмкін емес. Сондай-ақ, ежелгі кезеңнен бері қарай дипломатия өз мақсатына жету жолында үкіметтік салаға жатпайтын адамдар мен ұйымдарды жиі қолданған. Шығыс елдерінде ол әсіресе, көпестердің, тарихшылардың, саяхатшылардың тағы басқаларын шетелдерге ақпараттар жинақтау, мәліметтер алу сияқты мақсатпен бейресми сапарларға аттандырғаны белгілі. Ал ортағасырлық кезеңде дипломатия өнерінің дамуының шарықтау шегіне жеткен кезеңінде де халықтық дипломатия элементтері кеңінен қолданылды. Оған әсіресе, Византия, Араб халифатының және Моңғол империясында қалыптасқан дипломатия әдістерін атауға болады. Елшінің жеке басына қол сұғылмаушылық құқығына ие болуы көптеген мемлекеттеріне тән болған. Тіпті, елшінің нөкерлері де мемлекет қорғауында болды. Бұл көп жағдайда елші нөкері сипатында саудамен айналысқан көпестерге аса тиімді болған еді [4].

Екіншіден, бастапқы кезеңдегі халықтық дипломатияның деңгейі де өзгеріске ұшырады. Мысалға алатын болсақ, халықтық дипломатияның белсенділігі – жалпы қоғамдық пікір мен сана-сезімнің жаңаша сипат алуы мен белсенді болуы, ұлттық тәуелсіздік идеясы мен пацифизм, сонымен қатар, жалпы қоғамдық пікірдің үкімет қызметіне ықпал ете бастауынан кейін алғашқы қоғамдық қозғалыстар, ұйымдар құрылады.

Үшіншіден, халықтық дипломатияның дамуы тарихи кезеңдегі саяси даму мен өзгерістерге тікелей байланыста болатындығы белгілі. Мысалға алатын болсақ, жалпы дүние жүзілік мағынаға ие болған бірінші және екінші дүние жүзілік соғыс, «қырғи қабақ соғыстың» басталуы мен аяқталуы, сияқты тарихи кезеңдерді айтуға болады. Сонымен, жоғарыда айтып өткеніміздей зерттеуші Н. Ахундовтың пікірімен келісуге болады, тек оның пайда болуы кезеңін анықтауын қайта қарауды талап етеді.

Міне, осы мәселелерді еске ала отырып, келесі бір Ресей зерттеушісі Т.И. Медведеваның халықтық дипломатия даму тарихының кезеңдеуінің біршама айқын екені байқалады. Зерттеуші халықтық дипломатияның қалыптасуы мен дамуының төрт кезеңін ерекше бөліп көрсетеді; бірінші

кезең – Еуропа мен Америкадағы соғысқа қарсы қозғалыстардың пайда болуы кезеңінен бірінші дүние жүзілік соғыстың аяқталуына дейінгі кезең (XIX ғ. басы –1918 ж.); екінші кезең – халықтық дипломатияның континентаралық деңгейге шығуымен ерекшеленеді және ол бірінші дүние жүзілік соғыстың аяқталуы мен екінші дүние жүзілік соғыстың соңына дейін жалғасады (1919–1945 жж.); үшінші кезең – халықтық дипломатия «қырғи қабақ соғысы» кезеңінен сәйкес келеді, сондықтан оның бірқатар элементтері идеологиялық құралға айналып, 90 жылдары КСРО-ның ыдырауына дейін жалғасады (1946–1990 жж.); төртінші кезең – халықтық дипломатия қызмет ету ауқымының кеңеюі мен оның негізгі институттарының әлемдік саясаттың халықаралық деңгейдегі шынайы акторларына айналды. (1991 ж. – қазірге дейінгі кезең) [5].

Жалпы халықтық дипломатияның дамуына тарихтың XX ғасырда болған саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістері мен оқиғалары аса үлкен ықпал етті. Әлем экономикасының дамуы, ғылыми-технологиялық прогресс нәтижесінде халықтар арасындағы байланыстардың күшеюіне мүмкіндік беріп, парламентаризм, күнделікті өмірдің саясиландырылуы, бұқаралық ұйымдар мен партиялардың пайда болуы және бұқаралық ақпарат құралдарының дамуының нәтижесінде қоғамдық пікір әлемдік саясатқа жылдан-жылға белсенді араласуына мүмкіндік беруде. Әлемдегі демократиялық қоғамдардың рөлі өсе түсті. Сондай-ақ, халықтық дипломатияның географиясы да өзгере бастады: еуропалық деңгейде ғана емес, континентаралық деңгейге өтті, өзге континент халықтары, оның ішінде Азияның, Латын Америкасының, Африканың халықтары да халықтық дипломатияның дамуына үлесін қоса бастады. XX ғасырдың тарихи кезеңіндегі халықтық дипломатияның жаңа бағыттары анықтала бастады. Мысалы, Кеңес мемлекеттеріндегі «солидарность» қозғалысы. Халықтық дипломатия сонымен қатар, әлеуметтік және ұлт-азаттық қозғалыстарға үлкен қолдау көрсетті, фашизм мен оның агрессиялық әрекеттеріне қарсы күресті. Осы кезеңде көптеген қоғамдардың шетелдік мемлекеттермен қарым-қатынастары күшейіп, гуманитарлық және мәдениынтымақтастық орнайды, бауырлас қалалар пайда болады. Алайда, осы кезеңде халықтық дипломатия мүшелері, яғни солшылдар арасында, бірінші кезекте коммунисттер, пацифисттер арасында жікке бөліне бастады. Екінші дүние жүзілік соғыстың аяқталуынан отарлық жүйенің ыдырауы мен Азия мен Африканың көптеген ұлттық мемлекеттерінің құрылуы, демократиялық күштердің қызметінің жандануы және «қырғи-қабақ соғыстың» басталуы халықтық дипломатияның дамуына үлкен ықпал етті. Сонымен қатар, халықтық дипломатияның екі бағыты айқындалды. Бірінші бағыт – әлемдік қауымдастықтың биполярлық жүйедегі халықтық дипломатияны идеологиялық күресте қолдану. «Қырғи қабақ соғыс» кезеңінде социалистік мемлекеттерде халықтық дипломатия формасында кәсіподақтар, студенттік ұйымдар, бейбітшілік үшін күрес жүргізуші топтар, достық қоғамы ретінде құрылып белгілі бір идеологиялық құралға айналды. Ал капиталистік жүйеде бұл негізінен адам құқығын қорғаған американдық қорлар, ұйымдар құрылды. Олардың қаражатына түрлі халықаралық конференциялар ұйымдастырылды, өзара тәжірибе алмасу бағдарламалар мен зерттеулер жүргізу жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, бұл кезеңде халықтық дипломатияның әлеуметтік базасы да кеңейе түсті. Оған көптеген саяси партиялар, халықаралық әйелдер, жастар тағы басқа кәсіподақ ұйымдары атсалысты. Әлемнің бейбітшілікті

жақтаушы топтары ядролық қолдануға тыйым салу, жаппай қарулануды шектеу, Қытайдағы, Үндіқытайдағы, Таяу Шығыстағы, Африка мен Латын Америкасы елдеріне қарсы агрессиялық топтардың әрекеті мен шиеленестірді жоюға әрекет жасады.

XX ғасырдың 90-шы жылдарының басында «қырғи-қабақ соғыстың» аяқталуы әлем қауымдастығына әр түрлі салаларда, яғни экономика, саясат, мәдениет, ғылым салаларында тығыз халықаралық ынтымақтастық жасасуға үлкен мүмкіндік беріп, әскери-саяси қарама-қайшылықтың тоқтатылуы бүкіл жер шарында бұрын-соңды болмаған саяси тұрақтылықтың қалыптасуына үлкен ықпал жасады. Бірақ халықаралық қатынастардың әлемдік жүйесінің биполярлық құрылымнан бірполярлық құрылымға өзгеруі халықаралық қауіпсіздік жүйесін нығайтпақ түгілі, оны біршама әлсіретіп жіберді. Құрама Штаттар қырғи-қабақ соғыстың аяқталуы мен негізгі қарсыласы – КСРО-ның әлемдік аренадан өз еркімен кетуін өз жеңісі деп есептеп, тың күшпен «әлемнің америкалық формасын» қалыптастыруға кірісті. Вашингтонның әлемдік басымдыққа ұмтылуы мен америкалық үстемдікке қарсы шыққан шағын топтарды басып тастауы халықаралық қатынастар жүйесінде тұрақсыздықты туғызды. 1991 жылғы Парсы шығанағы аймағындағы соғыс; НАТО-ның Шығысқа қарай кеңеюі; 1991–1998 жылдардағы Бағдаттың халықаралық экономикалық блокадасы; БҰҰ-ның шешімсіз Құрама Штаттардың 1999 жылы Югославияны бомбалауы; 2001 жылғы 11 қыркүйек оқиғасы және америкалық «алдын ала соққы беру» саясаты; Вашингтонның 2002 жылы Ауғанстанға күш көрсету әрекеті және 2003 жылы наурыз айында АҚШ-тың Иракқа басып кіруі осы жолдағы негізгі кезеңдер болып табылады [6]. Қазіргі таңда әлемде бұдан да басқа көптеген халықаралық проблемалар халықтық дипломатиядан жер бетіндегі тыныштық пен бейбітшілікті сақтауды жүктейді және талап етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Krassovsky G, People's Diplomacy // <http://www.vo.lu/>
2. Маанди В.И. Народная дипломатия – политическая гармония // <http://www.intelligent.ru/>
3. Ахундон Н.А. Народная дипломатия в современной мировой политике, Автореферат диссертации. – М–Л., 1991. – С. 18–20.
4. Закиров С. Дипломатические отношения Золотой Орды с Египтом (XIII–XIV вв.). Академия наук СССР. Институт народов Азии. Издательство «Наука», Главная редакция восточной литературы. – М. 1966. – С. 40
5. Медведева Т.И. Гражданская (народная) дипломатия и её роль в российско-японском политическом диалоге. диссертация ... кандидата политических наук. – Москва: РГБ, 2007. – С. 52–53
6. Алпысбаев Р.А. АҚШ-тың Таяу Шығысқа қатысты сыртқы саясатындағы Ирак (XX ғ. 90-шы жж. – XXI ғ. басы). Шығыстану философия докторы (Ph.D.). ... дис. – Алматы, 2011. – 4 б.
7. Зонова Т.В. Современная модель дипломатии: истоки становления и перспективы развития. – М., 2003. – С. 121.

Қазақстанның сыртқы саясаты – қазақ баспасөзінде

(«Егемен Қазақстан», «Түркістан», «Алаш айнасы», «Айқын» газеттері мысалында)

Дана БАЙҒОЖИНА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
журналистика факультетінің
2-курс магистранты

Еліміз ұзақ тарихи жолдан өтіп бүгінге жетті. Алайда осынау заңғар замана көші оның соқпақсыз, соқтықпалы кезеңдерін бастан өткеріп, өзінің бодансыз болашағына ұмтыла берді. Ақырында тәуелсіздік деген киелі де қасиетті ұғымның орындалуына қол жеткіздік. Бұл тағдыры талайлы халқымыздың көптен аңсаған мақсат – мүддесі еді. Сол үшін де қаншама қиындықтарды бастан кешуге тару келді. Соның бәрінде ержүрек халқымыз өз міндетін абыроймен атқарып шықты. Сөйтіп біртұтас мемлекет құрдық, онымызды әлемге паш еттік!

Ал оның ең бір тұғырнамасы ретінде Қазақстан Республикасының Конституциясын қабылдадық. Сол Ата Заңның бірінші бабында былай деп жазылды: «Қазақстан Республикасын өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады; оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары».

Тәуелсіз елдің осы заманғы үрдістерге сай болуы кезек күттірмейтін проблема. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, өркениетті атанып отырған елдер осы демократияны басты құндылық ретінде әрі оны реалды өмірде орнықтыруға күш салуымыз – жаңаша дамудың кепілі екеніне сөз жоқ. Бұлай солай отырғанын көріп те жүрміз.

Демократия жер жүзіндегі барша жұрттың прогресшіл арман-тілегі ғана емес, бірден-бір таңдауы да болып отыр. Тек бұған кейбір кертартпа қоғам болмаса ғана, жалпы алғанда ұлттар мен халықтар оң ниет танытып келеді. Бұл орайда Ұлыбританияның премьер-министрі болған әйгілі Уинстон Черчилльдің мына сөзін де еске алсақ артық болмас: «мен демократияны ұнатпаймын, алайда адамзат өз тарихында осы уақытқа дейін қоғамдық құрылыста демократиядан артық дұрыс жолды ойлап тапқан жоқ, сондықтан бәрімізге де осы жолмен жүруге тура келеді», – деген екен.

Осындай жағдайлар сияқты, журналистика да демократиялық бағытта дамыса нұр үстіне нұр! Қазіргі заманда журналистиканы демократиядан бөліп қарау мүмкін емес. Себебі журналистика көтерер жүк аз емес. Қоғамды да, билікті де журналистика үнемі замана ауқымында айнадағыдай көрсетіп отырады. Мұның өзі бұқаралық ақпарат құралдарының күнделікті жұмысы, іс-әрекеті.

Бұқаралық ақпарат құралдарының ішінде әсіресе баспасөздің орны бөлек. Өйткені электронды ақпарат құралдарына қарағанда баспасөздің өзіндік ерекшеліктері бар. Айталық, радио, телевидениедегі эфирден айтылған сөз кейде сол сәттің, сол мезеттің ақпараты ретінде қалып жатады, ал газет-журналда басылған сөз – мәңгілік. Оны бірнеше жылдан кейін де, тіпті ғасырлар өткенде де тасқа басылған сөз ретінде пайдалануға болады.

Әрине, бұл орайда әрбір бұқаралық ақпарат құралдары түрлерінің өзіндік орны барын жоққа шығаруға болмайды. Мәселен, радио, телевидениенің жеделдігін, дыбысы мен бейнекөрінісін атап айтуымыз керек.

Ендеше, аталмыш тақырыпқа қатысты мына мәселенің басын ашып алғанымыз жөн. Дәл қазір біз мемлекетіміздің қалыптастыру процесін бастан кешіріп жатырмыз. Қоғамда демократия толығымен орнап қойды деп айту ертерек, біз соған бара жатқан елміз. Батыстағы бірқатар елдер бұл жолдан баяғыда өтіп қойған. Саяси реформалар аяқталып үлгерген, әлеуметтік мәселелер де жетекші мәнге ие емес. Сондықтан екі тараптың бұқаралық ақпарат құралдарына азық болар тақырап та басқа болмағы заңдылық. Оларда шоу-бизнес, спорт, табиғи апаттар, атыс-шабыс сарынындағы ақпараттар сұранысқа ие болса, бізді бірінші кезекте елдік мәселелер толғандырып тұрмағы тиіс. Біздер үшін қоғамдық пікірді таратып қана қою аз, оны қалыптастыра да білуіміз керек. Өкінішке қарай, елдегі кейбір ақпарат құралдары арасында оқырман, көрермен пікірімен санаспау, өз идеясын зорлап тану пиғылы басым болып барады. Бұл әсіресе тәуелсіздік терісін жамылған басылымдарға қатысты. Әрине, кез келген газеттің ұстанған бағыт-бағдары болады. Өзіндік ерекшеліктеріне қарай өз аудиториясын табады. Бірақ жалған сенсация қуып, арзан ақпаратқа, тапсырыстағы дүниелерге, мазмұны мәнсіз мақалаларға ешқандай жол бере мегені абзал. Әйтпесе, бүгінгі таңда желөкпе басылымдар қаптап кетті. Алған ақпаратты бүге-шігесіне дейін анықтап, нақты түсіндіру газеттің міндеті болып табылуы керек.

Ендігі өз ойымызды осы Қазақстанның сыртқы саясаты және халықаралық мәселелердің жазылуына жалғастырсақ. Қазақстанның сыртқы саясаты қазіргі кезде аса ауқымды және маңызды саясаттың бірі. Ол барлық елдерді әлемдік ауқымда дамып, өркендеуге, ортақ ақпарат кеңістігінен қалыс қалмауға итермелейді. Қазақ баспасөзі жаңа үрдіске иек артып келеді. Бұқаралық ақпараттың көз-жанарын байлап, екі өкпесін қысқан тас қамалдың есігі ашылып, ішіне саңылау түскендей, газет-журналдардың тілі, стилі бұрынғы сірескен қалпын жойып жаңалықпен, жаңа леппен көрініс табуда. Ақпарат ағынында бәсекелестік пайда болды. Ал бәсеке дегеніміз баспасөздің ішкі динамиасы, дамытушы күші емес пе? [1].

Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты белсенділігімен, тепе-теңдік сақтауға ұмтылысымен, прагматизмдігімен, сындарлы сұхбат жүргізуге талпынысымен және көпжақты ынтымақтастыққа бағытталғандығымен ерекшеленеді. Халықаралық аренада мемлекетіміз өзінің тарихи, геосаясаттық және экономикалық факторларына байланысты көп ғасырлар бойы сыртқы саясатын халықаралық ынтымақтастық, көршілес мемлекеттермен татуластық және олардың аймақтық біртұтастығын құрметтеу принципіне негіздеп жүргізіп келеді. Қазақстанның өзге мемлекеттермен тең құқылы және екі жаққа да тиімді қарым-қатынас құруға дайындығы оның бүгінгі күні дипломатиялық байланыс орнатқан шет мемлекеттердің санының көптігімен дәлелденіп отыр.

1991 жылы тәуелсіздік алған сәттен бастап біздің республика әлемнің 130 мемлекетімен дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. Көптеген себептерге байланысты Орталық Азия мен Қазақстан аймағы әлем саясатында қазіргі кезде ерекше назарға ие. Қазақстан екпінді даму қарқынының арқасында ірі транснационалдық корпорациялардың, өзге мемлекеттердің үлкен қызығушылығына ие. Бұл түсінікті де, Қазақстан Орталық Азиядағы географиялық сипаты бойынша ең ірі мемлекет болып табылады, оған қоса экономикалық даму қарқыны бойынша біздің мемлекет аймақтағы көшбасшы. Осы ретте еліміздің болашақта даму мүмкіндіктерінің мол екендігін ескере кету керек. Бүгінгі күні қазақстандық сыртқы саясат басымдылығы ең алдымен Ресей, Қытай, АҚШ, ЕО, Орталық Азия аймағындағы көршілес мемлекеттермен, ислам әлемімен тең құқылы қарым-қатынас құруға бағытталып отыр. Бұл тұрғыда 2006–2007 жылдару аталмыш мемлекеттермен және аймақтармен екі жақты байланыс едәір алға басты. Ел мүддесіне қатысты бірталай маңызды құжатқа қол қойылған мемлекет басшылығының Вашингтон, Мәскеу, Брюссел, Лондон, Бейжің, Каир, Тегеран, Ташкент, Бішкек және тағы да басқа мемлекеттердің астаналарына ресми сапарларының қорытындылары да осыны айғақтай түсуде. Осылайша мемлекетіміздің әлемнің жетекші державалары мен көршілес ТМД мемлекеттері арасындағы стратегиялық серіктестігі жаңа деңгейге көтерілді деуге болады.

Республиканың сыртқы саяси стратегиясында бұрынғы кеңес кеңістігінде болып жатқан интеграциялық процестер ерекше орынға ие. Біздің мемлекет бұрынғы КСРО республикаларының басым бөлігін бірлестірген Тәуелсіз мемлекеттер достастығын сақтап, оны дамыту турасында біршама іс атқаруда. 2006 жылдың мамыр айынан бастап 2007 жылдың қазан айына дейін Қазақстан ТМД-ға төрағалық етіп Достастықтағы интеграциялық процесстердің дамуына жаңа серпініс берді. Төраға ретінде Қазақстан ТМД ұйымының жалпы тиімділігін арттыру мақсатында, Достастықты реформалау бойынша Концепцияны жасап, ТМД мүше басқа елдердің талқылауына салды. 2007 жылдың қазан айында Душанбеде өткен ТМД саммиті барысында аталмыш Концепция қабылданды. 2007 жылдың маусым айында Санкт-Петербургте өткен Достастыққа мүше мемлекеттер басшыларының ресми емес саммитінде Қазақстан Президентінің ұсынысы республикамыздың ТМД ұйымының қажеттілік деңгейін арттырудағы тағы да бір айтарлық қадамы болды. Қазақстан басшысы ендігі жерде Достастық көшбасшылары жылына бір көкейкесті мәселені қарастыруды ұсынды. Бірінші болып ТМД мемлекеттерінің бәріне ортақ өзекті мәселе көші-қон тақырыбы қарастырылды. Ал 2008 жылы ТМД төрағасы ретінде Қазақстан көлік және коммуникация мәселесін талқылауды ұсынды. Бұрынғы кеңес кеңістігінде экономикалық беделі жоғары Қазақстан мемлекеті Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше жетекші мемлекет болып табылады. Аталмыш Ұйымға Қазақстаннан басқа ТМД-ның бес мемлекеті мүше. Олар Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Беларусь және Тәжікстан. Біздің республикамыздың экономикалық мүмкіндіктері мен белсенділігі бұл ұйымның даму қарқынына айтарлықтай септік етуде [2].

Осы дипломатиялық қарым қатынасты қоғамға, жалпы күллі әлемге паш ететін, әрине, баспасөз қызметі. Баспасөзде бәсекелестік ұшқындап болса да белгі беріп қалады. Бірақ біз оны әлі шын мәніндегі «бәсеке» деп айта

алмаймыз. Содан кейін экономикалық реформа төңірегінде өрбіп жатқан оқиғаларға көзқарас білдіргеннен гөрі әдеби, мәдени мәселелердің шеңберінде қалып отырған сияқтымыз. Бұл – қазақ журналистикасының өзінің ерекшелігі. Сондықтан одан қол үзуге болмайды. Мысалы, Еуропа елдері мен Түркияның газеттері мәдениетке көп көңіл аудармайды екен. Екінші сөзбен айтқанда, рухиянат әлеміне батыс баспасөзінде орын тимейді.

Ақпарат ағымындағы хабарларға құлақ түре келіп, өз қырымыздан зер салсақ, сол күнбатыстағы елдерде мәдени тоқырау, тіпті тоқырау емес, құлдырау белен алып бара жатқандай.

Сол тоқырау мен құлдыраудың ушығып тұрған кіндігі – баспасөз. Қазақ баспасөзі өмірдің нақты, шынайы бетімен үйлеспей келеді дейтін сын-пікірлер бар.

Бұқаралық ақпараттың дәл осы қос саласына пәлендей жаңалық, өзгеріс ене бастады деп айта қою қиын. Бәлкім, баяғыдан қалыптасқан ахуалдың оң бағытқа икемделе алмай жатқанына қаржы тапшылығы, техникалық құрал-жабдықтардың ескіріп, тозуы қолбайлау болып тұрған шығар. Бірақ мәселе тек осыларға ғана байланысты емес. Теледидарда да, радиода да мүлдем жаңа сипаттағы көзқарас, пікір, іс-қимыл жағы жетіспейді. Соныдықтан жас журналистердің осы қос салада көптеп топтасқанын қалар едім.

Қазақ радиосында жаңалықтың жарқылы жоқ емес. Тікелей эфирдің сағаты молайып қалды. Нағыз жағы бар, пәрменді радиохабарынан жастардың дауысы естіле басады.

Қазақстанның сыртқы саясатын халықаралық баспасөздің жазылуына келетін болсақ, соның бірі – «Егемен Қазақстан» газеті. Енді қазақ баспасөзіндегі шетел тақырыбына тоқталсақ, мына жайларды айтуға болады. Мәселен, баспасөздің қара шаңырағы саналатын «Егемен Қазақстан» газеті күнделікті нөмірінде шетел жаңалықтарын міндетті түрде беріп отырады. Бұл ең басты қоғамдық саяси жалпыұлттық газет болғандықтан, әлемде болып жатқан оқиғаларды назардан тыс қалдырмайды. Саясат саласында және мемлекет басшылары жайлы материалдарға мол орын берілді. Онда материалдар мүмкіндігінше бірінші бетке орналастырылады. Мұнда әсіресе дипломатиялық қарым-қатынастар жиі айтылады. Президент пен Парламент төрағасы, Премьер министрдің шетелдерге ресми сапарлары туралы репортаждары, есептер және фотосуреттер басылады. «Егемен Қазақстан» таралымы жағынан ең көп тарайтын газет. Тіпті оның шетелдегілер де алдырып тұрады. Кейде «Егемен Қазақстанда» ылғи салмақты материалдар жарияланады, оқуға ауыр деген сияқты пікір естіліп қалады. Материалдың салмақтылығы оның кемшілігі деу қалай болар екен? Өйткені, «Егемен» газетінің халықаралық байланыстарда көтеретін тақырыбы мол. Ол Елбасының халықаралық байланыстарынан бастап, қазіргі экономикалық, ақпаратты, саяси мәселерді тақырып етіп халыққа паш етеді. XX ғасырдың басында Орынбор Қырғыз (Қазақ) революциялық комитетінің органы болып шыққан «Егемен Қазақстаннан» үнемі байсалды пікір, салиқалы сөз күтеді. Әрі публицистиканың бұрынғы стилі баяндау болса, қазір ол терең талдауға бет түзеді. Қай мәселені алса да байыптап, зерттеп жазатын жол ашты. Бұл жақсы. Заманның жаңа игі нышаны. Қазір журналистер біршама жалтақтамайтын, танымын тура айта алатын мінез тапты. Қуанарлығы газеттер бірінің жасқаншақтап, не өрісі жетпейтінін, екіншісі айта алатын болды. Түп төркіні ұраннан өрбитін

сылдыр сөздің уақыты озғанын ұқтық. Оқырман да зәрулік пен нақтылыққа ғана тоқтайды.

Еліміздегі әртүрлі конфессиялар арасындағы диалогты жолға қою тәжірибесінен басқа елдер үлгі ала бастады. Елбасының өзі елімізде қырықтан астамы конфессия татулықта өмір сүріп жатыр дегеніміз бос сөз емес, соңғы он бес жылдың ішінде баспасөз бен телеарналар бір де бір рет қандай дінді ұстанған болса да адамның діни сезіміне тимегендігін екі съезде атап көрсеткен еді. Өйткені, елдің Ата заңы бұған тыйым салады. Осы жылдар ішінде мұндай мәселе бойынша жазаланған журналист жоқ. Қоғамда дінаралық түсіністік пен төзімділіктің сақталуына БАҚ-тың қосып отырған ролі зор деуге болады. Дінаралық диалог орнату заманмен үндеседі. Конфессияаралық татулық пен келісімді насихаттап, еліміздегі осы бағытта өткізіліп келе жатқан шараларды оқырмандарға таныстыруда «Егемен Қазақстан» газетінің ролін бөле жара атап өтудің маңызы зор деп білеміз. Биылғы жылы шыға бастағанына тоқсан жыл толатын бұл қарт басылымның еліміздің тыныштығы мен бейбітшілігі жолындағы қызметі ерекше атап өтуге тұрарлық [3].

Әуелі «Егемен Қазақстан» газетін мемлекеттік деп танысақ, енді бір жағынан халықаралық байланыстарды қалыптастырушы болып табылады. Өз ішіміздегі келісім мен тұрақтылық орнату үшін республикадағы ұлт-ұлыстың өкілдері, сенім наным өкілдері тату-тәтті өмір сүруін насихаттауда бұқаралық ақпарат құралдарының абызы «Егемен Қазақстан» газеті оқырманды жаңа мыңжылдықтың, жаңа ғасырдың тың талаптарына сай болатындай етіп таратуды мақсат тұтады. Соңғы бес жылда газет таралымының екі жарым есеге көбеюі салиқалы, салмақты ойлар айту арқылы оқырман көңілінен шығуының айғағы деуге болады. Қазақ баспасөзінің дәл бүгінгі таңда халықтың рухын көтеру, елдің еңсесін биіктету, халықаралық байланыстардың сақталуы жөнінде атқаратын миссиясы өте қастерлі. Мына өмірдегі жақсылық атаулыны, ізгілік атаулыны, игілік атаулыны, жылт еткен өркенді өзгерістерді қалт жібермей, жұртшылыққа жеткізу, озықтың бәрінен үлгі алуға шақырып отыруымыз, елдің бас газеті ретінде осы істе өзгелерге өнеге көрсетуіміз шарт. Алысқа бармай ақ, қазіргі осы жылға баспасөздің халықаралық байланысы жөнінде жазған материалдары, яғни көтерген мәселелері ол әлемдік діндер арасындағы тұрақтылық, Астананың бас қала, Қазақстан Республикасының мәртебесін көтеру болып табылады.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқалы саясатының арқасында, біз қазіргі діни дүрбелең жүріп жатқан кезеңде, күллі дін өкілдерін бір орталыққа жинап, үн қатысуға, татулыққа шақырды. Бұл оқиға бұқаралық ақпарат құралдарының үлкен насихатқа ие болды. Сол күндері «Егемен Қазақстан» газеті «Диалог арқылы түсіністікке», «Толеранттылық, келісім және үн қатысу», «Қазақстан діни қатынастар орталығы», «Дінаралық татулық бейбітшілікті сақтаудың кепілі», «Қазақ елі ортақ тіл табысудың орнықты мекені» тағы да басқа көптеген осындай тақырыптармен мақалалар жарияланады. Тақырыптың өзінен ақ мәселенің өзектілігі көрініс табады. Ол тақырыптарды ашу үшін елдің айтулы азаматтары сөз алады, ой айтып, пікірімен бөліседі. Осы мақалалардың тақырыптары өзектес, мәндес болғанымен де, әрқайсысы өзіндік ой мен идеяны алға тартады. Елбасы алға тартып отырған мәселені бірлесе шешуге, оқырманмен ақылдасуға шақырады. Елбасы Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниенің тәртібін

қалыптастыруға қазірден бастап үлес қосуға дайын екенін ашық білдірді. Оны Президенттің «Діндер съезінің хатшылығы Астанадағы Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығымен бірлесіп Дін Басшыларының кеңесін жаңаруы қажет» деген ұсынысынан аңғаруға болады. Бұл кеңестің жұмысы мәдениеттердің үн қатысуы мен экономикалық өзара ықпалдастыққа бағытталаған форумдармен және халықаралық ұйымдармен үн қатысу және ынтымақтастыққа бағытталуы тиіс. Парламент сенатының төрағасы, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезі хатшылығының басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астанада өтіп жатқан үшінші дінаралық жиын аясында съезге қатысқан делегация басшыларымен, түрлі конфессиялар мен халықаралық ұйымдардың өкілдерімен бірқатар екіжақты кездесулер өткізді.

Біз қазір бәсекеге қабілетті елу мемлекеттің қатарын енсек деп отырмыз. Біз елу ғана емес, бәсекеге қабілетті қырық, отыз, тіпті алдыңғы қатарлы он мемлекеттің де қатарында боламыз. Біздің оған мүмкіншілігіміз жетеді [4].

Енді «Егемен Қазақстан» газетінің мақалаларына келсек: 2011 жыл 28 мамыр:

«Ынтымақтастықтың басым бағыттары» атты мақаласы: Кеше Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі Әділбек Жақсыбеков Норвегия Корольдігінің Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі Даг Малмер Халворсенмен кездесті. Кездесу барысында қорғаныс ведомствосының басшысы екіжақты ынтымақтастықтың шеңберінде Қарулы Күштерді жетілдіру жөніндегі тапсырмаларды шешуге баса назар аударылатындығын атап өтті. Қорғаныс секторын реформалау, бітімгерлік әлеуетті өрістетуге басым бағыттардың бірі болып қала бермек. Тараптар жыл сайын британдық және америкалық әскери қызметшілердің қатысуымен өткізілетін арнайы-тактикалық «Дала қыраны» бітімгершілік жаттығуын да назардан тыс қалдырған жоқ. Биыл жаттығу тамыз айында америка, британ, қырғыз, литва, және тәжік әскери қызметшілерінің қатысуымен өткізілмек болып жоспарланды.

Осы мақаланың астары мемлекетіміздің халықаралық байланыста нық қадам басып, баспасөзіміздің ақпаратпен қамтамасыз етілгенін байқауға болады.

Бұрын біздің елімізде шетел журналистикасының тәжірибесіне назар аударылмайтын. Ал бүгінде бәрі басқаша. Халықаралық қатынастар бейбіт түрде, бірін бірі түсінушілік жағдайда дамыса құба-құп болар еді. Яғни сенім мен қауіпсіздік, жер бетіндегі бірлесе өмір сүру тенденциясы қалыптасар еді. Мұндай жағдайда бұқаралық ақпарат құралдары да өзгеріссіз қалуы мүмкін емес. Соның бірі «Түркістан» газеті. Сондықтан мына жайларды атап айту керек:

БАҚ қай елде болмасын, халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста ашық жұмыс істеуі керек. Бұл ретте географиялық шекаралар шеңбері тосқауыл болмауы қажет. Бірақ ғаламдану орнына интеграция ғана қажет. Ұлттық журналистика өз сипатында дами беруі міндет.

Әр ел өз тарихын, мәдениетін, тілін, ділін, ұлтын сақтай отырып, жер жүзілік өркениетке үлес қосуы тиіс. Адамзаттық бүкіл құнды қасиеттерге араласу керек. Әділдік, шыншылдық, қауымдастық және гуманизмді қадірлеу жөн.

«Түркістан» газеті республикаға тарайтын газет. Негізінде әкімшіліктің органы. Жаңалықтар туралы жазады. Сонымен бірге бұл газет те шетел хабарларын үзбей береді. Халықаралық апталық сараптамалық газет. Жарық көргеннен

бастап, бір жақты көзқараспен шектеліп қалмай, қоғам өміріндегі қарама-қайшылықтарды көрсетіп, шынайы өмірдегі ушыққан проблемаларын ашық айтып, әртүрлі пікірталастарға да орын берген «Түркістан» газеті өз бағыты мен болмысын әлдеқашан қалыптастырған газет. Қалың оқырманның жанашыр басылымына айналып үлгерген «Түркістан» қоғамдық-саяси, мәдени-әдеби тақырыптағы материалдарды бір мақалада айтып тауысу мүмкін емес. Оның ішінде басылым көтерген, оқырман қауымның назарын аударған қадау-қадау мәселелер бір төбе: қазақ киносының мүшкіл халі, мультфильмнің мұңы, ауыз судың зары, туған тілдің тағдыры, алты алаштың арманы және халықаралық байланыстар. Мұның бәрі оқырманның көңіліндегі дөп басқан проблемалар. Әр мәселеге тереңірек бойлап, талдап саралап беруді әдетке айналдырған. Енді солардың біріне тоқталсақ: «Түркістан» газеті 2011 жыл 12 мамыр. Арнаулы тілшіміз Есенгүл Кәпқызы Астанадан хабарлайды:

25 мамырда Астанадағы Тәуелсіздік сарайында Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайы салтанатты түрде ашылды.

Дүниежүзі қазақтарының Құрылтайы бес жылда бір рет өткізіліп келеді. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының баспасөз орталығының мәліметі бойынша, IV құрылтайға әлемнің 35 елінен 365 делегат келсе, Қазақстанға түрлі жылдары қоныс аударған оралмандар мен зиялы қауым өкілдері – барлығы 660 адам қатысуда.

Салтанатты жиында арнайы сөз сөйлеп, алыс-жақыннан келген қандастарымызды бүгінгідей ақ түйенің қарны жарылған ақ жарылқап күнімен құттықтаған Елбасы: «Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығымен бірге Қазақстанға ағылған ұлы көштің басталғанына да 20 жыл болыпты. Бүгінгі Құрылтай осындай мерейлі белеспен тұспа-тұс келіп отыр. Сондықтан осындай баталы жылы біздің бастамаларымыз жемісті болуы тиіс. Осы жиырма жыл ішінде елімізге 300 мыңнан астам отбасы, миллионнан астам қазақ оралған екен. Шеттегі қазақтың табанына кірген шөңге біздің де жан-жүрегімізді сыздатуы тиіс», – деп, көші-қон саласында атқарылар төрт міндетті нақтылады. Олар:

– Парламент қабырғасында қаралып жатқан ««Халықтың көші-қоны туралы» заң жобасына айтылар ұсыныстар мен енгізілер өзгерістерді бірлесіп әзірлеу. Жаңа заң қандастарымыздың құжат тапсыруда, тіркеуге тұруда, азаматтық алуда кездесетін түрлі кедергілерді жоюы тиіс.

– Соңғы жылдары 20 мың отбасылық көші-қон квотасы орындалмай келеді. Қандастарымыз үшін есігіміз қашанда ашық екенін тағы бір мәрте ескерткім келеді, – деді Елбасы.

– Екіншіден, «Нұрлы көш» жобасының екінші кезеңін жүзеге асыруды қолға алып отырмыз. Бұл кезеңде қандастарды жаңа өндірісті өңірлер мен ауыл шаруашылығына кеңінен тартудың жолдары сараланатын болады. Ол үшін келген мамандарды қажеттілікке байланысты қайта даярлау, қысқа мерзімде оқытуды қамтамасыз етеміз. Шетелден келген құрылтай қонақтарының басым көпшілігі – 60 пайызы жастар екен. Әлемдегі барша қазақ жастарының сапалы білім алуына тиісті жағдай жасауымыз қажет. Қазақстанда біз оны жасаймыз. Осыған байланысты Білім және ғылым министрлігіне қандастарымызға бөлінетін білім грантының квотасын нақтылап, жүйелі жұмыс жүргізуді тапсырамын. Әлемнің әр қиырындағы қазақ жастарын Атамекенге оқуға және қызмет

етуге шақырамын. Жаңа дәуірге қадам басқан Қазақстанға отаншыл, білімді жастарымыз аса қажет. Шетелдерде техникалық білім алған қазақ жастарын индустриялы аймақтарға қызмет етуге шақырамыз. Қажет болса, әлеуметтік қолдау да көрсетеміз.

Елбасы белгілеген үшінші міндет – шеттегі қандастарымызды жан-жақты ақпаратпен қамтамасыз ету. Қазақ тіліндегі бағдарламалардың санын арттыру, сапасын жақсарту:

төртінші міндет – қандастар тұрып жатқан елдерде ұлттық өнердің таралуына кеңінен насихат жасау.

Бұдан кейін жарыссөзге шыққан әр мемлекеттен келген қазақтар кейбір мемлекеттердегі қара ормандай халықтың мұнын мұндады. Айталық, Ресейдің Алтай өлкесінен келген Боронова Нұрғайша онда тек екі ғана қазақ мектебінің бар екенін сөз етіп, Ресей мен Қазақстан Білім және ғылым министрліктері арасында қазақ және орыс мектептерін екі елде ашу туралы арнайы келісім-шарттың болуы қажеттігін айтты. Алтай өлкесінің Керей ауылында 40 оқушылық қазақ мектебінің жұмыс істеп келе жатқанына 25 жыл болса, олардан алпыс шақырымдай жердегі Байқамыт ауылында 19 балалық тағы бір мектеп бар екен.

– Бірақ бұл мектептер де жабылудың аз алдында, – дейді Нұрғайша Боронова.

Ал Қытай мен Өзбекстаннан келген қазақтар өз елдеріндегі қазақтардың жағдайын ерекше деп сипаттаудан аса алмаса, Моңғолиядан келген қазақтар шеттегі қазақтарды қолдайтын «Абай» орталығын құру жайлы ой тастады.

Бұл мақаладан көретініміз газет тек саяси, әдеби, әлеуметтік тақырыптарды ғана емес, сонымен қатар дипломатиялық мәселерді талқылайды.

«Алаш айнасы» республикаға тарайтын газет. Негізінде әкімшіліктің органы. Жаңалықтар туралы жазады. Сонымен бірге бұл газет те шетел хабарларын үзбей береді, мысалға: «Италия үкіметі Қазақ елінің ДСҰ-ға өтуіне мүдделі» мақаласы. Кеше Астанада Қазақстан – Италия үкіметаралық өнеркәсіп және экономикалық ынтымақтастық тобының отырысында қос тарап екіжақты әріптестіктің өзекті мәселелері бойынша консультациялар өткізіп, бірқатар келісім жасасты. Шара барысында екі ел арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтудің болашағы сөз болды. Инновация, инвестиция, көлік, энергетика, сондай-ақ шағын және орта бизнесті дамыту мәселелері де сөз болды. Қазақстан – Италия қарым-қатынасы ертеден бастау алады. Әсіресе Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2009 жылы 4–6 қараша аралығында Италия Республикасына ресми сапарынан кейін екі ел арасындағы байланыс тіптен нығая түсті. Оны Италияның экономикалық даму вице-министрі Стефано Салья ерекше атап отыр. «Италия Қазақстанның Еуропадағы негізгі сауда әріптесі болып табылады. Қазақстанда шағын және орта бизнесті дамыту мәселелері тұрақты түрде қолға алынып келеді. Денсаулық сақтау саласында да біршама іс жасадық. Бұл байланыс бұдан әрі де нығая түседі деп сенеміз. Егер Қазақстан ДСҰ-ға енсе, екіжақты сауда айналымы бұдан да жоғары болмақ», – дейді италиялық вице-министр. Өткен жылы екіжақты тауар айналымы 11,2 млрд АҚШ долларына жетті. Бұл – еліміздің жалпы сыртқы сауда айналымының 12,5 пайызына тең көрсеткіш. Италия сонымен қатар Қазақстанда шығарылатын шикізат түрлерінің тұрақты тұтынушысына айналып үлгерген. Экономикалық даму және сауда вице-министрі Тимур Сүлейменов бұл көрсеткіштің бір кезеңдерде 9,6 млрд

долларға дейін жеткенін атап өтті. «Бірақ белгілі себептермен бұл көрсеткіш соңғы жылы біршама төмендеді. Бұл форумда осы сұраққа жауап табамыз деген ойдамыз. Бүгінде елімізде 142 италиялық кәсіпорын жұмыс істеп жатыр. Олар құрылыс, өңдеу және сауда, сондай-ақ мекемелерге қызмет көрсету салаларында жұмыс істейді», – дейді экономикалық даму және сауда вице-министрі Тимур Сүлейменов. Тараптар сондай-ақ екіжақты ынтымақтастықтың негізгі үлесін алатын энергетикалық сектордың стратегиялық маңызын ерекше атап өтті. Елдер арасындағы сауда айналымының ең ірі үлесі «ЕНИ» мұнай компаниясына тиесілі. Үкіметаралық жұмыс тобы энергетика және химиялық өнеркәсіп саласындағы келешек серіктестіктің негізін енді тек шикізат өнімдерін барлау мен бұрғылау ғана емес, сонымен қатар инжиниринг және ықпалдасқан мұнай-химия зауыттарының құрылысы саласында да өрбіту жөнінде келісті. Отырыста сондай-ақ ұлттық банктер арасындағы әріптестік, Кедендік одақ, экономикалық қылмыс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, мәдениет және туризм салаларына қатысты мәселелер сөз болды. Түстен кейін отырыс Қазақстан және Италия кәсіпкерлерінің қатысуымен өткен экономикалық форумға ұласты. Ендігі бір халықаралық байланыс, дипломатиялық қарым-қатынастарды аса ерекше көрсетіп, насихаттайтын, баспасөздің бірі «Қазақстан Заман» деген халықаралық газет шығады. Ол Түркия елімен бірлесіп шығарылады. Осы екі елдің және басқа да елдердің өмірінен материалдар береді. Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет болып жарияланғаннан кейін жиырма жыл астам уақыт ішінде оның әлемдік аренадағы бет бейнесі мен халықаралық қатынастардағы орны мен рөлі айқындалады. Бүгінде Қазақстан Еуразия кеңістігіндегі шет елдермен қарым қатынасын жандардыра жалғастырып, тұғыры мықты саясатын жүргізуде. Орталық Азия елдері, оның ішінде Түркия мемлекетімен өзара байланыстарының кеңінен дамуы кездейсоқ құбылыс емес. Қазақстан мен Түркия көп жағынан жақын елдер болып табылады. Қазақ пен түрікті ұқсас әрі терең тарихи түп тамырлары, тілі, діні, мәдениеті байланыстары.

Қазақстан мен Түркия қарым қатынасын, әдебиетін, мәдениетін, ұлттық құндылықтарын айқын көрсетуге белсенділік танытып келе жатқан басылымдардың бірі емес, бірегейі «Қазақстан Заман» апталығы екені белгілі. Олай дейтін себебіміз, Түркиядағы «Заман» газетінің қосымша жалғасы ретінде шығарылған [5].

Қазақстанда баспасөз даму және ізденіс үстінде. Мемлекеттік және мемлекеттік емес баспасөз болып жіктеледі. Кешегі кеңестік кезеңде тек ғана бір идеологияға бағынған баспасөз шығарылса, бүгінде әр алуан позициядағы баспасөз түрлері пайда болды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақ журналистикасы. – 1. Т. – Алматы: Таймас, 2008. – 349 бет.
2. Қ. Тоқаев. Қазақстан Республикасының дипломатиясы. – Алматы, 2002.
3. Н. Омашев. Ақпарат өлемінде. – Алматы: Таймас, 2008. – 56 бет.
4. Егемен Қазақстан. – 13 қыркүйек 2006 ж.
5. Егемен Қазақстан. – 28 мамыр 2011 ж.

Президенттік басқару институты: қазақстандық қолтаңба

Нұрлан СЕЙДІН,
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың
Әлеуметтік-саяси зерттеулер бөлімінің меңгерушісі,
тарих ғылымының кандидаты

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Президент болып сайланып, елімізді табысты басқарып келе жатқан уақыт – тарихи оқиғаларға толы кезең. Бұл кезеңде еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігі жарияланған құжаттар, Қазақстанның мемлекет екендігін көрсеткен Ата Заңы, мемлекеттік рәміздері қабылданып, тәуелсіз ел ретінде әлемнің шет мемлекеттерімен қарым-қатынас орнаттық.

Тәуелсіздік алғалы бергі 19 жылдың ішінде бірлігі жарасқан, мейманасы тасқан, атағы әлемге асқан Қазақстанды жаһанның барлық елдері таныған. Мемлекетіміз Біріккен Ұлттар Ұйымынан бастап көптеген беделді халықаралық ұйымдарға мүше болып қана қоймай, оның бірқатарын үлкен абыроймен басқаруда.

Бүгінгі биіктен тұрып қарасақ, өткен жылдардағы жүзеге асқан ауқымды істер өз кезегімен, оңай атқарыла қалған секілді көрінеді. Тәуелсіздікті ала қойдық та, кездескен экономикалық қиындықтардан шығып, Астанамызды Сарыарқаға көшіріп, қазіргі елдік жетістігімізге бірден қол жеткізе қалғандай сезіледі. Шынымен солай ма еді?

Үстіміздегі жылы Қазақстанның егемен ел ретінде қалыптасқанына 20 жыл толады. Ата-бабаларымыз аңсап өткен тәуелсіздіктің өзі бір-ақ күнде келе қалған жоқ. 1989–1990 жылдары КСРО-ның күні батып бара жатқаны белгілі болды. Сол кезден бастап өзге одақтас республикалар секілді Қазақстан да жеке ел болуға іштей дайындығын бастағанын бүгін ашық айтуға болады. Ол кезде Кеңес Одағының өз ішінде саяси тұрақтылық жойылып, аумалы-төкпелі заман басталғанын. Бірақ ол кезең қыңыр саясат ұстанатын заман емес еді.

Біз егемендік алған тұста қандай едік? Әуелі тәуелсіздігімізді жариялап, ертеңгі күнімізге алаңдаумен қарадық. Ұлан-ғайыр жеріміз бар. Алайда, еліміздің мемлекеттік шекарасы заңмен нақты бекітілген жоқ еді. Өзіміздің төл теңгеміз түгілі, жеке экономикалық жоспарымыз да болған жоқ. Одақ кезінде КСРО құрамындағы республикалар Мәскеудің бекітіп берген жоспары бойынша жұмыс істеп келді.

1991 жылдың 16 желтоқсанынан бері қарай атқарылған қызметтің ауқымы бір ғасырға татиды. Нарық экономикасының қиындықтарын еңсере білуде, жаңа мемлекет құруда, Елтанба, Әнұран, Мемлекеттік Туды бекітуде Нұрсұлтан

Назарбаевтың еңбегі орасан зор. Әлемнің көптеген елдерімен ынтымақтастық қарым-қатынас орнатылды. Тұрақтылығы сақталғандығы дәлелденген соң, елімізге инвестиция келді. Соның нәтижесін бүгін көріп отырмыз. Одан кейін 1993 жылы 15 қарашада төл теңгеміз қолданысқа енді. Көрші Қытай, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстанмен мемлекеттік шекарамыз нақты айқындалып, келісімдерге қол қойылды және мәңгілік мызғымайтын заңмен бекітілді.

90-жылдардың басы еліміз үшін аса бір белесті кезеңдер болды. Бұрынғы Одақта Президенттік басқару жүйесін алдымен КСРО, одан кейін ғана барып Әзірбайжан, Өзбекстан республикалары қабылдады. Қазақстан саяси жүйесіндегі трансформация биліктің өкілетті және заң шығарушы жүйесіндегі өзгерістерден басталды. 1990 жылы КСРО халық депутаттары КСРО Конституциясының атышулы 6-бабын алып тастап, Қазақстанда да КОКП-н билікке монополиясы жойылып, Президент лауазымы енгізілді. Осы жылы конституцияға өзгертулер енгізіліп, мемлекеттік және қоғамдық істерді басқаруға, республика саясатын әзірлеуге халық депутаттары кеңесіне сайлану және басқа да жолдармен қоғамдық ұйымдар мен бұқаралық қозғалыстар Қазақстан Компартиясымен бірге өз өкілдері арқылы қатыса алатын болды. Бұл еліміздегі саяси жүйенің қызмет тетігінің тұтастық сипаттан плюралистік сипатқа өтуінің тұңғыш белесі болды. Бұрынғы коммунистік құрылыс мақсатында азаматтардың қоғамдық ұйымдарға бірігуін негіздейтін конституциялық шектеулер алынып тасталды. Осының нәтижесінде, халықтың қоғамдық-саяси өмірдегі белсенділік деңгейі одан әрі жоғарылады. «Ақиқат», «Желтоқсан», «Әділет», «Мемориал» [1] сияқты қоғамдық қозғалыстардың белсенді қызметі осы уақытқа сәйкес келеді. Дәл осы кезеңде елімізде 100-ден астам қоғамдық қозғалыстар мен ұйымдар қызмет етті. Қоғам көңіл-күйі буырқанып, толқыған теңіздей еді. 70 жылдан астам темір құрсауда өмір сүрген халық сезімі лықсып, арнаға симай аласұрған күй кешті.

Бұл 1990 жылы өткен ҚазССР-нің XII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңесіне сайлау науқанында анық байқалды. Жоғарғы Кеңес сайлауына бұрын-соңды болмаған жоғары бәсекелестік тән болды. Жоғарғы Кеңес депутаттығына үміткерлерді ұсынудағы партия монополиясының жойылып, еңбек ұжымдарына, саясиленген топтар мен бірлестіктерге де өз үміткерлерін ұсыну мүмкіндігінің берілуі үлкен өзгерістер әкелді. Сайлау науқанында 360 депутаттық мандатқа 2 мыңнан астам үміткер қатысты [2]. Осындай жоғары саяси бәсекелестік деңгейде өткен сайлау нәтижесінде қалыптасқан Жоғарғы Кеңес құрамы да сан-алуан болды. Жоғарғы Кеңес депутаттарының 95% КОКП мүшелері болғанымен, оларды пікірлес деп айту қиын еді. Бұл ең басты мәселе – президент институтын ендіруді талқылауды бастағанда-ақ байқалды. Дегенмен, 1990 жылы 24 сәуірде XII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңестің бірінші сессиясында ұзақ пікір-таластан кейін депутаттардың басым көпшілігінің қолдауымен ҚазССР-н «Қазақ ССР Президенті қызметін тағайындау және Қазақ ССР Конституциясына (Негізгі Заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» [3] заңы қабылданды. Осы заң негізінде биліктік өкілеттіктер Президент, Жоғарғы Кеңес пен Министрлер Кеңесі араларында бөлінді.

Заң негізінде ҚазССР-де президент лауазымы енгізіліп, оның мәртебесі мен өкілеттігі анықталды. Заң бойынша ҚазССР-нің президенті ҚазССР-нің басшысы болып жарияланды. ҚазССР-нің Президенті болып 35-тен жас емес,

65 жастан аспаған ҚазССР-нің территориясында кем дегенде 10 жыл тұрақты тұрған, қазақ және орыс тілдерін меңгерген азамат сайлана алды. Заңда әлемдік демократиялық мемлекеттерде кеңінен тараған президенттің екі мерзімнен артық сайланбауы, Президент лауазымына үміткерлер санына шектеу қоймау сияқты ережелерде ескерілген болатын.

Осы заң бойынша президентті сайлаудың екі жолы ұсынылды: бірі – ҚазССР-нің Президенті ҚазССР-нің азаматтарымен тікелей, бүкілхалықтық сайлауда 5 жылға сайланады. Президент сайлауы сайлаушылардың кем дегенде 50 пайызы қатысқанда шынайы болып есептеледі; екіншісі – ҚазССР-нің Президенті ҚазССР-нің Парламентімен 6 жыл мерзімге сайланады. ҚазССР-і Президенті лауазымына кандидатураны республикандық органдар арқылы қоғамдық ұйымдар, кем дегенде 90 адамнан тұратын халық депутаттарының топтары ұсына алады. ҚазССР-нің халық депутаттарының жалпы санының жартысынан көбінің дауысын жинаған кандидат сайланған болып есептеледі. Жоғарғы Кеңеспен сайланған Президентті Конституцияны бұзған жағдайда Жоғарғы Кеңес орнынан ала алады. Ол үшін халық депутаттарының жалпы санынан кем дегенде үштен екісінің дауысы қажет. Бірақ шешім ҚазССР-нің конституциялық бақылау комитетінің қорытындысының негізінде қабылданады.

1990 жылы 24 сәуірде Жоғарғы Кеңесте «Президент лауазымы...» туралы заң қабылданғаннан кейін, Президентті сайлауда жасырын дауыс беруге қатысқан 335 депутаттың 317-ы Назарбаевты қолдап, 18 – қарсы дауыс берді. Нәтижесінде Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның тұңғыш президенті болып сайланды. Н.Ә. Назарбаевты бұл жоғарғы лауазымдық қызметке Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 21-пленумы бір ауыздан ұсынған болатын [4].

Президент мәртебесі мен өкілеттігін анықтау барысындағы келесі маңызды құжат – 1990 жылы 25 қазанда қабылданған ҚазССР мемлекеттік егемендігі туралы Декларация. Декларацияда алғаш мемлекеттік билік бөлінісі жарияланды. Заң шығарушы билік – Жоғарғы Кеңесте, Президент – Республика басшысы және онда ең жоғары өкімдік-атқарушы билік, ал Жоғарғы Сот билігі ҚазССР-і Жоғарғы Соты болып көрсетілді. Бірақ бүкіл республика халқының атынан шексіз сөйлеу құқығы Жоғарғы Кеңес құзырында сақталды.

Көп ұзамай 1990 жылдың 20 қарашасында қабылданған «ҚазССР мемлекеттік билік пен басқару құрылымын жетілдіру мен ҚазССР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң Президент мәртебесі мен өкілеттігіне бірталай өзгерістер енгізді. Осы заңға сәйкес ҚазССР Президентінің ұсынысымен Жоғарғы Кеңеспен сайланатын Вице-Президент лауазымы енгізілді.

1991 жылғы 16 қазандағы Жоғарғы Кеңестің кезектен тыс VI сессиясында ҚазССР Президентін сайлау туралы заң қабылданып, осы жылдың 1 желтоқсанына президенттік сайлау тағайындалды [1]. Заңға сәйкес президентті сайлау жолы өзгертілді. Бірақ 1990 жылы 24 сәуірде қабылданған «Қазақ ССР Президенті қызметін тағайындау және Қазақ ССР Конституциясына (Негізгі Заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақ ССР-нің заңы қабылданған уақыттан бері өзгерістердің болғанына қарамастан, Президенттіктен үміткерге қойылатын талаптар ешбір өзгеріссіз қалды. Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданғанына қарамастан Президенттің жергілікті ұлт өкілінен болуы қажеттілігі нақтыланбады.

1990 жылы Жоғарғы Кеңеспен сайланған Президенттің өкілеттік мерзімінің аяқталмағанына қарамастан не себепті 1991 жылы Президенттік сайлау тағайындалып, не себепті Президентті сайлау жолы өзгертілді? Президентті сайлау жолының өзгеру қажеттігі мен маңызын ХІІ шақырылымдағы Жоғарғы Кеңес депутаты, белгілі заңгер-ғалым С. Зиманов: «... Президентті халықтың тікелей сайлауы оның саяси-құқықтық мәртебесі мен биліктік өкілеттігін өзгертеді. Ал бұл тиімді және күшті президенттік билікті орнатуда өте маңызды. Президенттік билік пен парламенттің, жоғарғы атқарушы және жергілікті биліктің қатынастары басқаша қалыптасады. Халықтан мандат алған Президент Парламентпен келіспеушілік туындаған жағдайда, қажет деп есептесе, еркі билік пен заңдылықтың жоғары өлшемі болып табылатын халыққа жүгіне алады» – деп тұжырымдаған еді.

Сөйтіп 1991 жылы 1 желтоқсанда Қазақстан Республикасының азаматтары қазақтың мың жылдық тарихында тұңғыш рет өз Президентін бүкіл халық болып сайлады. Жасырын дауыс беруге арналған сайлау бюллетенінде ҚазКСР президенттігінен үміткер – Н.Ә. Назарбаев, вице-президенттіктен үміткер – Е.Асанбаев тұрды. 1991 жылғы Президенттік сайлауға электораттың – 88,23% қатысып, президенттік басқару жүйесі заңдастырылды [3]. Бұл Қазақстанды демократияландыру жолындағы жасалған маңызды қадамдардың бірі еді.

Сайлаушылардың 98,7% қолдауына ие болып, бүкілхалықтық сайлау негізінде сайланған президент Н.Ә. Назарбаев 1991 жылы 10 желтоқсанда «Біздің көпұлтты республиканың халқына қалтқысыз қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясын қатаң сақтауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, Қазақстан Республикасы Президентіне жүктелген мәртебелі міндеттерді адал орындауға салтанатты түрде» ант етті.

Бүкілхалықпен сайланған Президентке 1991 жылы 16 желтоқсанда қабылданған Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы конституциялық заң «Республика халқы атынан сөйлеу хұқын» берді. Бірақ халық атынан сөйлеу хұқы Президентпен қатар Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінде де болған еді. Президент Қазақстан Республикасының басшысы және оның атқарушы өкіметі деп анықталды. Осылайша, Президент қолына шексіз болмаса да, орталық атқарушы билікті құру мен оның қызметіне ықпал ету тетіктері өтті.

1991–1992 жылдары Президенттік институттың қалыптасу негізін қалаған мемлекет егемендігі туралы Декларация мен Мемлекеттік тәуелсіздік туралы заң ережелері 1978 жылы 20 сәуірде қабылданған ҚазКСР-і Конституциясына қайшы келетіндігі айқын байқалды. Егер Конституция бойынша мемлекеттік биліктің жоғарғы органы Жоғарғы Кеңес болса, ал «Қазақ ССР Президенті қызметін тағайындау және Қазақ ССР Конституциясына (Негізгі Заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақ ССР-ның заңы бойынша мемлекет басшысы Президент деп жарияланды. Әрине, бұл жағдай қарама-қайшылық тудырды. Тіптен қалыптасқан жағдайда «қосбиліктік жүйе» қалыптасты: Президент және Жоғарғы Кеңес.

Сондықтан жаңа Конституцияны қабылдау мәселесін тез шешу қажет болды. Конституция екі жылға жуық дайындалып, ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1992 жылғы 2 маусымдағы «ҚР Конституциясының жобасы туралы» қаулысына сәйкес бүкілхалықтық талқылауға ұсынылды. Тек содан кейін ғана Конституциялық

комиссиямен толықтырылып, 1993 жылы 28 қаңтарда XII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңестің тоғызыншы сессиясында тәуелсіз мемлекет ретіндегі Қазақстанның алғашқы Конституциясы қабылданды [5]. Осы тұста ескеретін басты мәселе, бұл құжатта бірінші рет Президенттік институт мемлекетіміздің ең жоғарғы лауазымы ретінде атап көрсетілді. Осының нәтижесінде республикада сапалық тұрғыдан жаңа саяси кезеңге өту уақыты басталды. Ең бастысы мемлекеттік құқықтық жүйенің басты элементі болып мемлекеттік билікті бөлу тұжырымы алынды.

1993 жылғы Конституция жобасын әзірлеу барысында көптеген қиындықтардың болғаны белгілі. Сол кезде Конституциялық кеңеске енгізілген депутаттар кеңес заманында сайланған құрамнан еді. Және де олардың көзқарасы кеңестік көзқарас болатын. Ал ол сана бойынша, Жоғарғы Кеңес ең жоғарғы билігі бар орган еді. Олардың билігін ешкім шектей алмайтын, яғни «не істеймін десе де, өз еркі». Жоғарғы Кеңес сол тұста Үкіметтің, болмаса Президенттің кез келген қадамына қарсылық білдіруге көшетін. Мұндай жүйе сол кезеңде шұғыл шешімдер қабылдауға мұрша бермеді. Үкімет болса, уақыттан жиі ұтылып жатты. Сонымен «Жоғарғы Кеңес заң шығаратын орган күйінде қала ма, әлде басқаша бола ма?» деген сұрақтар күн тәртібінің басты мәселесіне айналды.

Ал бұл кезде жас тәуелсіз мемлекеттің аяғынан тұрып кетуі үшін аянбай еңбек етіп, оның болашақтағы жолын анықтау қажет болды. Басшылық тізгіндегі тәжірибенің молдығы мен тәуелсіз еліне деген орасан сүйіспеншілік Н.Назарбаевтың бойында алғашқы сәттерден-ақ батыл қадамдар жасауға деген құлшыныс қалыптастырды. Тап сол уақытта дүние сәт сайын өзгерістерге толы еді. Қазақстан мемлекет ретінде бірнеше мәселенің басын ашып алуға талпынды. Біріншіден, біздің мемлекетіміздің шын мәнінде қандай мемлекет екенін көрсету керек еді. Екіншіден, Қазақстанның халықаралық тұрғыда танылуын ғана емес, сонымен қатар оның қауіпсіздігін, территориялық тұтастығын қамтамасыз ету керек болды. Үшіншіден, дүниежүзілік шаруашылық-экономикалық байланыстарға қосылу керек еді. Міне, дәл осындай алмағайым тұста біздің Елбасымыз аталған үш бағытта да еш жаңылған жоқ. Тиісті уақытта тиімді шешімдер қабылдай білді. Қиындықтар мен қарсылықтарды еш шиеленіссіз еңсере білді.

Құқықтық жүйедегі барлық заңдар осы Конституцияға сәйкес қабылданбаса, бұл сәйкессіздік қоғамның дамуына кедергі келтіреді. Алғашқы Конституция болғандықтан оны талқылау кезіндегі халықтың ынта-жігері ерекше болды. Солай болсадағы құжатта кеткен кемшіліктер қолдана бастағаннан-ақ көзге түсті. Онда ескі қоғамның ережелері орын алып, олар кеңестік демократиялық қағидаларға негізделгендіктен, біздің жаңа қоғамымыздың өмір талабына жауап бере алмады. Алғашқы Конституцияда адамның құқықтары, бостандықтары, оларды жүзеге асыру қағидалары, атқару билігін жүзеге асыру нысандары, басқару саласындағы демократиялық институттардың қызметі жете көрсетілмеген болып шықты.

Сонымен қатар, 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданған Конституция Президент өкілеттігі мен мәртебесіне қатысты қайшылықты өзгерістер енгізді. Конституция Президент пен Жоғарғы Кеңес мәртебелерін жоғарылатуға бағытталған тұжырымдарды нақтылай түсті. Бірақ Конституцияның Жоғарғы Кеңеспен

қабылдануы, Жоғарғы Кеңеске өз үстемдігін сақтап қалуға толық мүмкіндік берді. Конституцияда Қазақстанның бүкіл халқының атынан сөйлеу құқығы Жоғарғы Кеңес пен Президентте дей отырып, бірінші орынға Жоғарғы Кеңес қойылды.

Сонымен бірге, Конституция Президентті ел ішіндегі және халықаралық қатынастардағы Республика өкілі дегеніне қарамастан, Жоғарғы Кеңес Қазақстан Республикасының ең жоғарғы өкілді органы деп жарияланды. Мінеки, осындай қарама-қайшы Конституция ережелерінен Жоғарғы Кеңес өкілеттігінің басымдығын байқау қиын емес.

1993 жылғы Конституцияда Президент өкілеттігі біршама кеңейтілгенімен, Жоғарғы Кеңеспен қарым-қатынасы қарама-қайшылықты жағдайда сақталды. Яғни, Жоғарғы Кеңестің бұрынғы өкілеттіктерінің сақталуы саяси жүйеде қалыптасқан «қос биліктік» жағдайды жалғастыруға негіз болды. Мысалы, Президент пен Жоғарғы Кеңес арасындағы тайталас ережеге референдум өткізу туралы шешім қабылдау құқығын жатқызуымызға болады. Себебі, референдум өткізу туралы шешімді Президентте, Жоғарғы Кеңесте қабылдай алды.

Бұл кезеңдегі Қазақстанның басқару формасын таза президенттік немесе аралас, жартылай президенттік басқару деп сипаттау қиын. Себебі, Конституцияда екі басқару формасының да белгілері орын алған. Мысалы, 1993 жылғы Конституцияда Президентпен қатар Вице-президент лауазымы болды. Вице-президент Президентпен қатар сайланып, Президенттің тапсыруымен оның кейбір қызметтерін атқарады. Вице-президенттің өкілді органның депутаты болуға, басқа да мемлекеттік органдарда және қоғамдық ұйымдарда лауазымды қызмет атқаруына немесе кәсіпкерлікпен айналысуға құқығы болған жоқ. Президент отставкаға кеткен жағдайда оның міндетін Вице-президент атқарады.

1990 жылғы 25 қазанда қабылданған Қазақстан Республикасының Егемендігі туралы декларацияда айтылған биліктің үш саласы: басқару, сот билігі, заң шығару биліктерінің атқаратын рөлдері бұл Конституцияда нақтыланбай қалды. Осылайша, 1993 жылғы Конституция өмір талабына сай келмегендіктен, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жаңа Конституция қабылдау керектігі жөнінде ұсыныс жасады. Алдымызда сан тарау соқпақтар мен сүрлеулер бар еді. Қай жолды таңдау керек? Бұл тұста да Елбасымыз өзінің сарабал саясаты мен терең ой, салқын ақылына жүгінді. Сол тұста Жоғарғы Кеңестің таратылуы жығылған үстіне жұдырық болғандай еді. Елбасы тығырыққа тірелген жоқ. Жоғарғы Кеңес таратыла сала ел бағытын белгілейтін сан жүздеген заң күші бар Президент Жарлықтары жарияланды. Әркім әр жаққа тартқан даурықпамен бір күнде бір заң қабылдай алмаған сол Жоғарғы Кеңес сол кездері ел тағдырын шеше алар еді дегенге сену қиын.

Мемлекет басшысы негізі құжаттың жобасының барынша кең талқылануына мүмкіндік туғызды. 1995 жылғы Конституцияның жобасын талқылауға 3 миллион 345 мың адам атсалысып, пікірін білдірді. Қазақстан халқының үштен бірін білдіретін олар жобаға 1100 түзету енгізді. Тоқсан сегіз баптың елу бесі елеулі өзгерістерге ұшырады. Бұрын болмаған жаңа бөлімдер, баптар пайда болды.

Конституция 1995 жылғы 30 тамызда бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданды. Оған сайлаушылардың 90 пайызы қатысып, олардың 81 пайызы Конституцияны жақтап дауыс берді [6]. Жаңа Конституция сондықтан халық пікірінің, ойының, олардың мүддесінің заңдық көрінісі болды. Сөйтіп Қазақстан

халқы Елбасымен бірге негізгі заңды жасады. Жаңа Конституцияның авторы деп біз ел Президенті мен бүкіл халықты айтуымызға әбден болады.

Қазақстан халқы Конституцияға дауыс беру арқылы сол уақытта объективті тұрғыда орныққан президенттік басқару нысанын бекемдеп берді. Бұл тандау кездейсоқ емес. Ол алдыңғы тарихымыз бен бүгінгі болмысымыздан, қандай да бір әлеуметтік экономикалық дағдарыстарға немесе биліктің әртүрлі тармақтары арасындағы алауыздыққа байланысты ауытқушылықтарға жол бермейтін қуатты топтасқан билік жүйесінің қажеттігінен туындады.

Ата Заң еліміз экономикасының, әлеуметтік-саяси жүйесінің дамуын жеделдетті, халықтың саяси белсенділігін арттырды. Заң шығарушы, атқарушы органдардың құзыретін, жұмыс істеу тетігін, өзара іс-қимылын, бірлігін заң тұрғысынан айқындап берді. Азаматтар, ұйымдар құқыққа ғана емес, сонымен бірге Конституцияда көрсетілген жауапкершілікке де ие болды. Мемлекеттің тілі, жер мәселесі, азаматтық алудың жолдары, Парламенттің қос палаталық жүйесі белгіленіп, Президенттің құзыреті, сот төрелігінің қызметі, Конституциялық Кеңестің өкілеттілігі сияқты күрделі мәселелердің барлығы 1995 жылғы Конституцияда [7] шешімін тапты.

1776 жылы АҚШ-та пайда болған Президенттік билік институты Қазақстанға Кеңестер Одағының кетеуі кетіп, іргесі шайқала бастаған тұста енгізілгенін жоғарыда атап өткенбіз. Артынша алаш баласы бостандығын алды. Бірақ басқарудың бұл тәсілінен бас тартқан жоқ. 1993 жылы қабылданған конституцияға сай екі жылдай парламенттік-президенттік республика атанғанымыз рас. Егемендікке елдің еті үйренісе қоймаған елең-алаң шақта қос биліктің орнауы қолайсыздық тудырды. Елдің Сондықтан 1995 жылы ата заңға өзгеріс енгізіліп, Қазақстан президенттік республикаға айналды. Содан бері сол жолдан тайған емес. Ел тізгінін бір адамға тапсырған мемлекет талай тығырықтан шығып, талай асуды бағындыруда.

Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін жалпы әлемде атқарушы биліктің күшеюі байқалуда, бұдан қоғамды басқаруда, экономиканы тұрақтандыруда жағдайдың қиындап мәселені шешуде нақты шешімдер қабылдап, оларды толығымен іс жүзіне асыру мақсатында қажеттіліктен туындап отырғандығын байқаймыз. Бұл әлемдік өркениеттің тәжірибесінен туындап отырған заңды құбылыс. Күшті дағдарыстар мен қиыншылықтар дәуірінде мемлекеттің басқарудағы ықпалының артуына объективті сұраныстың пайда болатыны белгілі, ол өз кезегінде дағдарыстан шығуға, әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси жағдайды тұрақтандыруды қамтамасыз етеді. Бүгінгі таңда әлемде, мемлекет басшылары бұрын-соңды болмаған тарихи кезеңде ел басқару мүмкіндігіне ие болуда. Бұл әсіресе іргелі өзгерістер кезеңінде, яғни авторитарлық және тоталитарлық режимдердің құлап, жаңа тәртіптің қалыптасуы барысында байқалуда.

Сол себептен, соңғы кезде әлемде президенттік институтқа деген қызығушылық артуда. Бұл саяси институт бойынша, яғни Президент мемлекеттің тұтастығын, заң шығарушы, атқарушы, сот билігінің тиімді және теңдестірілген қызметін қамтамасыз етеді және пайда болған қарама-қайшылықтарда төреші қызметін атқарады. Президенттік жүйенің басты артықшылығы, өз кезегінде президенттік саясатты жүргізетін және бірегей, тұрақты атқарушы биліктің қалыптасуына ықпал етуінде.

Еуропа және Азия елдеріндегі мемлекет басшысы институтының тарихы тереңде жатыр. Басқарудың республикалық түрінің жоғарғы орган жүйесінде мемлекет басшысы – Президент бірінші заңды тұлға болып есептелінеді. Президенттің мәртебесі көптеген саяси-құқықтық мазмұндағы факторларға тәуелді. Жартылайпрезиденттік аралас басқару түріндегі мемлекеттерде Президент орталық орган ретінде қызмет атқарып, елдің мемлекеттік өмірінде басты орын алады.

Біздің тәуелсіздігіміздің 18 жылы артта қалсада, ғалымдар мен саясаткерлердің арасында трансформация кезеңде посткеңестік республикалардың саяси жүйесінде президенттік институттың табиғаты жөнінде пікір талас әлі де жалғасуда.

Президенттік басқару үлгісін анықтау барысында көптеген мамандар Президенттің атқарушы билікке деген қарым-қатынасын басты өлшемдердің бірі ретінде атауда. Бұл жерде ескеретін мәселе, егер Президент тек мемлекет басшысы ғана болса, онда ол француздық үлгі, ал егер Президент бір мезгілде үкіметті басқарып, атқарушы билікке басшы болса, бұл американдық үлгі.

АҚШ пен Францияның Конституциялары осы мазмұндағы құжаттардың қатарындағы ең көнелерінің бірі. Олар көптеген мемлекеттердің конституциялық құжаттарына үлгі болып қана қоймай, негізгі демократиялық қағидалардың шабыттарын арттырды. Дәл осы елдердің Тәуелсіздік Декларациясы мен Адам мен азаматтар құқы Декларациясында осы қағидалар сипатталып, әлемге таралған болатын. АҚШ Конституциясы да, Францияның 1958 жылғы Конституциясы да мемлекетті дағдарыстан алып шығатын және саяси күштердің қарама-қайшылықтарына қарамастан қоғамның дамуына мүмкіндік беретін күшті президенттік билікті таңдады.

Саяси режимдер типологиясындағы Францияның Бесінші Республикасының орнын анықтай келе, белгілі француз саясаттанушысы М. Дюверже оны «жартылай президенттік» жүйеге жатқызады. «Жартылай президенттік» жүйенің екі ерекшелігі болады:

1. Президент жалпы халықтың сайлауы нәтижесінде билікке келеді және өзіне тиесілі айтарлықтай өкілеттіліктері болады;
2. Премьер-министр мен үкімет парламент алдында жауапты.

Осы сипаттағы саяси режимдерді Еуропаның келесі мемлекеттерінен байқауға болады: 1933 жылға дейінгі Веймар республикасы, Финляндия, Австрия, Ирландия, Португалия және 1958 жылдан кейінгі Франция.

1958 жылы Францияда алғаш рет пайда болған жартылайпрезиденттік республика, өз жалғасын Португалияда, Финляндияда, Польшада, ТМД-ның бірқатар елдерінің конституциялары мен Африканың французтілді елдерінде және т.б. мемлекеттерде тапты.

Жаһанның көптеген дамыған мемлекеттерінің тәжірибесі көрсеткендей, күшті президенттік билік демократияның дамуына еш кедергі келтірмейді. Керісінше, жылдар бойы қалыптасқан демократиялық дәстүрлер, демократиялық құндылықтарды таптауға ешқандай билікке де бой бермейді. ТМД-ның бірқатар мемлекеттері саяси режим үлгісін таңдауда, аралас режимнің француздық жүйесін бекітті, яғни парламенттік режим элементтері бар күшті президенттік билікке тоқталды. Біздің ойымызша аталған жүйені таңдаудың басты себебі, жана тәуелсіз мемлекеттер алдында тұрған маңызды әлеуметтік-экономикалық, саяси және сыртқысаяси мәселелерді шешуден туындауда.

Әлемде мемлекетті басқарудың бірнеше институты бар. Соның ішінде көп тарағаны президенттік билік. Дегенмен әр елдің салт-санасына байланысты бір-бірінен өзгешелігі көп. Қазақстандық жүйенің де өзіндік ерекшелігі баршылық. Кеңес Одағы тараған тұста Қазақстан қиын жағдайда қалғанын білеміз. Елдің өндірісі мен өнеркәсібі құлдырап, экономиканы тұтастай инфляция жайлады. Жұмыссыздықтың саны күннен-күнге өсіп, халықтың тұрмысы тығырыққа тірелді. Жер-жерлерді түрлі қарама-қайшылықтар орын алып, ұлтаралық қақтығыстардың орын алуы қауіп күшейе түсті. Осы кезеңде аталған мәселелерді шұғыл және нәтижелі шешу мақсатында ішкі және сыртқы күштердің қысымынан елді аман сақтап, оны даму жолына түсіру үшін бір орталыққа бағынатын басқару жүйесі қажет болды. Қазақстан жағдайында бұл президенттік билік жүйесі еді. Осындай дұрыс саясаттың арқасында мемлекет ол тығырықтан шығып, қарқынды дамуды бастады.

20 жыл тарих деңгейінен қарасақ көп мерзім емес. Дегенмен сол 20 жыл ішінде президенттік басқарудың арқасында ұланғайыр өзгерістер болды. Мемлекет, қоғам дамуының қай тұсын алсаң да сол өзгерістерге біз куәміз. Мұндай өзгерістер сол президенттің өзіне негізінен байланысты. Президентіміз есепсіз көп нәрсені істеді. Тәуелсіздігімізді баянды етті. Ауыр әрі абыройлы асудан астық. Дүниедегі қабырғалы елдердің қатарына қосылдық. Халық Президентін жүрегінің төріне көтерді. Осының бәрі айналып келіп, Елбасын – ұлттың құтқарушысы, ұлттың бас иесі етті.

Мемлекетті басқару деген жоғарғы лауазым тұрғысынан әміршілік жүргізу емес. Мемлекетті басқару деген сол мемлекеттің барлық қоғаммен үйлесімділігін жасау, заңдық құжаттарын жасау. Елдің жағдайын жақсарту. Сонымен бірге дүниежүзілік қоғамдастықта қабылдануы тиіс. Қазақстандағы президенттік билік пен ел тәуелсіздігі өзара астасып жатыр. Азат елдің аздаған уақытта аяғынан тік тұруы президенттік басқарудың нәтижесі. Елбасы алыстағыны болжай білетін көреген әрі білгір басшы, саясатшы ретінде тәуелсіздік тұсындағы бірінші және екінші Конституцияны қабылдауға үлкен үлес қосты. Президентіміз елді Ата Заң аясында нық сеніммен бастап келеді.

Президенттік басқару нысанының ауқымында Мемлекет басшысының мәртебесі оның «ахуалды» меңгеруіне, сөйтіп Қазақстан жағдайында мемлекеттік билік органдарының үйлесімді қызмет етуін қамтамасыз етуге, қоғамды ойдағыдай және түпкілікті реформалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қуатты әлеуметтік жіктеліс жүріп жатқан кезде көп ұлтты әрі көп дінді қоғамда азаматтық татулықтың, қоғамдық тұрақтылықтың және ұлтаралық келісімнің кепілі Президент сынды тұлғаның болуы өмірлік мәнді мәселеге айналады. Ол сонымен қатар өкіметтің өзін тағайындап отырған халықтың алдындағы жауапкершілігін көтерудің де ұтымды құралы.

Біз мемлекеттік биліктің заңнамалық атқарушылық және сот тармақтарының ара жігін ажыратудың конституциялық күрделі міндетін шеше білдік. Бір жағынан олардың тығыз ынтымақтастығын қамтамасыз ететін, екінші жағынан олардың Конституция мен заңдарда белгіленген өзара тежегіш, бірінің құзыретіне бірінің араласуына жол бермейтін тетігі сомдалды. Бұл ретте билікті ажырату принципіне кереғар келетін – «билік бөлінісіне» ұрынуға жол бермеудің маңызы ерекше болды, мұның өзі, керісінше, билік тармақтарының бір-біріне қарсы тұруын, билік басындағы жекелеген адамдардың тайталасын ушықтыра түсер еді.

Елімізде президенттік басқару жүйесінің енгеніне 20 жыл толды. Егемендігіміздің де 20 жылдығы көп алыста емес. Алдыңғысы да, соңғысы да қазақ тарихында бұрын болмаған, тек осы аталмыш мерзімде біздің өмірімізде тұңғыш бастауын алған оқиғалар. Президенттің басшылығымен егемен ел, дербес мемлекет ретінде, міне, тұтас бір ғасырдың бестен бір бөлігін жүріп өттік.

Ел болып бағыт-бағдарымызды болжауға кірістік. Осындай уақытта қай елде болса да замана жүгін түсіне біліп, оны көтере алатын, тәуекелі мол азаматқа, дара тұлғаға сұраныс ерекше болатыны тарихтан белгілі. Оларға тән терең ой, кемел ақыл, биік рух, қайрат пен қабілет осындай тарихи сынақтың дұрыс жауабын тауып, елін өрге сүйретуге арнағаны әлем елдерінің тарихында бар. Ұлттық мемлекеттің негізін қалаған Ұлыбританияда – Оливер Кромвель, Германияда – Бисмарк, өз елдерін тығырықтан шығарып, жаңа жолға сала алған АҚШ-та – Франклин Делано Рузвельт, Францияда – Шарль де Голль, Қытайда – Дэн Сяопин, Үндістанда – Джавахарлал Неру, Түркияда – Мұстафа Кемал Ататүрік, небәрі бір-екі-ақ ұрпақ мерзімінде титықтап, көш соңында қалған елдерін әлем мемлекеттерінің алдыңғы сапына қоса білген Сингапурде – Ли Куан Ю, Малайзияда Махатхир Мохаммад осындай өз заманының талабына сай келіп, елдерінің жаңа жолының көшін бастаған тұлғалар.

Қазақстанның аталмыш күрделі кезінде көшін бастау тарихи міндеті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еншісіне тиді. Егемен еліміздің тізгінін ұстауды тарих осы азаматымыздың иығына артты. Міне осыдан бастап оның саликалы саясатының куәсі болып келе жатырмыз. Қоғамымыздың барлық салаларында күрделі реформалар жүріп жатыр. Саяси, әлеуметтік, қауіпсіздікті нығайту, құқық қорғау, тағы басқа салаларға да арналған реформалар. Олар оң нәтижесін де беруде.

Егемендіктің алғашқы күндерінен-ақ экономикалық саланың жаңа, тиімді үлгісін, даму жолын таңдау мәселесі тұрды. Әрине, нарық экономикасы үлгісін таңдадық. Оған жетелеген алды төрт ғасыр, соңы екі ғасыр осы нарық жолымен жүрген батыс елдерінің бай тәжірибесі және оның мол тиімділігі. Оның үстіне әлемдік социалистік жүйе ыдырап, дербес дами бастаған отызға жуық мемлекеттер – біздің бұрынғы әріптестеріміз де осы нарық жолымен жүреміз деген шешімдерін қабылдап жатты. Сөйтіп, нарық жолын таңдадық. Бірақ ол бізге оңайға түскен жоқ. Өйткені, бұл біздерге белгісіз, ғасырлар бойы бұрын жүріп өткен жолымызда кездеспеген, тарихи санамызда қалмаған шаруашылық жүйесі еді.

Күйреген экономиканы қалпына келтіріп, елдің дамуын алдыға жылжыту үшін нақты шешімдер мен қадамдар қажет болды, яғни экономиканы реформалау кезек күттірмейтін мәселелердің бірі саналды. Реформаларды тез, шұғыл түрде жасауға тағы да Президенттің тәуекелі керек болды. Жедел реформалардың өз қиындықтарының бары белгілі. Елбасы осы мәселелердің бәрін ескере отырып, сәтсіздіктерге ұрынып қалмау мақсатында, оны жан-жақты талдап, тұжырымдап, тәуекелге бел буып, қызу жұмысқа кірісіп кетті. Бүгінгі таңда сол күрделі де, жауапты ерен еңбектің оң нәтижесін көріп отырмыз. Барлық тетіктерін берік жасауға жарты, тіпті бір ғасыр кететін нарық жүйесін біздер бір ғана ұрпақтың ғұмырындай мерзімде құруға қол жеткіздік. Бүгінгі таңда әлем елдері Қазақстанды жан-жақты дамыған, басқалармен терезесі тең нарық экономикасының елі деп біледі, олармен қарым-қатынас та осы тұрғыдан

қалыптасып, тиімділігін көбейтуде. Ең бастысы, тезірек тығырықтан шығып, ел тұрмысын табанды түрде жақсарту мүмкіндігіне жол ашылды.

Егемендік алған елдің реформалары тек экономика саласымен шектелмейді. Олардың тағы бір өзекті саласы – саяси реформалар, елімізде басталған демократиялық үрдістер. Біз ашық қоғам құрып, демократия жолын таңдаған елміз. Осыған сәйкес конституциялық реформа, демократия шеңберін үлкейтетін әртүрлі басқа да саяси реформалар жүріп жатыр. Қоғамымыздағы кейбір саяси топтар демократиялық реформаларды бұдан да жедел жүргізуді талап етті, әлі де талап етуде. Оларға жауап ретінде Президент, «алдымен – экономика, сосын – саясат» деген өзінің тиынақты тұжырымын айтты. Міне, осының негізінде біз экономиканы жеделдете дамытып келе жатырмыз.

Алдымен – экономика, сосын – саясат – бұл Қазақстанның Президент ұсынған даму жолы. Басқалармен салыстырғанда, әрине, бұл жолдың өзімізге тән ерекшелігі бар және ол негізсіз емес. Батыс елдерінің, тіпті осы жолға түскен Шығыс Еуропа елдерінің тәжірибесіне қарасақ, саяси демократия үрдісін тек осыған мүмкіндік жасайтын экономика саласында керек жағдай болғанда ғана жақсы дамытуға болады. Демократиялық елдердің тұрақтылығы неде, демократиялық қоғамның тұрақты дамуының негізі неде? Басқаша айтқанда нарық заманында өз қоғамының тұрақты болуына кім мүдделі? Оған мүдделі – орта тап. Яғни, өз кәсібі бар, өзін-өзі экономикалық тұрғыдан қамтамасыз ете алатын, сондықтан да осы жағдайынан айырылып қалу қаупі бар қоғамдағы әртүрлі қозғалыстарды, сілкіністерді қолдамайтын топтар. Негізінен олар шағын және орта кәсіпкерлікпен шұғылданатындар. Егер жалақылары жоғары болса, бұл топқа ірі компаниялардың менеджерлерін, дәрігерлерді, инженерлерді, зиялы қауымның кейбір айтарлықтай табысы бар өкілдерін жатқызуға болады.

Егемендік жылдары осы саясатты берік ұстап, экономикада ауқымды реформалар жүргізіп, оның тиімділігін өсіріп, соның негізінде баянды әлеуметтік саясат жүргізуге, ел тұрмысын сатылап жақсарту мүмкіндігіне қол жеткізіп келеміз. Соңғы жылдары өзіміздегі ішкі жалпы өнім адам басына шаққанда 7000 долларға жетіп [8], Енді бес жылдан кейін әр адамның орташа табысы 9000 доллардан асып, әлем елдерінің бел ортасынан орын алуға мүмкіндіктер бар. Соңғы он жылда қазақстандықтардың орташа табысы бес есе, орташа жалақы алты есе, жалақының ең аз деңгейі жиырма бес есе өсті. Осының бәрі Президент жүргізіп отырған «алдымен – экономика» саясатының нәтижесі, оның Қазақстан қоғамының ерекшелігі мен хал-ахуалын ескере отырып алынған саяси шешімінің дұрыстығының куәсі. Әрине, бұдан ел тұрмысында бүгін кемшілік жоқ, барлық топтар үшін тиісті жағдайлар жасалған деген пікір тумады. Кейбір шаруашылық және әлеуметтік сала қызметкерлерінің еңбекақысы төмен. Мысалы, мұғалімдердің, дәрігерлердің, ғылыми қызметкерлердің жалақысы республика көлеміндегі еңбекақы деңгейінің 60 пайызын ғана құрайды. Күн тәртібінде осындай қайшылықтан арылу мәселесі тұр.

Жоғарыда көтерілген мәселелер біздің қоғамға тарихи өте бір жауапты міндеттер жүктеуімен қатар оны орындау үшін осы қоғамның, қазақ мемлекетінің әлі де есейіп, жетілуі, кемелденуі, жасампаздық әлеуетінің әлі де арта беруін талап етеді. Әр қоғамның даму қарқыны, оның өсу деңгейі басшысы бастаған, халқы қостаған ішкі және сыртқы саясатына байланысты.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев атап өткендей, еліміздің қолданыстағы Конституциясы терең экономикалық қана емес, сонымен бірге саяси өзгерістер жасауға да мүмкіндік берді. Мұны тәуелсіз еліміздің жаңа ұлттық заңнамасы дәлелдеп шықты. Нақ соның көмегімен бұл жылдары біз Қазақстанда демократиялық институттарды қалыптастырып қана қоймай, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік берілетін елге айналдыру үшін берік іргетас қалай алдық.

Сонымен бірге Конституцияның тиімді қызмет істеуінің терең тамыры халықтың онда білдірілген ерік-жігерінде жатыр, өйткені халықтың мұң-мұқтажы Ата Заңда шынайы көрініс тауып, бекітілді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен болған барлық конституциялық өзгертулердің сәттілікпен әзірленуінің басты кепілі де осында жатыр. Бұл өзгертулерде жалпы адами құндылықтарға қалтқысыз ден қою, халықтың тілекталаптарын тереңнен білу, асқан кәсібилік, құқықтық реттеу нысанын толық менгеру, заңдылық және демократия мүдделерін қорғау көрініс тапты.

Ғылыми негізделген қоғамдық терең реформалар жүргізу мемлекеттегі конституциялық, саяси, экономикалық және әлеуметтік үдерістердің даму бағыты мен сипатына өз қолтаңбасын қалдыратынын айрықша атап өту қажет. Реформалар арқылы елдің құқықтық беріктігі сыналады. Мемлекеттік және әлеуметтік дамудың соңғы он жылдағы тәжірибесі қазақстандық үлгінің дұрыстығын көрсетті. Конституциялық дәстүрлері орнықты батыс елдерінің бір бөлігі ғана өздерінің мемлекеттік құрылысы уақыттың немесе тарихи жағдайлардың сынына реформалар жасамай-ақ төтеп бере алатынын көрсетті.

Конституциялық реформаның мазмұнын Ата Заңның қағидаларын жаңарту проблемасымен ұштастыруға болмайтынын атап өткен жөн. Конституциялық реформаны іске асыру қарапайым заң қабылдау мәселелері шеңберінен әлдеқайда ауқымды. Мұны қоғам дамуының маңызды кезеңі, түрлі көзқарастардың бір арнада тоғысуы ретінде қарастыру қажет. Бұл оны іске асырудың тәртібі мен қағида-тәртіпін, әлеуметтік-құқықтық «болмысын» терең зерттей отырып әзірлеуді, конституциялық реформалау нәтижесінде саяси-құқықтық сипат алатын құндылықтарды талдауды көздейді.

Конституциялық реформаның ерекшелігі сол, бір жағынан ол әлеуметтік-саяси, ал екінші жағынан – құқықтық үдеріс болып табылады. Бұған қоса ең маңызды деген қоғамдық қатынастардың динамикасын білдіреді. Конституциялық реформада оның мақсаты мен басымдықтары, жүзеге асырудың экономикалық, әлеуметтік-саяси, идеологиялық, ұйымдық және құқықтық қағида-тәртіптері, алғышарттары мен тәртібі, сондай-ақ қол жеткен нәтижелеріне талдау жасау қажет екені белгілі.

Тұтастай алғанда, Отанымызда жүргізілген конституциялық қайта өзгертулерді біздіңше төрт кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезеңде – 1991–1995 жылдарда демократиялық үрдіске бет бұрған мемлекет құруға батыл қадам жасалды. Екінші кезеңде – 1995–2000 жылдарда қазіргі заманғы демократиялық институттар мен жаңа саяси мәдениет қалыптасты. Үшінші кезеңде – 2000–2007 жылдар аралығында таңдап алынған конституциялық даму бағытымыздың нәтижесі ретінде әлеуметтік-экономикалық серпіліс қамтамасыз етілді. Ал төртінші кезең – Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2007 жылғы 21 мамырдағы Заң

қабылдануымен [9] ерекшеленді. Сол жылы іске асырылған реформалардың нәтижесінде Президент, Парламент, атқарушы органдар, сот және құқық қорғау жүйелерінің ұйымдастырылуы мен қызмет негіздерін реттеуші заңнамаға өзгерістер енгізілді.

Күрделі де маңызды конституциялық өзгерістердің нәтижесінде Елбасы саяси және экономикалық институттардың қызметтерін одан әрі үйлестіріп, қоғамдағы тұрақтылықты нығайтты. Адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары аса бағалы құндылық болып табылатын елімізде, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл – Омбудсман институты құрылып, жаңа саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйымдар пайда болды. Ұлтаралық қатынастарды одан әрі нығайту бағытында Қазақстан халқының Ассамблеясы Ата Заңда бекіген жаңа орнын тапты. Осы реформаның негізінде 2007 жылғы 18 тамызда Парламент Мәжілісі төртінші шақырылымы депутаттарының сайлауы өтті [3]. Бұл сайлаудың ерекшелігі, депутаттық мандаттың бір бөлігі Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынылған өкілдеріне тиесілі болды.

Тәуелсіздік жылдарында қабылданып, кезең-кезеңімен жүзеге асырылған құқықтық реформалар қоғамдық қатынастар дамуының орнықтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік бергенін атап өткен жөн. Осы жылдар көлемінде қабылданған бағдарламалық құжаттар шеңберінде Конституцияға 1998 және 2007 жылдары енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың ел іргетасын бекемдеуге, төл құқықтық базамызды нығайтуға, мемлекеттік құрылыс тәжірибесін еселей түсуге әсері мейлінше мол болды.

Қолданыстағы Ата Заңымызда алғашқы өзгерістер 1998 жылы бекітілген болатын. Ол Қазақстан халқының мемлекетті басқаруға қатысу белсенділігін арттыруға, еліміздің саяси жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталған еді. Саяси партиялардың тізімдері бойынша пропорционалды сайлау жүйесін енгізу осы бағытта жасалған маңызды қадам болып табылды. Қос палаталы Парламенттің Мәжілісіне депутат сайлауы кезінде жеңген саяси партияларға арнайы 10 мандат берілетін болды. Үкімет мүшелерінің депутаттық корпус алдындағы жауапкершілігін арттыру, Парламенттің өкілеттігін кеңейту, оған сайланған депутаттардың өкілеттік мерзімін төрт жылдан – Мәжіліс депутаттары үшін бес, ал Сенат депутаттары үшін – 6 жылға дейін көбейту, алқабилер институтын енгізу, т.б. қарастырылған еді.

2007 жылы конституциялық реформалар нәтижесінде еліміздің Негізгі Заңында қоғамдық және мемлекеттік институттардың бірігуіне, қоғамдық бірлестіктерді мемлекеттік қаржыландыруға салынған тыйымның алынуы, өлім жазасын қолдану ауқымын шектеу, тек қана соттың санкциясымен тұтқындауды және қамауда ұстауды көздейтін айтарлықтай түзетулер енгізілді. Мұнымен қатар Конституцияда ел Президентін сайлау мерзімі, Парламенттің өкілеттігі, депутаттар саны, оларды сайлау тәртібі, қажет болғанда өкілеттігін тоқтату негіздері, Үкіметті, Конституциялық Кеңесті, басқа да кейбір мемлекеттік органдарды құру рәсімдері тайға таңба басқандай айқындалды.

Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның халқы мемлекет пен қоғам өмірін реформалар туралы идеялар мен шешімдердің шын мәніндегі қозғаушы күші әрі қалыптасу көзі болып табылуда. Қазақстандағы конституциялық реформалар әркезде республика халқының, саяси партиялар, қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің белсенді азаматтардың кеңінен қатысуымен өтіп келе жатыр. Қоғам өкілдерінің

ұсыныстары 2007 жылы Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Заңның тұжырымдамасын жасақтауға негіз болды. Ұсыныстардың бәрін жинақтау және конституциялық реформа бойынша бірыңғай көзқарас қалыптастыру мақсатында Мемлекет басшысы Демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу және нақтылау жөніндегі республикалық комиссияны құрып, оның құрамына мемлекеттік органдардың, саяси партиялардың өкілдерін, қоғам қайраткерлерін кіргізді. Бұл комиссия әзірлеген материалдарды жариялы түрде талқылау конституциялық-саяси жаңғыртудың негізгі қағидаттары бойынша кең ауқымды қоғамдық консенсусқа келуге мүмкіндік берді.

Қазақ елі тәуелсіздігін жариялап, Қазақстан Республикасы мәртебесін алғанына бас-аяғы жиырма жылға жуық уақыт өтуде. Тарих өлшемімен қарасақ, бұл өте қысқа мерзім, солай бола тұра мемлекетіміздің әлемдік саясаттағы игі бастамалары мен жаңашыл батыл қадамдары қазақ даласы мен халқын дүние жүзіне танытқаны айдан анық. Әрине, осыншама шектеулі мерзімде және екі ғасыр тоғысындағы аса шиеленісті халықаралық жағдайда Қазақстан табыстарының баянды болуы бірінші кезекте Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың сарабал ішкі-сыртқы саясатына, түрлі бағыттарда батыл жүргізген реформаларына байланысты екені белгілі.

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін жариялаған тұста, халықаралық қатынастарда жағдай аса күрделі болып, ол посткеңестік елдердің біршамасын қантөгісті қайғылы оқиғаларға ұшыратты. Жер шарындағы шамамен 80 жылдай бір-біріне қарама-қайшы тұрған әлеуметтік-саяси, әскери жүйе күйреді, бұл үдеріс соғыс қимылдарын жандандырды, КСРО мен оның саясатының құрығында болған «социалистік бағыттағы» елдер жүйесінің ыдырауы да Еуразия аймағындағы елдерге саяси-мемлекеттік жаңалықтар әкелді.

Әлемнің қандай елі үшін де халықаралық қатынастары мен мемлекеттік сыртқы саясаты аса жауапты және күрделі сала болып табылады. Қазақстан жағдайында 1991 жылдың желтоқсанында сайланған Президент келесі күні шетелдік және отандық БАҚ өкілдеріне арнап алғашқы баспасөз мәслихатын өткізіп, халықаралық қатынастар ұстанымындағы бағдарламасын жария етті және ерекше екі мәселеге назар аударды: біріншісі, экономикалық реформаны батыл және жедел қарқынмен жүргізу, екіншісі, дүниежүзілік мемлекетаралық қатынастардағы Қазақстанның орны мен рөлін нығайту.

Сыртқы саясат стратегиясын қалыптастырудың алғашқы шараларында еліміздің БҰҰ-мен және оның буындарымен байланысын орнатуға елеулі көңіл бөлінді. Әуелден-ақ Қазақстан өзіне қауіпсіздік пен бейбітшілікті нығайтуға қойған жауапкершілігін жете сезінген мемлекет ретінде көрсетті. Бүгінгі күні әркім әрқалай десін, бірақ ядролық қарудан бас тарту және Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылу туралы шешім өте дұрыс болған. Бұл шешім халықаралық қоғамдастықта осы күнге дейін Қазақстанның беделі үшін қызмет етуде. Сол тұста Қазақстанның қауіпсіздігі БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелері – ядролық державалар тарапынан және тиісті мемлекеттермен екіжақты шарттарды жасасу арқылы заңды түрде кепілденді.

Мемлекет басшысының жүргізген сарабал саясатының арқасында Қазақстан, шиеленісті геосаяси жағдайда бола тұрып, көрші мемлекеттермен тұрақты және болжамданатын өзара қатынастарды орната алды. Нәтижесінде, шекаралардың периметрі бойынша өзіндік қауіпсіздік аймағы құрылды. Халықаралық

қатынастардың ең маңызды субъектілерінің көпшілігімен, яғни Қазақстанды нақты қызықтыратын мемлекеттермен ынтымақтастық орнатылды. Бұл қатарда АҚШ және Азия мен Еуропаның ірі мемлекеттері бар.

Ұланғайыр аумақ пен жан жаққа таралып орналасқан аз санды халқы бар, Қазақстан, өзін ықпалдасу мен көпжақты ынтымақтастықтың сенімді жақтаушысы ретінде мәлімдеді. Мұндай саясат экономикалық тиімді және саяси жағынан пайдалы. Бұнда біздің басымдылықтар ТМД, Кеден Одағы, ЕурАзЭҚ, ҰҚШҰ, ШЫҰ арқылы жүргізілуде. Бүгінгі халықаралық қатынастардың күн тәртібінде Қазақстан АӨСШК туралы өзінің бастамасын сақтай алды [10]. Бұл бастама өзінің тиісті рөлін атқаруда және бұдан кейінде Қазақстанның дипломатиялық мүмкіндіктерін паш ету тұрғысында маңызды болып, және тиісінше оның халықаралық ұстанымдарын нығайтатын болады.

Біздің еліміз азғантай мерзім шеңберінде негізгі және халықаралық ұйымдармен тығыз қарым-қатынастарды нығайта алды. Бүгінгі Қазақстанды БҰҰ және оның құрылымдарымен, Дүниежүзілік Банкпен, Халықаралық валюта қорымен және басқа да ұйымдармен өзара қатынастарысыз елестету қиын. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, шетелдегі елшіліктер мен консулдықтар тұрпатында қажетті дипломатиялық инфрақұрылым толығымен қалыптасты деп айта аламыз.

2010 жылы, бәрімізге белгілі, Қазақстанға тағы да бір үлкен халықаралық деңгейдегі жауапты да, мәртебелі міндет жүктелді. Шынын айтқанда, бұл да Елбасымыздың көреген саясатының арқасы екені белгілі. Қазақстанға ЕҚЫҰ-да төрағалық ету құқығының берілуі халықаралық қауымдастықтың Қазақстанның және оның Президентінің жетістіктерін әділ бағалауы деп білеміз. 2010 жылы Қазақстан Республикасы 56 елдің басын біріктіріп отырған беделді халықаралық ұйым – Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етті [11].

Ұйымға төрағалық ету барысында Қазақстан аймақта біраз уақыттан бері қордаланып қалған мәселелерді шешуге және ұйым қызметіне жаңаша сипат беруге жан-жақты бағытта қызмет атқарды. Қазақстан төрағалыққа аса бір күрделі кезеңде кірісіп отырғанына назар аударған жөн. Еліміз ұйым алдына бұрынғыдан күрделі, ауқымды сан салалы мәселелерді байсалды түрде күш біріктіріп шешуді ұсынып, жаһанды жайлап бара жатқан лаңкестік, экстремизм, табиғи-климаттық, гуманитарлық және экологиялық апаттар, кедейшілік, әлемдегі миллиардтан астам адам душар болып отырған аштық, жұқпалы індеттер, ұлтаралық және дінаралық қақтығыстар, жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыс адамзат өркениетіне барлық мемлекеттер күш біріктірмейінше, жаңа қауіп-қатерлермен күресе алмайтынына көз жеткізеді. Сондықтан Қазақстан осындай дәуір сындарымен бетпе-бет келген ЕҚЫҰ төрағалығында нақты бағдарлама ұсынды. Елбасы 2010 ж. 14 қаңтарда Венадағы ЕҚЫҰ Тұрақты кеңесінің қатысушыларына арнаған бейнеүндеуінде Қазақстанның ЕҚЫҰ-ны Ванкуверден Владивостокқа дейінгі ұлан-ғайыр кеңістікте халықаралық ынтымақтастық пен қауіпсіздіктің маңызды тетіктерінің бірі ретінде қарастыратынын айтты. Мұндай ұстанымды көбінесе ұйымға қатысушылардың кең географиялық ауқымымен, мемлекеттердің өзара іс-қимылдағы тәжірибесімен және жақсы жолға қойылған жұмыс тәсілдерімен түсіндіруге болар. Ендігі жерде 35 жылдық тарихында тәжірибе жинақтаған ұйымды күн тәртібіндегі күйіп тұрған мәселелерді еңсеруге жұмылдыру міндеті тұр.

Жаңа ғаламдық қауіп-қатерлер ЕҚЫҰ-ның тиімділігін көтеруді, ақыр аяғында оны реформалауды талап етуде. Президент Н. Назарбаевтың пікірінше, бұл үшін алдымен көмескіленіп қалған «Хельсинки үдерісінің брендин» қайта жандандыру және еуразиялық аймақтық құрылымдармен өзара байланыс орнату арқылы ЕҚЫҰ-ның екінші тынысын ашу, оның қызметіне соны серпін беру міндетін қою қажет. Өйткені бүгінде еуропалық қауіпсіздікті азиялық қауіпсіздік өлшемдерін ескермей сақтау мүмкін емес. Қазақстан ендігі жерде ЕҚЫҰ-ның еуро-атлантикалық диалог алаңынан еуразиялық ауқымға көтерілуін, сонымен қатар Венаның батысы мен шығысындағы елдер арасындағы өзара сенімді нығайтуға күш салады. Ал бұл елдер бір ұйымға, ЕҚЫҰ-ға мүше болғанымен, әрқайсысы әртүрлі геосаяси мүдделерге бөлінген. Мәселен, бұл елдерді Еуроодақ пен НАТО-ға мүше елдер, Еуроодақ пен НАТО-ға мүше болуға ынталы елдер және ЕурАзЭҚ, ҰҚШҰ, ШЫҰ секілді аймақтық ұйымдарға мүше мемлекеттер деп жіктеуге болады. Ұйымның өз тарихи даму барысында еуропалық қана емес, еуразиялық сипатқа ауысып келе жатқанына көз жеткізу қиын емес. Еліміз географиялық орналасуына қарай ұйымның ішкі геосаяси қатпарларының тігісін жатқызуға үлес қоса алады.

1999 жылдан бері шешімін таппай келе жатқан мәселерді қарастырып бір ортақ шешімге келу мақсатында Қазақстан үстіміздегі жылы Ұйымның жоғарғы деңгейдегі Саммитін өткізу туралы ұсыныс жасаған болатын [12]. 2010 жылдың 17 шілдесінде Алматының түбінде бас қосқан ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттердің сыртқы істер министрлерінің бейресми кездесулерінің қорытындысы қуанарлықтай. Осы мәртебелі жиында, сөз сөйлеген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев үстіміздегі жылы Астанада өткелі отырған Ұйымның Саммитінің қажеттілігін дәйектеп берді. Ал жиынға қатысушылар Қазақстан басшысының ұсынысын бір ауыздан толығымен қолдады. Елбасының Саммитті шақыру туралы бастамасының іске асуы – бұл біздің ортақ табысымыз, тұтас Ұйымның және ондағы біздің төрағалығымыздың жетістігі.

ЕҚЫҰ-ның жоғарғы деңгейдегі кезекті Саммитінің Астанада өтетіндігі туралы хабар Қазақстанның өзінде де, шетелдерде де үлкен серпіліспен қарсы алынды. Өйткені, халықаралық қауымдастық Ақордаға ЕҚЫҰ-ны реформалау ісінде үлкен үміт артқан еді. Ұйымның дағдарысқа ұрынғаны соңғы жылдардағы кездесулер барысында анық аңғарылуда. ЕҚЫҰ өзінің саяси рөлін өзі кішірейтуде. Ахуал бұл қалпында осылай жалғаса беретін болса, Ұйыммен есептесетіндер саны да азая түсетіні сөзсіз. Ал ЕҚЫҰ-ның өзі болса, тиімділігін жоғалтады.

2010 жылдың күзінде Астанада өтетін ЕҚЫҰ-ның Саммиті Ұйымдағы дағдарыстық жағдайды тоқтатуға, 35 жыл бұрын Хельсинкида басталған үрдісті жандандыруға мүмкіндік бергені сөзсіз. Саммит ЕҚЫҰ-ға мүше 56 мемлекеттің басшыларының бәріне «сағаттарын теңестіруге» және Ұйымның болашақтағы маңызды басымдықтарын анықтауға бірегей мүмкіндіктер берді.

Біздің егемен елдің тарихында президенттік басқару жүйесі Нұрсұлтан Назарбаев есімімен тікелей байланысты. Президент және ол құрған мемлекеттік жүйе тәуелсіздік жылдары еліміздің тұрақты және жаңару, жаңғыру жолымен жүруін қамтамасыз етті, оған керекті жағдайды жасады, әлі де жасау үстінде. Біз тәуелсіз мемлекетіміздің іргетасын қалаған және бүгінде қуаттандырып келе жатқан тұлғаның орны ерекше деп білеміз. Сондықтан, бұл кісінің өз қолымен бастап құрған мемлекетті өзі қалаған кезеңге дейін басқаруы әбден орынды деп ойлай-

мыз. Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейінгі кезеңде күшті президенттік басқару жүйесіне көшті. Бұл енді ғана аяғынан нық тұрып келе жатқан жас мемлекеттің өркендеп нығаюына негіз қалады. Еліміз экономикалық жағынан өркендеген кезде президенттік-парламенттік басқару жүйесіне өттік. Қоғамдағы тұрақтылықты және қалыпты экономикалық дамуды қамтамасыз ете білдік.

Елбасының шаруашылық пен экономиканы жітік біліп, оны тиімді басқаруының арқасында экономикада тұрақты дамудың іргесі қаланды, негізі салынды. Нәтижесінде әлем елдерімен тереземіз тең мемлекет ретінде дүниежүзілік экономикалық кеңістікке кірдік, осы тұрғыдан олармен қарым-қатынас жасау мүмкіндігі туды. Қазір елімізге шет елдерден инвестициялардың келіп жатқаны, әлемдегі ірі компаниялардың біздерде кәсіпорындар ашып, экономикалық қатынасты дамытуға ынталы болуы да бізде құрылған нарық жүйесінің беделі мен мүмкіндігінің арқасы. Әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыстың әлі де толық аяқталғанына қарамастан экономикамыздың түрлі секторларының алға жылжуының нәтижесінде, Елбасы қазақстанның алдағы он жылда қарқынды дамуына қатысты зор мақсаттар мен міндеттер қоюда. Ал оған халық пен экономикамыздың әлеуетінің жететіндігіне біз сенімдіміз.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей және оны өзімізбен тәуелсіздік туын қатар тіккен мемлекеттерден байқауға болады, экономикаларын дамыту барысында бірнеше рет ауыстырып, әлі де өз жолдарын таба алмай жүрген мемлекеттер баршылық. Ал бізде бір бағытта тұрақты даму мүмкіндігі болды. Мұны біз президенттік басқару жүйесінің ұлттық дамудың шешуші факторына айналғандығының айқын дәлелі дейміз.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қауіпсіздік, экологиялық, мәдени-гуманитарлық бағыттағы аймақтық және ғаламдық мәселелерді шешуге қатысты бастамалары мен нақты іс әрекеттерінің арқасында оның халықаралық қауымдастықтың алдындағы беделі мен абыройы биік. Осындай белсенді іс-әрекеттің арқасында Президент арқылы әлемдегі ең беделді мемлекеттердің, ұйымдардың, қауымдастықтардың Қазақстан үшін есігі айқара ашылды. Мұны біз, қайталап айтсақ, Елбасының өз еліне, оның тұрақты дамуына жасаған мол мүмкіндігі дейміз.

Осылайша, Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жана мемлекеттің тұғырын бекітті. Соңғы кездері қоғам арасында әр түрлі ұсыныстар мен тілектердің айтылып жатуын сол еңбектің нәтижесі деп бағалаған абзал. Президенттің мемлекет құрудағы ерен еңбегі мен саяси көрегендігі және т.б. қасиеттері ескеріліп, Елбасының елімізді басқару мерзімін ұзарту туралы айтыла бастады. Тәуелсіз Қазақстанның негізін қалаушы да, құрушы да Елбасымыз, яғни тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев екендігін ешуақытта ұмытпауға тиістіміз. Ал жаңа мемлекет құрып, қалыптастыру оңайға түскен жоқ. Төңірегімізге қарайтын болсақ, ТМД мемлекеттерінің арасында біздің бүгінгі таңдағы жағдайымыз әлдеқайда жоғары екенін айқын көреміз. ТМД-ның көптеген мемлекеттерінде экономикалық, әлеуметтік, саяси, этностық, діни және басқа қақтығыстар орын алып жатыр. Тәубе, бізде оның біреуі де жоқ. Бұл – біздің Елбасымыздың стратегиясының, ішкі де сыртқы саясатының дұрыстығының айқын көрсеткіші. Біз бүгін ұлтымыздың абыройына, киесіне айналған Президентіміз үшін мақтана алатын халықпыз. Президентіміз үшін мақтанғанымыз, — елдігіміз үшін мақтанғанымыз.

2010 жылы Парламент депутаттарының ұсынысымен және екі палата депутаттарының қолдауының нәтижесінде Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы туралы заң қабылданған болатын. Заңның басты мақсаты Тұңғыш Президенттің – Елбасының тарихи миссиясы мен елге сіңірген ерен еңбегін ескеріп, оның мәртебесі мен өкілеттілігін нақтылау, қызметін қамтамасыз етудің кепілдігін қарастыру. Нұрсұлтан Әбішұлы халқының бар қадір-қасиетін бойына жиған, тілін, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін жетік білетін, ұлтын жан-тәнімен сүйетін, оның мәртебесін өсіріп келе жатқан, өз елінің шын перзенті. Алдағыны болжай білетін, ертеңгісін ойлай білетін көсемі. Ол еліміздің дарынды ұйымдастырушысы, көреген басшысы, «өз елім – менің өзегім» дейтін ұлы тұлға.

Қазақстан Республикасы күшті президенттік билікті таңдауы мен оны тағдардың жазуымен Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың тыңғылықты, көрегендікпен, кеменгерлікпен басқаруы нәтижесінде, еліміз бүгінде халықаралық қауымдастықтың белді бір мүшесі болуда. Қазақстан өзінің ішіндегі әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелерді шешіп қана қоймай оны қарқынды дамытуда, ел дамуының түрлі бағыттары бойынша арнайы реформалар мен мемлекеттік бағдарламалар жемісті жұмыс атқаруда. Интеграциялық үрдістерді дамыту, аймақтың және ғаламның қауіпсіздігін, экологиялық тұрақтылығын, мәдениеттер арасындағы ынтымақтастықты қамтамасыз етуге қатысты көптеген ұсыныстар мен бастамаларды сәтті іске асыруда. Бұл өз кезегінде Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың әлем мойындаған, жаһанға атағы жеткен, жер жаһанға сөзі өтіп, айтқанын істетіп отырған бүгінгі заманның лидері екендігін білдіреді.

Біз тәуелсіз мемлекетіміздің іргетасын қалаған және бүгінде қуаттандырып келе жатқан тұлғаның орны ерекше деп білеміз. Ол еліміздің Тұңғыш Президенті – Н.Ә. Назарбаев. Сондықтан, бұл кісінің өз қолымен бастап құрған мемлекетті өзі қалаған кезеңге дейін басқаруы әбден орынды деп ойлаймыз.

Жүргізілген реформалар өз нәтижесін берді, Елбасы Қазақстанның қарқынды дамуына даңғыл жол салып берді. Тұрғындардың өмір сүру деңгейінің артуы, бейбітшілік пен ынтымақтың орнығуы еліміздің әрбір азаматының ертеңгі күнге деген сенімін нығайтты. Президенттің барлық игі істің жүзеге асуы мен бастамаларында шынайы негіз жатыр. Мұның бағасын Уақыт пен халық беріп отыр. Қазақстанның бүгінгі табыстарының жемісін келер ұрпақ көреді деген сенім мол.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ертысбаев Е. Казахстан и Назарбаев: логика перемен // Елорда. – Астана. 2001. – 573 с.
2. Казахстан сегодня: монография / Под. ред. Б.К. Султанова. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2009. – 416 с.
3. Сейлеханов Е.Т. Политическая система Республики Казахстан: опыт развития и перспективы: монография. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2009. – 296 с.
4. Нұрымбетова Г.Р. Қазақстандағы Президенттік институт бастаулары // «Қоғам және Дәуір» ғылыми-сараптамалық журналы. – №2, 2010 ж. – 52–58 бб.

5. Ертисбаев Е.К. Демократизация в Казахстане: 1990–2000 годы. Выступления, статьи и исследования. – Алматы: Атамұра, 2001. – 352 с.
6. Конституция Республики Казахстан: стабильность и динамизм: материалы научно-практической конференции. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2007. – 74 с.
7. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Жеті жарғы, 1998.
8. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа он жылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері»: ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары / Жауап. ред. Б.Қ. Сұлтанов. – Алматы: ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ, 2010. – 164 б.
9. Конституционная реформа – новый этап в развитии Казахстана: материалы «круглого стола». – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2007. – 151 с.
10. Казахстан в современном мире: реалии и перспективы. Научное издание. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2008. – 348 с.
11. Казахстан и ОБСЕ: монография / Под. ред. Б.К. Султанова. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2009. – 288 с.
12. К председателству Казахстана в ОБСЕ: сборник документов и материалов / Под. ред. Б.К. Султанова. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2009. – 340 с.

Медиадемократия мәселелері: қазақстандық тәжірибе

Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА,
әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың профессоры,
саяси ғылымдарының докторы

Саясаттанушылар мен масс-медиа сарапшылары әдетте саяси коммуникация процесін зерттеуде қоғамдағы саяси оқиғалардың қолжетімді дереккөзі ретінде мерзімді баспасөз материалдарына жүгінеді. Саяси қайраткерлер мен билік тарапынан жіберілген жолдаулар, сондай-ақ саяси шолушылар мен сараптамышылардың сараптаулары жарияланатын осынау дереккөздерді зерттеу тек бірнеше міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Біріншіден, саяси процестерге қатысатын билік, үкімет, мемлекеттік атқару органдары, қозғалыстар мен партиялардың толықтай нақты сипаттауда; екіншіден, сол баспасөздің қоғамдық саяси маңызды оқиғалар кезіндегі ұстанып отырған тактикалық және стратегиялық позицияларын айқындауда; үшіншіден, саяси көсемдер мен электоратты да, басқарушы мен басқарушыларды да семантикалық кеңістік ретінде зерттеуге мүмкіндік береді [1].

БАҚ материалдарына жүргізілген салыстырмалы зерттеулерге қазақтілді баспасөздердегі саяси-әлеуметтік, экономикалық, мәдени т.б. тақырыптардағы материалдар іріктелді. БАҚ материалдарының хронологиялық мерзімділігі 2006–2009 жж. аралығын қамтиды. Контент-сараптауларға қазақстандық мерзімді басылым нарығындағы бастапқы саналатын республикалық және қалалық деңгейде жарық көретін «Егемен Қазақстан», «Жас қазақ», «Жас алаш» сияқты басылымдар басты дереккөздері болды.

Эмпирикалық зерттеулер жүргізуге арналған газеттер мынадай критерийлер бойынша таңдалып алынды: қоғамдағы әлеуметтік-саяси оқиғаларды жедел жазып отыратын күнделікті басылымдар; мемлекеттік маңызды оқиғаларға сараптаулар мен комментарийлер және саяси-әлеуметтік өмірдегі проблемаларға сыни мақалалар жариялайтын апталық басылымдар; ауқымдылығы жағынан орталық республикалық басылымдар; сондай-ақ бұқараға кеңінен тарайтын, аудиториясы ауқымды басылымдар.

Жоғарыда аталған критерийлерге сәйкес келген билік тарапындағы күнделікті жалпыұлттық «Егемен Қазақстан», тәуелсіз саналатын «Жас қазақ» ұлттық апталығы мен оппозициялық тараптағы «Жас алаш» республикалық әрбір газеттегі жарияланымдардан іріктелген 150 материалға корреляциялық және факторлық сараптаулар жүргізілді.

Баспасөзді сараптаудың дереккөзі ретінде зерттеуде олардың қай органның не болмаса қандай медиа-топтар, медиа-холдингтердің қарамағында екендігі де маңызды саналатыны шындық.

Қазақстандық БАҚ кеңістігі, сондай-ақ сәйкесінше мерзімді басылым нарығы соңғы жылдары айтарлықтай жаңаша сипатта дамуда. Оның басты ерекшелігі, қазіргі уақытта елімізде масс-медиа нарығында БАҚ қорларын шоғырландыру мен үйлестіру процесі қарқынды дамып отыр.

Аталмыш баспасөзді дереккөз ретінде сипаттай отырып, елдегі саяси оқиғалар мен жаңалықтарды бұқараға жеткізуде аталған басылымдардың ұстанған өзіндік позициясы мен бағытын атап өту керек. Баспасөз тек оқырманы оқитын дүние жарияласа, оқырманы үшін қажетті жаңа ақпарат ұсынса ғана, халық қалауларының тұлғалық бейнесін жасағанда ғана таңдаулы болатыны ақиқат. Сонымен, баспасөз саяси ойындар алаңында ұстанатын позицияларына орай шынайылықты жариялауға мүдделі. Баспасөздің мүдделегінің болуы да сол кімнің, ненің болмасын медиа-нысанына айналады.

Қазақстандық баспасөздің басты ерекшелігінің өзі де тәуелсіз қорлардың қаржыландыруынан гөрі, билік немесе саяси элита, мүдделес бизнес топтардың құрылтайшы болуында. Мұндай жағдай саяси науқандар мен оқиғаларды жариялауда редакциялық приоритеттің саяси мәнге тәуелділігін аңғартса керек.

Қазақтілді баспаөздегі саяси-талдамалық материалдарды зерттеу процесі үш кезеңнен тұрды: танысу-бақылау кезеңі; өңдеу және есептеу кезеңі; алынған мәліметтерді сараптау және талқылау кезеңі.

Зерттеудің алғашқы кезеңінде жоғарыда аталған газеттерде жарық көрген саяси-сараптамалық, саяси-ақпараттық материалдарды қарастырып, яғни осы басылымдардың тігінділерімен таныса отырып, іріктелетін жарияланымдардың хронологиясы түзілді. Іріктелген жарияланымдар белгілі саяси науқандардағы үгіт материалынан тыс қоғамдық саяси маңызына қарай таңдалды.

Осы кезеңде зерттеу процесі саяси-дискурстық сараптау аясында жүргізілді. Бұл әдіс коммуникатордан бұқараға жеткізілуі тиіс ақпараттың берілуінде пайдаланылатын бастапқы мағыналық категорияларды қайта құрылымдауға мүмкіндік берді.

«Дискурстық сараптау» термині алғаш рет американдық лингвист профессор З. Хэрристің еңбектерінде аталған болатын. Хэррис бұл терминді ситуациялық контекст бойынша тіл байланысын зерттеуде қолданған болатын. Яғни дискурс және дискурстық сараптау теориясы лингвистика мен филологиядан бастау алған. Кейінірек дискурстық сараптауды социологтар мен саясаттанушылар пайдалана бастады. Саяси-дискурстық сараптау теориясы саяси шындық дискурс арқылы, яғни басты идеялар мен нышандар жиынтығы арқылы қалыптасуына негіз болса, ал саяси коммуникация процесінде бұл дискурс өңделеді.

Зерттеу процесінде зерттеуші назары зерттеліп отырған материалдардағы негізгі саяси және әлеуметтік идеяларға бағытталса, саяси қайраткерлер пайдаланатын мағыналық категорияларға сәйкес қайта құрылымданады. Мұндайда саяси дискурс теориясында саяси қайраткерлердің сайлаушылар мен бұқарамен коммуникативтік өзара әрекеті өте маңызды аспект ретінде саналады. Саяси коммуникацияда саясаткерлердің бұқараға таратылатын үндеулері мен хабарламаларын жеткізетін негізгі әлеуметтік институт ретінде бұқаралық ақпарат құралдары саналады. Сондықтан нәтижесінде объект те

сипатталып қоймастан, талқыланатын әлеуметтік институттар арасында да диалог құрылады [2].

Саяси күштердің дискурсы әсіресе, сайлау науқандары кезінде шарықтау шегіне жететін коммуникативтік қызу саяси күрестерден анық байқалатыны рас. Сондықтан көптеген зерттеушілер саяси дискурс зерттеулеріне сайлау науқаны кезінде дайындалып, жарияланған материалдарды таңдайды. Біздің зерттеуімізде саяси дискурс сараптамасы жан-жақты рөл атқарады. Зерттеу материалдары Қазақстандағы саяси маңызды оқиғалар кезеңін қамтиды.

Қоғамымыздағы елеулі саяси-әлеуметтік және экономикалық, рухани өзгерістер кезеңінде жарияланған материалдарға түсініктер беріліп, талқыланып, бағаланды. Сондай-ақ бұл материалдар контент-сараптауларға негіз болып, тіркеуге қажетті мағыналық категориялар желісін құруда көмекші әдіс болып табылды.

Қоғамтанушы ғалымдардың пікірінше, баспасөзге, басқа да дереккөздерге контент-сараптау әдісін қолдану тиімді, яғни «...жүйелік сандық өңдеу, ақпараттық дереккөздерінің мазмұны мен пішінін бағалау мен түсіндіру», – деп ғылыми әдебиетте түсінік беріледі [3].

Алғаш рет бұл тәсілді американдық журналистика тәжірибесінде қолданылса, кейінірек социолог ғалым Г. Лассуэлл материалдардың насихаттық мазмұнын зерттеуде қоланған болатын. Г. Лассуэлл бұл әдістің кейбір принциптерін өңдеуге айтарлықтай үлес қосты. Ғалым әріптесі Г. Лейтспен бірлесіп, бұл әдісті тиімді қолданған тарихи шулы оқиға XX ғасырдың 40-жылдарында орын алған-ды. Олар зерттеу объектісі ретінде американдық газеттің бірін алған болатын. Бұл басылым фашистік позиция ұстануда деген күдікте болатын.

Зерттеушілер осы басылымның 1943 ж. тігінділеріне контент-сараптау жүргізеді. Германиялық ұлтшыл саясат пен антиамерикандық ойларды білдіретін сөздер мен белгілердің қайталану жиілігін санап шыққан ғалымдар ұсынған зерттеу нәтижелері бойынша еш талқысыз, күмәнсіз әрі сенімді болғаны соншалық газет АҚШ-тың Жоғарғы Соты шешімімен жабылады [4].

Мұндай табыстың орын алуы да контент-сараптау әдісінің дәстүрлі әдістерге қарағанда мазмұнды сараптауда қалыптасқан әдіс ретінде танытады. Осы әдістің көмегімен: оқып шыққаннан кейін байқала бермейтін мәтін сипаттамасын анықтау негізінде мәтіннің әлеуметтік-саяси мазмұны жайлы қорытынды жасауға; нақты зерттеу белгілері бойынша мәтіндерді түрлі мазмұндармен салыстыруға; құжаттың өзіне тән тілдік ерекшеліктерін зерттеу, түсіндіру формасынан мазмұнды жекелей сараптауға болады.

Контент-сараптауды саясаттану зерттеулерінде қолдану бірнеше тұлғаның бір мәтінді бірдей түсіндіруіне мүмкіндік беретін стандарттық әдісті әзірлеумен ерекшеленеді, сондай-ақ өзінің әсеріне емес құжатты негізге ала отырып, мәтінді қабылдау жайлы гипотезаны ұсынуды негіздеуге мүмкіндік береді, яғни зерттеушілердің субъективтік үлесі азая түседі.

Қазіргі уақытта мазмұнды қалыпты сараптаудың айтарлықтай тәжірибесі жинақталған. Оның мәні құжат мәтінінде кездесетін категориялар жиілігін, мәтіндегі түрлі элементтердің бір-бірімен, сондай-ақ ақпараттың жалпы көлемімен ара қатысын санай отырып, кейбір басты ұғымдарды ерекшелеу (немесе басқаша айтқанда мағыналық категорияларды) болып табылады [5].

Ақпараттық технологияның дамуы мен дәстүрлі әдістермен қатар контент-сараптауды кеңінен қолдануға ықпал еткен жүзеге асыру процедурасын толықтай

автоматтандыру мен оны сапалы жүргізу техникасын жетілдіруге мүмкіндік туды.

Контент-сараптау әдісі сипатына қарай *сандық-сапалық* болып келеді. Бұл әдіс аталмыш сипаттаманың болуы не болмауын (белгілі бір атрибуттардың) есептегендіктен сапалық деуге, ал сандық сараптау ретінде мәтіндегі жекелеген тақырыптар, сөздер, нышандардың жиілігін қарастырады. Сапалық сараптау үшін тандалған категориялардың жаңашылдығы, мағыналылығы, құндылығы маңызды саналады. Сандық сараптауда мұндай критерий ретінде кездесу жиілігі басты орында тұрады [6].

Осы зерттеу жұмысында жауаптарды санау қалай берілсе солай шығарылатын тікелей сандық сараптау арқылы жүргізілді. Контент-сараптау процедурасы үш кезеңнен тұрады: тіркеу категорияларын анықтау; мәтіннен олардың индикаторларын іздестіру; статистикалық өңдеу.

Қазақстандық баспасөздегі саяси-ақпараттық және саяси-талдамалық материалдарға жүргізілген сараптаулар көрсеткендей, осы зерттеуде тіркеу категориясы: қоғамдық құндылықтарды немесе қоғамдық өмірдегі ең айтулы оқиғаларды білдіруі; ішкі және сыртқы саясатты қамтитын мемлекеттік саясаттың приоритетті бағыттарын сипаттауы; Қазақстандағы саяси және экономикалық жағдайдың индикаторы ретінде танылуы тиіс.

Аталған критерилерді ескере отырып, тіркеуге маңызды категориялар тізімі жасалды. Тіркеу категориялары тек қана мағыналық жүктемені білдіретінін ескеру қажет. Сондықтан оларды мағыналық категориялар деп өте жиі атайды, яғни, бұл категориялардың астарында белгілі мағыналар бар деуге болады. Басқаша айтқанда, бұл мағыналардың астарынан мәтінде айтылатын қандай да бір нысанды немесе осы нысанға қатысты қандай да бір қасиетті байқай білу керек. Кей жағдайларда бұл нысан бір сөздің көмегімен, ал келесі жағдайларда – бірнеше сөздердің бірігуі аясында, яғни нақты тұжырымдар арқылы сипатталады. Құжат мазмұнында тек бір ғана мағыналық элемент түрлі сөздік формада айтылуы мүмкін болғандықтан, мәтіндегі осынау ой білдірудің барлық мағыналық категориялары болуы мүмкін формаларын іздестіру керек. Сондықтан зерттеудің екінші кезеңінде тандалып алынған категориялардың индикаторлары іздестіріледі. Бұлар аталған мағыналық категорияны бейнелеуші элементтерден тұрады. Мәселен, «отансүйгіштік» мағыналық категориясы «отан», «туған ел» сияқты сөздермен немесе «отанға деген махаббат», «Қазақстанның дамуы», «елдің өркендеуі» сияқты сөз тіркестерімен сипатталуы мүмкін, сол үшін де бұл сөздер мен тіркестер индикатор саналады.

Зерттеудің қорытынды кезеңінде ерекшеленген индикаторларды есепке алынып, тіркеуге алынған категориялардың пайдалану жиілігі санала бастайды.

Контент-сараптау үшін 2007 ж. қаңтардан 2009 жыл мамыр айы аралығына дейін аталған газеттерде жарияланған әрбір басылымнан 50 тіркеуге алынған индикаторлары бар ақпараттық, талдамалық мақала қарастырылды. Статистикалық өңдеулер мен олардың қайталану жиілігінің гистограммасы Г түзілді.

Қоғамдық саяси маңызы бар көсемсөздер, сұхбаттар мен талдамалық материалдар жатады. Әрбір мағыналық индикаторларға сәйкесінше сандық мәліметтер орналастырылды. Материалдар жанрлары не тақырыптары емес, тек мағыналық индикаторлардың кездесуі бойынша еркін стильде іріктелді.

Саяси оқиғалардың семантикалық кеңістігі туралы ұғымды тереңдету үшін жүргізілген контент-сараптаулардың нәтижесінде мәліметтердің сандық өңделуі үшін статистикалық әдістер қолданылды. Осы мақсатта жүргізілген зерттеуде одан әрі статистикалық өңдеу үшін саясаттану зерттеулерінде кеңінен қолданылатын белгілер арасындағы тығыз байланысты өлшеуге мүмкіндік беретін корреляциялық сараптау қолданылды. Статистикалық мәліметтерді өңдеудің «Statistic» кәсіби пакеті көмегімен алдымен іріктелген әр басылым материалдарының өзара 50x50, соңынан сол үш басылым арасындағы 150x150 корреляциялардың коэффициенттік матрицасы есептелді.

Корреляциялық сараптаудағы басты байланыс өлшемдерінің бірі корреляцияның жұптық қатарлық коэффициенті саналады. Ол зерттелетін белгілердің өзара үйлесу мәнін көрсетеді және -1 мен +1 аралығында өлшенеді. Коэффициент 1-ге жақын болған сайын мағыналық белгілер арасындағы байланыс жақындай түседі. Егер коэффициент 1-ге тең болса, онда белгілер арасындағы тікелей функционалдық тәуелділік болса, керісінше, коэффициент -1-ге тең болса, кері функционалдық тәуелділік болғаны, ал бұл 0-ге тең болған жағдайда – бұндай тәуелділік мүлдем болмағаны.

Алдымен мақалалар корреляциясының коэффициенті матрицасы алынды, сосын белгілердің корреляциясы коэффициенті матрицасы алынды. Осы мәліметтерді қарастырған соң әрбір басылымның құндылықтарын және позициясын тыңғылықты қарастыру қажеттігі туындады. Бұл үшін алғашқы алынған мәліметтер бірінші корреляциялық сараптау нәтижесіне сәйкес «Егемен Қазақстан», «Жас қазақ» және «Жас алаш» басылымдары арасында топталды. Әр топ екінші рет корреляциялық өңделді.

БАҚ материалдарын корреляциялық матрицалық сараптауда көп қолданылатын әдістердің бірі – көпөлшемді математикалық статистика, яғни факторлық сараптау деп те атайды. Факторлық сараптау көмегімен жарияланған материалдардың белгілерінің өзара ұқсастықтары мен сол белгілердің жинақталған жиынтығын алуға, яғни бастапқы өзгерістерді жинақтау деңгейіне өтуге болады.

Сонымен, факторлық сараптау әдісі көмегімен зерттелетін құбылыстың хаостық сипаты реттеліп, жаңа гипотезалар тұжырымдалады. Осы зерттеу жұмысында факторлық сараптаудың басты әдістерінің бірі басты компоненттер әдісі саналады [7]. Аталған әдіс саяси болжаудағы мәліметтерді сараптауда кеңінен қолданылады. Белгілердің бастапқы жүйесі ретінде сипатталатын, зерттелетін құбылысты фактор деп аталатын басқа белгілердің аз сандарымен айқындауға болады. Факторлардың тәуелсіз саналатындығы соншалық, бастапқы белгілер жүйесін соншалықты топтап бөлуге болады, сондықтан бір топтағы белгілер арасындағы корреляция коэффициенті жоғары болса, келесі топтағылар кем түсіп жатады. Факторлық сараптаудағы ең басты ұғым – фактордың бастапқы белгімен байланысын айқындайтын факторлық жүктеме саналады. Басты компонент әдісінде сызықтық моделдер, яғни әрбір бастапқы белгілер факторлардың сызықтық комбинациясы ретінде қарастырылады. Коэффициенттер ретінде сол фактордың аталған белгілердің қалыптасуына ықпал ету деңгейін көрсететін факторлық жүктемелер жатады. Факторлық жүктемелер корреляциялар коэффициентіне балама ретінде сол белгілердің факторымен -1-ден (кері тәуелділік) +1-ге дейін (тікелей тәуелділік) өзгереді [8].

Зерттеудің осы әдістемесі БАҚ-та жарық көрген саяси-сараптамалық және сайлауалды науқандарында жарық көретін бағдарлама, үгіт материалдарының ақпараттық берілу деңгейі мен баспасөздің дереккөздік ерекшелігін білдіреді. Контент-сараптау мен басқа да сандық әдістерді қолдану мемлекеттік саясат пен сайланушы үміткердің басты-басты саяси және әлеуметтік идеяларын жүйелеуге мүмкіндік береді. Олардың сандық қарым-қатынасын айқындап, үміткерлер мен билік басындығалардың бұқараға жеткізгісі келген «жасырын сипаттағы» ақпаратын анықтауға мүмкіндік береді.

Баспасөздегі саяси-ақпараттық және саяси-сараптамалық материалдарды зерттеуде пайдаланылған әдістеме олардың ақпараттық берілімін арттыратыны сөзсіз. Зерттеудің басында қолданылған саяси-дискурстық сараптау мен контент-сараптаулар баспасөздегі саяси материалдарды зерттеуде математикалық әдіс, атап айтқанда, корреляциялық және факторлық зерттеулер қажетті сапалық және сандық мәліметтерді берді. Қолданылған әдістер комбинациясы сол әдістердің келеңсіз жақтарын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Бұқаралық ақпарат құралдарының саяси коммуникация процесіндегі басты құрал ретінде тани отырып, оның демократиялық саяси жүйе құрудағы ерекше орнын атап өтуге болады. Міне, БАҚ бір жағынан саяси коммуникацияны тиімді жүзеге асыратын құрал, екінші жағынан саяси маркетингтің ақпараттық алаңы ретінде сол саяси ойыншылардың барлығының мүддесіне орай қызмет етеді. Саяси қайраткерлер мен қатардағы азаматтар арасындағы бұқаралық коммуникация арналары бойынша ақпарат алмасуда жүйелік құрылымдық қызмет ретінде, сондай-ақ ақпараттық позициясы тұрғысынан саяси коммуникацияны тиімді ұйымдастыруда БАҚ-тың алатын орын ерекше. Саяси ұйымдар мен саяси көсемдердің, азаматтардың мүдделерін ескере отырып, бұқаралық ақпарат құралдары саясаткерлер мен азаматтардың мүдделерін келісімге бағыттайтын құралға айналуы тиіс. Демократиялық саяси жүйеде сайлау науқандары кезінде осы байланыстар қандай да бір қызметке сайлануға үміткердің имиджін қалыптастырудағы басты фактор.

Сапалық-сандық әдістердің ерекшеліктерін айқындайтын әдістеме қолданылды: саяси-дискурстық сараптау; контент-сараптау; корреляциялық сараптау; факторлық сараптау. Аталған әдістеме бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараттық-үгіттік қызметін зерттеуде өте тиімді болып саналады. Осы зерттеуде сандық әдістерді қолдану Қазақстандағы саяси хабарламалық ақпараттық кеңістік туғызатын баспасөздегі материалдарды сараптау нәтижесінде мүмкін болып отыр.

Қазақстан өміріндегі ірі-ірі саяси оқиғалар кезеңін қамтитын баспасөзден материалдар ауқымы да көлемді. Сондықтан оларды сараптау алдында іріктеп, сапалық әдісті, атап айтқанда саяси-дискурстық сараптау әдісі қолданылды. Зерттеудің злғашқы кезеңінде қолданылған саяси-дискурстық сараптау негізгі мағыналық категорияларды қайта құрылымдауға, басты әлеуметтік және саяси идеялар жиынтығын ерекшелеуге, қоғамдағы саяси құндылықтар мен саяси хабарламалардың рационализация-иррационализациялық, мифологиялық деңгейін айқындауға мүмкіндік берді. Бұл сонымен қатар барлық ерекшеленген категориялардың кездесу жиілігін есептеуге мүмкіндік берген контент-сараптау өткізуге арналған теориялық схема құруға көмегін тигізді. Статистикалық мәліметтерді қолдану, атап айтқанда, корреляциялық және

факторлық сараптаулар осы белгілер арасындағы байланыс жиілігін өлшеуге және айтарлықтай маңызды сандық қатысын айқындауға мүмкіндік берді. Ұсынылған әдістеме еліміздегі сайлау науқандары кезіндегі бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараттық пәрменділігін бағалауға болады. Дегенмен, саяси науқандар кезіндегі ақпараттық-үгіт қызметінің пәрменділігін бағалау үшін сайлау науқандары кезіндегі бұқаралық ақпарат құралдарының функциясын реттейін және бостандығын шектейтін нормативтік-құқықтық және саяси жағдайларды бағалау мен сараптау ескерілу қажет. Зерттеліп отырған Қазақстандағы бұқаралық мерзімді басылымдардағы ақпарат пен саяси хабарлама материалдарының қызметін шектейтін факторлар айқындалды.

Контент-сараптау нәтижесінде алынған сандық мәліметтер одан әрі математикалық өңдеуден өтті. Алдымен мақалалар корреляциясы, сосын белгілер корреляциясы өңделді. Алдымен үш басылым мәліметтері жеке-жеке бөлек есептелсе, келесі өңдеуде осы үш басылым арасындағы ақпараттық кеңістіктегі ерекшеліктерін айқындау үшін біріктіріліп есептелді.

Алғашқы қарастырылған топқа «Егемен Қазақстан» жалпыұлттық басылымы, ал екінші топқа тәуелсіз апталық «Жас қазақ», келесі үшінші топқа оппозициялық бағыттағы «Жас алаш» газеті бойынша іріктелген материалдар енді.

Жалпы алғанда, басылымдардағы мақалалар арасында өзара ұқсас байланыстар мен сол басылымдар арасындағы байланыстардың аралас мәні осы тарауда түсіндіріледі. Алдымен, әр топтағы мақалалардың өзара байланысын, келесі кезекте мағыналық корреляциясын, факторалық жүтемесін, ал соңынан сол басылым материалдары арасындағы байланыстарды сипаттаймыз.

Бірінші топтағы өңделген материалдарды қорытындылай келе былай ой тұжырымдауға болады:

Алдымен, 90 жылға жуық тарихы бар жалпыұлттық республикалық газет – «Егемен Қазақстан» Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған күнінен бастап билік тарапындағы басты басылым ретінде өзінің ақпараттық саясатын орындауда деуге болады. Бүгінде билік пен бұқара арасындағы байланыс орнату мен пікірсайыс алаңын өрбітуге өзіндік қолтаңбасын қалдырған және сол қоланбаны жетілдіру жолында ұжымдасып отырған редакция.

Екіншіден, Қазақстанның Тәуелсіздігінің жыршысы, Президент пен Үкіметтің ақпараттық жаршысы, мемлекеттік органдар мен мекемелердің үнісіне айналған басылым ретінде қалыптасуда;

Үшіншіден, демократиялық пікірлер мен құндылықтарды насихаттауда басылымның позитивті сарынды ұстанған редакция саясатына айтылар сын мен кемшіліктердің орын алуын атап өту қажет.

Қазақстандық БАҚ нарығында тәуелсіз басылымдардың жарық көруі соңғы онжылдықтың үлесіндегі оң тенденциялар қатарында деуге болады. Сондай басылымдардың бірі «Жас қазақ» ұлттық апталығын жатқызуға болады. Корреляциялық өңдеуден өткен келесі топтағы материалдарға осы ұлттық апталықтағы саяси-сараптамалық мақалалар жатады.

Мақалалар арасындағы тура тәуелділігі тек корреляциялық жұптардың қатарында мынадай 19 жұп тізбесін алуға болады. Есептеу нәтижелері жүгінсек, «Жас қазақ» басылымындағы контент-сараптау жүргізілген мақалалар арасындағы тура тәуелділік корреляциясы 19 жұп жағдайда кездесіп отыр.

Екінші топтағы корреляциялық өңдеулердің қорытындыласақ. «Жас қазақ» тәуелсіз апталығындағы мақалалар корреляциясынан байқалғандай мұнда тура тәуелділік жұбы азайып отыр. «Егемен Қазақстан» газетіндегі тура тәуелділік корреляциясы 78 жұп болса, «Жас қазақ» апталығындағы бұл көрсеткіш – 19. Яғни, билік тарапындағы басылымға қарағанда тәуелсіз басылым бетіндегі саяси сараптамалық материалдардың тура тәуелділігі сирей бастап отыр. Бұл осы екі бағыттағы басылымдағы мақалалардың өзара корреляциясынан туындаған картина.

«Егемен Қазақстан» басылымындағы материалдардың бір бағытта, бір сарында және бір ғана позиция тұрғысынан берілуі осы корреляция жиілігінен байқалды. Ал билік пен оппозицияға бейтарап «Жас қазақ» тәуелсіз апталығындағы мақалалар арасындағы корреляцияның сиреуі байқалады.

Бұл тәуелсіз басылымдағы материалдардың не билік не оппозиция тарапында болмауы, ондағы корреляциялық жұптардың сиреуіне әкеледі. Қазақстандық БАҚ нарығында жарық көрген 2005 жыл 7 қаңтардан бастап жарық көрген, «Аманат медиа» ЖШС-не қарасты басылым «Жас қазақ» апталығы өзін тәуелсіз басылым ретінде позициясын таныта білді.

Автордың ойынша, «Жас қазақ» апталығының беттерінде қоғамдық пікірді қалыптастыруға ықпал еткен өткір материалдардың болуы, зиялы қауымдардың басын қосып редакция конференциясын өткізуі және саяси науқандар кезінде оқырмандар аудиториясы арасында сауалнамалар жүргізуі т.б. медиа-шаралардың тиімді пайдалануы редакциялық медиаменеджменттің тиімді ұйымдастырылуынан деуге болады.

Келесі үшінші топтағы корреляциялық талдауға түскен материалдар БАҚ нарығында 88 жыл тарихы бар, бүгінде жарқын оппозициялық бағытымен елге танымал «Жас алаш» республикалық басылымы. Республикалық «Жас алаш» газеті бойынша іріктеліп, өңдеуден өткен материалдардың корреляциялық жұп саны – 55. Осы жұптар арасындағы тура тәуелділік корреляциясын сараптасақ.

«Жас алаш» газеті бойынша іріктеліп, өңдеуден өткен материалдардың корреляциялық жұп саны 55 рет кезігуі басылым бағытының бір жақтылығын танытады. Яғни газет негізінен оппозициялық сарында. Сол үшін де баспасөз беттерінен іріктелген материалдардың тура тәуелділік корреляциясының басым келуі де оның бір жақты ақпараттық саясатын білдіреді.

Автордың ойынша, Қазақстанның ақпарат кеңістігінде ұзақ жылдар тарихы бар, кезінде социалистік идеология шеңберінде болған жастар басылымы Тәуелсіздік жылдарынан кейін өзінің саяси позициясын оппозициялық тарапқа өзгертті. Оппозицияның ақпарат құралы саналған басылымның беттерінде қоғамның әлеуметтік, саяси және экономикалық ахуалын сараптау мен саралауға бағытталған материалдардың басым бөлігінде ащы, өткір сынның болуы да заңды. Кейде басылым, билік, тіл, ұлт мәселесіне келгенде өте ашық қарсы пікір жариялауы да еліміздегі пікір алуандығы мен көзқарастар теңдігіне берілген мүмкіндік ретінде қарастыру керек. Сондай-ақ қоғам дамуы үшін оппозициялық сарындағы баспасөздің болуы да керекті де әлем елдерінің тәжірибесінде бар және бола беретін үрдіс ретінде қарастырылуы керек. Математикалық өңделген үш басылым мақаларының арасындағы корреляциядан байқалған сәйкестіктер төмендегі кестеде келтірілді.

1-кесте. «Егемен Қазақстан», «Жас қазақ», «Жас алаш» басылымдары арасындағы корреляциялық сәйкестіктер кестесі

p/c	«Жас қазақ» / «Жас алаш»	«Егемен Қазақстан» / «Жас алаш»	«Егемен Қазақстан» / «Жас қазақ»
1	2	3	4
1	$r\{91,1\} = 0,55$	$r\{150,8\} = 0,59$	$r\{112,92\} = 0,54$
2	$r\{96,1\} = 0,50$	$r\{150,35\} = 0,61$	$r\{150,90\} = 0,60$
3	$r\{86,4\} = 0,55$	$r\{150,39\} = 0,52$	$r\{143,99\} = 0,59$
4	$r\{86,8\} = 0,65$	$r\{150,46\} = 0,54$	$r\{146,99\} = 0,61$
5	$r\{97,7\} = 0,59$	$r\{131,47\} = 0,53$	$r\{150,99\} = 0,71$
6	$r\{66,10\} = 0,50$	$r\{103,47\} = 0,54$	-
7	$r\{92,11\} = 0,65$	-	-
8	$r\{66,12\} = 0,52$	-	-
9	$r\{92,12\} = 0,64$	-	-
10	$r\{62,15\} = 0,53$	-	-
11	$r\{71,18\} = 0,59$	-	-
12	$r\{64,19\} = 0,55$	-	-
13	$r\{94,23\} = 0,55$	-	-
14	$r\{86,25\} = 0,51$	-	-
15	$r\{99,26\} = 0,50$	-	-
16	$r\{80,34\} = 0,59$	-	-
17	$r\{99,36\} = 0,56$	-	-
18	$r\{96,36\} = 0,54$	-	-
19	$r\{58,37\} = 0,50$	-	-
20	$r\{99,39\} = 0,66$	-	-
21	$r\{87,45\} = 0,66$	-	-
22	$r\{98,46\} = 0,54$	-	-
23	$r\{77,48\} = 0,79$	-	-
24	$r\{87,49\} = 0,62$	-	-
25	$r\{91,48\} = 0,55$	-	-
26	$r\{96,48\} = 0,50$	-	-
27	$r\{87,49\} = 0,62$	-	-

Кестедегі көрсеткіштерден байқалатыны, математикалық өңдеуден өткен 3 басылымда жарияланған 150 материалдың арасындағы өзара тура тәуелділік корреляциясының әркелкілігі. Бұл топтағы сараптауға 0,50-тен жоғары, тек басылымның өз ішіндегі емес, сол басылымдар арасындағы корреляциялық жұптағы материалдар ғана іріктеліп отыр.

Байқалатыны, «Жас қазақ» және «Жас алаш» басылымдарындағы материалдардың корреляциялық жұптары – 27 болса, ал «Егемен Қазақстан» және «Жас алаш» басылымдарының арасындағы тура тәуелділік корреляциясы 6 жұпта, «Жас қазақ» мен «Егемен Қазақстан» басылымдарында бұл көрсеткіш 5 жағдайда кездесіп отыр. Осы кестедегі 3 газет арасындағы тура тәуелділік корреляциясын іріктеп шыққанда, алдымен ең жиі кездескен ұқсас корреляция «Жас қазақ» пен «Жас алаш» газеттері арасында, сосын келесі кезекте «Егемен Қазақстан» және «Жас алаш» газеттері арасында, соңында «Жас қазақ» пен «Егемен Қазақстан» басылымдары арасында кездесті.

Контент-сараптау жүргізілген басылымдар арасындағы мақалалар корреляциясын қорытындылай отырып, бұл басылымдар арасындағы тура тәуелділік ұстанатын позицияларына қарай сирей беретінін байқадық. Мәселен, тәуелсіз

апталық «Жас қазақ» пен оппозициялық «Жас алаш» арасындағы корреляция жиілігі, керісінше, «Егемен Қазақстан» мен «Жас алаш», «Егемен Қазақстан» және «Жас қазақ» басылымдарында сиреп отыр.

Контент-талдауға іріктелген мақалалар арасындағы корреляциялық талдаудан бөлек мағыналық белгілер көпөлшемді математикалық өңдеуден өтті. Кездесу жиілігі, тақырыпты ашудағы өзектілігіне орай мағыналар белгісі іріктелді. Осы мағыналық белгілердің тура және кері корреляциясын талдасақ. Өндеуге «Егемен Қазақстан» газетіндегі материалдар алынды.

Бірінші топтағы «Егемен Қазақстан» газетіндегі матрицалық өңделген материалдардың мағыналық белгілерінің корреляциясы көрсеткіштері бойынша мынадай қорытындыға келуге болады.

Басылым өзінің сипатына қарай елдегі «демократияның» дамуын «тұрақтылықпен», «рухани құндылықпен», «жеке меншік мүддесінің қорғалауымен», «қоғамның ашықтығымен», «егемендік» сияқты ұғымдармен қатар өрбітеді. Яғни тәуелсіздік алған уақыттан бергі Қазақстан қоғамы үшін басты демократиялық құндылықтар осы ұғымдар төңірегінде шоғырланған.

Ал мемлекеттік баспасөз бетінде еліміздегі «әділдіктің» жүзеге асуы мемлекеттің «қауіпсіздігі», «жемқорлықпен» күрес, азаматтардың «отансүйгіштігі», қоғамның «қайта өрлеуі» сияқты ұғымдармен айқындалады.

Қазақстан үшін ең басты жетістік және құндылық елдегі «тұрақтылық». Міне, бұл елдегі «реформалық» саясаттың табысты жүзеге асуы мен «инфляцияға» жол бермеуден деп танылады. Ал қоғамның дамуында басты фактор саналатын «қоғамдық келісім» ұғымы «демократия», «әлеуметтік тәртіп», «егемендік» сияқты қасиетті де қастерлі өлшемдермен астарласады.

Қазақстан мемлекетігі мәселесінде «қауіпсіздік» мәселесі оның дамуы мен өркендеуіне अपарар бірден бір жол екендігі мәлім. Баспасөздегі математикалық өңдеуден соңғы «қауіпсіздік» белгісін айқындаушы және сонымен қатарлас жүретін ұғымдар «әділдік», «қазақ тілінің мәртебесі», «ынтымақтастықта» болу мен «дағдарыстан» шығу. Міне, елдегі «қазақ тілі мәртебесі» қоғамдағы қауіпсіздік жағдайымен тікелей қатыстылығын айқындауға болады.

Өзінің 19 жылдық тарихында Қазақстан экономикалық жағынан қуатты да әлеуетті Орталық Азия елдері қатарына еніп қоймастан, әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына енуді көздеп отыр. Осынау стратегиялық мақсатқа жетуде «халық игілігі» ұғымы «әлеуметтік кепілдік», «рухани құндылық» «халықаралық экономикалық қауіпсіздік» және «егемендік» сияқты белгілермен үндес келуі заңды да.

Қазіргі заманғы Қазақстан қоғамындағы «әлеуметтік тәртіп» жиі аталатын әлеуметтік мәселер қатарында. Бұл белгі азаматтардың «отансүйгіштігімен», «салық саясатының» сауатты жүргізілуімен, мемлекетіміздің «экономикалық тәуелсіздігімен», ондағы «ғылыми-техникалық прогрестің» дамуымен, сондай-ақ «көпсатылы экономиканың» табысты жүзеге асуымен айқындалады. Бұл мәселе қатарында қоғамдағы «әлеуметтік кепілдіктің» орындалуы, «азаматтық құқықтың» қорғалуы, «рухани құндылықтың» өркендеуі, елде «инфляцияға» жол бермеу сияқты ұғымдардың қатар жүруі бар.

Демократиялық даму жолына түскен қай қоғамда болмасын әйелдер мүддесіне бағытталған гендерлік саясаттан тысқары дами алмайды. Міне, сараптауға түскен белгілердің бірі – елдегі «әйелдер мүддесі». Яғни, «әйелдер

мүддесі» қазақстандық қоғамдағы «әлеуметтік қақтығыстарға» жол бермеудің, елдегі «отансүйгіштіктің» қалыптасуының, «егемендіктің» баянды болуының кепілі саналатындығын осы талдау дәлелдеп берді.

Еліміздегі жиі айтылатын, жиі қозғалатын мәселер қатарында «әлеуметтік қорғалмаған топтар мүддесі» болып отыр. Бұл, әсіресе, қазақ қоғамының ең ауыр жарасы саналатын «Шаңырақ», «Бақай» т.б. әлеуметтік әділетсіздіктен туындағын проблемалар. Міне, «әлеуметтік қорғалмаған топтар мүддесі» билік тарапындағы басылымда үш түрлі ұғыммен қатарлас келіп, ол «биліктің орталықсыздануы», «трансформация», «ұлтаралық қақтығыс» сияқты белгілермен қатарласа жүреді. Бұған елдегі «жұмысшылар мүддесін» қоссақ, онда «азаматтық құқық», «билікті орталықсыздандыру», «салық саясаты», «ынтымақтастық», «көп сатылы экономика» сияқты белгілер қоса қатарласады. Дегенмен, қоғамның әлеуметтік ащы шындығы кейбір себептермен осы бағыттағы баспасөз беттерінен орын таппай, керісінше, тәуелсіз, оппозициялық сарындағы басылымдарда өткір айтылуы әлі де болса мемлекеттік тараптағы БАҚ-тың ірі кемшілігі деп қарастырған жөн.

Соңғы жылдары жиі айтылатын мәселелердің бірі елдің парасатты тобы, рухани күші саналатын зиялыларға қатысты аталады. Біздегі «зиялылар мүддесін» неден көруге болады? Бұл «одақты қалпына келтіру» мен «дінаралық келісіммен» сипатталатын атауға болады. Шын мәнінде, зиялы қауым бұқараны жаңа өрге бастайтын, қоғамның жанашыры, өз мүддесінен мемлекет мүддесін жоғары қоятын азаматтар тобы болуы тиіс. Біздегі зиялы қауымның құндылықтарын отанды сүю, елін қастерлеу, қоғамның кем-кетіктерін сын тезіне салу сияқты қасиеттермен айқындай алмаған баспасөздің бір кемшілігі деп білуге болады.

Ал аталмыш басылымда «оралмандарды қолдау», «ұлтаралық қақтығыс», «инфляция», «инвестиция», «одақты қалпына келтіру», «қоғамның ашықтығы», «әскери қуат», «трансформация», «көп сатылы экономика» сияқты мағыналық белгілердің не тура, не кері корреляциясы айтарлықтай байқалмағандықтан бұларға сараптау жүргізілмеді. Дегенмен бұл белгілердің газетте жарық көрген материалдар кездесуі өте сирек және іріктеуге алынған белгілермен байланысы төмен, өте бейтарап позицияда екендігін білдіреді.

2-кесте. «Егемен Қазақстан», «Жас қазақ», «Жас алаш» басылымдарындағы мағыналық белгілердің корреляциясы

р/с	Белгілер	Тура тәуелділік	Кері тәуелділік
1	2	3	4
1	«Демократия»	«жемқорлық» - (r 15,2) = 0,19	«отансүйгіштік» - (r {18,2} = -0,14)
2	«Әділдік»	«отансүйгіштік» - (r {18,3} = 0,18)	«жемқорлық» - (r {15,3} = -0,12)
3	«Тұрақтылық»	«отансүйгіштік» - (r {18,4} = 0,19)	-
4	«Халық игілігі»	«отансүйгіштік» - (r {18,7} = 0,22)	-
5	«Әлеуметтік тәртіп»	«жемқорлық» - (r {15,8} = 0,33)	-
6	«Әл.кепілдік»	«мәдени даму» - (r {37,9} = 0,24)	«отансүйгіштік» - (r {18,9} = -0,11)

1	2	3	4
7	«Әйелдер мүддесі»	«отансүйгіштік» - ($r\{15,10\} = 0,15$)	-
8	«Өп. қақтығыс»	-	«отансүйгіштік» - ($r\{18,14\} = -0,13$)
9	«Жемқорлық»	«мәдени даму» - ($r\{37,15\} = 0,15$)	«отансүйгіштік» - ($r\{18,15\}$ = - 0,10)
10	«Реформизм»	«мәдени даму» - ($r\{37,21\} = 0,14$)	-
11	«Бил.орт-дануы»	«мәдени даму» - ($r\{37,26\} = 0,27$);	-
12	«Ғыл-тех. прогр»	-	«мәдени даму» - ($r\{37,36\} = -0,13$);

Бұл топтағы материалдардың мағыналық корреляциясын талдау барысында мынадай ерекшеліктерді байқауға болады. «Егемен Қазақстан», «Жас қазақ», «Жас алаш» басылымдарындағы мағыналық белгілердің тура және кері корреляциялық көрсеткіштері сирек екені осы кестеден байқалады. Яғни математикалық өңделген тура не кері корреляциялық жұптар комбинациясы барлық 49 белгіден тек 12 белгі бойынша кездесіп отыр. Контент-сараптау жүргізілген үш тараптағы басылым арасындағы мағыналық белгілердің корреляциясының сирей түсуі де олардың осы әр тараптылығынан деуге болады. Сондай-ақ кейбір мәселелерге келгенде бұл 3 газет арасында сәйкес келетін позицияларды былайша айқындауға болады.

«Демократия» белгісі «жемқорлық» белгісімен тура тәуелділікте кездесіп, бұл белгілер арасында сәйкестік бары байқалады. Ал нақ осы «демократия» белгісі «отансүйгіштікпен» кері байланыста. Үш басылымда жарық көрген, зерттеу нысаны болған материалдарда бұл аталған ұғымдар бірі-бірімен байланысы жоқ. Демократия және соның төңірегінде жазылған материалдарда «жемқорлық» мәселесі қатар жиі аталса, «отансүйгіштік» мәселесі сирей түседі. Яғни, жоғарыда әр басылым материалдарындағы корреляциялардың үйлесімдігін өзара талдағанда сол аталған мағыналық жұптар бір басылымға тән болса, енді бұл сол іріктеуден өткен үш басылым арасындағы мақалалардың корреляциялық сәйкестігін танытып отыр.

Аталған басылымдар арасындағы мағыналық белгілердің келесі реттегі тура және кері тәуелділік жағдайларына шолу жасасақ. «Әділдік» белгісі «отансүйгіштік» ұғымымен сәйкестікте болса, «жемқорлық» белгісі кері байланыста. Сондай-ақ бұл қатарға жақын тұратын «тұрақтылық», «халық игілігі» белгілері «отансүйгіштік» ұғымымен астарлас, қабаттас аталады. Сондай-ақ қызықты комбинацияның бірі де – осы «отансүйгіштік» белгісінің аясында болып отыр. Мәселен, «отансүйгіштік» «жемқорлықпен» күресте, «әйелдер мүддесінде», «әлеуметтік қақтығыс» белгілерінде тура тәуелділікте кездесуі. Өйткені бір ғана «отансүйгіштік» белгісінің 7 жұп жағдайда кездесе отырып, соның тепе-тең 3x4 тура және кері тәуелділікте болуы да ерекше атап өтуге болатын корреляциялық түзілім.

Яғни осы баспаөздерге ортақ тақырып – «әділдік» ұғымының «отансүйгіштік» және осыған жақын мағыналарға сәйкес келуі көбінде еліміздегі ел мен жерге деген ерекше құрметтен туындайтын отансүйгіштіктің ұлттық идеямен астарлас келуімен де айқындауға болады. Себебі, газет қай тарапта болғанымен,

«Қазақстан» атты ортақ үй, ортақ атамекен барлық баспаөз үшін қасиетті ұғым саналады.

Талдауға түскен мағыналық белгілердің бір қатары – әлеуметтік тәртіп пен әлеуметтік кепілдік мәселелері. «Әлеуметтік тәртіп» белгісі – «жемқорлықпен» тура тәуелділікте кездесіп отыр.

Яғни Қазақстан қоғамында «жемқорлық» және онымен күресу мәселесі өзекті екендігі мәлім. Бұл орайда Қазақстан халықаралық рейтинг бойынша әлі де болса әлемде жоғары қатардағы елдер қатарында екендігі мәлім. Forbes журналының әлем елдеріндегі жемқорлық бойынша жоғары рейтингісін айқындауынша, Қазақстан 17-орында. Алғашқы үштікке Африканың Чад, Зимбабве, Камбоджа елдері енсе, Әзербайжаннан кейінгі орында Қазақстан аталады [9]. Міне, елдегі аталған мәселенің қаншалықты өзектілігі демократиялық қоғамға ұмтылған Қазақстан үшін де соншалықты өзекті. Және де бұл елдегі «әлеуметтік тәртіппен» қатар аталуы да заңды.

«Әлеуметтік кепілдіктің» қай қоғамда болмасын әлеуметтік топтар үшін маңызы жоғары болатындығы рас. Баспасөздегі «әлеуметтік кепілдік» белгісінің «мәдени дамумен» де жиі астарласуы, ал керісінше сол «мәдени даму» белгісі «отансүйгіштікпен» кері байланыста болуы мәселенің тек бір қырын білдірсе керек. Ал шын мәнінде, мемлекеттегі бұқара халықтың әлеуметтік ахуалы қашан да мемлекеттік саясаттың басты стратегиялық нысаны болуы тиістігін ҚР Президенті Н. Назарбаев өзінің жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауы-ларында басым бағыт беріп, ерекше атап өтеді.

Қазақстан қоғамындағы «реформизм», «биліктің орталықсыздануы», «ғылыми-техникалық прогресс» белгілерімен бір ғана «мәдени даму» белгісінің тура тәуелділік комбинациясына ерекше көңіл аударға болады. Мәдени даму қоғамдағы өнер, кино, театр, бейнелеу өнерінің дамуымен ғана емес, сондай-ақ сол қоғамның өнегелілігімен де айқындалатын ұғым. Яғни аталмыш басылымдарда елдегі мемлекетте жүріп жатқан реформалық саясатпен, ғылыми-техникалық прогреспен қатар келуі де логикалық жағынан үйлесімділікте. Себебі, қоғамның рухани-құндылығы мен өнегелік құндылықтары саясаттан тысқары болмасы анық, және реформалық саясат аясында ғана жүзеге асады.

Осы жұпта қарастырылып отырған «биліктің орталықсыздануы» мәселесі қай қоғамда болмасын бұқараның билікке жақындауы және сол биліктің ашықтығы, сондай-ақ осы қарым-қатынастардың пәрменділігін арттыру үшін де қажетті. Бұл жерде «мәдени даму» белгісі билікпен тікелей байланысқа түсетін сол бұқараның саяси мәдениетінің дамуымен және сайлау үдерісінде өздерінің сауаттылығының жетілуімен деп айқындауға болады.

Ал корреляциялық өңдеуден өткен бейтарап белгілер қатарында мынадай ұғымдарды атап өтуге болады: «бостандық» «қоғамдық келісім» «қауіпсіздік» «әлеуметтік қорғалмаған топтар мүддесі» «зиялылар мүддесі» «жұмысшылар мүддесі», «азаматтық қоғам», «азаматтар құқының қорғалуы», «отансүйгіштік», «құжымшылдық», «ұлтжандылық», «радикализм», «рухани құндылық», «қазақ тілінің мәртебесі», «одаққа бірігу», «аймақтық тұтастық», «дағдарыс», «қайта өрлеу», «жеке меншік қатынастарын нығайту», «трансформация», «салық саясаты», «экономикалық тәуелсіздік», «халықаралық экономикалық қауіпсіздік», «ынтымақтастық», «мәдени даму», «қоғамның ашықтығы», «әскери қуат», «егемендік», «дінаралық келісім», «жекешелендіру», «көп сатылы экономи-

ка», «отандық өндірушілерді қорғау», «оралмандарды қолдау», «ұлтаралық қақтығыс», «инфляция», «инвестиция».

Автордың пікірінше, БАҚ – түрлі пікірлер мен көзқарастардың алмағайып түсіп отыратын алаңы. Сол үшін де барлық баспасөз не электронды ақпарат құралдарының бірдей және бір тарапта болуы мүмкін емес абсурд. Сондай-ақ мына жерде кездесетін бейтарап белгілердің де өте көптігі бүгінгі Қазақстан қоғамының, нақтыласақ ақпараттық кеңістігінің де әр аулан және әр тараптығын білдіреді. Бұл Қазақстанның халықаралық қауымдастықтағы бүгінгі беделі мен орнын нақтылау мен айқындауда да басты және қуатты факторлардың бірінен саналады. Әсіресе, тап бүгінгі жағдайда, Қазақстанның ең жауапты миссияны – ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету мезгілінде қоғамның демократиялық дамуы мен сол демократия құндылықтарын қаншалықты деңгейде сақтауы және осы бағыттағы үрдістерге қаншалықты өз үлесін қоса алатындығымен айқындалса керек.

Зерттеу барысында жүргізілген факторлық сараптау аталмыш баспасөздегі мағыналық белгілердің жеке-жеке өзара және барлығына ортақ тура және кері тәуелділік корреляциясы айқындалды. Ақпараттық қоғамның жылдам дамуы кезеңінде мұндай сараптаулардың билік пен бұқара, билік пен БАҚ арасындағы байланыстарды дамытуда, олардың дамуына кедергі келтіретін факторларды айқындауда, соның негізінде жетілдіру механизмдерін ұсынуға қажетті.

Контент-сараптауға ұсынылған материалдардың мағыналық белгілерінің факторлық жүктемелерін қайталану жиілігі мен шоғырлануы 6 топ арасында математикалық талдау жүргізілді.

Алғашқы топтағы материалдардың мағыналық белгілеріне қарай шоғырлануы мынадай нәтижелерді көрсетті. «Егемен Қазақстан» газетіндегі «зиялылар мүддесі» үшінші топта тура тәуелділікте болса, бірінші топта кері тәуелділікте. Аталмыш тақырыптағы мәселеде баспасөзде екі тарапты пікірлер қатар өрбуін білдіреді. Жоғары сәйкестіктегі белгілердің бірі қоғамдағы «трансформация» мәселесі. Біздің ойымызша, әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына енуді көздеген, халықаралық қауымдастықта Қазақстандағы әлеуметтік институттардың, әлеуметтік құрылымдардың өзгеріске ұшырауын қажет етуі, сол жолдағы ізденістер бүгінгі мемлекеттік басты басылымның басты тақырыптары саналады. Сондай-ақ «трансформация» белгісі бірінші факторлық топта кері тәуелділікте болса, үшінші топ ол қайтадан жоғары сатыға көтеріледі.

1991 жылдан бері шетелдегі қазақтардың атамекенімен қайта қауышуы жаңа да тәуелсіз мемлекеттің алдында тұрған маңызды міндеттердің қатарында тұрды. Бұл орайда тікелей Елбасының қолдауымен мемлекеттік шаралардың жүзеге асып отырғанын «Егемен қазақстандықтар» назардан тыс қалдырмаған. Сондықтан «оралмандарды қолдау» белгісі баспасөздегі басым факторларға ие болып отыр.

Бірінші факторлық топтағы «одақты қайта қалпына келтіру», «өзара тиімді ынтымақтастық» және «көп сатылы экономика» белгілерінің кері тәуелділікте болуы бұл мәселелердің біздің қоғам үшін өзектілігін жоғалтуынан бұл тақырыптар аз қозғалады. Алтыншы топтағы «қауіпсіздік» белгісінің төменгі көрсеткіші қоғам үшін ұлттық не экономикалық қауіпсіздік қатерінің жоқтығы басты фактор деп санауға болады.

Ал екінші реттегі факторлық талдауға алынған «Жас қазақ» апталығындағы белгілер. Бұл қатарда ең жоғары тура тәуелділіктегі біріншіден төртіншігі

дейінгі топтар арасындағы «одақты қайта қалпына келтіру», «трансформация», «әскери қуат», «отандық өндірушіні қолдау», «әділдік», «қауіпсіздік», «реформизм», «аймақтық тұтастық», «ұжымшылдық», «азаматтық қоғам» сияқты мағыналық белгілер.

Яғни тәуелсіз апталықтың ақпараттық саясатындағы басым белгілерден байқалатыны, Қазақстанның басқа көрші ТМД елдерімен одаққа бірігуін, қоғамдағы әлеуметтік институттар мен құрылымдардың жаңаруы мен дамуын, аймақтағы тұтастық мәселесін, отандық өндірушілерді, әлеуметтік және саяси салалардағы әділдіктің шешілуін, елдегі реформалық саясатты, ұжымшылдыққа бірлесуді, азаматтық институттардың белсенді дамуын қолдауы деп санауға болады. Тәуелсіз басылымдағы «қазақ тілінің мәртебесі», «қайта өрлеу», «отансүйгіштік», «инвестиция», «қоғамдық келісім мен бірлік» сияқты мағыналық белгілердің сирей түсуі бұл мәселелердің газет үшін өзектілігі жоғалғанынан емес, сол тақырыптардағы айтылатын мәселелердің өзара тәуелсіз жеке дара қарастырылуында деп білуге болады.

Матрицалық факторлық талдау нәтижесі көрсеткендей, «Жас алаш» басылымындағы «демократия», «рухани құндылық», «халықаралық экономикалық қауымдастық», «көп сатылы экономика» белгілерінің басымдық танытуын басылымның ақпараттық нарықтағы ұстанған позициясынан деп санауға болады. Демократия белгісінің қоғамдық-саяси басылымдардың басты тақырыбы саналуын заңды құбылыс ретінде қарастырған жөн. Қоғамның «рухани құндылығы» ұлттық идея, рухани өнегілділік сияқты өлшемдермен айқындалатыны белгілі.

«Жас алаш» редакциясының қоғам дамуындағы «халықаралық экономикалық қауымдастық» сияқты маңызды факторды алға тартуын билікке қарсы оппонент бола тұрғанымен, оның мемлекеттің халықаралық деңгейде дамуын қолдауынан және сол бағытта ақпараттық саясат жүргізуінен деп тануға болады.

Республикалық басылымдағы «әлеуметтік тәртіп», «әйелдер мүддесі», «азаматтық қоғам құру», «реформизм», «қайта өрлеу», «салық саясаты», «егемендік», «дінаралық келісім», «тұрақтылық», «әлеуметтік кепілдік», «одақты қайта қалпына келтіру», «экономикалық тәуелсіздік», «әскери қуат», «әлеуметтік т.б. қақтығыстарды реттеу», «биліктің орталықсыздандырылуы», «бостандық», «жұмысшылар мен ауыл еңбеккерлерінің мүддесі» сияқты 16 мағыналық белгінің қатарынан кері тәуелділікте болуы газеттегі материалдардың аталған тақырыптарды жариялауда бір-бірімен тәуелсіздігін білдіреді. Яғни бұл мағыналық белгілер әр қайсысы басылым материалдарында жеке-жеке қарастырылып, олар басқа белгілермен сәйкес аталмайтындығынан өте көп кері корреляциялық көрсеткіштерге ие болып отыр.

Қазақстандық ақпараттық кеңістіктегі әр тараптағы республикалық газеттердегі қоғамдағы «әлеуметтік т.б. қақтығыстарды реттеу» мәселесінің ортақ сәйкестікте болуы мәселенің қаншалықты өте жиі қозғалатындығын және осы тақырып төңірегіндегі проблемалы әңгіменің толассыз өрбуінен деп санауға болады. Ал елдегі «жеке меншік қатынастарын нығайту және жеке меншік иелерінің мүддесін қорғау» мәселесі де Елбасының өзі екпін салып отырған мүлкті жария ету шарасының, экономикалық одан әрі өрлеудің өзекті тетіктерінің біріне айналғаны мәлім. Сондай-ақ үш басылым арасындағы жоғары тура тәуелділіктегі «тұрақтылық», «реформизм»,

«әділдік», «ұжымшылдық» сияқты белгілердің факторлық жүктемесін былайша сипаттауға болады.

«Біз қоғамды басты ұлттық басымдықтар төңірегіне топтастыруға тиіспіз: олар, тыныштық, тұрақтылық және келісім», – дейді Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XIII-ші сессиясында сөйлеген сөзінде. Міне, Президент Н. Назарбаев «тұрақтылықты» Қазақстан қоғамындағы ең басты құндылық ретінде басым бағытын айқындап отыр. Осы орайда үш басылым арасындағы ортақ тура тәуелділіктің қаншалықты маңызы мен қоғамда атқарар рөлін атап өтуге болады.

Газет беттеріндегі «реформизм» мағыналық белгісінің барылығына бірдей өзара сәйкестікте болуының негізі мемлекеттік осы бағыттағы саясатының мығымдығынан деуге болады. Елбасы Н. Назарбаевтың «Демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу және нақтылау жөніндегі» мемлекеттік комиссияның отырысында сөйлеген сөзінде: «Отан, Тәуелсіздік, Тұрақты даму», – деп ортақ ұран тастай отырып, елдегі реформалық саяси өзгерістер жайын баян етеді.

Үш басылымға бірдей ортақ тәуелділіктегі белгі – «әділдік» ұғымымен сәйкес келуі де бұл тақырыптың тәуелсіздік пен дербестік, егемендік аясында көшбасшылыққа ұмтылған Қазақстан қоғамы үшін де маңызды фактор саналады.

«Биліктің орталықсыздануы», «радикализм», «қайта өрлеу» сияқты мағыналық белгілердің кері байланысын, әрине, бұл газеттердің ұстаным отырған өзіндік ақпараттық позициялары тұрғысынан қарастыруға болады.

Автордың пайымынша, қоғамдағы ішінара демократиялық реформаларды өткізуге бағытталған шараларға билік пен оппозицияның өзіндік көзқарасы болатыны анық. Сол үшін де қоғамдағы әлеуметтік әлсіз топтардың өзінің әлеуметтік саяси жағдайын өзгертуге ұмтылысы, әрекеттегі саяси-мәдени қарым-қатынастарға сыни көзқарастағы және бұл жағдайды саяси және ұйымдастырушылық әрекеттермен өзгерту жайлы интелектуалдық топ өкілдерінің ұмтылысының мүдделер қайшылығы қай қоғамға болмасын тән үдеріс деп қарастырған жөн. Сол үшін де Қазақстан жағдайында, осынау қарама-қайшылықтағы мүдделер тоғысында БАҚ ақпарат тарату, насихат, үгіт жүргізу, сондай-ақ бұқараның саяси-мәдени сауатын арттыру мен тәрбиелейтін қуатты құралға айналып отыр.

Мемлекет пен бұқара арасындағы ашық та әділ, сенімді де пәрменді қарым-қатынастарды жетілдіру және бұқаралық коммуникация арналары көмегімен қоғамның одан әрі модернизациялануына ықпал етерлік саяси коммуникациялық процестерді дамыту мақсатында авторы отандық бұқаралық ақпарат құралдарындағы саяси коммуникация даму концепциясын ұсынып отыр.

Қазақстандық БҚК арналарының саяси позициясы мен баспасөз материалдарына жүргізілген қолданбалы зерттеулердің нәтижесін қорытындылай келе, мынадай тұжырымдарды ұсынылды:

1) БАҚ нарығында мемлекеттік БАҚ-тың шоғырлану процесі орын алуда, сондай-ақ мемлекеттік бұқаралық коммуникация құралдарындағы ақпараттардың берілу әдістерімен қатар, олардың өңделуі, бұқараға жеткізу және ұсына білу әдістері жаңа сипатта дами бастады.

2) Әрбір БАҚ-тың өз аудиториясы мен қоғамдық сананы билеп-төстеуге ұмтылған саясаты қашан да елдегі саяси оқиғалармен қатар өрбіп отыруы, құрылтайшылары мен шығармашылық редакциялық топтың ұстанған позициясына қарай жаңа бағыт, жаңа сарындағы БАҚ-ты нарығы дүниеге әкелді.

3) Ақпараттық нарықта мемлекеттік сипаттағы БАҚ-пен қатар, оппозициялық, тәуелсіз және салалық сипаттағы БАҚ бәсекелестік алаңына шықты.

4) Қазақстан жаңашыл мемлекет, үлкен мүмкіндіктер елі, экономикалық игілікті қалыптастыру әрі сақтау жолында дамыған, демократиялық үрдістерді қабылдау, құндылықтарды ұстану және оларды жүзеге асырудағы мемлекеттік саясаты тұрақталған ел ретінде танылды;

5) Ұлттар мен этностарды біріктірген, дінаралық байланысты дамытқан заңдырлы ел ретінде айқындалып отыр. Зерттеуде «медиадемократия» бұқаралық құбылыс ретінде қоғамдағы әрбір азамат пен әрбір таптың мүддесін білдіретін «ұлттық идеяны» айқындайтын, оның қазақстандық қоғамға тән ерекшелігін негіздейтін, саяси-әлеуметтік және экономикалық факторларды біріктіретін күрделі міндеттерді жүзеге асырушы механизм ретінде қарастырылды.

6) Қазақстан жағдайында медиадемократия билік пен бұқараның бірлігін, тұтастығын, үйлесімін айқындаушы ұлттық идея ретінде дамуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Иберла К. Факторный анализ. – М., 1980. – С. 398.
2. Андриенко В.Г., Аргунова К.Д., Паниотто В.И. Математические методы анализа и интерпретация социальных данных. – М., 1989. – С. 173.
3. Wolton D. Political communication: the construction of a model // European journal communication. – Vol. 5. – № 1. March. – 1990. – P. 9–297.
4. Панарин И.Н. Информационная война, PR и мировая политика. – М.: Горячая линия – Телеком, 2006. – С. 352.
5. Фестер Б., Ренц Э. Корреляционный и регрессионный анализ. – М., 1983. – С. 243.
6. Под редакцией Андреевой Г.Н. Лекции по методам конкретных социальных исследований. – М., 1972. – С. 202.
7. Иберла К. Факторный анализ. – М., 1980. – С. 301.
8. Андриенко В.Г., Аргунова К.Д., Паниотто В.И. Математические методы анализа и интерпретация социальных данных. – М., 1989. – С. 165.
9. <http://www.newsfactory.kz/>

Қазақстандағы этносаралық қатынастардың келешек ахуалы


Рүстем МҰСТАФИН,
ҚР Президентінің жанындағы
ҚСЗИ-дың ғылыми қызметкері

Кеңес Одағының ыдырауынан кейін егемендігін алған жаңа Қазақстан Республикасы көптеген мәселелерімен бетпе-бет кездесті. Оның біреуі этнос және конфессияаралық татулығының сақталуы болып табылды. Мемлекеттің алдында жүзден аса тұратын этностардың арасындағы қатынастарын тек қана сақтау емес, сонымен бірге сол қатынастарды дамытып, жаңа деңгейге көтеру мақсаты тұрған. Этносаралық қақтығыстар Қазақстан территориясының бөлінуіне әкелетін жағдай ретінде қарастырылады. Сондықтан бұл мәселе ішкі саясаттың саласы ұлттық қауіпсіздікпен іліктес болды. Қазақстан Конституциясының 39 бабының 2-ші тармақшасында: «Ұлтаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады» көрсетілген [1]. Республика бүкіл этностарға қолайлы жағдайды жасау жолына жаңа бағыт алды. Себебі, Елбасының сөзі бойынша этносаралық келісім мемлекеттің дамуымен қауіпсіздігіне елеулі ықпал етеді.

Әрине, Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет ретінде жариялағаннан ғана этносаралық қатынастарының негізгі мәселелері өзімен-өзі шешілмейді. Осы жағдайда жиырма жылдың ішінде мемлекет тұрақтылығын сақтау мен нығайту барысында деректі әрекеттер жүзеге асырылды.

Қазіргі уақытта Қазақстанда 16 441 959 адам тұрады [2].


Олардың ішінен қазақтар мен орыстар көп санды этностар болып табылады. Сол себептен осы екі этностың арасындағы қатынастар мемлекеттің тұрақтылығына маңызды ықпал етеді (1-ші суретті қараңыз). Жиырма жылдың ішінде аталған этностардың арасында ешқандай өзекті шиеленіс болған жоқ. Бірақ 2011 жылы президентке жолданған «138-дің хаты» және оның мазмұны, яғни орыс тілін ресми қолданыстан алып тастау ұсынысы қоғамда қызу реакцияға себеп болды. Орыс тілінің Конституцияда көсетілген құзіретіне қатысты мәселе – оның кей жағдайларда мемлекеттік тілмен қатар қолданылуын шектеуге қатысты осы хатқа тек орыстар мен орыс тілді басқа ұлт өкілдері ғана емес, сонымен қатар кеңес өкіметі мен одан кейінгі кезеңде орыс тілінде білім алған және де орыс тілінің әлемдік өркениетке жеткізетін фактор ретінде қарайтын қазақтар да қарсы шыққандары мәлім. Саяси шешімдер институтының мамандарының айтуы бойынша этносаралық қауыртылығына осы хат негативті ықпал еткен.



1-ші сурет – Қазақстанда тұратын этностар [2]

Еліміздегі орыс, неміс, украиндық, татар және кейбір басқа этнос өкілдерінің саны жылдан жылға азайып бара жатса, келесі бір этностардың саны керісінше, көбейіп келеді.

Осындай жағдайға Қазақстан Республикасы басқа мемлекеттерге қарағанда тұрақты экономикалық даму тенденциясын көрсеткені себеп болды. Қазақстанда жұмыс тауып, үздіксіз ақы алып жатқан өзге елдердің өкілдері Республика аумағында тұрақты түрде қалады (2-ші суретті қараңыз).



2-ші сурет. Саны көбейіп келе жатқан этностар [2]

Осыған байланысты болашақта этносаралық конфликттерінің болу мүмкіндігі жоғары. Мысалы, Өзбекстаннан немесе Тәжікстаннан келген жұмысшылар төмен жалақыға жұмыс істеуі, Қазақстан тұрғындарының жұмыс орынсыз қалуына немесе жұмыс орнының азаюына алып келуі мүмкін. Бұл мәселенің даму қарқыны сыртқы факторларға да байланысты. Орталық Азия елдеріндегі күн санап артып келе жатқан заңсыз еңбек миграциясы бұл жағдайға теріс ықпал етеді. Қазақстанның ішкі жағдайындағы еңбек нарығымен салыстырғанда айтарлықтай арзан жұмыс күшін беретін бұл заңсыз мигранттар республикадағы ішкі әлеуметтік жағдайды күрделендіреді. Осыған қарсы құқық қорғау органдары профилактикалық жұмыстар жүргізіп, заңсыз мигранттарды өз еліне департациялайды.

Этносаралық дауларға жеткізетін маңызды факторлардың біреуі қазақстанның оппозициясының әрекеттері. Мемлекетте оппозиция болғандығы демократиялық және азаматтық қоғамының бар болуын білдіреді. Бірақ, оппозицияның әрекеттері тек қана бір әлеуметтік топтың мүдделерін ғана емес, яғни бүкіл республика халқының мүддесін танытты керек. Қазан айында Алматыда өткен «қазақ тілін қолдауға» арналған митингті тек қазақстанның қоғамының ғана бөлінуіне емес, сонымен бірге қазақ халқының бөлінуіне апаратын оқиға ретінде бағалауға болады. Әрине, мемлекет тілін қолдап, дамыту керек екені өте маңызды, бірақ оппозиция ұсынған «төңкеріс» жолымен емес, яғни бірте-бірте сіңіру жолымен жүзеге асуы тиіс.

Этносаралық келісімді Қазақстанның ішкі саясатының маңызды жетістіктерінің біреуі деп бағалауға болады. Өйткені әр азаматтың ұлтына қарамастан оның дәулеттігінен экономикалық даму, қорғаныс ықтималы тәуелді болады.

Қазақстанда өмір сүріп жатқан этностардың көпшілігі бір жағынан республиканың тарихи және мәдени байлығы ретінде бағаланса, екінші жағынан мемлекеттің тұрақтылығына және дамуына ықпал ететін қауіпті факторы ретінде бағаланады. Әлемдегі басқа мемлекеттерімен салыстырғанда, егеменді Қазақстанда этносаралық толеранттылығы жоғары орында тұр. Елде өзге ұлттарға қарсы ешқандай нақты сыйғызбау әрекеттері болған жоқ. Бірақ қақтығыс болуының қауіпі әрқашанда көкейтесті мәселе ретінде өзекті болады. Сондықтан жиырма жылдың ішінде орындалынған жетістіктерден айырылып қалмау үшін кейбір факторларға мән бөлу қажет.

1. *Әлеуметтік және экономикалық дағдарысты ахуалдарының шешімін табу.* Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, қоғамның әлеуметтік жағдайы қиын болғанда этносаралық конфликттерінің ықтималдығы екі есе көтеріледі. Бұның ішінде шетел корпорациялардың қазақстанның жергілікті жұмысшыларына тән емес құқықты еңбек жағдайларын істеп отырғандары да бар. Мысал ретінде Ақтөбе облысында 2010 жылдың қыркүйек айында Қазақстан мен Қытайдың жұмысшыларының арасындағы болған дау. Немесе 2006 жылдың 20 қазанында орын алған түрік және қазақ жұмысшыларының арасында болған жанжалды алуға болады. Осы оқиғалардың себептері сыртқы факторларға толық тәуелді болды.

2. *Тіл саясатын кезең-кезеңмен жүргізу.* Бұл сұрақ қазақ тілінің басқа этностардың тілдеріне зардабын тигізбей еңгізу мен оның болашақ рөлін қамтиды. Осы мәселенің қиындығында ешқандай күдік жоқ. Қысқаша айтқандай

мемлекеттің алдында қазақ тілін қоғамдық өмірдің салаларына еңгізгенімен бірге басқа этностардың тілдерінің дамуына жол беру мақсаты тұр. Тіл саясаты тек қана этносаралық шиеленістерге ғана емес, сонымен бірге қазақстан азаматтарының өзге мемлекеттердің территорияларына көшуіне ықпал ете алады. Қазақстан халқының саны, оның ішінде экономикалық белсенді құрамының аздығына байланысты, бұндай жағдайға, яғни белгілі-бір ұлт өкілдерінің жаппай көшу үрдісіне жол берілмеуі қажет.

Мемлекеттің тіл саясаты егемендікті алған күннен бастап Қазақстанда тұратын бүкіл ұлттар үшін либералдық жолымен жүргізіліп келе жатыр. Осы жағдайда тек өкімет жағынан ғана емес, сонымен бірге азаматтырдың да жағынан белсенді әрекеттер болу керек, яғни мемлекеттік тілді оқып-үйрену жағынан белсенділік танытуы қажет.

3. *«Қазақстандық ұлт» құрылуының жүзеге асырылуына болысу.* Осы идеяның қарсыластарының пікірлері бойынша «қазақстандық ұлт» қазақ халқының мәдениетінің бірегейлігіне қауіп болып табылады. Бірақ «бір ұлт» идеясын жүзеге асырылуы қазақтың мәдениетінің сақталуына қарсы келмейді. Мемлекетте тұратын әр азамат өзін қазақстандық ұлт ретінде таныса, этносаралық даудың ықтималдылығы кемиді. Сонымен бірге «бір ұлт» идеясы халықтың топтастыру факторы болып табылады.

4. *Қазақстан халқы Ассамблеясының біріктіру рөлін күшейту.* Жылдан жылға Нұрсұлтан Назарбаев ҚХА-ның қоғамдық өміріне қосқан үлесін жоғары бағалайды. Аталған ұйымның жұмысы өз тиімділігін көрсетіп үлгерді. Қоғам өміріндегі көптеген мәселелер Парламентке жетіп, ол жерден өз шешімін жылдам және тиімді түрде тауып отырады. Бұл жағдайда Ассамблеяның билікпен жақын қатынастарда болуы, яғни Мәжілістегі ҚХА өкілдерінің орын алуы ықтимал ұлтаралық қақтығыстарды болдырмау мен жылдам шешуіне айтарлықтай ықпал етеді.

Осыған қатысты еліміздегі этносаралық жағдайға қатысты бірнеше пікірді келтіруге болады:

Біріккен Ұлттар Ұйымының тәуелсіз сарапшысы Гей Макдугалдың пікірін келтіретін болсақ, ол Қазақстанның Үкіметінің және көп ұлтты халықтың этносаралық толеранттылық жайында істелініп жатқан жұмысына жоғары баға береді [3].

Саяси шешімдер институтының сарапшыларының айтуы бойынша Қазақстанның этносаралық жағдайы қауырт жағдайға келді [4].

Өкіметтің өкілдері Қазақстанда ешқандай этносаралық қайшылық жоқ деп мәлімдейді.

Қазіргі жаһандану дәуірінде этносаралық қатынастар Қазақстан қоғамының өзекті, әрі кінәмшіл мәселелердің біреуі болып отырғаны мәлім. Осы саладағы орын алуы мүмкін кез-келген оқиға қоғамдық өміріне әсерін тигізе алады, және болмашы қайшылықтар үлкен қақтығысқа айналып кетуі мүмкін. Осының алдын алу мақсатында ҚР Үкіметі әр этностың құқықтарын, тілдерін, салт дәстүрлерін қорғауды белсенді жүргізіп, түрлі этностардың дамуын қолдау үшін маңызды құқықтық негіз, арнайы мекеме (Қазақстан халқының ассамблеясы) ұйымдастырылуда және қолайлы жағдайлар жасалынып жатыр.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы // <http://www.constcouncil.kz/> (20.11.11)
2. Қазақстан Республикасы халқының 2011 жыл басына нақтыланған саны туралы // Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі // <http://www.kazstat.kz/> (18.11.11)
3. Доклад Независимого эксперта по вопросам меньшинств. Добавление. Миссия в Казахстан. 2010. A/HRC/13/23/Add.1 — пкт. 15, 39 // Генеральная Ассамблея ООН. Астана. 2010. — 30 с.
4. В Казахстане отмечается возросший уровень межэтнической напряженности // <http://www.quorum.kz/> (20.11.11)

Қазақтардың үйлену дәстүрінің ерекшеліктері

(«алып қашу» немесе
«қашып кету» мысалында)

Аманжол ҚАЛЫШ,
өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Археология,
этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі,
тарих ғылымдарының докторы, профессор

Бәрімізге белгілі, қазіргі таңда отбасы құрылуының негізгі шарттарына бірін-бірі ұнату, жалпы білімділік, рухани қызығушылықтың ортақтығы, өмірлік көзқарастардың сәйкес келуі, ата-анасының, туыстарының және дос-жарандарының қарым-қатынастарын үлгі тұта отырып, өнегелі әрі бақытты отбасын құруға деген талпынысын, балалы болу, оларды тәрбиелеу және т.б. жатқызамыз.

Қазақстанда, қазақтармен көршілес (Ресей Федерациясында, Орта Азия республикаларында, Қытай, Моңғолия, Ауғанстан, Иран және Түркия) елдерінде де үйлену мәселесі үш түрлі жолмен іске асырылуда:

- ата-ананың қызды «ұзату тойы», күйеу жігіттің «келін түсіру тойын» жасап әдет-ғұрып бойынша ресми түрде құда түсуі арқылы;
- қыздың күйеуге «қашып кетуі» немесе оны «алып қашу» арқылы;
- еуропа елдеріндегідей, көбінесе қалалы жерлерде кездесетін азаматтық неке арқылы;

Үйленудің алғашқы түрі арнайы әдебиеттерде кеңінен жазылған [1–4].

Бұл мақалада біз қылмыстық сипаты бар күштеп алып қашу жағдайларын қарастырмаймыз. Өйткені олар бойынша, шет ел авторларының еңбектерінде көрініс тапқанына қарамастан, жекелеген оқиғаларды есептемегенде нақты статистикалық мәліметтер жоқтың қасы [5–6].

Қазіргі таңда «алып қашу» мазмұны ежелгі салттан өзгеше, яғни қыздың өз еркімен қашып кетуі басым болып отыр. Бұған дәлел, 1998 жылы біздің Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан қаласында этноәлеуметтік зерттеулеріміз бойынша жүргізген сауалнама, яғни сұрақ қойған 585 қазақ ер-азаматтарының 72,6% қалыңдықтарын алып қашқанын айтқан, осы ауданның 458 ауыл тұрғынының 76,9% дәл осылай жауап берген. Сауалнама нәтижесінде 324 қалалық және 577 ауыл өзбектерінен де 24,1–17,7% осындай жауап алдық.

Некелесудің бұндай жолы Қазақстанның басқа өлкелерінде де, сонымен қатар, Орта Азия, Кавказ, Алтай және Сібір елдерінде де кездеседі [7, 48–49; 8, 58; 9, 266–168; 10, 25, 53; 11, 90–91]. Үйленудің осы түрін таңдаған екі жақ та әдеттегісінше ежелден келе жатқан жөн-жоралғысы мен той думаны жасалатын ресми түрдегі құда түсу салт-дәстүрін міндетті түрде орындайды. Келінді

түсіргеннен кейінгі тойға дайындық пен той-думан екі-үш күн, апталап, тіпті жарты жылға дейін созылады, қалыңдық жақ көбіне той жасамай-ақ, жасауын беріп қана тоқталады. Жүргізілген зерттеу нәтижесі қала қазақтарының той өткізу мерзімін белгілеуде 51,0% бір айды, 31,5% – 1–2 айды, 12,3% 3–4 айды, 1,7% 5–6 айды көрсетті. Ауыл қазақтарының жауаптары келесі мәліметтерді көрсетеді: 58, 8–2–7,3–2,7%. Сауалнама жүргізгендердің ортасында бұл көрсеткіш бойынша елу жастан асқандардан гөрі, жастар мен орта жастағылардың арасында көптігін көре аламыз.

Біздің ойымызша «алып қашып» үйленудің себептері мынада:

1) жігіт жағынан ғана емес, қыз жағынан да материалдық қиыншылықтардың болуы, көбінесе көп балалы отбасынан шығуы, кейде бұндай отбасыларда да тұңғыш және кенже қыздарының ұзату тойын жасап берулері де кездеседі;

2) ресми құдалыққа күйеу жігіт жағының қарсы болуынан, әдетте үйленудегі жөн-жоралғыларға байланысты;

3) қыздың ата-анасының үйленетін жігітке, оның ата-анасына, туыстарына қарсы болуынан;

3) бұл мәселе бойынша жастардың рөлдерінің басым болуынан;

4) сирек кездесетіні жігіт жақтан әке-шешесінің біреуінің, тіпті екеуінің де жоқтығына байланысты, үй шаруашылығына әйел адамның қажеттілігінен.

Біздің жүргізген сауалнамамыз бойынша осы факторлардың бірінші және үшінші себептері, яғни сұрақ қойған қалалық қазақтардың 38,4–16,1% және ауыл қазақтарының 48,6–15,1% растады.

Сонымен қатар, қалыңдықты зорлықпен алып қашуды да жоққа шығармаған жөн. Бұл «дәстүр» кейде қыздың келісімінсіз-ақ, яғни ата-анасының немесе жақын туыстарының рұқсатымен де іске асырылады. Әрине бұл жағдайдың қыздың ата-анасына өте ауыр тиетінін де айта кеткен жөн. Бұл қазақтардың көп шоғырланған аймақтарында, әсіресе Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Жамбыл, Ақтөбе, Атырау және Маңғыстау облыстарында кездеседі. Келтірілген мысалдар қазақтармен тікелей байланыстағы басқа да түркі тілдес этностарда (өзбек, ұйғыр, түрік, әзірбайжан) және ислам дінін ұстанатын (күрд, шешен, дүнген) халықтарында кездестіруге болады.

Әдетте, қызды алып қашқанда ата-анасы оның шешімімен келісіп не біліп отырады, тіпті олар білмеген сыңай танытып, жаңа отаудың құрылуына да негіз болады. Қызды өз туған үйінен алып кетуі өте сирек. Көбінесе жақын туыстарының, ағаларының бірінің үйінен, жеңгелерінің араласуымен іске асырылады. Осыған байланысты тойда немесе тойдан кейін жеңгесіне құн төлейді.

Қалыңдықты үйге түсірген соң, жақындары, тума-туыстары, көрші-қолан ауылдастары жігіттің үйіне тілектерін білдіріп, құттықтап келеді. Келін беташары жасалғанға дейін жас мөлшері әртүрлі әйелдер мен балалардың көруіне ғана рұқсат етіледі. Ер адамдарға келіннің бөлмесіне кіруіне болмайды, тіл-көзден сақтау үшін, келіннің басына үлкен ақ орамал немесе ақ торғын жауып, арнайы құрылған шымылдықтың артына отырғызады. Бұл салт-дәстүрлермен қоса жігіттің үйінде барлық түркі-моңғол халықтарына тән отқа табыну «отқа май құю» рәсімі жасалады [12, 103, 134, 152; 13, 166; 14, 132; 15, 164, 173].

Осындай қуанышты мерекеде бір мал сойылып, жиналған қауымның батасын алуға дастарқан жайылады. Әдетте, үйленудің бұл түрінде мынадай салт-дәстүрлік рәсімдер жасалады:

Алдынан өту, айып төлеу. Бұл дәстүр тек соғыс жылдарынан кейін ғана бастау алды. Төңкеріске дейін, қызды зорлықпен алып қашу тек сот төрелігімен, билердің кесілген айыппұлмен шешілген. Барлық туыстары белгіленген мал санын немесе құн төлеген [2, 162–163]. Егер қызды салт-дәстүр бойынша, ресми түрде құда түсіп алса, онда айып пұл төленбей, тек «үкі тағып» немесе «сырға салған».

Қалыңдықты осы «әдеттен тыс» жолмен түсіргеннен кейін, келесі күні немесе белгілі бір уақыттан кейін күйеу жігіт жақтан үш адам сый-сыяпатымен құдалық туралы сөйлесуге аттандырылады. Құдалыққа беделді, зор ілтипақа ие, салт-дәстүрді бүге-шегесіне дейін білетін адамдар ғана барады. Себебі, бұлардың осы келуінен алдағы тойға қалыңдық жақтың күйеу жігіт жаққа «қосымша» шығын болдырмау жағдайы да талқыланады. Екі жастың болашағына жол ашар тойдың алғашқы бастауына ән салып, көңіл көтеретін, күтіп алушылардың алдында күлкіге қалмау үшін артық «масайтатын» ішімдіктер ішпейтін арнайы кісілер барады.

Негізі, көбіне қыздың ата-анасы құдалардың келуінің себебін біліп отырады, оларды алдын ала жақындары, көршілері немесе хабаршы жіберу арқылы хабардар етіп қояды. Бұндай жауапты істе құдалардың келуіне даяр отырған болса, онда келісімдерін береді, ал егер керісінше болса, онда келушілердің асыққандарын айтады. Кейде, қызды аяқ асты, ескертусіз алып қашқанда жақын адамдары арқылы, оның зорлықпен алып қашпағанын немесе хат арқылы келісімін білуге тырысады [16].

Құдалардың келу себебі: қызды алып қашқандары үшін «кешірім сұрау», екі жақты өзара бітімгершілікке шақыру, жақын таныстыру, күйеу жігіттің үйіне шақыру, құдалық рәсімінің уақыттын белгілеу, тағы басқа да ұйымдастырушылық мәселелерді шешу.

Сол себепті олар, құнын төлеу үшін өздерімен бірге ақшалай сый-құрметтерін, мал, егер қалыңдықтың үйі алыста болса ақшалай алып барады. Негізінен «өлі-тірі» (құдайы мал) «өлі риза болмай тірі байымайды» деген мағынада сол үйдің ата-бабаларының аруақтарына арналады. Үй иелері бұл малды ертеңіне сойып, өздеріне қалдырмай жақындарына, көрші-қоландарына таратып, сүйегін жерге көмеді. Ал, екінші мал арнайы қыздың ата-анасының оты мен ошағына арналғандықтан «отқа құяр» деп аталады. Қазіргі таңда бұл дәстүр көбіне сақталмағандықтан біртіндеп жоғалып келеді. Н.П. Лобачеваның «магиялық іс әрекеттің барлық негізгі объектісі некеге байланысты» деуі рас [17, 314]. Құдалардың осы келуі қыздың ата-анасының, жақын туыстарының, таныстарының қатысуымен той-дастарқанымен жалғасады.

Есік-төр көрсету. Кешірім сұрап, алдынан өтуге келген құдалар салт-дәстүр бойынша келіннің ата-анасын, жақын-туыстарын жақынырақ танысуға шақыра келеді. Келін жақтан келген қонақтарды мейлінше құрметпен қарсы алады. Алдын ала олардан бата алып, құрбан мал сойылады. Үйдің төргі бөлмесіне барлық жөн-жоралғысымен кеңінен дастарқан жайылады. Бұл думанға күйеу жігіттің ата-анасының туыстарымен бірге, ескі құдалары да міндетті түрде қатысады. Құдалардың қайтар кездерінде оларға киім-кешектен тұратын сый-құрмет саналатын киттерін: пальто, костюм, көйлектік маталар кигізеді, сонымен қатар той малын және ақша береді.

Келін жақтан жасалатын жасауды дайындығына байланысты, тойға немесе тойдан кейін алып келеді. Бұл бірнеше айда немесе жарты жылда, тіпті одан

да көп уақытта жасалады. Келіннің жасауы материалдық қаржы мәселесіне байланысты жақын туыстарының көмегімен дайындалады. Жасауға: жиһаз, тұрмыстық техникалық заттар, кілемдер, төсек орындары, және т.б. заттар, бір сөзбен айтқанда, бір үйге керекті немесе жас отауға қажетті заттардың біразы кіреді. Бұл жасау дүниелері жас жұбайларға арналған бөлмеге қойылады, кейін басқа үй немесе пәтерге көшкенде өздерімен бірге алып кетеді. Жасаудың әрбір бұйымын шешіп, көрсетуші әйелге арнап жыртысты мата, орамалдар байланады, киімдерінің қалталарына «қалта ұстар», сандық пен чемодан түптерінде «сандық түбі» ырымы бойынша ұлттық нақыштағы білезіктер мен жүзіктер салынады.

Егер осы шақырыс қабылданған болса, күйеу жігіт жақтағы құдалықты жасамайды, себебі қажетті мәселелердің барлығы алдын ала шешіліп қойылады. Республикамыздың кейбір аймақтарында қыз жақты, құдалықтан кейін, тіпті үйлену тойынан кейін шақырады.

Құдалық. Құдалыққа баратынның алдында, күйеу жақ әдетте туыс туғандарын жинап, алдын ала құдалыққа баратын адамдарды, күнін белгілеу үшін «қоржын той» немесе «мәслихат шәйі» деп аталатын кіші-гірім дастарқан ұйымдастырады. Әдетте, құдалыққа барушылардың саны 15–20 адамнан аспайды. Егер туған-туыстары көп болатын болса, үш отбасынан бір өкілді сайлайды. Бас құда болып күйеу жігіттің әкесі, мағынасы бойынша би құда ретінде осы рәсімдердің жөн-жоралғысын білетін сол әулеттің беделді адамы барады. Бұл ұзақ күткен құдалыққа әбден таразылап, ыждаһатты дайындықпен барады. Дәстүрлі құдалық рәсіміне алғыр, шешен, өнерлі адамдар барады және олар алдын ала дайындалып, өз ережелерін білуі қажет. Олар өздерімен бірге жас жұбайларды да ала барады.

«Қоржын тойға» шақырылған қонақтар, туыстық жақындықтарына қарай, келін жаққа сый-сыяпаттары мен бірге ақшалай сыйларын да ала келеді. Осы туған-туыстарының көмегімен, келіннің жағына арнайы белгіленген ақша немесе сый-сыяпаты бар арнайы чемодан, қоржын дайындап әкеледі. Алматы облысының Еңбекшіқазақ және Райымбек аудандарында екі қоржын дайындалады:

– «күйеу қоржынның» бір басында шашу (түрлі тәтті дәмдер) салынса, екінші басында әйелдерге арналған кесінді маталар, жыртыстар салынады. Соңғысын қазақтардың, басқа да туысқан түркі халықтарының ойынша бұл жыртыстың иесіне, сақтаған адамға магиялық әдеп бойынша бақыт алып келетін қастерлі зат деп ұғынады;

– «құда қоржын» ішінде кийтке костюм, мата кесіндісі, жейде, қоржынды шешушілерге кіші-гірім сыйлықтар (білезік, жүзік, сақина) т.б. болады. Х.А. Арғынбаев: күйеу қоржын туралы «ұрын бару» салты өмір қажеттілігінен шығып, ол атымен жойылды да, оның орнына «қоржын апару» әдеті қалыптасқанын айтады [18, 73].

Құдалардың алғашқы кездесулері де ырымсыз болмайды. Құдалардың келу қарсаңында көршілері үйдің қақпасына арқан керіп, ақшасын бермейінше бері қарай кіргізбейді. «Қамшы байлар» кәдесін де жасайды. Ежелде күйеу жігіт атқа мініп, қамшысына, әйелдерге арнап үш орамал байлап келетін болған. Қазіргі кезде орамал машинаның айнасына байланады, кім бірінші болып үлгерсе соған бұйырады. Күйеу жігіттің қалыңдықтың үйіне кіргенде жасайтын «отқа май

күюу» дәстүрі сирек кездеседі. Екі жеңгесі, күйеу жігіттің екі жағынан ұстап отқа май күюіне көмектеседі. Оларға ошақ басында күйеу жігіт ақшалай сый береді.

Келген қонақтарға барлық құрмет көрсетіліп, үй іші мүшелерімен, жақын туыстарымен таныстырады. Жайылған дастарқан басына екі жақ та келген қонақтар мен қабылдаушылар, өздерінің жақындықтарына, жас ерекшеліктеріне, әлеуметтік дәрежесіне қарай отырғызылады.

Бұған дейін бас құдадан сойылған малдың басына бата сұрайды. Келген қонақтарға түрлі дайындалған ас мәзірінен суық, ыстық тағамдардан дәм тартқызып, шәй беріледі. Осы отырыста күйеу жігіттің ата-анасының тойға дайындық мәселелері, келін жақтан тойға шақырылатын қонақтар және тағы басқада ұйымдастырушылық мәселелері шешіледі. Және жастардың алдағы тіршілігі, олардың келешекте тұратын отаулары, жұмысқа тұрулары, егер жоғарғы оқу орнын бітірмесе онда сол оқу орнын аяқтауы жайлы мәселелер де сөз болады.

Қазақтарда шәй ішіліп болғаннан кейін, құдалар үй иелеріне қалыңдықтың қалыңмал төлемін теңгелей беру беру қалыптасқан. Қалыңмал құны шамамен ондаған мыңнан жүздеген мыңға дейін жетуі мүмкін. Қалыңмал құнына Қазақстанның солтүстік, шығыс, орталық бөліктерінде соншалықты көп көңіл бөлінбей жатса, оңтүстігі мен батысында қалыңмал құны жоғары, тіпті кеңес дәуірі кезінде де, осы аймақтарда «қалың мал» дәстүрлердің бастысы болған. Бұған қосымша, келін жаққа, арнайы дайындалып алынған қымбат сырт киімдер ішінде костюм, мата кесінділері «кийт» кигізіліп, ал анасы мен әпкелеріне алтыннан әшекейлер ұсынылады. Осы рәсімдер кезінде немесе «құда тойдан» кейін қонақтар алдында «қоржынды» ашады. Қоржын ішіндегі сый-сыяпаттар арнайы аталып үлестіріледі. Ішіндегі мата кесінділері «жыртыстар», ұлттық үлгідегі зауыттық күміс пен мельхиордан жасалған жүзік, сақина мен білезіктер сол жердегі әйелдерге таратылады. Бұның өзіндік ерекшелігі – көркем-эстетикалық тұрғыда ғана қана емес, сонымен қатар танымдық, коммуникативтік этнобелгілік, магиялық-діни және басқа да қызметтерді атқаруы [19, 26]. Үй иелері осындай қуанышты сәттерді барлық жиналғандармен бөлісе отырып, оларда осындай қуаныштарға жете берсін деген ниеті.

Кей жағдайларда, қыз жақтан күйеу жігіттің үйіне, қоржынның құны ретінде, мүмкіндігінше, өздерінің немесе құдалары әкелген малды береді. Күйеу жақтың туған-туыстары да жақындықтарына қарай өз үлес сыйларын сырт киім, костюм, мата кесінділері, жейде т.б. алады. Бұл жауап сыйлықтарын әдетте сол күні немесе құдалардың қайтатын күні береді.

Бұдан кейін ет келгенше салт бойынша құдаларға тәрелкеге рет-ретімен, кезектеп, турап салынған құрметті тағам «құйрық бауыр» кәдесін ұсынады. Бұл дәстүр Н.Ж. Шаханованың пікірінше жоғары-төмен етіп, бір-біріне қармақарсы салынған ер мен әйелдің басталуы ретінде түсіндіріледі [20, 94]. Құйрық-бауырдың ұсынылуы екі жақтың бір-біріне енді туыспыз деген мағынада қыздың ата-анасының бұл некеге берген келісімі, егер қарсылық болғанда, бұл кәде жасалынбайды. Осы кәдеде құдаларды сынау, яғни «асату» жасалынады, құдалар ұсынылған құйрық-бауырды жеп, тауысулары керек. Кейде жақын туыстары да көмектеседі. Егер ыдыста құйрық-бауырдан қалатын болса, онда сол қалдықтарын құдалардың бастарына төгеді. Отырғандар сол ыдысқа немесе ар-

найы табакқа сол астың құнын төлейді. Егер әйелдер ыдыста ақша аз деп есептесе, онда табакты екінші қайтара жібереді немесе тіпті құдалардың аяғынан тартып «құда тартыс» кәдесін жасайды. Сондықтан, олармен байланыспаулары үшін құдалар белгіленген ақшаны беруге тырысады, ол ақша сол жерде қызмет істеп жүрген әйелдерге таратылып беріледі. Н.П. Лобачева «құда тартыс» салтын ежелгі отбасылық-неке, туыстық қатынастарда болатын ғұрыптық ойындармен байланыстырады [17, 314].

Ал енді күйеу жігітке, дәстүрлі ас – «төстік» (қойдың төсі) тартылады. Қазақтардың көзқарасы бойынша төс екі жақтың енді туыспыз деген мағынасын білдіреді, себебі ежелден қазақтардың әдетінде бір-біріне төс қағыстырып амандасатын болған. Күйеу жігіт төсті ешкімді ренжітпей жан-жағындағыларға бөліп беруі керек. Мысалы, төс сүйектің майынан «жеңге жолы» ретінде жеңгесіне, жартысын қасындағы жолдастарына, ал қалғанын өзі тауысып жеуі керек. Соңында жеңгелеріне сол төстің құнын береді.

Содан кейін, салт бойынша бірнеше табакпен қамыр салынған еттің үстіне тұздық құйылып, сорпасымен құрметті ас «ет» тартылады. Бұл ұлттық тағамда мал етінің әр бөлігі өз кәделерімен сыйлы қонақтарға беріледі. «Қазақша ет» мал етінің мүшелерін бірнеше кәдеге бөлініп ұсынады: бас табак, құрмет табак, орта және кіші табактар. Алғашқы екі түрінде қонақтарға қойдың басы және жамбасы, екіншіге – асықты жілік, ортан жілік, жамбас, үшіншісіне қалған мүшелері салынады.

Әдетте, қойдың басын бас құдаға тартады. Қазақтарда құрметтеп басты ұсынуы, ұлттық дәстүр бойынша барлығы бастан басталады деген ойдан туған. Қонақ бастың мүшелерін мағынасына қарай бөліп немесе қасында отырғандарға береді (бас қыдырту).

Еттің қалған мүшелерін жіліктеп, отырғандардың деңгейі, дәрежесіне қарай береді. Бұл кәде Қазақстанның барлық аймақтарында бірдей, ортақ [21, 30–44.]. Еттің бұлай мүшеленіп бөлінуі ежелгі көшпелі халықтарда да болған [22, 40–149; 23, 82–89; 24, 55; 25, 197; 26, 92].

Әдетте, құдаларды қыздың ата-анасының немесе туыстарының бірінің үйінде қондырады. Келесі күні құдаларды құрметпен «құда аттандыру» дәстүрімен аттандырады. Алдағы той жігіттің үйінде болатындықтан, осы жолы алдын ала сол тойға шақырылады.

Қалыңдық жасауы ата-анасының материалдық жағдайына байланысты сол уақытта болмаса дайын болғандығына қарай бірнеше уақыттап кейін беріледі. Жасауға міндетті түрде бір бөлменің жабдығы: жиһаз, тұрмыстық техникалар, кілемдер, төсек-орын заттары, ыдыс және т.б. кіреді.

Тойға дайындық. Күйеу жақ құдалықтан келісімен жақын, туыстарын жинап, дастархан жайып құдалықта болған жәйттармен таныстырып, алдағы тойдың мерзімін, өткізетін орнын, шақырылатын қонақтардың келетіндерін, алыстан келетін қонақтардың орналасуын, шығатын шығысы және тағы басқа да мәселелерді анықтап шешу үшін (кенес той) өткізеді. Бұндай жиындар мен өзара туыстық көмектер қазақтарға тән нәрсе, тек тойларда ғана емес басқа да отбасылық жиындарда, жерлеу, ас беру бір ғана отбасыға ауыр тиетін болғандықтан, кейде шамалары келмейтін боғандықтан жиналып бірге өткізеді.

Некені тіркеу. Некелестіру АХАЖ мекемесінде өткізілетін жалпы азаматтық неке және мешіттерде неке қию рәсімдері арқылы жасалады. Соңғы онжылдықта

республикамыздың әр аймағында ислам дінін ұстанушы шығыс этностары сияқты некелерін ауылдық, аудандық, қалалық мешіттерде қидырады. Неке қию рәсімін имам немесе оның көмекшісі жүргізеді, неке қиылғаннан кейін жалпы исламдық салт бойынша неке қиылғандығы туралы куәліктің берілуімен рәсімделеді [27, 41; 28, 56–58].

АХАЖ мекемелерінде өткізілетін некені тіркеу салтанаты, республикамыздағы және жақын шетелдегі халықтарымен бір сипатта ие, тек өткізу мерзімімен ғана ерекшеленеді: той алды, той күні және тойдан кейін.

Бұның негізгі мазмұнына мыналар жатады:

а) салтанатты Мәдениет үйінде, клубта немесе басқа арнайы орындарда өткізу;

ә) күйеу жігіт пен қалыңдық жақтан жақын туыстарының, жора-жолдастарымен қоса куәгерлердің болуы;

б) некеге отыратын жас жұбайлардың келісімі;

в) неке жүзіктерімен алмасуы;

г) жас жұбайларға неке куәлігін тапсырылуы;

ғ) естелікке сурет және видеоға түсу;

д) рәсімге қатысушылардың күйеу жігіт пен қалыңдықты құттықтаулары.

Үйлену тойы. Той жұма, сенбі не жексенбі күндері, әдеттегідей кешке үйдің жанында құрылған үлкен бастырманың астында немесе дәмхана, мейрамханаларда өткізіледі. Бірінші нұсқасы тек ауа-райының жылы уақытында, оған қоса, ауылды жерлерде арнайы өткізілетін орынның болмауына байланысты. Тойды өткізу үшін арнайы 150–200 адамға есептелген, әскери брезент шатыры мен бірнеше он метрлік ақ немесе көк шатырлар пайданылады. Құрылған палатканың ішіне қонақтарға және жас жұбайлар мен куәгерлерге арналған бөлек үстелдер мен орындықтар қойылады. Қабырғаларына фабрикалық және қолөнер кілемдерін іліп, түрлі-түсті шарлармен әсемдейді, жас жұбайлардың есімдер мен оларға арналған тілектермен безендіріледі, сонымен қоса электр сымдары жүргізіледі.

Егер той кафе не мейрамханада өткізілсе онда қалалық той үлгісінде өтеді.

Өткен онжылдықпен салыстырғанда қазір тойды жас мөлшерлеріне қарамастан, бірге ортақ той өткізгенді жөн көреді. Бір бөлігінде құрметті әрі қарт кісілермен бірге келін жақтан шақырылған құдалар отырса, басқа бөлігінде орта және жас буын, туысқандары, жора-жолдастары, жұмыстастары не бірге оқитын дос-жарандары, көршілер және араласатын басқа ұлт өкілдері жайғасады.

Барлық тойларда дерлік ежелгі салт-дәстүрлер мен қазіргі заманға сай элементтердің өзара байланысын көруге болады.

Әдеп-ғұрыптарды ұстану мына жағдайларда байқалады:

– арнайы той өлеңі жар-жардың сақталуы;

– ұрпақты болуды, бақыттылықты білдіретін, сонымен бірге тазалық, молшылық, береке символын негіздейтін жас жұбайлардың үстіне шашылатын түрлі тәттілер мен тиындарды шашу;

– келіннің жүріс-тұрысына бағытталып айтылатын, яғни жақсы қасиеттерді ұстануына арналған жыршының нақыл сөздері, және келінді күйеу жақтың барлық құрметті қонақтарымен, ата-анасымен ізет көрсету арқылы таныстыруда тәжім жасау;

– міндетті дәстүрлердің бірі бетпердемен жабылып тұрған келіннің жүзін ашу – «бет ашар», Орталық Азия мен Кавказ халықтарына да белгілі ғұрып;

- ақсақалдың жас жұбайларға бата беруі;
- тойдың соңын қарай «тойбастар» әні айтылады, әдетте әннен кейін ормалмен бетін жапқан тойбастар табағындағы сыйдан, тәттілерді, кішігірім сыйлықтарды, ішімдік сусындарын және т.б. барлық жиналған қонақтарға үлестіреді.

Жаңа үдеріс жас жұбайлардың киімдерінен, дастарқан мәзірінен, арнайы музыкалық сүйемелдеумен шақырылған кәсіби асабадан, түрлі сыйлықтар ұтып алатын ойын-сауықтардан, көңіл көтеретін ән мен билерде және қалыңдық пен күйеу жігітке арналған сыйлықтардан, фото-бейне түсірілімдерден, шақырылған қонақтар арасында басқа ұлт өкілдерінің де болуынан байқалады.

Тойдан кейінгі кезең. Өткен уақыттағыдай бұл кезеңнің де негізгі міндетіне өз туыстары мен келін тарапынан келген жаңа құдаларға дәрежелеріне қарай сый-сыяпаттарын беріп шығарып салу, «құда аттандыру» жатады.

Жұбайының туған-туыстарына келінің ептілігін және сыйлы қызметін көрсететін келіннің қолынан шай ішу, яғни «келін шәй» дәстүрі өте жақсы сақталған. Міне, осы кезде қонақтар алдында, әйелдер тарапынан егер жеткізіліп үлгерген болса, келіннің жасауын ашып көрсетеді.

Ауылдық жерлерде де, қалада да жас жұбайларды жақын танысу, араласу мақсатында күйеу жігіттің туыстары кезекпен-кезек үйлеріне шақыру, «сый көрсету» рәсімі әлі күнге дейін баршылық. Осыған ұқсас рәсімді, келіннің туған-туысқандары да олармен жақын жерде тұруларына байланысты жүзеге асырады. Әрине, егер олар бір елді мекенде немесе қалада тұратын болса, онда бұл қарым-қатынас тұрақты болып, ал басқа облыста не республикада болса, онда сирек, тіпті бірінші сәби дүниеге келгеннен соң ғана шақырылады.

Осылайша республикамыздың көптеген аймақтары мен облыстарында ел арасынан жинаған материалдар бойынша, жүргізілген этносоциологиялық зерттеулерден қазақ халқының дәстүрінде ежелден келе жатқан некелесу түрінің әлі күнге дейін жалғасын тауып келе жатқанын көреміз. Некелесудің бұл түрінде ежелгі салт-дәстүр, ұстанымдармен қатар қазіргі заманғы жаңа үдерістер де бірге сақталып, өзара байланысып келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Кисляков Н.А. Очерки по истории семьи и брака у народов Средней Азии и Казахстана. – Л.: Наука, 1982. – 168 с.
2. Аргынбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке (тарихи-этнографиялық шолу). – Алматы: Ғылым, 1973. – 328 б.
3. Аргынбаев Х.А. О некоторых пережиточных формах брака у казахов. Семья и семейные обряды у народов Средней Азии и Казахстана. – М., 1978. – С. 94–105.
4. Лобачева К.П. К истории сложения института свадебной обрядности (на примере комплексов свадебных обычаев и обрядов народов Средней Азии и Казахстана) // Семья и семейные обряды у народов Средней Азии и Казахстана. – С. 144–175.
5. Ларина Е.И., Наумова О.Б. «Кража – это вечный наш обычай»: умыкание невесты у российских казахов // Этнографическое обозрение. – 2010. – №5. – С. 3–20.

6. Kleinbah R., Ablezova M., Alieva M. Kidnapping for marriage (ala kachuu) in a Kyrgyz village // Central Asian Survey. – 2005. – Vol. 8. – №2.
7. Калилов К. Новые обряды и традиции у киргизов. – Фрунзе: Илим, 1983. – 85 с.
8. Нурмухамедова И.М. Традиционное и новое в брачных отношениях каракалпак // Вестник Каракалпакского филиала АН УзССР. – 1984. – №3. – С. 56–63.
9. Смирнова Я.С. К типологии обычаев умыкания (по материалам народов Северного и Западного Кавказа) // Проблемы типологии в этнографии. – М., 1979. – С. 265–269.
10. Шатинова Н.И. Семья у алтайцев. – Горно-Алтайск: Алтайское книж. изд-во, 1981. – 184 с.
11. Томилов Н.А. Очерки этнографии тюркского населения Томского Приобья. (Этническая история, быт и духовная культура). – Томск: Томский университет, 1983. – 216 с.
12. Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі және бүгіні. Мақалалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 2001. – 428 б.
13. Новое и традиционное в быту туркменской сельской семьи (на примере населения Южного Туркменистана). – Ашхабад: Ылым, 1989. – 236 с.
14. Галданова Г.Р. Структура традиционной бурятской свадьбы // Традиционная культура народов Центральной Азии. Материалы и исследования. – Новосибирск, 1986. – С. 131–139.
15. Очирова Г.Н. Свадебный обряд сартуков Монголии и Бурятии // Традиционная культура народов Центральной Азии. Материалы и исследования. – Новосибирск, 1986. – С. 159–176.
16. Автордың ел арасынан жинаған материалдары, Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан, Сайрам, Отырар аудандары, 1998–2000 жж.
17. Лобачева Н.П. Различные обрядовые комплексы в свадебном церемониале народов Средней Азии и Казахстана // Домусульманские верования и обряды в Средней Азии. – М., 1975. – С. 298–333.
18. Аргынбаев Х.А. Свадьба и свадебные обряды у казахов в прошлом и настоящем // Сов. этнография. – 1974. – №6. – С. 69–77.
19. Тохтабаева Ш.Ж. Шедевры Великой степи. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 240 с.
20. Шаханова Н.Ж. Мир традиционной культуры казахов (этнографические очерки). – Алматы: Қазақстан, 1998. – 184 с.
21. Қатран Д. Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті (тарихи-этнологиялық зерттеу). – Алматы, 2002. – 208 б.
22. Абрамзон С.М. Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи. – Л.: Наука, 1971. – 403 с.
23. Бердыев М.С. Традиционная система питания туркмен. – Ашгабат: Ылым, 1992. – 148 с.
24. Потапов Л.П. Пища алтайцев (этнографический очерк) // Сборник Музея антропологии и этнографии. – Т. XIV. – 1953. – С. 37–71.
25. Эрдниев У.Э. Калмыки: Историко-этнографические очерки. 2-е изд. – Элиста: Калм. кн. изд-во, 1980. – 286 с.
26. Майдар Д., Турчин П. Разноликая Монголия: Этнографические очерки. – М.: Мысль, 1984. – 112 с.
27. Мустафина Р.М. Представления, культы, верования у казахов (в контексте бытового ислама в Южном Казахстане в конце XIX–XX вв.). – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1992. – 176 с.
28. Галимова А.К. Свадебный обряд «неке қию» // История, археология и этнография Павлодарского Прииртышья. – Павлодар, 1999. – С. 56–58.

Көшпелілердің саяси ұйымы және жоғары билік түсінігі

Эльмира ТЕЛЕУОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты

Казақ қоғамын көшпелі қоғам моделі тұрғысынан қарағанда сыртқы сипаты қарапайым социумды құрағанымен, ішкі жағынан көлбеу иерархиялық билікті, пирамида тәрізді әлеуметтік қатарларды құрайтын күрделі қоғам ретінде қарастырған жөн.

Орталық Азияның далалық аймағының тарихы номадтық пасторализммен тікелей байланысты. Дала ресурсын тиімді пайдалануда экономикалық арнайы жүйе қалыптастыра білген көшпелілер қоғамы сыртқы бақылаушыларға примитивті болып көрінуі қалыпты жағдай. Оның басты себебі отырықшыларға көшпелілер тұрмысы түсініксіз болды, бұл жағдай олар туралы мағлұматтардың жаңсақ және дұрыс түсіндірілмеуіне әкелді. Көшпелілер тарихы – қозғалыс мезгілі мен мал шаруашылығын жүргізуді және экономикалық шектеулер мен саяси ұйымын заңдылық ретінде қабылдай білуімен тығыз байланысты. Көшпелілер империясының саяси құрылымында жоғары билеушінің ішкі дәстүрлі саяси ұйымды сақтау арқылы билігі жүзеге асты. Ішкі дәстүрлі билік тайпалық ұйымның саяси ықпалына тәуелді болды. Көп жағдайда зерттеушілер көшпелілердің жаңа империясы құрылғанда тайпалық билік жүйесі жойылып, оның орнына экономикалық мүддеге негізделген мемлекет құрылуы тиіс деп түсіндірді. Бірақ көшпелілердің құрған империясындағы саяси ұйымның тайпалық бірлікте қайталануы көптеген таласты пікірлердің туындауына әкелді. Тайпалық билік түрі бұл мемлекеттің сыртқы сипаты деген тұжырымдар қарастырылды. В.В. Радлов көшпелілердің саяси ұйымын жоғары деңгейдегі иерархияға негізделген локальді басқару түрі ретінде қарастырады [1]. Сонымен қатар жоғары билікті В.В. Радлов билеушінің жеке қабілетімен байланыстырады. Көп жағдайда көшпелілерде жеке билеушінің өлімінен кейін мемлекеттің ыдырап кетуі немесе әлсіреуін осымен байланыстырады. В.В. Бартольд дала билеушісінің көшпелілердің бірігуінде ықпалды роль атқарғанын жеке тұлғаның таңдалуын ерекше атап өтеді [2]. Бұл ірі жорықтардағы жеңістер немесе Түрік қағанаты тұсындағы «ел» идеясын жүзеге асырған билеушінің тұлғасымен байланысты болды. Зерттеулерде көшпелілердегі жоғары билеуші әскери қолбасшы ретінде қарастырылып, оның ел ішіндегі өзге атқаратын қызметі арнайы қарастырылмады. Сонымен қатар көшпелілер құрған мемлекеттерде әулеттік

билік түрі болғанына қарамастан ғасырлар бойы тайпалық ұйымның жаңа мемлекеттің пайда болуында қайталануы мемлекет және тайпалық ұйым мәселесі көшпелілер тарихының күрделі тақырыбына айналды. Көшпелілердегі мемлекет мәселесі маркстік тарихи ұстанымның зерттеушілері үшін таласты тақырып болды. Көшпелі қоғамның тайпалық базисі жойылып, оның орнына таптық қатынастардың пайда болуы бірсызықты тарихи түсінікте мемлекет қалыптасуы тиіс еді. Бірақ көшпелі империя құлап, оның орнына қайта дәстүрлі тайпалық өмір сүру жүйесі қайталанды. Көшпелілердегі саяси көсемділік таптық теңсіздік негізінде немесе билеушінің жеке қабілеті арқылы жүзеге асуы, мемлекеттің пайда болуы ішкі дамудың нәтижесі ретінде қарастыруды көздейді. Көшпелілердегі саяси ұйымның күрделілігі көшпелі мал шаруашылығының сұранысынан әлде қайда жоғары тұрды. Зерттеушілер көшпелілер мемлекетінің эфемерлік табиғатын ерекше атаса да, көптеген дала империялары өздерінің ұйымдастырушыларынан да ұзақ кезеңде өмір сүрді, ғұндар, түрік және монғол империяларының биліктегі әулеті отырықшы көршілеріне қарағанда тұрақтылығымен ерекшеленді. Сонымен қатар жоғарыда аталған империялар (монғол империясынан басқасы) ірі отырықшы қоғамның ықпалынсыз өзінің мемлекеттік құрылымын қолданған дала империясы болып тарихта қалды. Көшпелілерге қатысты антропологиялық зерттеулерде мемлекеттік институттардың пайда болуы көшпелі және отырықшы қоғамның арқатынасының жемісі ретінде қарастырылды. Бұл тұжырым бойынша отырықшы елдерді жаулап алу немесе олармен қатынас орнату нәтижесінде мемлекеттік институттар пайда болуын, көшпелілердегі мемлекеттің пайда болуының ішкі динамикасында билеушінің дүниеден өтуінен кейін мемлекеттің құлдырауын алғышарт ретінде ұсынды. Бірақ көшпелілер империясы отырықшылардың саяси ықпалына қарамастан мемлекеттік және тайпалық иерархияны сақтап қалуы және олардың әрқайсысының жеке функцияларының болуы бұл мәселенің тұжырымдық жағынан зерттеу қажеттілігін көрсетеді.

Көшпелі қоғамдағы әлеуметтік ұйымдасуды мемлекеттің қалыптасуының алғышарттарының бірі болып табылады. Қазіргі таңда мемлекет қалпын зерттеуде, көшпелі қоғамдағы билік мәселесі оның күрделі көсемдік арқылы қоғамдағы билік механизмдерінің жүзеге асуы қарастырылуда. Мемлекеттің пайда болуындағы интегративті және қақтығыстық тұжырымдар, мемлекеттің анықтамасындағы басты шарттар ретінде территория, демография тағы басқа факторлармен қатар көшпелі қоғамдағы биліктің мәнін талдауды, орта ғасырлардағы қоғамның күрделі әлеуметтік белсенділігінің ықпалын баса назарға алуға тиісті тұстарын ашып береді.

Көшпелілер империялық мемлекет құрды. Ғұн империясы, Түрік және Монғол империясы өзінің территориялық кеңдігімен ерекшеленіп, билік жүргізудің күрделі қатынастарын қалыптастырды. Көшпелілер құрған империяның ерекшелігі әлеуметтік ұйымында тайпалық қатынасқа негізделген генеалогиялық көпсатылы иерархиялық белгінің болуын; империядағы үштік және екілік әкімшілікке бөлінуі; әскери-иерархиялық қоғамдық ұйымның болуын; биліктегі мұрагерлік жүйесінің ерекшелігі, құрылтайдың қызметіне Н.Н. Крадин өзінің зерттеулерінде баса назар аударады [3]. Томас Дж. Барфилд көшпелі империясының ұйымы «империялық конфедерация» түрінде

және ол сырт жағынан алғанда автократиялық болып көрінгенімен, ішкі құрылымы тайпалық қатынасқа негізделген деп көрсетеді [4].

Көшпелілер тұрмысы, мәдениеті және әлеуметтік-саяси құрылымы сырттан қарапайым болып көрінуі заңдылық. Сондықтан болар көшпелілер қоғамы алғашқы даму сатыдағы әлеуметтік ұйым ретінде қарастырылу басым болды. Көшпелілер қоғамының даму деңгейі қандай болды деген сұрақты эволюциялық тұжырымды қолдайтын зерттеушілер жиі талқыға салды. Оған қатысты түрлі көзқарастар да айтылды. Зерттеушілердің бір бөлігі көшпелілер ерте мемлекеттік деңгейге жетті десе, екіншілері көшпелілер өркениеттік деңгейге көтеріле алмады деген қорытындылар жасады. Қазіргі таңда бұл сұрақтың мазмұны өзгерді. Көшпелілер тарихын зерттеушілер арасында көшпелілер қоғамы күрделі әлеуметтік ұйымдасуын дәйектей келіп көсемдіктің шарттылығы арқылы «мемлекет» – деген ұғымға қатысты берілетін басты анықтамаларға жаңа тұжырымдар енгізді. Меншіктің болуы немесе әлеуметтік қайшылықтар емес, көшпелі қоғамдағы билік мәселесіне баса назар аударады.

Көшпелі қоғам өзіне тән ұйымдасуы, ішкі реттеушілік қызметінің құқықтық мәдениетте орын алуы, көшпелі қоғамның күрделі қатынастарға негізделген әлеуметтік ұйым болғанын көрсетеді. Әлеуметтік ортаның өзара тығыз байланыстылығы, көшпелілердің өмір сүру кеңістігінде қоғамның әр мүшесінің қызметі мен жауапкершілігінің алғашқы шарттылығы айқындалады. Осы уақытқа дейін мемлекеттің табиғи құбылысын, мемлекеттің басты белгісі ретінде территориялық анықтамасын қарастыруда оның аумағы арқылы белгіленсе, қазіргі таңда территорияның болуы жеткілікті және әсіресе көшпелілерге тән өзгеріп отыруы ескерілуде. Тарихта барлығы үнемі өзгеріп, қозғалыста болады. Көшіп-қонып көрмеген – жер қадірін не білсін, көше қона білмеген, қонса көше білмеген, ақылыңа көнбеген жұрт қадірін не білсін?! Көшпелілер санасында көшіп-қону қалыпты жағдай. Көшудің басты шарттары және оның бағыттары мен тәсілдері ертеден қалыптасып әдеттік-құқықтық қатынастарда орын алған. Сондықтан көшпелілерде шекараның құқықтық негізі болды. Оның анықтамасы нақты бекіністер арқылы емес, дәстүрге негізделді. Себебі көшіп-қону маршруты ғасырлар бойы қалыптасып, өзгермейтін түрге енді. Ол шаруашылықты ұйымдастырудағы басты заңдылық болды. Көшіп-қону дәстүрі қатаң сақталып отырды. В.П. Юдин көшпелі тайпалардағы көшіп-қону маршрутының өзгеруінің себебі саяси қарсылықтың сипаты ретінде қарастыру қажеттігіне тоқталады. Қазақ хандығының құрылуында Әбілхайырдың саясатына қарсы Жошы ұрпақтары Керей мен Жәнібек бастаған тайпалардың өзінің көшіп-қону бағытын өзгерткені белгілі. Мұндай саяси қарсылықтар көшу арқылы шешілгенін Қазақ хандығы құрылғаннан кейін де жалғасын тапты. Қасымның билігі күшейген тұста Бұрындықтың кетуі, Тақыр ханның кетуі т.б.

Жоғары билікке келу жолы көшпелілер арасында аса қиын болды. Себебі оның генеалогиясымен қатар жеке басының қабілетінің ықпалы (меритократия) орасан болды. Көшпелілердің билік жүйесіндегі қарысылық әрекеттер көптеген әдебиеттерде айтыла беретін қақтығысқа әкеле бермеген. Көшпелілер көп жағдайда билікке қарсылықты бейбіт жолмен шешуге тырысқандығы туралы дәстүрлі ауызша тарихи деректерде кең сақталған. Саяси қарсылық ретінде елден өз еркімен кеткен Асан Сәбитұлы немесе Жиенбет жырау

арқылы анық көруге болады. Осыған орай көшпелілердің саяси биліктегі тартысы қақтығысқа әкелді деген жаңсақ пікір қалыптаспауы тиіс, көшпелілер келісім жасауды білмесе сөзге тоқтауды, сөз қадірін ұғынуға үйренбес еді. Көшпендінің ділінде ең алдымен сабырлық, сөзде тоқтамға келу, кеңес алу, қарапайымдылық жоғары билеушісінен қарапайым қоғам мүшесіне дейін тән болған. Көшпенді үшін алғашқы сөз болып табылады, жоғары билеушілерге өзінің кеңесін берген жыраулар, билердің Дала тарихында ерекше орын алуы да осыдан шығар. Көшпелілердегі билікке жетудің генеалогиялық шарттарына қоса жеке билеушінің ел арасындағы беделі маңызды орын алғаны. Оның «алтын ұрықтан» шығуымен қатар ел-жұрт арасында жоғары мәртебеге ие билеуші ғана биліктің тұрақтылығын қамтамасыз ете алды.

Қытай деректерінде көшпелілердің билеушілері ашкөз ретінде сипаттай келіп, көшпелілердің жоғары билеушісі сараң деген атқа қалудан сақтанған деп көрсеткен. Көшпелілердің билеушілерінің тұрмыста қарапайымдылығы туралы Сұлық қағанға келген араб елшісінің, қазақтың хандары туралы мұсылман, орыс, қытай деректеріндегі мағлұматтардан көре аламыз. Жасына қарай сөйлейтін, үлкенді құрметтейтін көшпелі қоғамда жас билеушілерге саяси мансапқа жетуде тосқауылдар көп болды. Еуропа тарихында әулеттік билік жас шамасына қарамай билікке мұрагер болу құқығын берді. Әрине Дала тарихында билеуші әулеттен болуы толығымен саяси билікте мұрагерлікті қамтамасыз етпеді. Себебі көшпелілерде билік ағадан ініге өту, немере ағасынан інісіне өту жүйесі сақталды. Сондықтан билікке барлық жағынан мәртебесі жоғары билеуші келді. Дала билеушілерін біз жас күнінде мұрагерліктің жолымен емес, саяси ахуалға сай іс-қимыл жасай білген, әскери қолбасшылығы арқылы танылған немесе Мөде сияқты «ысқырғыш жебелерді» ойлап тауып, оны өзінің әскери жорықтарында тиімді пайдалану арқылы билікті өз қолына алғандығын көреміз. Олардың арасынан сяньбилердің билеушісі 40 жасқа дейін өмір сүріп 26 жыл билік құрған Тяньшихайды атасақ болады. Оның дүниеге келуі, билік жолындағы күресі туралы деректердегі мағлұматтардан Шыңғысхан тағдырына ұқсас тұстарын кездестіреміз. Тяньшихай сияқты 25 жасында билікті өз қолына алуға ұмтылған Аттилань батыс елдердің тарихында алатын орны ерекше. Әрине бұл билеушілердің ешқайсысы тумасынан билікті мұраға алған жоқ. Олар өздерінің билік жолындағы күресте жеке қасиеттерін пайдалану арқылы билік тізгінін қолына алды. Олардың әрқайсысының өміріне қатысты көптеген аңыздар пайда болды. Дала тарихын жасаған жеке тұлғалар қатарына дүниеге келуінен, билікке жету жолындағы өмірі аңызға айналған Шыңғысханның алатын орны ерекше. Темучжиннің арғы тегі аңыз бойынша Алан-Гаоның кіші баласынан басталады. Алан-Гаоның бойына баланың бітуін көктен түскен жарықтан болуын деректерде бірін-бірі қайталап, Шыңғысханның билікке келуінің өзі көктен келген әмір деп қоғам ішіндегі «Шыңғысшылдық» дүниетанымның қалыптастырғанын В.П. Юдин айтып өтеді [5]. Әлемді дүр сілкіндірген Шыңғысхан билік үшін күресте өмірлік тәжірибесін тиімді пайдаланды. Достықты, одақтастықты бәрін билік жолында қолданды. Оның бойындағы жақсылыққа кенелтуші, ойшыл қасиетімен қатар қатыгездігі, кекшілдігі билік жүргізуде айқын білінді. Ол сұрапыл заманда билікке жету жолындағы күресте жеңімпаз болды. Көшпелі қоғамға тән рулық санаға қарсы тұруы, оның жастайынан руластарының

олардың отбасына жасаған сатқындығы ықпал еткен болар. Ол тайпалық саяси биліктен елді мемлекеттік деңгейдегі билік институттарын қалыптастыруға барлық күш жұмсағанын байқаймыз. Шыңғыс хан әлемді бағындырушы деген баға беруден бұрын көшпелілердің өз тарихында мемлекетшілік саясаттын негізін қалаушы, дала тарихындағы тайпалық саяси құрылымнан мемлекеттік құрылымға өтуге жолын салған билеуші.

Осындай билеушілер қатарына Әмір Темірді жатқызамыз. Әмір Темір өмірі қилы оқиғаларға толы билеуші ретінде тарихта қалды. Оның өміріне арналған деректерде шығу тегін Шыңғысхан заманынан бастап, билік жүргізуде «Жасаққа» мойынсұнып «әмір» титулын ғана иеленген түріктің даңқты қолбасшысы. Оның заманы түрік тайпаларынан шыққан билеушілердің билікке ұмтылу кезеңі ретінде қарастыруға болады. Моғолстандағы дулат тайпасының әмірлері де осы кезеңде билік үшін күресте белсенділік танытты. Әмір Темірдің билікке келуі оның саяси тартыста билікті уысынан шығармайтын тұлға болғандығының айғағы. Тіптен өзінің ережелерінде бір мемлекетте екі билеуші болуы мүмкін емес, биліктің берік болуы өзінің қабылдаған жарлығынды ел алдында өзін жариялауға міндеттісін, әйтпесе мұны визирлер өзіне қарсы пайдаланып, билік үшін тартыста ұтыласың деп көрсетеді. Билікті сұлу әйелге теңеген, Әмір Темір билеушінің бойында ел тұтастығын сақтай білуде сақтық, төзімділік қасиеттері болуын атап, қоғамды он екі санатқа бөліп қарайды. Әр санаттың қоғамда алатын орнын анықтап, олардың ел ішіндегі қызметін нақтылаған, оларға жеңілдіктерді жасауды қарастыра келе мысалы, салықтан босату сияқты мәселелерді тұтастай шешуді көздеген.

Қазақ ордасының мемлекеттік өрлеуі Қасым хан тұсына келеді. Мемлекеттің қалыптасуындағы демографиялық фактор да, Қасым ханның есімімен байланысты. Сонымен қатар бұл кезең қазақ елінің өзінің құқықтық негізінің орныққан тұсы. Қасым хан жоғары билігін заң қабылдау арқылы нығайтты. Қасым ханның Мөде, Бумын қаған, Шыңғыс хан сияқты ел ішіндегі беделінің өсуі бойындағы жеке қабілеті ретінде қарастырған жөн.

Мырза Хайдар өзінің еңбегінде Жошыдан кейін Дешті Қыпшақты өзіне толығымен бағындарған билеуші ретінде Қасым ханды атайды [6]. Қасым ханның жеке бойындағы қасиеттері туралы Бинаи, Ибн Рузбихан, Бабыр, Хондемир сияқты авторлар қолбасшылық қасиеті, ержүректілігі, қарапайымдылығы мен адамгершілігін ерекше атап өтеді. Сонымен қатар қазақтың жеке билеушілерінің қоғам ішіндегі беделін көрсететін ауызша және жазбаша деректердегі мағлұматтар жеткілікті.

Көшпелі қоғамдағы жоғары билікті әлеуметтік-саяси және дүниетанымдық категорияларға бөліп қарастыруға болады. Билеуші және билеушінің құты көшпелі қоғамның идеологиялық түсінігін көрсетті. Жоғары биліктегі идеологиялық бағыттың қалыптасуы көшпелілердегі жоғары билеушінің бейнесін «тәңірі», «құт», «жол» дүниетанымдық ұғым арқылы түсінуде зерттеулерде қалыптасқан әскери қолбасшылықтан, ел басқару қызметі тұрғысынан қарастыруды қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Раннее государство, его альтернативы и аналоги: Сборник статей / Под редакцией Л.Е. Гринина, Д.М. Бондаренко, Н.Н. Крадина, А.В. Коротаева. – Волгоград, 2006. – 426 б.
2. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Соч., – Т. I. – М., 1963.
3. Крадин Н.Н. Кочевые общества (проблемы формационной характеристики). РАН. Дальневосточное отделение. Институт истории, археологии и этнографии народов Дальнего Востока. – Владивосток: Дальнаука, 1992. – 239 б.; Крадин Н.Н. Империя Хунну. – М.: Логос, 2001. – 310 б.
4. Барфилд Т.Дж. Мир кочевников скотоводов // Раннее государство, его альтернативы и аналоги: Сборник статей / Под редакцией Л.Е. Гринина, Д.М. Бондаренко, Н.Н. Крадина, А.В. Коротаева. – Волгоград, 2006. – 415–441 бб.
5. «Алтын тобы». – 185 бет; Қазақстан тарихы туралы монғол деректемелері. – 2 том. – Алматы, «Дайк-Пресс», 2005.
6. Мухаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. – Алматы, 1999. – 326 б.

Қоңырат тайпасының көне замандағы және ерте ортағасырлардағы тарихы

Жомарт ЖЕҢІС,
Түркі академиясының аға ғылыми қызметкері,
тарих ғылымдарының кандидаты

Бірінші Түркі қағанатының салтанат құру кезеңін түркілік дәстүрлі дүниетанымның идеологиялық жүйе ретінде даму кезеңі деп атауға да болады. Осындай кезеңде қағанат ішіндегі дәстүрлі дүниетанымның мемлекеттегі маңызының артуы қағанаттың билік жүйесінің дағдарысқа ұшырауына себепкер болды. Қағанаттағы бұл дағдарысты ахуалдың туу себебі неде болды? Бұл туралы Л. Гумилевтың қытай деректерін саралай отырып, «жеке тайпалар өсіп, халық құрылды да өздерінің діни жүйелерін енгізді. Діни сенімдерінің элементтерінің ұқсас болғанымен олардың бір-бірімен үйлесуі қиындық туғызды. Түркітлер құрамы аса күрделі халық болды. Ашинаның «500 үй орманы» болашақ бекзаттар V ғ. Ордостан шығып Алтайдың түскей бетіндегі бұрыннан түркілердің мекені болған жерді жайлайды. Екі этникалық топ бірігіп, ұласып кетеді. Бірақ, олар ақсүйек, қарасүйек болып бөлініп, VII ғ. дейін бөлшектенеді. Бекзаттар сенім жүйесінде кара халықтан ерекшеленіп, ата-баба әруағын құрметтеуге басымдық берді» деп қағанаттағы идеологиялық ахуалды көз алдымызға келтірді [1]. Жана құрылған жас қағанаттың отыз жылдан соң екіге жарылып, бөлшектенуіне себеп болған жағдай мемлекеттегі негізгі әлеуметтік топтар – биліктегі Көктің және Жердің ұлдары – Ашина руы мен былайғы, жергілікті халық арасындағы дүниетанымдық ерекшелік болды. Ал, бұл ерекшеліктің өзі өз бастауын этномәдени негізден алды.

Түркі дүниетанымындағы Тәңірі тарапынан қасиетке ие болып, ел билеуге құқылы болған «қаған» билігі, енді осы қағаннан тараған бүкіл әулеттің ортақ игілігі саналды да, аталмыш билеуші үй бара-бара былайғы халықтан өздерін жоғары қоя бастады. Осылайша, ашиналықтар өз тектеріне Көктің ұлдарымыз деп құдайлық сипат беріп, тек өздері үшін тиімді, ал қағанат үшін аса қатерлі қадамдарға барып, ортақ сенімнен әулеттік элементтерді бөлектеп алып, жасанды қағидалар жасады. Олар осы қадамдары арқылы қағанаттың әлсіреуіне алып келген саяси ахуалды қалыптастырды. Билеуші рудың «таңдаулы ру» билік принципі қағанат халқының арасына алауыздық орнатып, мемлекеттегі этникалық процестерді саябырсытты.

Көктің ұлдары-түріктер қағанаты саяси тұрғыда қаншалықты күшейе берсе, діни-идеологиялық тұрғыда соншалықты әлсірей берді. Тіпті, саяси-

экономикалық тұрғыдағы даму жеделдей түскен сайын, рухани тоқырау шапшаңдай берді. Түркі мемлекеттілігінің қалыптасып, дамуына мұрындық болған дәстүрлі дін негізіндегі идеологиялық жүйе түркі билеушілері тарапынан өзгеріске ұшырай бастады. Бір жағынан, түркі билеушісінің шексіз билігін қамтамасыз ететін көршілес мемлекеттердегі деспоттық жүйенің ықпалы, екінші жағынан сол мемлекеттердің түркілерге қатысты тынымсыз сыртқы саясаты түркілердегі дәстүрлі дүниетанымның идеологиялық бағдар ретіндегі маңызын төмендете берді. Қағанның билікке шексіз ықпал етуге тырысушылығы қағанат ақсүйектерінің наразылығын тудырды. Билеушінің қағанаттың ықпалды топтарымен санаспауы мемлекетті азамат соғыстарына алып келді.

Түркі мемлекеттілігінің дағдарысы түркілік дәстүрлі дүниетанымның мемлекеттің дамуы үшін керекті тетік ретінде шеттетілуімен қатар келді. Аталмыш діни жүйенің бұл міндетті атқарудағы әмбебаптығына қарамастан, оның сол кездегі саяси жағдайларға орай жасанды түрде маңызын төмендетуге тырысушылық анық біліне бастады. Бірінші түркі қағанаты ыдырағаннан соң пайда болған Шығыс Көктүрік қағанаты Ишбараның билігі кезінде (581–587 жж.) ішкі алауыздықтар мен Қытайдың арандатушылық саясатының нәтижесінде әлсірей түсіп, біртіндеп Қытайға тәуелді болып қалды.

Шығыс Көктүрік қағанатымен қарым-қатынасын үзген Тарду қаған (576–603 жж.) бір жағынан Шығысқа өз өктемдігін танытуға кіріссе, екінші жағынан Батыста бірқатар жаулау жорықтарын жүзеге асырды. Ол Византия мен сасанилік Иранның арасындағы келіспеушілікті өз пайдасына жарата отырып, өзінің саяси ұпайын түгендеуге кірісті. Ол Шахиншах Ормузд IV (579–590 жж.) тұсында Иранның ішкі саясатына араласты. Ұлы қаған ретінде «Білге қаған» атағын алған Тарду қаған Өтікеннен Мервке дейінгі жерлерде билік құрған кезеңнің тұсында 603 жылы елде көтеріліс басталып, осы көтерілістің тұсында ол із-түзсіз жоғалды. Тарду қағаннан кейін мемлекет дағдарысқа ұшырап, бұл дағдарыс оның кіші немересі Тоң-жабғудың (618–630 ж.ж.) кезіне дейін созылды. Өз билігі кезінде Тоң-жабғу телестерді өзіне бағындырып, ирандықтарды жеңді. Тоң-жабғудың 630 жылы өлтірілуінің тұсында таққа талас басталды. Осылайша, Батыс көктүрік қағанаты да Шығыс Көктүрік қағанаты секілді Қытайдың саяси үстемдігін мойындап, тәуелділік жағдайға түсті.

Жалпы, осы кездегі қалыптасқан тарихи ахуалды зерттеушілер «ғұндар мен сақтардың, одан тараған түрік қағанаттары Қытай, парсы жұртымен бетпе-бет келуі, екі арадағы тарихи талас-тартыстардың VIII ғасыр ортасына дейін созылып келіп, бәсең тартып, босаңсуы тарту күші алапат зор тарихи иірімнің тоқырауына алып келді. Бар тарихи тағдырымыз сегізінші ғасырға дейін осы алапат тарихи иірім ауқымында шешімін тауып жатқаны түрік қағанаттарының тарихында өз болмысын толық көрсетті. 751 жылы Талас өзені бойында болып өткен соғыста қытай әскерінің күйрей жеңілуінен кейін бұл алапат тарихи иірімнің тартылыс қуаты әлсіреп, әрекет өрісі мүлде тоқталуға бет алды» – деп әділ түрде бағалайды [2].

I Көктүрік қағанатының шығыс және батыс қанаттарының Қытайға саяси тәуелділігі кезеңі 630–680 жылдар аралығындағы елу жылды қамтыды. Орталық Азиядағы түріктер өздерінің ұлттық болмысын, тілін, сенім-нанымдары мен әдет-ғұрпын сақтап қалғанмен, мемлекеттік тәуелсіздік жат жерліктердің қолында болды. Осындай саяси жағдайдың орнауына себеп ретінде соңғы түркі

билеушілерінің дарынсыздығын, дәстүрлі билік жүйенің маңызын елемеушілікті, Қытайдың жымсық саясаты мен арандатушы үгіт-насихатын атап көрсетуге болады. Көне жазба деректерінде осы кезең жайлы «табағаш халқына күшті еркек құл болды таза әйел күң болды», «күдіретті халық едім, халқым мен қағаным қайда?» деген сарындағы өткенді нәтижесіз аңсау байқалады. Қытай үстемдігін мойындағысы келмеген түркілер дүркін-дүркін қытайларға қарсы көтеріліп отырды. Мысалы, 679 жылғы Шаньюе уәлилігіндегі көтерілістің мақсаты да Қытай үстемдігіне қарсы бағытталып еді.

Саяси-мәдени тәуелділікке түскен түркілер, уақыт өте келе азаттыққа қайта қол жеткізудің жолдарын іздестіре бастады. Қытайдың қол астынан шығу жолын іздеді. 639 жылдан бастап Күршад пен оның жақтастары бірнеше мәрте ұлт-азаттық қозғалыс ұйымдастырды. Бұл әрекеттердің әр қайсысы қытайлықтардың тарапынан аяусыз басылды. Дегенмен де бұл қозғалыстар түркілердің еркіндікке, азаттыққа деген талпынысын қайра түсіп, олардың ұлттық өздік санасын нығайта түсті.

Осы кезде, түркі қоғамында ғұндар мемлекеті мен Түркі қағанатының дамып, өркендеуіне, түркілердің империялық мақсаттарының орындалуына мұрындық болған дәстүрлі дінге негізделген идеологиялық жүйенің билік тарапынан шеттетілуі анық біліне бастады. Көне мемлекеттілікпен бірге қатар дамып, онымен бірге тығырыққа тіреліп, билеуші әулеттің өзгеріске түскен, жаңа көзқарастарына сәйкес келе бермейтін дәстүрлі дүниетанымға негізделген идеологиялық жүйені қайта насихаттап, көтерудің қажеттілігі барынша сезіле бастады. Сондықтан да түркі билеушілері дәстүрлі дүниетанымнан идеологиялық мүмкіншіліктерді қайта қарастырып, ел рухын көтерер тарихи жадыны қайта түлетіп, тәуелсіздік, ерлік, ұлтшылдық насихаттала бастады. Осылайша түркілердің Қытай мәдениеті мен рухани құндылықтарына қарсы тұратын төл, дәстүрлі құндылықтарды қалпына келтіру жолдары қарастырыла бастады.

Көктүріктердің аталмыш бұл елу жылдық қиын-қыстау кезеңінің соңында Ашина әулетінен шыққан Құтлық тарапынан 681 жылы астанасы Өтікен қаласы болған Екінші Көктүріктер қағанаты құрылды. Өтікеннің астана болуы кездейсоқтық болмады. Жоғарыда атап өткеніміздей бұл ғұн дәстүрінің түркілер кезінде сабақтастыққа ие болғандығын көрсетеді. «Илтеріш» (Ил – мемлекет, теріш – теру,) атағын иемденген Құтлық мемлекетті қайта қалпына келтірді. Бір інісі Қапағанға «шад», екінші інісі Тосипуға «жабғу» титулдарын берді. Мемлекеттің құрылуында үлкен роль ойнаған Тоныкөкті «айгүджі» (мемлекеттік кеңесші) ретінде тағайындап, оған әскери күштерді нығайту мен дипломатиялық қарым-қатынастарды реттеуді тапсырды. Және бұл кездейсоқтық болмады.

Тоныкөк Қытайда білім алып, ол елдің қитұрқы саясатының қатпар-қатпарымен танысып, мол тәжірибе жинаған көрнекті саяси тұлға еді. Тоныкөк бұл туралы «мен табағаш үшін тәрбиеленгенмін» деп өзінің қытайша сауатты болғанын айтады. Тоныкөк тек қытай тілі мен әдет ғұрпын ғана емес, әскери тактика, дипломатия сияқты істерден де хабардар болды. Тәуелділік кезеңінде қытайлықтар түркілер арасынан Қытайдың сойылын соғар шенеунік өкілдерін оқытып, тәрбиелеуге кіріскен еді. Бұл үрдістің қатерін сезген сол кездің түркілік көрнекті мемлекет қайраткері Йолығ тегін «бізге соншама көп алтынды жібекті беретін табағаштар сөздері жұмсақ болды. Басқа халықты ол өздеріне тарта берді» деп қытайланудың қатерін ескертті.

Қытайға қарсы ұйымдастырылған табысты әскери жорықтар жасалып, қағанатта бір жағынан әскери жеңістерге қол жеткізілсе, екінші жағынан экономикалық және мәдени жетістіктерге қол жеткізілді. Бұл қағанаттың шекарасы солтүстікте Көгмен тауларына, шығыста Керулен мен Онон өзендерінің жоғарғы сағаларына, батыста Алтайға дейін жетті.

Илтеріш қаған 692 жылы қайтыс болғаннан соң ұлдары Білге мен Күлтегіннің жас болуларына байланысты көктүріктердің тағына Илтеріштің жиырма жеті жасар інісі Қапаған (692–716 жж.) отырды. Түрік тарихында әскери өнерді жетік меңгергендігімен танымал болған Қапаған қағанның тұсында шығыс және батыс қағанаттарының жері бір билеушінің қол астына біріктірілді.

Қапаған қаған саяси мақсаттар ретінде алдына түрік мемлекетін саяси-экономикалық тұрғыда нығайтып, түріктерді Өтікенге жинап, мемлекетті империя дәрежесіне жеткізуді қойды. Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін қаған Қытайға қарсы көптеген жорықтар ұйымдастырды. 694 жылғы осындай жорықтардың бірінде түркілер Қытайды бағындырды.

Тан әулеті болса батыс өлкеден айырылғанына көңісі келмеді. Олар қолдарынан келген әдіс-амалдар қолданып түркі мемлекеттілігін жоюға бел шеше кірісті. Қытайлар бұл күресте көшпенділерді біріне-біріне айдап салып, жекелеген билеушілердің қолтығына су бүркіп өз мақсаттарына жетіп отырды. Қидандар мен қырғыздарды өзіне қаратқан Қапаған қаған 716 жылы Өтікеннен қайтар жолында қытайлықтардың айдап салуының нәтижесінде байырқулардың қолынан қаза тапты.

Қапаған қағанның орнын басқан оның ұлы Инал қаған пайда болған кикілжіндерді реттемек тұрмақ өлкенің қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмады. Нәтижесінде Илтеріштің есейген ұлдары Білге мен Күлтегін саяси төңкеріс ұйымдастырып, Көктүрік билігін өз қолдарына шоғырландырды.

716 жылы Білге қаған, Күлтегін «көктүрік әскерінің басшысы», ал Тоныкөк бұрынғы қызметінде қалып, «айгүджі» болды. Білге қағанның тұсында (716–734) мемлекет қайта күшіне енді. Түркі қағанатының тарихындағы осы кезеңге талдау жасағанда мемлекеттің қайта күшеюінде дәстүрлі діннің орыны анық білінеді. Яғни, түркі билеушілері осы тұста діни идеологияның мүмкіндіктерін сарқа пайдалануға тырысты. Бұл орайда, ең алдымен тәңірі сенімін қытайлық дәстүрлі идеологияға қарсы бағыттап, ел рухын көне наным күшімен қайта көтерді. Бүкіл шығыс пен Тарбағатай тауына дейін созылып жатқан батыс өлкесі «қағанаттың» билігінің астына алынды. Білге қаған ішкі саясатта ел бірлігінің қамын жей отырып, сыртқы саясатта Қытаймен қарым-қатынасты жақсартуға тырысты. Алайда, Қытайдың ескі ойындарын жалғастыруы арқылы түркі тұтастығына қауіп-қатер төндіруіне байланысты Білге қаған Тоныкөк пен Күлтегіннің көмегімен ішкі саяси тыныштыққа қол жеткізіп, 720 жылы Қытайға күйрете соққы берді де, оның солтүстік-батыс аумағын басып алды.

Осындай саяси жетістіктерге қармастан, түркі билеушілерінің тарихи қалыптасқан мемлекеттік дәстүрді дамыта алмауы, тіпті ең болмағанда бұрынғы қалпында сақталуын қамтамасыз ете алмауы түркі мемлекеттілігін біртіндеп әлсірете берді. Билік басына билеуші рудың көпсанды үміткерлерінің ішінен іріктеліп, құрылтай шешімімен келген билеуші енді өз билігін тек өз ұрпағына ғана мұраға қалдыруды көздеді. Бұған деспоттық билік жүйесіне ие мемлекеттердің әсері де болмай қалмады. Ал, бұл дәстүрлі түркі

дүниетанымының бұзылғандығын, осы дүниетаныммен сабақтас түркілік билік жүйесінің дағдарысын көрсетеді.

Осы кезеңдегі бір ерекшелік, түркілер діннің маңызын түсінгенмен, дәстүрлі идеологиялық жүйеде қандайда бір түбегейлі қайта құрулар жасаудан тартынды. Керісінше, түркі билеушілері өз мемлекеттерін көтерудің бірден-бір жолы ретінде дамыған көршілердің дайын мемлекеттік жүйесі мен мәдениетін көшіре қабылдай салудан тартынбады. Тіпті, өзінің санаулы өмірін Қытаймен соғысумен өткізген Қапаған қытай билігіне ғана қарсы шығып оның мәдениетін, халқын сүю керек деп санады. Бірақ, Қытай саясатымен етене таныс Тоныкөк төл түрік мәдениетін көтеруді жақтады. Қытайда алған білім, бұл саясаткердің барлық жетімсіздігіне қарамастан ұлттық дүниетанымның ғана қытай экспансиясына қарсы тұра алатынына сенімін күшейтті.

Білге хан тұсында сыртқы саясат саябырсып, Сібірді, Енисий қырғыздарын саяси тұрғыда бос қойды. Жетісу мен Оңтүстік Жоңғарияны қытайлық Танға берді. Түркеш ханымен құдандалы болды. Ол мемлекетте жиырма жылдық (722–741) тыныштық орнатты. Мемлекеттің экономикалық әл-қуаты артты. Түркілердің көз алдарында осындай саяси-экономикалық жетістіктерге жетіп жатқандарына Қытай жайбарақат қарап отыра алмады. Осы елде елші болған бір түркі арқылы Күлтегінді у беріп өлтірді. Қытай саясаткерлері осылайша түркілердің мемлекеттік дәстүрін қиратуға бар күш-жігерін салды.

Шығыс түркі қағанатында Тоныкөктің идеологиялық жүйе ретінде дәстүрлі дүниетанымды сақтап, дамытуындағы қызметі аса ерекше болды. Ол Білге қағанды Түрік өлкесіндегі қалаларды қорғандармен қоршаймын және мемлекетте буддистік-таоистік монастырлар тұрғызамын деген ниетінен бас тартқызып, түркілердің заттай және рухани мәдениетін қорғап қалды. Тоныкөктің басты идеясы – қос басқарудың мызғымастығы мен дұрыстығын көрсетудің қажеттілігін көрсету болды. Ашина мен ашида одағы әскери-әкімшілік істер мен қаған мен қос билеушінің (кеңесшінің) қағанатты билеуінде көрінді [3]. Тоныкөктің қызы Білге қағанның әйелі – «қатыны» болды. Қағанаттың аналық жағынан қос билеуші болды. Жоғарғы билікті мұраға қалдыру коллатеральды сызық бойынша жүріп, ата-ана туыстық сызығын біріктіруге бағытталды. Яғни, шынайы өмір сүріп отырған ашина мен ашиданың арасындағы одақ – некелік қатынастың бейнесі болды.

Көне түркі қоғамындағы дәстүрлі дүниетанымның сақталып, дамуындағы ерекше ықпалды саяси тұлғалар әуелі Тоныкөк (725 жылдан кейін), содан соң Күлтегін (731 жылы) қайтыс болды. Орындары толмас көмекшілерінен айырылған Білге қағанның қайтыс болуынан кейін Көктүрік қағанаты құлдырау кезеңіне аяқ басты. Бұл жерде мемлекеттің құлдырауын ел қайраткерлерінің өлімімен байланыстырудың тікелей мәні бар. Шынында да егер қағанаттың дамып, өрлеуі біріншіден елдегі идеологиялық айқындылыққа байланысты деді, қағанат басшылары да осы заңдылықты терең түсініп, елдегі идеологиялық тұрақтылықты қатаң бақылауда ұстаған еді. Ал, олар қайтыс болған соң бұл үрдіс әлсіреп, қағанат билеушілері идеология мәселесін екінші орынға ысырып қойды. Міне, сондықтан да Білге, Қапаған, Тоныкөк пен Күлтегіндердің қағанаттың даму тарихындағы орындары елеулі болды.

Әкесінің орнын басқан Түрік Білге қағаннан кейін інісі Тәңрі хан 740 жылы көктүріктердің тағына отырды. Шынайы билікті Тоныкөктің қызы болып келетін осы «Тәңрі Ханның» анасы Помей қолына алған болса да, ішкі қайшылықтарды

тоқтатуға күші жетпеді. Бұл ит жығысты дер кезінде пайдаланған басмыл, қарлұқ және ұйғыр тайпалары бірігіп, көктүріктердің билігіне қол салды. Олар Ашина әулетінен шыққан басмылдардың башбуын 742 жылы «қаған» жариялап, көктүріктердің қағаны Озмыш пен ең соңғы қаған болып есептелінетін Помейді өлтірді.

Осылайша, түркі дүниетанымындағы қасиетті «қаған» – «Тәңірі» билік одағының өзіне билеушілер тарапынан қол салынуы, түркілік дәстүрдің адам танығысыз, түбегейлі өзгеріске түскендігін көрсетеді. Яғни, билеуші топтар арасында бұрынғы діндегі «қасиеттілік» ұғымы өз мәнін жоғалтып, енді бұл тіпті, олардың саяси әрекеттеріне кедергі келтіретін «ескінің қалдығындай» көрінді.

VIII ғасырдың екінші жартысынан былай түркілер бірімен-бірі байланысты терең дағдарыстарды бастан кешті. Бұрынғы біртұтас қағанат ұсақ бөлшектерге бөлініп, саяси бытыраңқылық орнады. Дәстүрлі мемлекеттік жүйе бұзылып, түркілердің мәдени-идеологиялық біртұтастығына сызат түсті. Өздерінің дәстүрлі мемлекеттік құрылымы мен идеялық тұғыры бар сол кездердің ірі мемлекеттері Қытай, Византия және Иран сияқты мемлекеттермен иық тірестіретін, бүкіл азиялық даланы біріктіретін көне түркі қағанаттарының билеушілері үшін ең басты міндет мемлекетті сақтап қана қоймай, дәстүрлі ортақ тіл мен дүниетанымға ие ірілі-ұсақты туыс тайпаларды біріктіріп, оның іргесін бекіте түсетін әлеуметтік саясат пен басқару жүйесіне қажеттікті сезінді. Әсіресе, дәстүрлі дүниетанымға негізделген дәстүрлі идеологиялық жүйенің дағдарысы кезеңінде бұл қажеттілік барынша айқын байқала бастады. Өйткені, көне түркі қағанатының ыдырауының басталуымен Ашина әулетінің билігінің тоқтауы ғана емес, сондай-ақ сонау ғұн дәуірінде үстем болып, түркі қағанаты кезінде де жетекші жағдайда болған дәстүр, дәстүрлі дүниетаным, рухани құндылықтардың билік тарапынан ығыстырылуы да анық біліне бастады.

Дәстүрлі мемлекеттіліктің мәйегін сақтап отырып, тарихи сабақтастықты жалғастыра отырып, билеуші тайпалар өкілдері мемлекет басына кезектесе келіп отырды. Түркі қағанатындағы қоңыраттар билігі де өзге әулеттермен ауыса отырып, кезектесе келіп отырды.

Дәстүрлі түркі мемлекеттілігінің дағдарысы кезеңінде Көк ұлдары жайбарақат бола алмады. Көне мемлекеттілікті қайта қалпына келтіріп, көк түріктердің даңқын қайта жаңғыртуға тырысты. Дегенмен, осы кезеңдегі тарихи үдерістерге назар аударсақ, көне мемлекетті құрушы тайпа түркі көшпенділері құрған империя қалай бөлшектенсе, әртүрлі діни бағыттар осы мемлекет халқын қалай ыдыратса солай ыдырап, бір кездері өзара туыс тайпаластар бір-бірінен этникалық тұрғыда да мәдени тұрғыда да саяси тұрғыда да алшақтай берді. Көне дәстүрге сүйене отырып, дәстүрлі мемлекеттерін өзара тәуелсіз құруға, қайта жаңғыртуға тырысты. Қоңыраттардың бір бөлігі де көне түркі мемлекеттілігін ұйғырлар арқылы қайта қалпына келтірді.

VII ғ. басында Хангай тауы маңында құрылған тоғыз-оғыз тайпалық одағындағы билік ұзақ мерзімді күрестен соң «он ұйғыр» тайпасының басын біріктірген яғлақар әулетімен даладағы билік үшін жанкештілікпен шайқасады. Күрестер нәтижесінде телелердің тайпалық одағы ыдырап, тек бір тайпа – ұйғырлар, немесе тоғыз-оғыздар бытыраған тайпаларды біріктіріп, 745 жылы Түркі қағанатын талқандап, 747 жылы өз мемлекеті – Ұйғыр қағанатының негізін салды.

Өзінің батыс аймақтарына таралған көнетүркілік мәдениет қарлық, кимак және қыпшақтардың мәдениетінің даму базасына айналды. Батыс түркілері негізгі компоненттердің бірі ретінде қарлық және қыпшақ этностарының құрамдас бөлігіне айналды. Олар Тянь-шань маңы мен Орта Азияның ирантілдес отырықшы-егінші және қала тұрғындарының түркіленуіне ықпал етті.

Өзінің солтүстік аймақтарында, Минусин ойпатында көнетүркі мәдениеті біртіндеп өзімен туыс қырғыз этносының мәдени ықпалына түсті. Алтай мен Тывадағы түркілер телестермен жымдасып кетті.

Бұған дәлел ретінде татар халқының қалыптасуына негіз болған тайпалардың бірі кыпсак-бушмандар (божбан) қырғыздардағы азық тайпасының құрамындағы ірі ру екендігін айтсақ болады. С. М. Абрамзонның пікірінше бұл ру алтайлық текке ие және қырғыздармен бірге Орта Азия аймағына Минусин ойпатынан келген [4].

Тарыдай шашыраған қоңыраттардың ата-бабалары өздерінің көне мемлекеттілігін жаңа жерлерде қалпына келтіруге тырысты. Түркеш қағанаты, Селжүк империясы сияқты мемлекеттер осындай талпыныстардан туған көне мемлекеттік дәстүрлердің заңды жалғастары болды. Көне түркілердің бір бөлігі Моңғолияда қалып, осындағы көшпенді моңғол тайпаларымен аралас-құралас болып кетті. Шыңғысхан тұсында Керулен маңын мекен ететін қоңыраттар осы түркілердің ұрпақтары еді. Қоңыраттар бұл аймақта да империялық дәстүрлерге ие билеуші әулет ретінде саяси ықпалға ие болды. Кейін, қоңыраттар бұрынғы жетекші саяси дәрежесіне қайта жетіп, Шыңғысхан арқылы көне мемлекеттілікті қайта қалпына келтірді.

Осылайша, дәстүрлі түркі мемлекеттері мен сол түркі мемлекеттерінің дәстүрлі мекенінде пайда болған жаңа мемлекет ғұн, түркі қағанаттарының заңды жалғасы іспетті еді. Бұл жерде дәстүрлі «мекен» ұғымы кездейсоқ айтыла салған сөз емес. Шындығында бұл ұғым талай түркі тайпаларының талас нысанына айналған Орталық Азиядағы Орхон өзенінің маңы еді. Дәстүрлі мекеннен тыс Орхон маңынан ұйғыр мемлекетінің шекарасы батысында Моңғол Алтайы, шығысы Амур өзені мен қазіргі Манжурияға, оңтүстігі тандық Қытайға, солтүстігі Байкал өзеніне дейін жетті.

Көпестүстігі Байкал өзеніне дейін жетті.

Көне түркілік дәстүрлі мемлекеттіліктің мұрагерлері ретінде және жаңа мемлекеттің негізін қалаушылар ретінде қоңыраттар көне дәстүр бойынша VII ғасырдың басында көнеұйғыр қағандарының некелік серіктестеріне – патшайым руына айналды. 759 жылы Мойыншордың орнына отырған Бегу Қаған (759–779) назарын Қытайға аударып, бұл жерде билік құрғысы келді. Қырғыздарды жеңген Бегу қағанды туысканы Баға тархан өлтірген еді. Қаған болған Баға тарқан (779–789) қырғыздарды тағы да жеңді және қытай ханшайымына үйленіп, ұйғыр санын Қытайда көбейткісі келді. Сонымен, Орталық Азиядағы діни-идеологиялық өзгерістердің ықпалымен бір кездері біртұтас мәдени құндылықтарға ие түркі-көшпенділері өзіндік мәдени ерекшеліктерге этникалық топтарға топтаса бастады. Қырғыздар 840 жылы ұйғыр жеріне басып кірді. Қырғыздар Қара-балғасұнды басып алып, қағанды өлтірді. Ал, мемлекеті ыдыраған ұйғырлар да топ-тобымен отандарын тастап, Қытай шекаралары мен ішкі Азия жерлеріне көшті. В.Ф. Минорский мен Дж. Гамильтон пікірінше ұйғырлардың бір бөлігі Арал теңізінің маңына келді де кимақтардың, кейін қыпшақтардың құрамына енді. 848 жылы ұйғырлардың бір бөлігі Тянь-

Шаньға келіп, Моңлы атты билеушіні бас етіп, Бешбалық ұйғыр мемлекетін құрады.

Оғыз хан туралы эпостар мен мәліметтер олардың қоңыраттармен тарихи-этникалық байланысы бар екендігін көрсетеді. Оғыздар VI ғасырда Көктүрік қағандығының тұсында тарих сахнасында орын алған түрік тайпасы болып табылады. В. М. Жирмунскийдің пайымдауынша Алпамыс (Манас есіміне ұқсас) туралы дастан ең алдымен Алтай тауының етегінде пайда болды. Оған көнелігінен жақын тұрған жыр алтайлықтардың Алып-Манах дастаны. Оны оғыздар IX–X ғғ. Алтай тауының етегінен Сырдария алқабына алып келіп өздерінше дамытты да Салар Қазан эпикалық цикліне айналдырды («Китаб-и дэдэм Коркуттағы» Бамси-Байрек жыры). Бұл жырдың басқа нұсқалары қоңыраттар арқылы басқа түркі халықтарына тарады.

Тарих нама-и Булгар атты шежіреде де қоңыраттардың оғыздармен тығыз генеалогиялық байланысын көрсетеді. Бұл шежіреде адамзат баласының шығу тегін Адам атадан бастап пайғамбарлармен жалғастыра отырып, Шыңғысханмен туыс Мерваннан Афлиунды таратады. Афлиуннан Акратис, одан Карамуш, одан Афлямун. Афлямуннан Кинан атты ұл болады, Кинаннан Эфратим, одан Тахлаиш одан Махлаиш. Маклаиштан Эмкаш, одан Тағланыш.

Тагланыш Түркістанды билеп 103 жасында қайтыс болады. Ол иудей дінінде болды. Тагланыштан Афлях туылады. Ол қырғыз елінің патшасы болып, жайлаудан, жайлауға көшіп жүреді. 110 жасында Сырдария өзеніне кетіп, қайтыс болады. Одан Мәрд атты ұл қалады. Мәрд түркімен халқын басқарады. Ұлкен ұлынан Түркімен, кіші ұлынан қоңыраттар тарайды [5].

Оғыздар бастапқыда Жетісуда тұрды. Ұйғырлар құлатқан соң қарлұқтармен қақтығысып, батысқа кетті. Т.К. Чоротегиннің айтуынша: «IX ғасырдың ортасындағы (840 ж.) қырғыздар мен ұйғыр қағанатының соғысы, IX ғасырдың екінші жартысынан X ғасырдың басындағы қырғыздардың кимақтар тарапына, ал кимақ-қыпшақтардың Ертіс маңынан батысқа қозғалысы, Орхон ұйғырлары мен Енисей қырғыздарының шығыс Тянь-Шаньға келуі – Шығыс Түркістанның жергілікті халқын батысқа айтарлықтай ығыстыруға, қарлықтардың Орталық Азияға орын ауыстыруы батыс Тянь-Шандағы халадждардың оңтүстік-батысқа жылжуына, Сырдария маңы оғыздарының батысқа одан әрі жылжуына, кимақтар мен оғыздардың печенегтерге қысымы, соңғыларының бір бөлігінің төменгі Еділ мен Қара теңіз маңына кетуіне мәжбүр етті де, Орта Азиядағы жергілікті түркі тілдес компонент Орталық Азия мен Саян, Алтай түркілерінің есебінен толықты» [6]. IX ғ. оғыздар Жайық-Каспийге дейін жетіп, бұл жерден печенегтерді Орал мен Еділден ығыстырды. Қалғандары оғыз бірлестігіне кірді. Олар VII–VIII ғасырларда Мәуераннахр жерінде өмір сүріп, «тоғыз оғыз шабуылы» деп танылған шабуылды жүзеге асырған. Кейіннен «оғыз бірлестігінің» мүшесі болып табылатын бірнеше топ түрінде Орхон аймағынан Талас маңына қарай көшіп, кең жерлерге тараған. Түрік және оғыз атымен қоса түрікмен атымен танымал болған бұл түрік жұрты қытайлықтармен және II Көктүрік мемлекетімен түрлі қарым-қатынас ішінде болған. X ғасырдың алғашқы жартысында Йенгикент атты орталығы бар бір мемлекет құрды.

Осы кездегі басқа да түркілік мемлекеттік бірлестіктер сияқты оғыздар да дәстүрлі түркілік мемлекеттік жүйені сақтап қалуға тырысты. Йақұттың (XIII ғ.) «Түркістан» атты мақаласында тоғыз-оғыздар еліне сапар шеккен араб елшісі

Тамим ибн Бахр әл-Мутауайдың жазуынша түркілер иеліктеріндегі қалалар мен ауылдардың тұрғындары арасында сол кездегі әлемдік діндердің кейбірінің кеңінен тарағанын көруге болады. Саяхатшының айтуынша: «олардың тұрғындарының басым көпшілігі мажуси мазхабын ұстанатын отқа табынушылар. Олардың арасында Мани ілімін қабылдаған зиндиктер де бар». Түркілер осындай рухани ахуалдағы отырықшы мәдени аймақтарында жергілікті мәдениеттің әсеріне ұшырай отырып отырықшы болуға мәжбүр болды. Осыған қарамастан өздерінің санының көптігінен олар өз тілдерін сақтап қалып қана қоймай оны жергіліктілер арасына таратты. Бұл өз кезегінде жергіліктілердің түркіленуіне алып келді.

Сырдариядағы Оғыз мемлекетінің қоңыраттармен көрші орналасқаны, түркімен этнобірлестігіндегі джауылдр, байандыр тайпаларына қатысты қазіргі Түркістан маңайындағы қоңыраттардың мекенінің Шәуілдір, Байылдыр, Қандөз т.б. топонимикамен байланыстылығы оғыз-түркімен тегінің ортақтығына куә бола алады. Қыпшақтардың да белгілі бір дәрежеде қоңыраттармен этникалық байланысы өзге түркі халықтары құрамындағы ру құрамында екі руға тән этнонимдердің бар болуымен дәлелденеді. Мысалы, башқұрттардың құрамындағы гэрэй-кыпсақ, қарағайлар мен суун қыпшақтардың және қазақ қоңыраттарының танбаларының бірдей болуы (босаға) және қазақ қоңыраттарының құрамында екі башқұрт этнонимдері – «бушман» мен «байлярдың» болуы қоңырат тайпасы мен қыпшақтардың арасындағы көне этникалық байланыстарды көрсетеді [4].

Қоңыраттар ерте замандардан бері Орталық Азиядағы, Кавказдағы, Шығыс Еуропадағы түркі халықтарының этногенезінде маңызды роль атқарып, олардың ұлт ретінде қалыптасуына қатысты. Қазіргі қазақ, өзбек, қарақалпақ, ноғай, татар, қырғыз т.б. халықтарының ұйытқысы болған осы қоңыраттар.

IX–XII ғасырларда аяқталған Орта Азия халықтарының қалыптасу процесінде де көшпенді түркі халықтарының үлесі, оның ішінде қоңыраттардың да үлесінің үлкен болғанын айта кету керек. Саманилер кезінде Мәуереннахр қалалары мен егіншілік аудандарында иран тілдес халық басым болса, қарахан дәуірінде олардың арасында түркі тілдестер көбейді. Халықтың антропологиялық пішіндері де әртүрлі болды. Үстірт халқы қыпшақтар мен Минуссин ойпатының көшпенділерінде еуропалық белгілер басым болып, оңтүстік сібір типіне жатты. Антропологиялық деректер бойынша Ертіс бойының, Жетісудың, Орталық Қазақстанның қимақ-қыпшақтарында моңғолдық элементтер аз болды. Жетісу мен Устурушан халқы да осыларға жақын болды. Хорасан халқы өз антропологиясы жағынан Хорезм, Соғд халқына жақын болды. Ташкент халқы аралас типте болды. IX–X ғасырдан бастап Устурушанға оңтүстік сібір типі келе бастады. Соғд пен Жетісу халқы әртүрлі болды қала халқы еуропалық, ал ауыл халқы оңтүстік сібірлік пішінде болды [7].

Рашид ад-диннің жазуынша қоңыраттар Хорезм маңында XIII–XIV ғасырларда-ақ тұрып жатты. Г.П. Снесаревтың жазуынша Үргеніш, Янгиарық, Багат, Ханка сияқты Хорезмнің қалаларының маңында өздерінің жұптас тайпаласы қияттармен қатар шоғырлана тұруы олардың Хиуа хандарына қызмет етулерімен байланысты [8]. Өзбек, қарақалпақ халықтары құрамындағы қоңыраттар шежірелеріндегі айтарлықтай сәйкессіздік осының дәлелі болса керек. Яғни, тайпалық одақтардың құрамының белгілі бір тарихи оқиғалар бақырысында өзгеріске түсетінін ескерсек, онда қоңыраттардың рулық құрамының

шежіре бойынша адам танығысыз өзгеруін олардың осы аймақтағы ұзақ уақытқы саяси үдерістерді бастан кешуімен түсіндіруге болады.

Амударияның көне Тұран мен Иранның шекаралас аймағы болғандығын, Хорезмнің көне түркілердің империясының шеткері аймақ екендігін және қоңырат тайпасының түркілердің дәстүрлі мемлекет құрушы тайпа екендігін ескерсек онда қоңыраттардың бұл аймақта мекендеуінің хронологиясы бізді тіпті, Афрасиаб кезеңіне алып баратынына куә боламыз.

Афрасиаб тұсынан Мәуереннахрды мекен еткен осы түркілер аймақтың парсыланып кетуінен Бұл кезеңде түркілер белсенді түрде дәстүрлі иран тілдес отырықшылар территориясына белсенді түрде еніп, бұл аймақты біртіндеп түркілендіріп, енді үнді-ирандықтар мекендейтін аймақтарға да ену қауіпін тудыра бастаған болатын. Якуби Шаш туралы жаза келіп бұл жерлерді Хорасан мен Систанды (Иранның солтүстік-шығысы мен шығыс аймақтары – Ж.Ж.) толығымен иеленіп отырған түркілердің жері екенін көрсетеді [9]. Истахридің жазуынша «Халаджар түркілер қауымынан болатын. Ертеректе осы жерге (Систан) келді. Түрлері түркілерге ұқсас, түркілік салтты ұстайды, түркі тілінде сөйлейді» [10]. Осылайша, түркілер өздерінің тарихи отандарын тастап шығып, көрші аймақтарға ығыса бастады. Бұл процесс түркілер үшін із-түссіз қалмады. Түркі тілі мен мәдениет, рухани құндылықтары сақталып қалғанмен, иран тілдес этникалық халықтардың әсеріне ұшырамай қоймады.

Жағрапиялық жағынан Хорезм көшпенді түркі тайпаларымен шекаралас болды. Бұл көршілік олардың этникалық құрамы мен тіліне әсер етпей қоймады. Хорезм даласының түркіленуінен кейін Хорезмнен басқа да аудандар түркілене бастады. X ғасырда тіпті, хорезмдіктер мен түркілердің сырт пішіндерінің ұқсастықтары да байқалады.

Осылайша, жазба деректері, соңғы жылдары жүргізілген археологиялық, антропологиялық және топонимо-лингвистикалық зерттеулер біздің жыл санауымызға дейінгі II–I мыңжылдықтарда-ақ түркілер Орта Азияны мекен еткенін көрсетеді. Кейін, бұл аймақты үндіариіліктердің жаулап алуынан соң олар солтүстікке қарай қоныс аударды да, аймақ парсылана бастады.

Қоңырат тайпасының екінші тармағының Жер ұлы аталуы да олардың көне қоғамдағы саяси-әлеуметтік статусынан бұлыңғырланған түрде хабар беріп тұр.

Отырықшылық өмірге ауысқан түркілер біршама уақытқа дейін өздерінің дәстүрлі шаруашылық тәсілінен қол үзбей, бұрынғы көшпенді-жауынгерлік рухтарын сақтап қалды. С.П. Плетнева: «жаңадан отырықшылыққа көшкен көшпенділер өмірі, дәстүрі мен наным ескі дәстүрге толы болды: олар бәрібір тамаша шабандоздар мен жауынгерлер болып қала берді» [11] дейді. Түркілердің көп сандылығы және жаңа жерлерде тұтаса орналасуы олардың өз мәдениеті мен тілдерін сақтап қалуда оң ықпал жасады.

Орта Азия мен Алдыңғы Азия арасындағы құрлықаралық саудада ара ағайындық роль атқарған аймаққа түркілердің келуі, мұның алдында шекаралық аймақтарға келіп сауда-саттық айырбас жасауды місе тұтқан түркі-көшпенділердің енді әлемдік сауда айналымына шығуына оңтайлы ықпал жасады.

Түркілердің жаңа аймаққа қоныс аударуы олардың осы аймақ халқымен өзара мәдени алмасулармен қатар жүрді.

Осы кезеңге дейін, яғни ғұндар, көне түркілер кезеңіндегі қоңыраттардың саяси белсенділігі ғұндар салтанат құрған аймақтарда қалған қоңыраттарға тән

жер-су аттарынан анық білінеді. Қоңыраттарға қатысты, олардың атымен тығыз байланысты жер-су атаулары Перекоп уездіндегі Ташқазған қоңырат, Алғазы қоңырат, Евпаторидегі Тәтіш қоңырат, Молдовадағы Комрат гагауз қаласы және т. б. ғұн империясының түкпір-түкпірінде шашыла орналасып жатты.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Гумилев Л.Н. Көне түркілер. – Алматы: Білім, 1994. – 74 бет.
2. Мырзахметұлы М. Түрік халықтары рухани әлеміндегі өзгерістер. Қазақтану. Халықаралық ғылыми журнал. – №1(02) 2007. – 59 бет.
3. Kafesoglu I. Eski turk dini/Turk milli kulturu. – Istanbul. 1999. – 20 бет.
4. Кузеев Р.Г. Происхождение башкирского народа. Этнический состав, история расселения. Ответственный редактор Т.А. Жданко. – Москва: Наука, 1974.
5. Тарих нама-и Булгар («Таварих-и Булгарийа», «Дастан-ы тарих»).
6. Чоротегин К. Расселение монгольских и тюркских племен в регионах Центральной Азии до монгольских времен (по мусульманским источникам IX–XIII вв.). – Бишкек: Ылым, 1995. – 12 бет.
7. Ходжайов Т.К. Этнические процессы в Средней Азии в эпоху средневековья // АН УзССР. – Ташкент: Фан, 1987. – С. 21–22.
8. Г.П. Снесарев. Объяснительная записка к «Карте расселения узбеков на территории Хорезмской области» // Хозяйственно-культурные традиции народов Средней Азии и Казахстана. – М., Наука, 1975. – С. 75–95.
9. Иакуби Ахмад. Ал-Булдан. – Тегран: ВТНК, 1347х/ж. – 71 бет.
10. Истахри, Абу Исхак. Масолек ва мамолек. – Тегран: ВТНК. 1347х/ж. – 196 бет.
11. Плетнева С.А. Кочевники средневековья: поиски ист. закономерности. – Москва: Наука, 1982. – 79 бет.

Діни наным-сенімдер ұлттың тұрақты дамуының факторы ретінде

Алмас АРЗЫҚҰЛОВ,
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың
бас ғылыми редакторы, тарих магистрі

Халықтың діні, наным-сенімдері мен көзқарастары оның тарихына, рухани-мәдени, саяси өміріне үлкен әсер ететін фактор болып табылады. Дін – руханияттың өзекті саласы. Дін тарихын білмейінше белгілі бір аймақты мекендеген халықтардың тұрмысын, өмірін, мәдени болмысының қыр-сырын терең тану мүмкін емес, яғни кез келген ұлттық мәдениеттің рухани бастауларын, оның менталитеті мен дүниетанымын ұғыну үшін мәдени тұтастықтағы діни жүйелерді терең зерттеп, зерделеудің маңызы ерекше. Ежелгі руханиятта дін оның негізгі құрамдас бөлігі екендігін ескерсек, айтылған тұжырымның маңыздылығы арта түседі. Себебі дін өткен тарихи дәуірлерде мәдениеттің барлық салаларын қамтып жатты.

Көптеген мәдениеттанушылар дін мен наным-сенімдер мәдениеттерді бір өркениетке біріктіретін фактор ретінде қарастырады. Н. Данилевский, К. Ясперс, А. Тойнби, О. Шпенглер секілді ғалымдардың еңбектерінде тарихи-мәдени типтердегі діни ерекшеліктер бітім құрастырушы және мәдени айрықшалықты білдіретін нышан ретінде баяндалады. Үлкен өркениеттердің қалыптасуында ұлттық діндердің тар шеңберден шығып, рухани-мәдени тұтастықты құрауы, дүниетаным мен адами қасиеттердің жаңа мазмұндарын қалыптастыруы ерекше маңызды.

Қазіргі заманғы халықаралық қатынастарда Шығыстың экономика саласы (стратегиялық ресурстарға, оның ішінде мұнайға бақылау орнатуы) мен саясаттағы (дамушы мемлекеттердің ықпалының артуы, бейтарап мемлекеттердің санының көбеюі) рөлінің күшеюі байланысты зерттеушілердің назарын өзіне аударып отыр. Бұл зерттеулер негізінен Шығыс елдерінің ішкі құрылымына, олардың ұлттық-мәдени дәстүрлері мен әлеуметтік даму ерекшеліктеріне арналған.

Қазіргі кезде көптеген Шығыс елдері жаһандану үрдісі мен батыстық ықпалдың күшеюіне қатысты қалыптағы өмір дағдысының өзгерістерге ұшырауын бастан кешіріп отыр. Осы үрдістің барысында ұлттық қарсылықтың белгісі ретінде алдыңғы қатарға белсенді түрде наным-сенімдерге негізделген ұлттық-мәдени дәстүрлер шығады. Нәтижесінде қоғам мен наным-сенімдер біртұтас күш ретінде ішкі трансформацияның сыртқы ықпалдарға тұрақтылығын арттырады.

Сонымен, заманауи Шығыс Батыспен салыстырғанда әлдеқайда дәстүрлі және наным-сенімдерге негізделген қалпын жоғалтпаған. Бұның себебін оның даму жағынан артта қалғанымен қатар, ұлттық-діни дәстүрлер ол үшін жаһандануды бастаған батыстық капитализм алдында өзінің ұлттық «мен», этностық бет-бейнесі, өзіндік жөн-жоралғы мен әдет-ғұрыптарын сақтауға негіз болатын қорғаныс сауыты іспетті.

Осындай Шығыс елдері қатарынан саналатын Қазақстанның тәуелсіз ел болып қалуы оның саясаты, экономикасы немесе қарулы күштеріне ғана қатысты мәселе емес, сонымен қатар ұлттың, мемлекеттің тәуелсіз және өзіндік болмысын сақтап дамуының бірден-бір жолы – ата-баба заманынан келе жатқан наным-сенімдері мен дүниетанымына қатысты ырым, салттарды сақтай отырып өркендеуі маңызды екендігін түсіну қажет.

Бүгінгі күні орын алып отырған жаһандану үрдісі мен адамзат дамуының дәрежесі белгілі-бір ұлттың өркениетіне, оның ішінде рухани мәдениетінің басқа халықтармен араласып, барлығына ортақ наным-сенімдер мен діни көзқарастардың қалыптасуына алып келеді. Алайда, өркениет ағымына қосылған этностар мен этностық топтар өркениетке ортақ дінді, оның рәсім-рәміздерін қабылдағанмен, олардың наным-сенімдері мүлдем жоғалып кетпейді. Олар халықтың әдет-ғұрпында, дүниетанымдық рәміздерінде, дүниені түйсінуде, сезінуде сақталады. Мысалы, осы себепке байланысты қазақтардың діни көзқарасында Алла мен Тәңірі ұғымдары синонимдер ретінде қолданылады. Әрине, қазақ мәдениетінде қалыптасқан архетиптік наным-сенімдерден исламдық діни жүйеге ауысуы бірнеше ғасырларға созылды және бұл қарым-қатынас тұтастану бағытында өтті.

Ислам діні мен араб мәдениетінің қазақ халқының руханиятына тигізген игі әсерін, тарихтағы үйлестіруші қызметін теріске шығаруға болмас, алайда қазақтарды өзіндік халық, этнос ретінде қалыптастырған, руханиятының өзегін құрап, тұрақтандырған архетиптік наным-сенімдерін ұмытпаған жөн, оларсыз мәдениетімізді толыққанды түсіну мүмкін емес. Қазақтардың діни жүйелерін қарастырғанда олардың бір-бірімен қатар дамығанын, оларды бөліп қарастыру тек ғылыми абстрактілеу арқылы, қолайлылық мақсатында қолданылғанын естен шығармаған жөн. Нақтылы тарихи даму барысында олар бір-бірімен қабаттасып, тұтасып кеткен.

Қазақтардың мифологиялық және архетиптік тарихи даму кезеңдерінде генотиптік діни жүйелер басым болды. Генотиптік діни жүйе – бұл рулық-тайпалық қауымға тән ілкі ата текті қастерлеп, оларды жаратушы және қоғамдық өмірдің барлық салаларында шешуші күш ретінде қабылдайтын сенімдер мен нанымдардың бірлігі. Генотиптік сенімнің орталық бейнесі – аруак. Ата-баба аруағын қастерлеу – сақтар заманынан осы күнге дейін жалғасқан дәстүр. Қазіргі күндері ел мен жерді жаудан жан аямай қорғап, ерлігімен, әділеттілігімен көзге түскен, сол арқылы халық жадында сақталған Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Райымбек сияқты батырларды, Төле, Қазыбек, Әйтекедей билерді қастерлеп, оларға атап ас беру – осы дәстүр көрінісі. Артында қалған ұрпағы о дүниелік болған адамның аруағын риза етуді парыз санаған. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген халық даналығында аруаққа деген көзқарас айқын көрініс тапқан. Осыған қатысты қазақтардың (сақтар, түркілер) ежелгі заманнан бастап қазіргі кезге дейінгі жерлеу салттарына қатысты ырымдары өте қызығушылық тудырады.

Адам баласы өз табиғатында тек тәндік қана емес, сонымен қатар руханилықтың бар екендігін ерте ұғынса керек және ол осы ұғымын мифологиялық тұрғыда бейнелеген. Мысалы, Өгізхан, Шыңғысхан туралы аңыздарда олар күн сәулесінен жаралған делінеді. Бұл аңыздарда хан қызы күн сәулесі түскеннен кейін жүкті болып, ұл туады. Аталған аңыздарда ел билеуші хандардың құдайлық табиғатын, яғни билігін заңды деп тану мағынасында қолдану кейінгі кездерде қалыптасқан, ал олардың бастапқы мәні адамның руханилығын, трансценденттігін негіздеу болып табылады.

Көк аспанды, жұлдыздарды, күн нұрын — жан тұрағы деп қарастыру оларды құдіреттендіруге жол ашады. Дамудың белгілі бір сатысында адам болмыс пен сананың, тән мен рухтың аражігін ажыратады және соңғысын жоғарғы әлеммен байланыстырады [1, 44].

Көне түркілердің генеалогиялық мифтері тотемистік нанымдардың да генотиптік сипатта болғандығын айқындайды. Түркілердің ұйытқысы болған ашин тайпасының өкілдері өздерін көк бөрінің ұрпақтарымыз деп санаған. Сондықтан да, көк бөріні өздерінің тотемі ретінде қабылдап, оған табыну ата-баба рухын құрметтеу деп саналған. Ежелгі түріктердің көк бөріден тарауы туралы бірнеше аңызда айтылған. Жау шауып кеткен тайпа жұртында қалған мүтедек баланы құтқаруы мен оны іздеген қуғыншылардан құтылу үшін бүкіл даланы батыстан шығысқа кесіп өткен Бозқұрт осылайша түркі тұқымының жойылмауының кепілі ретінде танылады [2, 342]. Көк бөрінің табиғи қасиеттері: ақыл, батылдық, қайраттылық, жанқиярлығы мен бір-біріне адалдығы түркілерді тәңгі еткен. Бозқұрттың қолға үйретуге келмей, бостандықты қалауын ежелгі түркілер үлгі ретінде алып, өз бойларына сіндірген. Аңыз бойынша, ертеде адамдардың ар-ожданнан безіп, азғындауы нәтижесінде Аспан мен Жер (Тәңірі мен Умай) арасы бұзылған рухқа толып, тазару мүмкін болмайды. Сонда Аспаннан Бозқұрт түсіп, түркілерді, сосын бүкіл халықтардың тазаруына (рухани) әсер еткен. Сондықтан да, түркілер ата-баба рухының жердегі бейнесі көк бөріге табынып, оның атын (қасқыр деп) ешқашан атамаған. Бозқұрттың Аспаннан жаратылғанының белгісі ретінде оның түсінің көктігі айтылса, қазіргі кездегі қазақтар арасындағы «Иттің иесі болса, бөрінің Тәңірі бар» деген мақал оның шығу тегін білдірсе керек.

Исламға дейінгі қазақ халқының рухани мәдениетіндегі келесі бір маңызды нанымдар – тәңірлік сенім мен шаманизм айрықша орын алады.

Тәңірді зерттеушілердің тұжырымында еуроазиялық көшпелі шаруашылық – мәдени типтің қажеттіліктеріне икемді сенім жүйесі ретінде бейнеленеді, яғни ол көшпелілердің шындықтағы болмыс тәсілінен, дүние түйсінуден туындаған. Академик Ғарифолла Есім «Хакім Абай» кітабында тәңірге сыйыну – сенім емес, дін емес, ол Адам мен табиғаттың арасындағы үйлесімділікті мойындағандық деп тұжырымдаған [3, 9]. «Тәңірді мойындау адам еркін шектемейді. Тәңірге көзқарас өзіне қарама-қарсы түсінікті қажет етпеген. Себебі, Тәңір – деген табиғат, ол өмір сүру үшін қажетті жағдай. Тәңір табиғаттың өзінен туған түсінік. Оны табиғаттың синонимі деп те қарауға болады. Адамның табиғатқа табынуы, бір жағынан, натуралистік түсінік болса, екіншіден, өзінен тыс рухты іздеу, оны субъект ретінде қабылдау, дерексіз ойлаудың жемісі», – дейді. Яғни, біздің арғы ата-бабаларымызға догматталған діни жүйелерге қарағанда, ашық дүниетаным тұрпатындағы сенім көбірек тән, жан дүниесі мен рухани ізденістеріне әлдеқайда

жақын. Барлық діни жүйелердегі тәрізді тәңірлік сенім де табиғат күштерінің күдіреттендіруден, құпия тылсым тіршіліктің терең қатпарларынан тамыр алады. Алайда, Тәңірге табыну діни түсінік эволюциясындағы табиғат діндерінен кейінгі жоғары саты болды. Барлық халықтар рухани дамуында діни көзқарастар эволюциясын бастан өткізді. Әрине, оны бірінен соң бірі келетін діни жүйелер хронологиясы деп қарастыруға болмайды, шындық әрқашан теорияға қарағанда әлдеқайда күрделі, көпжақты болып келеді.

«Ол (тәңір) – әр түрлі наным-сенімдердің, көбіне табиғатқа, оның стихиялық күштеріне табынудың және оларды бұрмалап бейнелеудің біртіндеп дамуынан туған құбылыс. Тәңірліктің дүниетанымдық негізі дүниедегі заттар мен құбылыстар жанданған деп қарастыратын натурфилософиялық гилозоизм болып табылады, ол түптеп келгенде табиғатты құдай деп қарастыратын пантеизмнің негізін құрайды», – деп жазады С.Н. Ақатаев [4, 24]. Қалыптасуының бастапқы сатысында Тәңір протоқазақтардың құдайлар пантеонындағы жоғарғысы деп танылады. Ежелгі қазақтар тәрізді қазақтардың ілкі тектері де табиғат объектілері мен құбылыстарын құдайландырып, оларға табынған.

Тәңірлік діннің өзіне тән ерекшелігі – ол өзіне дейінгі діни наным-сенімдерді теріске шығармайды, қайта оларды бір жүйеге келтіріп синтездеуші рөл атқарады. Плано Карпини түркілердің бір құдайға иланатындығын айта келіп, «... оның үстіне олар күнге, айға және отқа, сонымен бірге таңертін сыбаға аржеудің немесе су ішердің алдында сол ас-дәмдерінен ауыз тидіретін сыбаға арнап, су мен жерге де құдай деп табынады», – дейді. В.В. Радлов: «Ежелгі түркілер дінінің негізі Көкке (Тәңір) және Жерге (жер-суға) сыйыну болды», – деп жазады [5]. Көк аспан ретіндегі Тәңір өзінің жоғарғы құдай ретіндегі маңызын жоғалтпайды, өйткені, матриархалдық қауым орнына келген патриархалдық-қауымдық қатынастардың күшейіп, нығаюына байланысты ол зор, қаһарлы тұлға сипатына ие болады. Тәңір сөзінің этимологиясын С. Ақатаев «таң» және «ер» сөздерінің бірігуінен шығуы мүмкін деп қарастырады. Бірінші буын «таң», автордың пікірінше, күннің шығуымен байланысты болса, «ер» – түрік тілдерінде ер адамды білдіреді. Осы тұрғыда Тәңір «Күн адам», «Аспан адам», яғни құдай дегенді білдіреді.

Тәңірлік дін адамды өз іс-қимылына, әрекетіне, пиғыл-ниетіне есеп беріп отыруға үйретеді, ісі түсіп, жолы болса түркілер Тәңір қолдады, дейді, қателік жасап, адасса, «Тәңірім, кешіре гөр», – дейді. Тәңірді түркілер барлықты жара-тушы «объективті идея» ретінде қарастырса, жер-су – тіршіліктің тірегі [2, 23].

Жер-су құдайына келетін болсақ, ол да табиғатты пір тұтудан туындайды. Алтайлық аңызда: «Үлген жаратылысқа дейін шексіз-шетсіз, түпсіз-тұңғыық теңіз үстіндегі кеңістікте тіршілік етеді. Сонда Үлгенге судан Ақ ана шығып, оған жер мен аспанды жаратуды үйретеді» делінген. Бұл аңызда да матриархаттық, рулық, қауымдық қатынастар ықпалы байқалады. Матриархаттық-рулық қауымнан патриархалды қауымға біртіндеп өту барысында жер-су соңғы орынға ығыстырылады.

Бұлардан басқа көне түркілердің наным-сенімдерінде әйел-құдай – Ұмай ерекше құрметтелген. Әйел тәңірі Ұмай – отбасы мен бала-шағаның жебеушісі болған. Аталған үш құдай түркілердің пантеонында маңызды болып саналады. Тоныкөк құрметіне орнатылған ескерткіште: «Көк, Ұмай құдай, Қасиетті жер-су, міне, бізге жеңіс сыйлаған осылар деп ойлау керек!», – делінеді. Түркі мен

моңғолдарда Ұмай мейірімді құдай мен әруаққа теңестірілген әйел құдайы болып есептелетін. Ол аспан әлемінде өмір сүріп, аспан әруағы Тәңірдің сүйікті әйелі болатын. Йер-суб (Жер-су) секілді Ұмай да Тәңірге бағынып, бұйрықтарын орындайтын. Егер Йер-суб (Жер-су) құдайы құрлық пен судағы тіршілікті өзіне бағындырса, Ұмай құдайы адамдарға қасиеті күш беретін. Ұмай құдайды көзге елестету өте қиын. Аспан әлемінде өмір сүріп, адамның денесінен өтетіндей жер бетіне шуағын төгетін және ол ыстық шок секілді адамның өмірінің аяғына дейін бойында қалатын. Бұл шок адамның денесіне энергия мен күш-қуат беріп тұрады, бірақ не әруақ не құт болып есептелмейді. Ол құдайға тән күш беріп, аспандан адамға қасиет жіберіп, оны аспан әлемімен байланыстырып тұрады. Егерде, шок өшіп қалса, адам өшіп, өлетін болған. Осылайша, әлемдегі барлық рухани және материалды байлықтар Йер-суб және Ұмай құдайларға бағынатын болған. Ал Түркілерде Ұмай бүкіл түркі халқын қорғап, оған сыйынатын әйел құдайы. Йер-суб Тәңірмен бірге жеңіске жету үшін, жауға қарсы соғысатын болған. Орхон жазуларында қағанның әйелін Ұмаймен салыстыру кездеседі: «... ұлы мәртебелі менің анам-қатынға, Ұмай секілді...», бірінші ретте жер бетінде қасиетті билік жүргізген өкілдері-қағандар, осы құдай-ананы ежелгі түркілердің ең жоғарғы билік басы ретінде құрметтейтіні дәлел болып отыр [2, 107].

Түркілер Ұмай құдай-анаға үй жануарларын құрбандыққа шалған емес. Олар сүт және ет өнімдерінен ас әзірлеп, оған арнап салтанатты рәсім өткізетін болған.

Ежелгі түркі елінің мемлекеттері және Евразияның ежелгі түркі халқының ыдырауынан кейін Ұмай құдай-ана бала туған әйелдер және кішкентай балалардың жер бетінің зұлым күштерден қорғаушы ретінде Ұмай құдай-ананың бейнесі алтай түркілерінің есінде әлі күнге дейін сақталған. Баланың құты жер бетіне түскенде ол әлсіз және дәрменсіз болатын, сондықтан онымен бірге аспандан Ұмайда түсетін болған, ол оны анасының құрсағында қорғайтын болған. Ол қажеттілігі болды, өйткені зұлым күш адам кейпіне еніп, аяғы ауыр әйелдің ішіне кіріп, баланы өлтіріп, түсік тастауына әкеп соғуы мүмкін еді. Әйел босанар кезде Ұмай баланың туылуына көмек беретін, кейде баланы өзіне қарай тартып, туылуына кедергі ететін зұлым күштермен күреске түсетін. Осының салдарынан қиын және ұзақ толғақ болатыны кездеседі. Ұмай кіндігін қауіпсіз кесуге көмектесетін. Ол тек баланы қорғап қана емес, оған күтім жасап, оның бетін жуып, кірпіктерін тазалайтын болған. Ұмай бөбекті ойнатып, тәрбиелеп, онымен өз тілінде сөйлесетін. Олар бір-бірін жақсы түсінетін болған. Кейде бала түсінде немесе өңінде бесікте жатып жымылып, күле бастайтын. Бірақ кейде бала түсінде жылап, мазасыз ұйықтайтын болған, бұндайда Ұмай одан кетіп қалған деп түсінетін. Кейбір алтай түркілері бала алты айға толған кезде жас бұзау сойылып, Ұмай-анаге зікір салдыруға арнайы бақсы шақырылатын. Зікір салдыру себебі Ұмайдан балаға жақсы күтім жасап, қорғап жүруін тілейтін. Сонымен қатар, бесіктің арқалығына нәрестені зұлым күштерден қорғайтын Ұмайдың қаруын білдіретін тұмар ретінде садақ пен жебенің кішкене түрін іліп қоятын болған. Ұмай баланың жүруді үйреніп, жүгіріп және ең бастысы еркін сөйлеп, түсінгенге дейін қорғап жанынан кетпейтін болған. Бұл уақытта бала 5–6 жасқа жететін. Бұдан кейін бала өзін қоршаған әлеуметтік орта, ата-анасы және туыстарының арасына еніп, еңбекке баулып, өзінің құрдастарымен ойнаған. Осы кезден бастап оның Ұмай-анамен байланысы тоқталды. Кәмілет жасқа

жеткенінде ата-анасының сұрауымен балаға ұзақ жас тілеп, құрбандық малы шалынып, балаға құт беретін Тәңіріге арнап зікір салу әдісін жасайтын. Кейбір алтай-саян түркілерінде адам өмірге келуімен байланыстыратын құдайдың архаикалық қасиетті белгілері мықты сақталған. Аспан құдайларының әмірімен жер бетінде туылған нәрестелер қара күштерді ерекше сезетін болған. Балалар үлкендерге қарағанда әрине бақсыларды қоспағанда, үйдің ішіндегі қара күштерді көріп және сезетін болған. Әйелдің биологиялық бастамасы ретінде Ұмайдың атының өзі ананың құрсағы, жатыры және баланың кесілген кіндігі деген мағынаны білдіреді. Оның аты Ұмайдың құдай-ана ретінде халықтың санын көбейту қызметін атқару ерекшелігін білдіреді. Баланың сәби кезінде шетінеп кеткен немесе балалары болмаған ерлі-зайыптылар одан бала тілейтін болған. Бақсылар қиын толғақ кезінде Ұмайға зікір салатын болғандықтан, әйелдер она Ұмай-ана деп атап кеткен. Дәстүр бойынша Ұмай балаға әрдайым қамқор болып жүреді деген ұғыммен, баланың кіндігін киіз үйде ошақтың жанына көміп тастайтын болған. Көптеген түркі отбасыларында нәрестеге тұмар болатын, символикалық кескін ретінде ұршық және садақ пен жебе жасап беріп, Ұмайға сыйынғанын білдіретін болған. Ұл балаларға садақ пен жебе, ал қыздарға ұршық жасалатын. Бұл тұмарлар әдетте баланың бесігінің жанына ілінетін болған. Жаңа туылған баланы бақсыны шақыртып алғашқы рет бесікке жатқызған кезде ілініп, ал бала өсіп, бесікке жатпайтын кезде алынып тасталынған. Ол исламға дейінгі дастан мен аңыздарда, тіл мен салт-дәстүрлерде ғана сақталған [6, 111].

Қазақ мәдениетіне үлкен ықпал тигізген келесі діни наным-тип – шаманизм (бақсылық) болды. Шаманизм ұғымы ғылыми әдебиетке XVIII ғасырда енгенмен, ол туралы айқын түсінік әлі қалыптасқан жоқ. «Шаманизм» термині әр түрлі мағынада қолданылады. Кейбір зерттеушілер шаманизм дін емес, себебі онда құдай туралы түсінік жоқ десе, басқалары оны діннің әмбебап формасы деп санайды. Бұл құбылысты ғылыми бағалауда да қарама-қарсы көзқарас бар. Бақсылық қасиеттің психикалық науқаспен байланысына басты назар аударған зерттеушілер, оны ессіздікке табыну (культ безумия) деп қарастырса, ғалымдардың басқа бір тобы қазіргі психоанализдің түп бастауы деп бағалайды.

Шаманизмді зерттеген еуропалық ғалымдар көп құнды пікірлер айтқанмен, ғылымдағы еуроцентристік көзқарас шеңберінде қалып қойды. Шаманизм олар үшін бөтен мәдениет туындысы болғандықтан, еуропалықтар оған экзотикалық құбылыс, архаикалық дүниетаным рудименті ретінде қарады, ал бұл шаманизмге әділ ғылыми баға беруді қиындатты.

Шамандық наным-сенімді жүйелі түрде, оны қалыптастырған мәдени жүйемен бірлікте, тұтастықта зерттеген ғалымдар Д. Банзаров пен Ш. Уәлиханов болды. «Шамандық дегеніміз, – дейді Шоқан, – әлемді, дүниені сүю, табиғатқа деген шексіз махаббат және өлеңдердің рухын қастерлеу, аруағын ардақтау. Шамандық сенім табиғатқа бас иеді». Қоғамдағы шаман рөлін де қазақ ғалымы басқа тұрғыдан бағалайды: «Шамандар аспан Тәңірі мен рухтың жердегі қолдаушы адамдары ретінде саналған. Шаман сиқырлық қасиеттермен қоса білікті, талантты, басқалардан мәртебесі жоғары: ол ақын да, сәуегей және емші, сегіз қырлы, бір сырлы адам болған» [7].

Ғалым В.Н. Басилов шаманизмді революцияға дейінгі Қазақстанда кең тараған діни наным-сенімдердің айрықша формасы деп санайды. «Шаманизм анимизм мен магия элементтері басым «пұттық» діндердің күрделі қоспасы»

[8, 87]. Бұған қарама-қарсы көзқарасты Ғ. Есімнің «Шамандық деген не?» атты мақаласынан кездестіреміз. Автор шамандық пен бақсылықты әр түрлі, үш қайнаса сорпасы қосылмайтын құбылыс деп қарастырып, шамандық туралы былай дейді: «...шамандық деген дін жоқ. ...шаманизм діндердің синкретизмінен туған, қолдан жасалған түсінік».

Шамандықты зерттеген қазақ ғалымдарының бір тобы оны адамның виртуалдық, тылсымдық дүниесіне әсер етудің ерекше дәстүрі деп санайды. М.С. Орынбековтің пікірінше, бақсы адам мен әлем арасындағы ажыраған байланысты қалпына келтіреді. Мистикалық желігу, зікір салу практикасы арқылы адам мен әлемді біріктіріп, сананың тұтасуына ықпал етеді. «Шаман дүние түйсінуінің негізі бұл дүниедегі сананың толымдылығы, үйлесімділігі, кең ауқымдылығы болып табылады. Ол сырқат адам мен дүние арасындағы үйлесімділіктің бұзылуының салдары» [9, 67].

Шамандық қасиет адамға рухтың қалауымен қонады, бақсы зікір салардың алдында рухтарын көмекке шақырады. Көңіл аударатын тағы бір нәрсе шамандық тұқым қуалаушылық, тегіне тартушылық арқылы мұраланады. Барлық шамандар өз әулетінде, ата-бабаларының бірінде осындай қасиет болғандығын айтады. Осыны ескере отырып, біз шамандықты генотиптік сипаттағы діни жүйе деп санаймыз және оның төмендегідей ерекшелігін атап өтейік: шаманизмде өлі табиғат ұғымы жоқ, табиғат жанданған, барлық құбылыстың, жер мен судың киелі иесі бар. Адам мен әлем тұтас. Оларды бөліп тұрған құз-жартас жоқ. «Адам – табиғат патшасы», – дейтін еуропалық ұран шамандыққа жат. Адам қанша құдіретті болса да табиғаттан жоғары емес, ол тіршіліктің ерекше бітімі. Дүниедегінің барлығы бір-бірімен тығыз байланыста. Бұл байланыс шаман-медиум арқылы іске асады. Ғарышты мекендейтін рухтар адамның күнделікті тұрмысына жақын араласып отырады, қолдайды немесе жазалайды. Рух ниетін, әмірін адамдарға жеткізуші тұлға – шаман, бақсы. Шамандық қасиет тұқым қуалау, тегіне тарту, рухтың қонуы арқылы дариды. Шаманизм рулық қоғамның діни идеологиясы ретінде қалыптасады, шаман бір әулеттің немесе рудың абызы қызметін атқарады. Ол діни әдет-ғұрыптарды өткізеді, әулеттің немесе рудың болашағын болжайды, сол арқылы шаруашылық әрекетін, тұрмыс-тіршілігін айқындайды.

Шаманның рухтар тандаулысы болуы және сәуегейлік, яғни болашақты болжау қасиеті әлемдік діндердегі пайғамбар идеясының қалыптасуында маңызды рөл атқарған деп топшылауға болады, сол сияқты жаратушыны таза рух ретінде түсінуде де шамандық әсерін жоққа шығаруға болмайды. Жалпы жаратушы-құдай идеясының түп-тамыры табиғатқа табыну, оны құдіреттендіру мен аруаққа, рухқа табыну десек, артық айтпаған болар едік.

Қазақ халқының арасында шаман атауына қарағанда бақсы атауы кең таралды. Біздің пайымдауымызша, бақсылық шамандықтың инварианттылығы, яғни халық тұрмысына икемделген нұсқасы болып табылады. Бақсылар ислам діні таралғанға дейін ру-тайпалардың саяси-әлеуметтік өмірінде өте маңызды рөл атқарған. Олардың негізгі қызметі адам мен әлеумет өміріне қауіпті құбылыстарды залалсыздандыру, алдын алу болса керек. Бақсылар өз ойыны арқылы ұжымда қордаланып қалған жағымсыз психикалық қуатты бейтараптандырып, әлеумет өмірін үйлестіріп отырған. Орталық Азия мен Қазақстанда ислам діні таралу барысында шамандық көне наным-сенім ретінде шеттетіле бас-

тайды. Енді олар жын-шайтандармен байланысқа түсе алатын адамдар ретінде қабылданады. Қоғамда шамандарға қатысты екі ұшты ұстаным қалыптасады. Бір жағынан, олардан қорқады, өйткені олар адамға кесір келтіруі мүмкін. Сондықтан бақсылар ауылдың шетіне оңаша қоныстанады. Күнделікті тұрмыста мұқтаждықсыз оларға бара бермейді. Екінші жағынан, сыры беймәлім сырқатты тек бақсы ғана емдей алады деп саналады. Сондықтан бақсысыз аурудың алдын алу мүмкін емес. Ислам үстемдік еткен дәуірде шамандар қоғам өмірін үйлестіруші, реттеуші қызметінен айырылып, тек бақсы-балгерлік қызметін ғана сақтап қалады.

Ежелгі түркі жерінде көне түркілердің дәстүрлі наным-сенімдерімен қатар басқа да діндер таралды. Солардың ішінде ең байырғысы зороастризм діні болды. Кеңес дәуірінің шығыстанушы ғалымдары В. Струве, В. Абаев және т.б. бұл діннің Орталық Азия мен Қазақстан жерінде б.з.д. VII ғасырда таралғандығын атап көрсетеді.

«Қазақстан жеріне әлемдік діндердің ішінде алғашқысы болып буддизм келді. Бумынның ұлы Мұхан қаған осы дінді қабылдады, ал оның мұрагері Тобо қаған «Нирвана-сутрадан» бастап будда әдебиетін түркі тіліне аударуға жарлық берді. Буддизм Шығыс Түркістандағы соңғы ғұн мемлекеттеріндегі түркілер арасында тарала бастады, ал ашин тайпасы олармен тектік тарихи байланыста болған еді». Бұл деректер М.С. Орынбековтің «Қазақ сенімдерінің бастаулары» кітабынан алынды [10]. Орталық Азиядан шыққан көшпенділер Үндістанға дейін барып, осы жерлерде Құшан, Ұлы Моғолдар мемлекетін құрғаны тарихтан белгілі. Буддизмнің бұл жерлерде таралуы империяны бір дін аясында біріктіру мүддесіне байланысты болса керек. Алайда түркілер бұл дінді жаппай қабылдады десек, тарихқа қайшы келер едік. Әрине, будда дінінің моральдық қағидалары олардың руханилығына жақын болғанмен, оның жарық дүниені тәркілеу, «әрекет етпеу» қағидаты көне түркілердің дүниетанымы мен өмірлік ұстанымдарына үйлесе бермеді. Түркілерге таныс болған мани дінінің де тағдыры буддизмге ұқсас болды. Мани ілімі баяндалған «Болжаулар кітабы» түркі тіліне аударылғанымен, бұл дін де түркілер арасында терең тамыр жаймады. Буддизммен қатар Ұлы Жібек жолы арқылы христиандық та таралды. Ол басында несториандық, кейіннен яковиттік түрінде V ғасырдан бастап қазіргі Қазақстан жеріне ене бастады және Шығыс Рим империясынан шыққан әулие Несторий сектасының өкілдерімен байланысты болды.

Византиядағы діни алауыздық пен қактығыстар христиан дінінің әр түрлі бағыттағы өкілдерінің Шығысқа қарай ойысуына ықпал етті. Орталық Азия мен Қазақстан жерін паналаған христиандар бұл жерлерде өздерінің ғибадат ететін орындарын салды. Олардың басым көпшілігі саудагерлер болатын және қағанат қазынасына алым-салықтар төлеп тұратын. Бұл жағдайда басқа дін өкілдеріне төзімділік танытып, олардың жат жерде өз діндерін ұстап, әдет-ғұрыптарына сай құдайларына табынуына мүмкіндік берілді.

Сөз соңында айтайық дегеніміз, кадым замандарда көне түркілер жері, Ұлы Жібек жолы арқылы қаншама діндер өтсе де, түркілердің негізгі сенімі Тәңірлік дін, аруаққа табыну болды. Жоғарыда аталған діндердің ешқайсысы түркілердің руханилығында олардың көне сенімдерін ығыстырып шығара алмады. Вильгельм Рубрук түркі жұртын аралаған кезінде олар өздерінің Тәңірге табынатынын және оны таза рухани мән ретінде түсінетінін атап көрсеткен. Тек ислам

діні ғана көне түркі сенімдерімен іштей синтезделіп, түркі жұртының рухани-мәдени ұстанымына айналды.

Әрине, жоғарыда көрсетілген наным-сенімдер мен ырымдардың көбі қазіргі таңда біршама өзгеріске түскен. Ежелгі түріктер дәуірінен соң қазақ халқының құрамына кірген тайпалардың рухани өміріне шеттен келген діндер әсер еткені белгілі. Бұлардың ішінде Қазақстан территориясына VIII ғасырдан бастап таралып, XIII ғасырда мемлекеттік дін ретінде жарияланған ислам дінінің орны ерекше. XIX ғасырда Ресей патшалығының жаулап алуымен Қазақстан жерінде екінші мүмкіндік алған ислам діні қазақтардың дүниетанымына біршама өзгерістер енгізген еді. Бұдан кейінгі кезеңде Кеңес үкіметінің атеистік саясаты мен қазақ халқын отырықшыландыру экономикалық саясаты да қазақтардың наным-сенімдері мен соған қатысты атқаратын салт-жораларының жаңа кейіпке еніне немесе мүлдем жойылып, ұмытылуына әсер етті.

Соған қарамастан, кейбір ертеден келе жатқан наным-сенімдер, ырымдар адамдардың күнделікті өмірінде маңызды рөл атқарып, қазақ халқының рухани мәдениетінде өзіндік орынын алып отыр.

Кез-келген халықтың рухани мәдениетінде ерте заманда қалыптасуы кезеңінен бастап қазіргі заманғы ғылым мен технологияның дамуының жоғарғы деңгейіне қарамастан сақталынып қалған белгілі-бір наным-сенімдері мен соған қатысты салт-жораларының болуы адамның (бір этностың өкілі ретінде) санасы мен оның дүниетанымының ерекшеліктеріне байланысты болып келеді.

Адамзаттың және оның жасаған өркениетіне діннің, наным-сенімдердің жүйе ретіндегі ықпалы туралы А. Тойнби өзінің «Постижение истории, Цивилизация перед судом истории» [11] атты еңбектерінде тоқталып өткен. Ол барлық адамзат тарихын діннің негізінде ежелгі мен қазіргі және батыстық пен шығыстық деп жеке-жеке өркениеттер тарихы деп бөлген. Ол бүкіл батыстық өркениет христиан діннің негізінде қалыптасса, араб-түрік-иран өркениеті исламдық, ал қытайлық өркениет қиыршығыстық өркениет ретінде қарастырады. Әрине, А. Тойнбидің тарихты зерттеудегі «діни» принципін барлық жерде қолдану дұрыс деп айту қиын. Мысалы, ол адамзат тарихындағы көшпенділіктің және сол көшпелілер құрған империялар мен олардың жасаған өркениеттерін мойындамай отыр. Ежелгі түркілердің Алтайдан Қара теңіз аралығын қамтыған империясының болғанын және олардың өздеріне тән наным-сенімдері мен аспан құдайы – «Тәңіріне» сеніп, табынған діни көзқарасқа негізделген өркениеті болғанын көрсетпеген. Сонымен қатар, діннің қоғамға тигізетін ықпалына қарамастан, оны адамзат дамуының әлеуметтік-тарихи және тарихи мәдени алғышарттарының маңыздысы деп алуға болмайды. Соған қарамастан, ортағасырлық батыс өркениеті өзінің көптеген негіздерін христиан дінінен, араб-иран өркениеті болса ислам дінінен алғандығын мойындайтын болсақ, діни-мәдени дәстүрлер өзінің ырымдары, салт-жоралары мен құрамдас бөліктері арқылы белгілі-бір өркениеттің, яғни, белгілі-бір халықтың өзіндік ерекшеліктерін айқындайтын фактор ретінде танылады.

Сол секілді еуразия даласын мекендеген тайпалар да XIII ғасырда ислам дінін қабылдаса, қазақтардың XX ғасырда атеистік Кеңес үкіметінің құрамында болуы оның рухани мәдениет үлгілеріне көптеген өзгерістер енгізді. Қазіргі кездегі қазақтардың дүниетанымынан Тәңірге сенудің қалдықтары «қазақи ислам» қағидаларымен қатар жасап отыр. Ал құдайсыз Кеңес дәуірінде туы-

лып, тәрбиеленген көптеген адамдар өздерінің дұбара сенімімен қай жаққа қосыларларын өздері де білмейді.

Сонымен қорытындылай келгенде қандайда болмасын халықтың наным-сенімдері, салт-жоралары мен ырымдары секілді рухани мәдениет үлгілерін түсіну үшін оның тарихын, орналасу аймағын, шаруашылығын және тағыда басқа дамуына әсер ететін факторларды ескеру қажет. Өйткені, рухани мәдениет – бұл қоғамның «жаны» және оны құрушы бірлігі – жеке тұлғаның өз басынан өткізіп, тәжірибе жинақтау арқылы жинақтаған ғылымы, өнері мен дүниетанымының жетістіктері болып табылады. Біздің күнделікті өмір мен даму үрдісіндегі дәстүр, салт-жоралар, наным-сенімдер мен ырымдардың алатын орының ауқымдығы сондай, кейде бұл шаралар болашақ пен рационалды дамуға қауіп төндіретін сияқты болып көрінеді. Бірақ, бұл қалыптасқан дәстүрлер мен нанымдардың барлығы да қоғам мен жеке тұлғалардың өмірінің жемісі және де олар қалыптасқан қоғамдық қатынастардың тұрақтылығының кепілі болып отыр.

Қандайда болмасын дәстүрді түсіну мен оның тарихын тану үшін оны ойлап тапқан халықтың тарихын, мәдениетін зерттеп, өмір сүру дағдысы мен тұрмысы арқылы оның жан дүниесін саралау қажет. Басқаша айтқанда халықтың наным-сенімдері бұл оның нақты өмірінің жетістіктері және де әлемдік жаһандану үрдісі жағдайында адамзат мәдениетіне қосатын өзіндік үлесі болып табылады.

Қазақ халқы (және арғы бабалары – ежелгі түркілер) өздерінің табиғи наным-сенімі Тәңірге сенушілікті ұстанғанымен де XIII ғасырда ислам дінінің таралуы, XVIII ғасырда басқа діндегі Ресей патшалығының жаулауы мен XX ғасырда атеистік Кеңес үкіметінің қол астында болуы халықтың рухани өміріне, оның ішінде наным-сенімдері, ырымдары мен белгілі-бір жағдайларға қатысты орындайтын салт-жораларына өз әсерін тигізген. Қазақстандағы қазақтардың ресми діні ретінде ислам діні танылғанымен де халықтың рухани өмірінде ежелгі нанымдар – Тәңірге сену, ата-баба аруақтарына табыну мен шамандық (бақсылық) сенімдердің қалдықтары кездесіп отырады. Қазіргі таңда көп көтеріліп жүрген «қазақи ислам» да суфизмді халықтың арасындағы шамандық ұстанымдардың негізінде дамытып отыр. Еуразияның Ұлы даласын мекен еткен еркін рухты қазақ үшін фундаментальды ислам да, христиан және басқа да діндердің жат болары даусыз мәселе.

Ал кең даланы кесе-көлденең бірнеше рет жүріп өткен көшпенді үшін өмірдің және оны маңызды өткізудің мағынасы алдыңғы орынға шыққаны белгілі. Өзінің шаруашылық жүргізуі негізінде табиғат құбылыстары мен қоршаған ортаның кереметтеріне қанық болған қазақтың (түркінің) дүниетанымы мен соған қатысты рухани мәдениетінің бай болуы да заңды құбылыс болып табылады. Бірақ, өзінің өмір сүруі барысында қолайлылыққа мән беретін әбдейсек көшпенді қазақ маңызды кез-келген наным-сенім мен салт-жоралардан бас тартпауы да мүмкін.

Осыған байланысты жаһандану мен интеграция үрдісі жағдайында қазақ халқының өзін-өзі жоғалытып қоймауының бірден-бір жолы – бұл сырттан келген діндер мен наным-сенімдерге мойын бұрмай, өзінің ата-бабасының заманына келе жатқан табиғи нанымдары негізінде өмір сүру.

Халықтың ежелден келе жатқан нанымдары атадан-балаға мұра ретінде берілу арқылы әлеуметтік тәжірибені тартып қана қоймай, сонымен қатар

ұрпақтар сабақтастығына да өз әсерін тигізеді. Дәстүрлер қоғамда екі қызмет атқарады: біріншіден, олар осы қоғамдағы тұрақтылықты сақтаудың құралы болса, екіншіден, келесі ұрпақтың өміріндегі қатынастардың орнауына әсерін тигізеді. Бұл ұстанымдар адамның рухани өміріне тікелей байланысты болғандықтан, оның өмірге, қоғамға деген көзқарасын қалыптастырады. Нанымдар мен ырымдар адам тәрбиесіне тікелей әсер етіп, оның белгілі-бір ырымдар мен міндеттерді нақты орындауын талап етеді. Қытайлықтардың мына бір қанатты сөзі осыны айқындайды: «Маған баланды қалай тәрбиелейтініңді көрсет, мен саған пиғылыңды (ойыңдағыны) айтамын».

Осылайша, дәстүрлер ұрпақтар сабақтастығы мен белгілі-бір халықтың біртұтастығын сақтаудың алғашқы түрлерінің бірі. Бірақ, өзінің тұрақтығы мен консерватистігіне қарамастан дәстүрлер қоғамның дамуы барысында өзгерістер мен толықтыруларға ұшырайды. Ал халықтардың несеме өркениеттер (А. Тойнбидің айтуынша) қақтығысы олардың біреуінің дағдарысқа ұшырап, жойылуына алып келеді. Демек, өзінің табиғи наным-сенімдері, салт-жоралары, ырымдары мен дәстүрлерінен айрылған халық та жер бетінен жойылады деген сөз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Халид Қ. Тауарих хамса (Бес тарих) // Ауд. Б. Төтенаев, А. Жолдасов. – Алматы: Қазақстан, 1992.
2. Безертинов Р.Н. Древнетюркское мировоззрение «Тэнгрианство». – Казань, 2006. – 164 с.
3. Ғ. Есім. Хакім Абай. – Алматы, 2005.
4. Акатай С. Древние культы и традиционная культура казахского народа. – Алматы: КазНИИКИ, 2001.
5. Радлов В. В. Из Сибири. Страницы из дневника // Пер. с нем. К.Д. Цивинной и В.Е. Чистовой // Прим. и послес. С.И. Вайнштейна. – М.: Наука, 1989. – С. 315–319.
6. А. Атабек. Тэнгрианство – основа национального самосознания казахов // Бензев юл. – Набережные Челны. – №1. – 19–25 с.
7. Уәлиханов Шоқан. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2010. – 376 б.
8. Басилов В. Н. Шаманство у народов Средней Азии и Казахстана. – М., 1992.
9. М.С. Орынбеков. Қазақ сенімдерінің бастаулары. – Алматы, 1999.
10. Орынбеков. М.С. История философской мысли Казахстана. – Алматы, 1997.
11. А.Дж. Тойнби. Постигание истории // Пер. с англ. – М.: Прогресс, 1991; Цивилизация перед судом истории: Сборник // Пер. с англ. – М.: Рольф, 2002. – 592 с.

Маман даярлау жөніндегі пікірлердің әлеуметтік талдамасы

Сәуле ӘЛІМБАЕВА,
М.Х. Дулати атындағы ТарМУ-дың доценті,
әлеуметтану ғылымдарының кандидаты

Болашақ – жастардікі. Осы қанатты сөзді жиі айтамыз. Дегенмен, уақыт талабына орай оны «Болшақ – білімді, білікті жастардікі» деп толықтырып айтқанымыз дұрыс болар. Себебі, еңбек тәжірибесі мол азаматтарымыздың тарапынан «осы күні жас мамандар сапасыз даярланады, олардың кәсіби біліктілігі де өте төмен» дегендей сыни пікірлерді жиі естиміз.

Жас маман... Оның басты ерекшелігі неде? Ол қандай болуы шарт? Олардың біліктілігін танытатын басты айырмашылық, сапасын бағалайтын өлшемдер қандай? Жас маманның кәсіби біліктілігін арттыруда қандай фактор басты орын алады? Осы сияқты сұрақтарға жауап бермес бұрын арнайы жүргізілген сауалнаманың ғылыми сараптамасына көз жүгіртіп көрелік. Бұл сауалнама М. Х. Дулати атындағы ТарМУ-дан 220 респонденттің қатысуымен жүргізілді. Оның ішінде 70,4 пайызы – білімгерлер, 13,6 пайыз – магистрлер, 5,5 пайыз – аға оқытушы, 4,5 пайыз – оқытушы, 2,3 пайызы кафедра меңгерушілері (доценттердің де үлес салмағы осындай), 4,4 пайыз – профессорлар болды. Респонденттерді жас мөлшеріне қарай топтап көрсетер болсақ, онда 17–22 жас арасындағылары 85 пайыз болса, 23–30 жастағылар 11,4 пайыз, 31–40 жастағылар 2,3 пайыз және 41–50 жас аралығы 1,3 пайыздық көрсеткішті көрсетті. Осыншама респонденттің 34,5 пайызы ер адам болса, ал 65,5 пайызы әйел адам болып шықты.

Сауалнамамен қамтылған респонденттердің 22,7 пайызы жаңа заманғы жас маманның кәсіби біліктілігі жан-жақты болуы керек деген көзқараста. Ол үшін еліміздің білім беру жүйесіндегі кәсіби біліктілікті арттыру ісі де жан-жақты болуы керек деп есептейді олар. Бірақ, бұл орайда енгізілген жаңалықтар күтілгендей деңгейде өз жемісін бермей отыр. Жалпы кәсіби тәжірибені жас маман қайдан жинайды? Егер де көптеген білімгер дипломдық тәжірибесін сынақтан өткізер орын да таппай жүрсе. Барғанмен де ол орындарда оқыған мамандығы іс жүзінде теориядан анағұрлым алшақ болып та жатады. Осындай үйлесімсіздіктер орын алуы жағдайында жас маманның тәжірибелілігі тұрғысында кесіп айту да өте қиын.

Сауалнамамен қамтылғандардың 20,9 пайызы қалай болғанда да білімгерлер таңдаған мамандығын терең меңгеруі тиіс депті. Таңдаған мамандығына байла-

нысты терең білімді жас маман оқу барысында, әрине, кітаптан алады. Алайда, елімізде кітап жүйесі әлі де бір қалыпқа келтірілмеген. Кітапханаларда қажетті әдебиет қоры өте аз, тіпті жоқтың қасы. Мұндайда жас маманға кәсіби біліктілігін арттыру үшін елімізде және жоғарғы оқу орындарының қабырғасында қандай жағдай жасалуы қажеттігі өзінен-өзі түсінікті емес пе?

Ал, университет қандай болуы керек? Сауалнамаға қатысқандардың 25,9 пайызы бұл тұрғыда университет басшысы ең алдымен материалдық-техникалық базаны жетілдіруге көңіл аударғаны жөн екендігін айтады. Респонденттеріміздің 26,8 пайызының пікіріне сүйенсек, жоғары оқу орындарының басшылары оқытушылардың біліктілігін арттыруда басты назарда ұстауы қажеті. Өйткені, білімгерге дұрыс жол сілтейтін де, оны оқытып-шоқытатын да – оқытушы. 14,1 пайыздың айтуы бойынша университетте жаңа замандағы қажетті әдебиеттер жеткілікті болғаны жөн. Яғни, қажетті әдебиеттер қорын жаңарту керек. Өйткені, қазіргі таңда біздің оқып жүрген кітаптарымыз шамамен б.р. ғасыр бұрын шығарылған кітаптар. Одан кейін әлемде қаншама өзгерістер болды, ғылым мен техника қарыштап дамып, әлдеқашан ілгері кетіп қалды. Ал, соңғы кездері кітаптар шығарылған күнде көбінесе сол ескі кітаптардың мұқабасын жаңартып, не болмаса қазақша аударып көшіріп басып шығару белең алуда. Қажетті әдебиеттерді жаңарту дегеніміз, жаңа замандағы ғылым мен техникадағы жетістіктер мен жаңалықтар жайындағы мәліметтердің әрбір мамандыққа байланысты ең қажеттілерін іріктеп алу арқылы жаңарту деп білеміз.

Рас, ғылым мен техника дамыған сайын білікті маман даярлау үшін білім жүйесінде соңғы кездері көптеген жаңашылдықтар енгізіліп те жатыр. Бұл өзгерістер білім жүйесіне өзінің айтарлықтай ықпалын да тигізуде. Осыншама талаптардың арасынан дұрыс жол таңдау мақсатында болашақ мамандарға ықпал ететін жағдайларды жиі зерттеп тұрған жөн. Осыдан болар, көптеген арнайы маманданған азаматтар болашақ маман – бүгінгі білімгерлердің біліктілігіне қандай фактор әсер ететіндігін ізерлеп зерттеу үстінде. Жастардың болашақта білікті маман болуына әсер ететін алғашқы фактор, әрине, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыра білуі. Білімгерлер «бос уақыт» ұғымын көңіл көтеріп, уақытты өз түсінігі бойынша өткізу ретінде түсінеді. Алайда, бос уақыт білімгерлерге бұл мақсатта емес, керісінше, өз біліктілігін арттырып, білімін жоғарылатып, логикалық ойлау қабілетін жақсарту үшін өте керек. Яғни, әрбір білімгер бос уақытында көңіл көтеріп, өз білгенімен шұғылданумен шектеліп қана қоймай, кәсіби даярлығына көңіл бөліп, жеткен табыстарында тоқмейілсіп, тоқырап-тоқтап қалмай, білімін одан әрі шыңдай түсуі қажет. «Білім – инемен құдық қазғандай» демекші, білім деңгейін көтеруге қатысты кез-келген фактордың өзіндік маңызы бар. Олардың бірінші кезектегісі, әрине, кітап. Кітап оқу арқылы біз білімімізді тереңдетумен бірге ойлау қабілетімізді, танымдық көкжиегімізді де кеңейтеміз. Сауалнамамызға қатысқан респонденттердің 43,6 пайызы бос уақыттарын кітап оқумен өткізеді екен. Олардың пікірінше, білімгер өзінің кәсіби біліктілігін көтеру үшін өзі таңдаған мамандығына байланысты кітаптарды көп оқуы тиіс. Ал, 20 пайыз респондент болашақ мамандарымыз қоғамдық жұмыстарға етене араласу арқылы ғана өз біліктілігін арттыра алады деп есептейді. Олай болатыны, кез келген жас маман болашақ жұмыс орнында тек білімімен ғана биік-биік шыңдардан көріне алмады, сонымен қатар оның бойындағы қоғаммен, болашақ әріптестерімен, бейтаныс адамдармен тез

тіл табысып кете алу сияқты қабілет-қарымы да басым болуы тиіс. Ал, мұндай қасиетке білімгер қоғамдық жұмыстарға қатыса отырып, яғни, адамдардың түрлі санаттары өкілдерімен ортақ тіл табыса отырып ие бола алады. Әлбетте, бұл пікірдің де жаны бар.

Мемлекетіміз дамудың жаңа жолына түскен сайын қоғамдық қатынастарда шетел тілінің маңызы артып келеді. Мұның дәлелі ретінде соңғы кездері елімізде тілін үйрету орталықтарының көптеп ашылуын атап өтуімізге болады. Осыдан болар, 11,4 пайыз респондент болашақ маманның білктілін арттыруда шет тілін үйренудің де маңызды екенін айтқан. Бұл жастарымыздың шетел тілін, әсіресе ағылшын тіліне деген қызығушылығының артуынан да көрініс тауып отыр.

Респонденттеріміздің 5,5 пайызы «Спорт – денсаулық кепілі» деген ұстанымды ұстанатындығы мәлім болды. Болашақ маман өз біліктілігін арттыру үшін бос уақытында спортпен шұғылдануы қажет деседі олар. Расында да, денсаулығың болмаса, адамға мамандықтың да, кәсіби өсімнің де қажеті болмайды. Дені сау адам – болашақтың кепілі.

Ал қалған 5 пайызы білмгерлер болашақта білікті маман болуы үшін достарымен тығыз байланыста болуы тиіс деп кесіп-пішіп айтыпты. Көркем әдебиеттер оқуы және жалдамалы жұмыстар істеуі керек деген нұсқалардың әрқайсысына 3,6 пайыздық респонденттік таңдау түсіп отыр. Білімгер үй шаруашылығына көмектесуі керек деген нұсқаны жақтаушылар 1,4 пайызы ғана.

Білікті маман даярлауда маңызды рөл атқаратын келесі фактор – білім беру жүйесі. Үшінші мыңжылдыққа аяқ басқалы бері білім беру жүйесіндегі аса маңызды қадамымыз – еліміздегі жоғары оқу орындарының басым бөлігінің несиелік оқыту жүйесіне ауысуы. Несиелік оқыту жүйесі оқытушылар мен білімгерлер арасында әрқилы пікірлер туындатуда. Негізінен бұл жүйе еуропалық жоба болғандықтан біздің еліміздегі білім жүйесіне жаңа ағымдар әкелді. Сондықтан болар қоғам екі топқа бөлінді. Біріншісі – жақтаушылар болса, екіншілері – қарсылар. Жақтаушылар несиелік жүйе еуропалық жүйе болғандықтан, еліміздегі білім беру жүйесін жаңа бір деңгейге жеткізеді, білім беру жүйесін халықаралық стандартқа теңестіреді, сонымен бірге жас мамандардың дипломдарын халықаралық стандартқа теңестіреді десе, қарсылар керісінше, өз мәдениетіміз бен құндылықтарымызға сай жаңа білім беру жүйесін ойластырғанымыз жөн дейді.

Несиелік оқыту жүйесіне қарсылардың басты уәжі – еліміздегі жоғары оқу орындары әлі де бұл жүйеге дайын емес. Осы орайда өз сауалнамамызда осындай «шулы» оқыту жүйесі жайында сұрай кеткенді де жөн көрдік. Сауалнамамызға қатысқан респонденттердің 34,5 пайызы бұл жүйе еліміздегі білім беру жүйесіне ешқандай да жаңалық әкелген жоқ десе, 28,6 пайызы білімгерлердің білімін халықаралық білім стандартына жақындатады деп жауап берген. Бұл жауаптардан байқайтынымыз – респонденттеріміздің басым бөлігі бұл жүйеге қарсы. Аталмыш жүйені білім беру жүйесіне енгізудің басты себебі – оқу сапасын көтеріп, білікті маман даярлауға әсер етеді деген пікір басым. Несиелік оқыту жүйесі, расымен, халықаралық білім стандартына сай болғанымен, біздің еліміздің білім беру жүйесі, еліміздегі оқытушылар құрамы мен білімгерлер мұндай тәжірибеге әлі де дайын еместігі анық байқалады.

Қандай да бір жүйе болмасын білімгерлерге білім беруге бағытталады. Дәріс бере отырып, олардың кәсіби біліктілігін арттыруға тырысады. Негізгі дәріс

беру түрлері лекция және семинар болатын. Бірақ, соңғы кездері білімгерлер бұл екі ғана түрмен қанағаттанбауды. Сауалнама барысында респонденттерден білімгерлерге болашақ мамандығын терең меңгеруге көмектесетін дәріс түрін сұрағанымызда, 40,4 пайыз респондент білімгерлерге жақсы көмектесетін бір ғана жолды көрсетті – оқытушының білімгерлермен жеке жұмыс жасау. Яғни оқытушы әрбір білімгермен жеке жұмыс жасаған жағдайда білімгердің білім деңгейі арта түспек. 30 пайызы біліктілікті арттыруға семинар сабақтары көп әсер ететінін айтады. Дәріс берудің лекция түрін қолдағандар тек 17,3 пайызда ғана құрады, ал білімгерлердің өзіндік жұмыстарын 10,9 пайыз ғана қолдаған. Яғни, несиелік оқыту жүйесінің негізгі бағыты білімгерді өзінің ізденуіне талпындыру болса, білім алудың мұндай жолын тек 10,9 пайыз ғана респондент таңдап отыр.

Жас маманға жол сілтейтін оқытушының жас маманның біліктілігін арттыруда алатын орны ерекше. Өйткені, қандай ғұлама болмасын оның міндетті түрде ұстазы болуы қажет. Себебі ұстаз бойындағы барлық кемшіліктерінді, артықшылықтарынды жіті бақылайды. Өзінді бірқалыпты ұстауға баулиды. Яғни кемшілігінді жоюға, артықшылығынды өз пайдаға пайдалануға көмектеседі. Респонденттердің 30,4 пайызы оқытушы теориялық білімді тәжірибеде қолдануға үйретуі тиіс деген пікірде. Себебі соңғы кездері таңдаған мамандығын теория түрінде бір бөлек, тәжірибе жүзінде мүлдем басқа. Осы қиыншылықты шешу үшін жоғары білікті ұстаз, сарабдал жолбастаушы қажет. Яғни, ұстаз тәжірибе мен теорияны қатар алып жүруге үйретуі тиіс. Сонымен қатар, заман өзгеріп, ғылым мен техника дамыған сайын көптеген жаңалықтар ашылууда. Ол жаңалықтар жас маманның таңдаған мамандығына да байланысты болуы мүмкін. Осындай әлемде болып жатқан жаңалықтармен ұстаз өз шәкіртін күнбе-күн таныстырып, үйретіп отыруы тиіс. Осы көзқарасты сауалнамаға қатысқандардың 19,5 пайызы қолдап отыр. Жас маман соңғы ақпаратты үйреніп қана қоймай, интеллектуалды дамыған болуы қажет. Осы орайда білімгерге бірінші болып көмекке келетін де – ұстаз. Осы көзқарасты респонденттеріміздің 18,2 пайызы ұстанады екен. Ал олардың 27,3 пайызының пікірі бойынша жаңа заман оқытушысы жас маманға ғылым мен техникадағы соңғы жаңалықтарды үйретіп, оның интеллектін көтеріп қана қоймай, сонымен қатар, болашақтағы игере мамандығына пайдалы дәріс беруі тиіс.

Сауалнамамыздың қорытынды нәтижелері осындай. Оны ойласу, ой туындату ретінде оқырман назарына ұсынып отырмыз. Оқырмандардың бұған алып қосарлары болса, құба-құп іс болар еді. Біздіңше, ертеңгі күннің иелері – жастарымыздың болашағы жөнінде бірлесе ойласу артық болмайды.

Семиотика ғылымының қалыптасу тарихы

Жұлдыз ЖҰМАШОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың PhD докторанты

Тіл мен мәдениет ұғымы қашан да егіз ұғым болып табылатыны және олар бірін-бірі толықтырып отыратын құбылыс екені қашаннан да белгілі.

«Тіл мен мәдениет қатынасының маңыздылығы мәдени зерттеулер (cultural studies) ғылымы арқасында ең жоғарғы деңгейге жетті.

Оның мынадай екі негізгі себептері бар:

1. Тіл – мәдени ұғымдарды қалыптастыратын және сол мәндерді қарым-қатынасқа түсіретін жоғары дәрежелі делдалшы.

2. Тілді біз өзіміз жайлы және қоғамдық әлем жайлы білімімізді қалыптастыратын делдалшы ретінде қолданамыз» [1, 75].

Академик Ә. Қайдардың анықтамасымен айтсақ: «Мәдениет танып-білудің құралы – тіл» [2, 13] немесе «Кез келген этностың (бүгінгі ұлыстың, халықтың не ұлттың) тілінде оның басынан өткен бүкіл өмірінің өрнегі жатыр. Халықтың, яғни этностың шын мәніндегі болмысы мен дүниетанымы оның тілінде ғана сақталады. Әр түрлі заттың, құбылыстың аты-жөні, сыр-сипаты, қоғамдық қатынастар, әдет-ғұрып, салт-сана мен дәстүрлер жайлы мағлұматтардың бәрі де кейінгі буындарға тек тіл фактілері арқылы ғана, яғни тілдегі сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, аңыз-ертегілер арқылы жетіп келуі мүмкін» [2, 21] деген пікірлері де дәлел бола алады.

Алайда тіл мен мәдениеттің өзара етене байланысы, өзара тәуелділігі ғылыми тұрғыда тек XX ғасырдан бастап ғана ғылыми түрде зерттеле бастады. Гуманитарлық ілімдерде структурализмдік бағыттың дамуымен лингвистика жаңа қырынан зерттеле бастады. «Структуралистік лингвистика XX ғасырдың басында тіл білімінде қалыптасқан және де XX ғасырдағы тіл білімінің философиялық және мәдениеттанушылық бағытын айқындаған бағыт болды. Бұл бағыт біз әлемге тіл арқылы қараймыз, сондықтан біз көретін ақиқатты айқындайтын – тіл деген гипотезаны ұсынды. Аталмыш бағыттың қалыптасуына себеп болған ең негізгі еңбек Женевалық лингвист Фердинанд де Соссюрдің «Жалпы лингвистика курсы». Бұл еңбек оның өзі өмірден өткен соң оның дәрістері бойыша шәкірттерінің арқасында жарыққа шыққан» [3]. Аталмыш еңбектің барлық гуманитарлық ілімдер үшін өте маңызды болғаны қазір ешкімде де дау тудырмайды. Алайда, осы еңбектің негізінде қалыптасқан структуралистік бағыт уақыт талабымен, біршама өзгерістерге ұшырады. Нақтырақ айтсақ «1920–1940 жж. структурализмнің құрылымдық лингвистика аясында қалыптасуын басынан өткізген. Структурализм 50–60 жылдары,

әсіресе, Францияда шарықтап шықты. Структурализм сол кезеңінің өктем интеллектуалдық парадигмасына айналды» [4, 378].

Осындай қарқынды даму мен жетілудің нәтижесінде структурализм ғылымы өзінің алғашқы ұстанымдарынан біраз өзгеріске түсті. Нәтижесінде 60-жылдардан кейін постструктуралистік, яғни структурализмнен кейінгі, бағыт деп аталатын ғылыми бағыт пайда болды. «1960 жылдары Франциядағы жаңа дискурстық тәсілдердің көбеюі нәтижесінде постструктуралистік теориясы қалыптасты. Постструктурализм бұрынғы жалпылау, универсалдау, структурализмнің ғылыми теориясын, семиотикапсихоанализ, Марксизм, және де басқа теорияларды жокқа шығарып, тілдің, субъектінің, саясаттың және мәдениеттің жаңа зерттеу теорияларын көрсетті. Өздеріне дейін қалыптасқан теорияларды басым бөлігін жокқа шығара отырып, бірақ та негізінен сол теориялардың негізіне сүйене отырып, постструктуралистік қозғалыс марксизм, психоанализ, семиотика, феминизмнің жаңа синтезін туындатты, және де бүкіл әлемге тараған жаңа теоретикалық дискурстар жарылысына әкелді» [5, 20]. Осылайша, структурализм өзінің келесі деңгейі постструктурализмге өтті. Екі деңгейдің нақты айырмашылықтарын анықтау үшін екі бағытқа қысқаша сипаттама берелік.

- «Структурализм мәдениетті актерлардың (адамдардың) ыркынан тыс, керісінше оларды өз ыркына алатын тілдің терең құрылымдардың көрінісі деп сипаттайды;

- Структурализм синхрондық зерттеу тәсілі. Ол тілдегі құрылымдар байланысын белгілі бір уақыт сәтінде ғана орын алатын өзгеріссіз құбылыс ретінде қарастырады. Ол тілдегі құбылыстар өзгеріссіз деп қабылдап, онда мәдени ерекшеліктер болатынын дәлелдеді және дәл осындай мәдениетті сақтайтын басқа құбылыс жоқ екеніне сенімді болды.

- Структурализм белгілер жайлы ғылымды және объективті ғылымды ұсынды» [1, 17]. Алайда постструктуралисттер структурализмнің барлық осы постураттарын жокқа шығарып, оларды қатаң сынға алды.

Постструктуралисттер: «Мағына тұрақты емес, олар бағынышты және ылғи өзгерісте болады. Мән тек сөздерге, сөйлемдерге немесе белгілі бір мәтінге таңылмайды, ал мағына интермәтіндік, яғни мәтіндер арасындағы байланыс арқылы беріледі» [1, 18]. Яғни структуралисттер тілдегі таңбалар белгілі бір мағынаны тасушылар ретінде қарастырса, постструктуралисттер мағынаны дискурстық деңгейде қарастырып, белгілер мен сөздердің арасындағы байланыс шартты деген пікірді ұсынды. Бірақ та екі бағытқа да ортақ ұғымдар тіл мен мәдениеттің етене байланысы және белгілердің коммуникациялық қызметінің атқаратын орнын зерттеуі болды. Тіл мен мәдениетті өзара байланыста зерттеу мәдени зерттеулерде тілді мәдени тұрғыда зерттеуге байланысты мынадай зерттеу тәсілдерін ұсынды. «Мәдени зерттеулерде мәтіндік тұрғыдан зерттеу әдістері семиотика, постструктурализм мен Дерридалық деконструкция сияқты әдістерден тұрады» [1-326.]. Осы аталған әдістердің ішіндегі семиотика ғылымы қазіргі кезде лингвисттер мен мәдениеттанушылар тарапынан өте кең қолданыста. Аталмыш еңбекте мәдени зерттеулердің семиотикалық талдау әдісі қолданылады. Сондықтан да семиотика ғылымына кеңірек тоқталайық.

Семиотика (гр. *semeion* – белгі, таңба) (семиология) – таңбалық белгілер жүйесі туралы ғылым, адамзат қоғамына қызмет ететін салалардағы (тіл, мәдениет, салт-дәстүр, кино т.б.), табиғаттағы (жануарлар дүниесіндегі комму-

никация) немесе адамның өз қызмет-қабілетіндегі (заттарды көру, есту арқылы қабылдау, логикалық пайымдау) ақпараттың сақталуы мен қабылдануына қатысты әр түрлі таңбалық жүйелердің құрылымы мен қызметінің жалпы мәселелерін зерттейтін ғылыми пән. «Таңбалар жайындағы ғылым» ретінде **семиотиканың** алғашқы негізгі ұстанымдары табиғи тілді байқауға байланысты Ч. С. Прис пен Ф. де Соссюрдің еңбектерінде айтылған [6]. Бұл ғаламтордан анықтама семиотика ғылымын сипаттайды. Алайда біздің ойымызша, осы анықтамадағы таңбалар жайындағы ғылым анықтамасы дұрыс қолданылмаған. Таңба сөзінің орнына белгілер жайындағы ғылым деген анықтама дұрысырақ болар еді. Сонда осы орайда мынадай сұрақ туындайды: Белгі мен таңбаның айырмашылығы неде? Екеуін кез келген уақытта синоним ретінде қолдана аламыз ба? Және қай сөзге басымдырақ рөл беру керек? Екеуінің семантикалық айырмашылығы неде?

Осы сұрақтарға жауап беру үшін сөздіктерге жүгінейік:

Таңба 1. Белгі, ен, мөр. Аттың санындағы ~, әріп ~сы, қол ~сы. **2. Ауыс.** Қаяу, дақ, кек. Ауыр бейнет өз таңбасын қалдырған (Әлішев). ♦**Тайға таңба басқандай** – ап-айқын, айдай анық. (Ақсауыт – тас (сан, саулық) [7]. Тайға таңба

басқандай – ап-айқын, айдай анық.
Таңбалы. Таңба салынған, таңбасы бар. ~тас (сан, саулық) [7]. Тайға таңба басқандай, таңбалы тас, таңбасын ойып қалдырды, өз таңбасы бар деген тіркестер бар да, ал белгіге қатысты белгі берді, белгі қойды, белгі соқты деген тіркестер бар. Екі тіркестер қатарын салыстырсақ таңбаның семантикалық салмағы басымырақ екенін байқаймыз. Не себепті? Таңба сөзінің тас, ою сөздермен қатар келу себебі – ол ойылып, нақтылап, анықтап өз ізін, өз ерекшелігін, артықшылығын көрсету мақсатында тасқа қашау арқылы түсірілген белгі. Яғни, ол тасқа қашап түсірілгендіктен ол ұзаққа дейін сақталып тұрады және анық бір хабарламаны жеткізу мақсатында қолданылады. Ол хабарламаның айқындығы соншалық, оны ешқандай да аудармашының, түсіндірудің көмегінсіз бірден ұғасыз және де сол таңбаның өзі символдық деңгейдегі белгілер болып табылады. Өйткені, мысал үшін, қазақ ру-тайпаларының әр қайсысының өзіндік таңбалары болған. Ол таңбаларды символ емес деп айта алмаймыз. Және де ол таңбаларды біз белгілі бір дүниетанымдық біліміміз болмаса, ондағы ақпараттың мәнісін де талдап, анықтай алмаймыз. «Көшпелі түркілерде таңба әмбебап қызмет атқарған. Таңба ұғымының бастапқы мағынасының өзі «Ойлап табу, тану». Оның мәдени-рухани астары қат-қабат. Тек, уақыт көші алға жылжып, түрлі қоғамдық-саяси жағдайлар қалыптасқандықтан, таңбалардың бұрынғы «құпиясы», қадір-қасиеті ұмытылып, қосалқы ру-тайпа таңбасына, символикалық белгісіне айналып кеткен. Сол кезде таңбаның мал-мүліктің иесін аңғартатын мағынасы ғана назарда болып, соған ғана мән берілген. Тіл мамандарының болжамынша, таңбадан «теңге», «тамғашы – таңбашы» ұғымдары пайда болған» [8]. Осы сипаты бойынша аталмыш таңбалар символ қатарына жатады деген қорытынды шығаруға болады. Дәл сол сияқты таңба табылған таңбалар да символдық мәнге ие. Сондықтан біздің ойымызша, символикалық зерттеу жасағанда, белгілерді таңба және символ деп бөлген дұрыс емес. Осы талдаулар негізінде таңбаны біз символмен қатар айта алатын белгі ретінде толық сеніммен айта аламыз. Тіпті таңба сөзін кей мәтіндерде символ сөзіне балама ретінде қолдануға болады деп айтуымызға толық негіз бар. Сонымен, таңбаны талдаудан түйетініміз – таңба міндетті түрде сызылған,

жазылған немесе қашалған графикалық объект болуы тиіс. Және де ол – символикалық мағынасы бар терең мәнді белгі.

Ал белгі сөзіне түсіндірме сөздікте мынадай анықтама беріледі:

Белгі 1. *Шартты таңба*, ен. Қойға ~ салу керек. 2. *Бір нәрсенің басқадан өзгешелігі*. Малшы малды түрлі ~лері арқылы ажыратады. 3. *Белгілі бір құбылыстың нышаны, сыңайы*. Кешікпей күз ~сі көрінді. 4. *Айрықша атақты білдіретін айырмашылық, өзгешелік, ерекшелік нышан*. Пиджагінің өңірінде Совет одағының батыры ~сі бар (Нұршайықов). ♦ **Белгі берді [етті]** – *аңғартты, білдірді, сендірді*. **Белгі қойды** – *таңба салды, белгіледі*. **Белгі салды [соқты]** – *шартты таңба қойды* [7].

Семиотканың анықтамасында «ғылым, адамзат қоғамына қызмет ететін салалардағы (тіл, мәдениет, салт-дәстүр, кино т.б.), табиғаттағы (жануарлар дүниесіндегі коммуникация) немесе адамның өз қызмет-қабілетіндегі (заттарды көру, есту арқылы қабылдау, логикалық пайымдау) ақпараттың сақталуы мен қабылдануына қатысты әр түрлі таңбалық жүйелердің құрылымы» деген сипаттама бар. Бұл анықтамаға сүйенсек, семиотика жай ғана графикалық объектілерді зерттемейді. Ол мән зерттейді. Қазіргі семиотик ғалымдардың ішіндегі танымал ғалымдардың бірі Умберто Эко өз еңбегінде «семиотика белгі ретінде қарастырылуы мүмкін барлық нәрселерді зерттейді» [9, 7] деп анықтама береді. Осы анықтаманы қазақшаға «семиотика таңба ретінде қарастырылуы мүмкін барлық нәрселерді зерттейді» деп аударсақ, қате болар еді. Өйткені жоғарыда атап өткеніміздей, таңба дегеніміз графикалық объектілер, ал графикалық емес бірақ белгілі бір мәнге ие объектілер белгі ретінде қарастырыла алады. Мысалы, фотоаппаратпен түсірілген суреттер, ым-ишара т.с.с. Ал таңба өз кезегінде белгінің бір түрі бола алады. Яғни белгінің қамтитын ауқымы таңбаның ауқымынан кеңірек. Алайда кейбір белгілердің семантикалық мәні, ақпараттық қызметі әлсіз болуы мүмкін, ал таңбаның символикалық мәні өте жоғары болып келеді. Сондықтан да біздіңше, семиотика ғылымына белгілер жүйесін зерттейтін ғылым деп анықтама берген дұрысырақ болар еді.

Отандық ізденушілеріміздің қолданатын әдебиеттер тізімі негізінен орыс тілді екенін ескерсек, кей жағдайларда зерттеушілер бағыты батыстық ғалымдардың соңғы жаңалықтарының хабарсыз қалу қаупі бар. Оның үстіне қазіргі заманғы қазақ тілді ғылыми еңбектердің аздығы да әзденушілер үшін біршама кедергілер туындатып отыр. Сондықтан аталған еңбектегі аз да болса мәлімет отандық семиотика ғылымының зерттеушілеріне аз да болса ізденістеріне көмек болар және де өз ізденістерінде семиотиканың соңғы күнгі зерттеу тәсілдерін қолдануға мүмкіндік берер деп үміттенеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Chris Barker, Cultural studies: theory and practice Third edition, 2008 SAGE publication Ltd. – 527 p.
2. Қайдар, Ө. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
3. <http://www.philosophy.ru/>

4. Ғабитов, Ж. Мүтәліпов, А. Құлсариева «Мәдениеттану. Жоғары оқу орындары мен колледж студенттеріне арналған оқулық», 7-бас. – Алматы: Раритет, 2008. – 416 б.
5. Douglas Kellner, Media Culture, 1995 Routledge, London. – 357 p.
6. <http://kk.wikipedia.org/wiki>
7. <http://mtdi.kz/kz/>
8. <http://www.info-tsес.kz/>
9. Eco, Umberto (1976): A Theory of Semiotics. Bloomington, IN: Indiana University Press/London: Macmillan

1916 жылғы Жетісудағы босқыншылық

Айғыз ТҰРҒЫНБАЕВА,
тарихшы

Казақ халқының объективті тарихының жазылуы тәуелсіз Қазақстан Республикасының құрылуындағы басты міндеттердің бірі болып табылады. Қазақстан тарихын жазу 1990 жылдың соңынан бастап жаңа арнаға түскені белгілі. Бұрын тарихи зерттеулерде айтылмай жүрген тақырыптарға егеменді еліміздің тарихшылары батыл бара отырып, қазақ тарихының көлеңкелі тұстарын ашуға ұмтылуда. Осы кезекте әлі де тыңғылықты зерттеулерді қажет ететін тақырыптардың бірі – 1916 жылғы қазақ жерінде, яғни Жетісуда орын алған босқыншылық мәселесі болып табылады.

Қазақ этносының күрескерлік қасиеттерін, XX ғасыр басында тартқан жанкешті азабын, қоғамдық құрылысы өзге елдерге босып баруының тарихын тұтас зерделеуде 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті жаныштау барысында жоғарыда көрсеткеніміздей Жетісу жерінде орын алған босқыншылық мәселесін зерттеу үлкен орын алмақ. Рас, тамыры тереңге тартқан қаймана қазақ тарихында кешегі және бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отырған тақырыптар мен оқиғалар жетерлік. Мойындау керек, бұл тұста атқарылып жатқан жұмыстар мен зерттеулер де баршылық. Солай бола тұрса да, қазақ елі сан жылдар бойы аңсаған мемлекеттік егемендігіне жетіп, тәуелсіз ел болып қалыптаса бастағанына біраз жылдар өтсе де, әлі де жеткіліксіз зерттелген мәселелердің бірі – шет елдерге қазақтардың еріксіз қоныс аудару тарихы отандық тарих ғылымында өз зерттеушілерін тапқан деп кесіп айту асығыстық болар. Қуғын-сүргіннің, қудалаудың салдарынан қазақ жерінен және де өзінің жаппайлығымен ерекшеленген қазақ жерінен бас сауғалап атамекенінен ауа көшкендерге «опасыздар», «Отанын сатқандар» деген айдар тағылып, Кеңес үкіметі тұсында, коммунистік-тоталитарлық идеология үстемдік құрған кезде, бұл жайында, яғни 1916 жылғы Жетісу жерінде орын алған босқыншылық тақырыбының ғылыми тұрғыдан зерттелмегенін былай қойғанда, осы тақырып туралы сөз қозғаудың өзі қауіпті болды. Босқыншылық мәселесіне тоқтала келе, дүниежүзі қазақтарының құрылтайында жасаған баяндамасында Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Қайта оралуға осында өзін күтіп тұрған жазадан қорқып мыңдаған адам туған жерді бір көруге зар болған күйінде өмірден өксіп өтті. Біз демократиялық мемлекет, адам құқығын қорғайтын қоғам құру жолына түскен ел ретінде тоталитарлық жүйе мен мұндай қатігез идеологияны түп-тамырымен айыптаймыз» – деген еді [1, 4]. Міне, осындай тарихи принципті басшылыққа алған қазіргі таңдағы егеменді еліміздің тарихшылары аталған тақырыпта барынша объективті тарих жазуға талпынуда. Иә, талпыныс бар. Алайда, қолда

бар деректің яки болмаса тағы да басқа себеп бар ма екен, аталған мәселе әлі де болса да өз зерттеушісінің шынайы да табанды зерттеуін күтіп тұрғандығы шындық.

1916 жылғы босқыншылықтың орын алуына бірнеше тарихи жағдайлар себепші болды. Оның себептерін алдымен қазақтар тәуелді болған патша үкіметінің отарлық жүйесінен іздеген дұрыс. Отарлаушылар қазақ халқының жері мен оның табиғи байлығының басым бөлігіне иелік етіп, халықты рухани езгіге түсірді. Атап айтқанда, тіл мен діннен, ділден айыру бағытында жымсықылықпен ойластырған шаралар жүйесін жүзеге асырды. Ал, бұл саясат қазақтарға қалай әсер етті, қазақтар қалай қабылдады? Халық бұқарасының қайыршылануы, қымбатшылық пен аш-жалаңаштықтың етек жаюы – міне, осының бәрі халықтың басым көпшілігі тарапынан жаппай наразылық туғызды. Патша саясаты қазақтардың өмір сүру мүмкіндігін шектеді. Мұндай озбырлы саясатқа көнбей, бұрын-сонды болмаған қайғы-қасіретке шыдамай көптеген қазақтар бас сауғалап, шетел асып жатты. Бұл үрдіске, яғни Қазақстандағы, сонымен қатар жекелеген аудандарда орын алып, қаншама қазақтардың босқынға айналуына тікелей тарихи алғышарт болған – патша үкіметінің отарлық саясаты деп біз толық айта аламыз. Сонымен қатар, Жетісу жеріндегі босқыншылықтың орын алуына ісер еткен негізгі себептердің бірі – 1916 жылғы 25 маусымдағы патша жарлығына қатысты қазақтардың наразылығын басып-жаншу еді.

XX ғасырдың бас кезінде ұлт-азаттық қозғалысты тұтандырған патшаның 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлығы шықты. Бұл жарлықтың негізгі мәні I дүниежүзілік соғысқа қазақтардан қара жұмысқа адам алу еді. Бұл жарлық ғасырлар бойы ашу-ызасы жинақталған қазақ халқының наразылық білдіруіне түрткі болды. Ал, шын мәнінде халықтың жаппай наразылық білдіруінің басты себебі бұл жарлық емес; мұның себебі патшаның отарлық саясатының нәтижесінде қалыптасқан терең экономикалық, саяси-әлеуметтік дағдарыстың күшеюі болды. [2, 6] Қазақстанның әр аймағында стихиялық түрде басталған патша жарлығына қарсы әрекеттер бірте-бірте ұйымдасқан сипат алып, қарулы көтеріліске ұласты. Көтеріліс бүкіл Қазақстанды қамтыды, алайда оның ірі ошақтары алдымен Жетісуда, одан кейін Торғай-Ырғыз өңірінде қалыптасты. Көтерілістің басты мақсаты ұлттық және саяси азаттыққа қол жеткізу болды. Патша үкіметінің алдында қазақ жерінде басталған мұндай ұлт-азаттық сипаттағы көтерілісті аяусыз басып-жаншу міндеті тұрды. Патша әскері мен орыс қоныс аударушыларының қарулы жасақтары жасаған ойран Жетісу халқына бұрын соңды болмаған қайғы-қасірет әкелді. Қазақ пен қырғыздың 94 ауылы бүліншілікке ұшырады, соның ішінде 5373 үй өртеліп, 1905 адам қаза тауып, 684 адам жараланды. Сонымен қатар, 1105 адам тұтқынға айналған болатын [3, 188].

Міне, осындай алапат ауыр жазадан соң, яғни қазақ халқының топ-тобымен қырылып, ауыл-қыстақтарда адам қалдырмай қуғындалғаннан кейін бойына үрей ұялаған қазақтардың басына «қаш-қаш» заманы туып, Қытай асып қашып жатты. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысушысы Ерғабай Далдыбаевтың естелігінде: «Таңға жуық көтерілісшілер шабуылға шықтық. Жазалаушылар күші басым болып, көтерілісшілер артқа қашты. Қашқан қазақтардың соңынан қуған жазалаушылар бейбіт халықты қырды. Қарқара маңындағы ауылдар түгел жазаланды. Көтерілісшілерді өлтіріп, олардың өліктерін қорлады. Уақыт өте

келе қыркүйек айында күші тең емес соғыстан шаршаған біздер, қалған малдарымыз бен шағын ауқатымызды алып Қытай шекарасына қарай жылжыдық. Қуған жазалаушылардан қашып Қытай шекарасынан өтпек әрекетіміз сәтсіз болды. Себебі Қытай шенеуніктері бізден шекарадан өтуіміз үшін, тоғыз арғымақ, 10 000 сом ақша немесе 12 жәмбі (құйылған күміс) талап етті. Екі жақтық қысым көрген біз жауған оқ арасынан Қытай астық» – деп көрсетеді. [4, 140]. Жоғарыда келтірілген дәйекті қарастырылып отырған көтеріліске қатысушы Сыбантай Баянбаевтың «Жәрменке төңірегіндегі елдің көтерілісі» атты естелігі толықтыра түседі. Бұл естеліктеде қазақтардың Қытай асу үрдісі былай көрініс табады: «..Біздер түнде жәрменкеге бардық. Жәрменкеге кіре бергенде бір жерде 8 адам жатыр. Барлығын қылышпен шапқылап өлтірген. Әсіресе жүкті бір әйелді қолтығының астынан шауып, ішіндегі баласын ақтарып тастапты. Осы қырылған адамдарды көріп қорықтық. Тарап, жер-жерімізге қайттық. Ендігі амалымыз – қашайық деген ой болды. Кеңсуға қайтып келіп, ертең қашамыз деп тұрғанда Жалаңаш жақтан атқылай бастады. Қырылғандарда сан жоқ. Біздер Сарықырға қаштық. Артта қалған тігулі үйге қарасақ, от қойып өртепті. Киіз үйдің майша жанғанын сонда көрдім. Содан үркіп Қытайға қарай көштік. Жолдағы елдің барлығы көшіп кетіпті. Содан барып Қытайға өттік. Қытайға өткеннен кейін, ол жақта қалмақтар мал-мүліктерімізді тартып алды» – деп қортындылайды. [4, 207] Жоғарыда көрсеткен қазақтардың Қытай асу үрдісі осы екі естеліктен айқын көрініс тауып тұр.

Қыркүйек пен қазан айының басында Жетісу көтерілісшілері жеңіліс тапты, олардың айтарлықтай бөлігі күші басым жазалаушылармен табан тіресе шайқаса отырып, Батыс Қытайдың Шыңжаң өлкесіне өтіп кетуге мәжбүр болды. 1916 жылдың 6 тамызында Жетісу облысының әскери губернаторы М.А. Фольбаумның Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы А.Н. Куропаткинге жолдаған жеделхатында: «Лепсі, Жаркент уездерінде жалпы Жетісу өлкесінде шет ел асу, соның ішінде Қытай асу үрдісі байқалуда» – деген болатын. Яғни, жоғарыда көрсеткен қазақтардың Қытай асуы үрдісі тамыз айының басында орын алған деп топшылауға болады. Ал, 1916 жылдың қыркүйек айында бұл үрдіс үлкен көлемде іске асты. Қытай ауып кеткендердің көпшілігі шекаралық өңірді мекендеген Ұлы жүздің албан, суан, Орта жүздің найман тайпаларының, қырғыздардың албандармен жапсарлас қоныстанған бұғы тайпасының барлығы 300 мыңнан астам өкілдері еді. Қытайдың сол кездегі әскери және әкімшілік құжаттарында Қазақстаннан Шыңжаңға бас сауғалап босқындардың сан-санағы үздік-создық жазылып отырған. Мысалы: 1916 қыркүйектің 19 күнгі жолдаған әскери мәліметінде: «Тарбағатай шекарасынан үздіксіз қашып өтіп келіп жатқан Ресей қазақтарының түтін саны 20 мыңға жетті. Біз оларды қайтып тосқауылдап кері қайтара аламыз? Егер бір түтінде бестен адам бар деп есептегенде, олардың жалпы саны бірнеше түменге жетеді. Бұларға не істеу керек? Бізге анық нұсқау керек және ол берілсе» – делінген. Олардың барған жері Қытайдың Тарбағатай аймағының шекара өңірлерінде отырған қазақтардың жайылым жері немесе олардың ортасы болды. Қытайға бас сауғалаған қазақтардың саны жайлы 1916 жылы қазанның 27-күні Шыңжаң губернаторы Тарбағатай ақылшы әмбісіне берген жауабында айтып кетеді. Тарбағатай ақылшы әмбісінің: «Ресей қазақтары проблемасын бейбіт жолмен шешу керек» – деген хатына қайтарған жауабында: «Бұл мәселеге Қытайдың ойыспауына болмайды. Іле, Тарбағатай, Алтай

және Қашқар қатарлы аймақтарға қашып келген Ресей қашқындарының жалпы саны 200-мыңнан асады» – деп көрсеткен. Ал, 1917 жылы Шыңжаң үкіметінің Ресейден барған босқындарды анықтаған материалында: «Мингоның бесінші жылынан (1916 жылдан) бері Шыңжанның Ақсу, Қашқар, Іле, Тарбағатай қатарлы аймақтарға қашып келген Ресей қазақтарының жалпы саны 300 мыңнан асады. Олардың барлығы Қытайдан жер жалдап алып, мал бағып отырғысы келеді» – деп жазылған. Ал, Шыңжаң губернаторының 1917 жылы мамырдың 24-күнгі Бейжинге берген жеделхатында: «Шыңжаң бойынша Ресейден қашып барғандардың жалпы саны 300 мыңнан асады» деп жоғарыда келтірілген пікірді растай түседі [5, 212]. Сонда Ресейден қашып барғандардың жалпы саны 300 мыңнан асама, бұл жағы Қытай құжаттарында анық жазылмаған. Бірақ, Шыңжаң шекара қорғаныс әскерлерінің жолдаған жеделхат мәліметтеріне қарағанда, Ресей азаматтарынан Қытайға босып барғандарының жалпы саны 300 мыңнан асатын сияқты. Соның ішінде қазақтардың барлық саны 250 мыңдай немесе бұл көрсеткіштен сәл асқан деп шамалауға болады. Бұл ойымызды қырғыз ағайындарымыздың осы мәселе төңірегіндегі шығарған зерттеу жинағы нақтылайды. Онда: «Облыстық статистикалық комитеттің нақты есебі және Ташкенттен іс-сапармен шыққан шенеуніктердің берген мәліметі бойынша Жетісу өлкесіндегі 1916 жылғы жазау шараларынан кейін жағдай төменгідей. Жалпы, Жетісу өлкесінде үш жылға арналып жүргізілген санақ бойынша 182,255 түтін есептелген. Ал, олардың осы кездегі, яғни 1916 жылғы жағдайға байланысты қоныс аударғандары 29,12% құрайды. Әр түтін құрамы статистикалық комитеттің есебі 5,1 жаннан тұрған. Осы көрсетілген есеп бойынша қоныс аударғандар саны 270 632 жан. Жол-жөнекей қосылған соның ішінде Марииндік дүңгендер саны 259 адам. Осының бәрін есептей келе облыс бойынша 273 222 адам Қытайға қоныс аударған» деп қорытынды жасайды [6, 18–24].

XX ғасыр басындағы ұлт зиялысы Мұхамеджан Тынышпайұлы өзінің 1917 жылы «Қазақ» газетінің желтоқсанның 6 күні 254 санында жариялаған мақаласында: «Жетісу бойынша 44 болыс елден 47 мың 759 түтін болған. Содан қашқан 40 мың 250 түтін, қырылғаны 95 мың 200 жан. Сонымен қатар, бір ғана Қызылбөрік болысындағы 1129 отбасының 263-нен өзгесі Құлжаға ауып кеткен» дей келе, қазақ босқындарының тең жартысына таяуы қырылғандығын пайымдаған [7]. Мұхамеджан Тынышбайұлының келтірген сандық көрсеткішіндегі әр түтінде 5 адамнан бар десек, біздің пайымдауымызша Қытай асқан қазақтар саны шартты түрде 200 мыңнан асады.

Осындай әр уезде орын алған босқыншылық көлемінің пайыздық көрсеткішін Н.Т. Кенжебаев өз зерттеуінде былай: «Қазақтар жасаған көтерілістері үшін ауыр жазаланды. Мысалға алатын болсақ, І дүниежүзілік соғыспен көтерілістен кейінгі аралықта Жаркент уезінде халық саны 75%-ға, Лепсі уезінде – 47%-ға, Верный уезінде – 45%-ға кеміген болатын» деп береді [8, 52]. Ал, 1897 жылғы 28 қаңтардағы Ресей империясының аймақтағы халықтың санағын өткізуінің қортындысы бойынша: Верный уезінде – 224868; Лепсі уезінде – 181754; Жаркент уезінде – 123178 адам болғанын ескерсек, біздің есебіміз бойынша босқындар саны 250 мыңды құрайды. Сонымен қатар, мұндай пікірімізді Н. Мұхаметханұлы: «1916 жылы Қазақстан және Орталық Азиядан Қытайға босып барған 300 мыңнан аса адам, Шыңжаңда екі жыл босқындық өмір сүрді...

Ал 1916 жылы Қазақстаннан Қытайға ауған қазақтар саны 250 мыңдай болды» деген пікірді қолдайды [5, 225].

Тәуелсіздіктен кейін Гүлнәр Мендікұлова жариялаған «Тарихи тағдыр – қазақ диаспорасының шығуы тегі мен дамуы» атты ғылыми монографиясында қазақ диаспорасының шығуының тарихи себептері мен қазіргі жағдайы жөнінде теориялық пайымдаулар жасап, Қытай асқан Жетісу халқының жалпы саны 300 мың, соның ішіндегі қазақтар саны 250 мың деген пікір айтады [9, 67–69].

Ал, енді 250–300 мыңнан астам Қазақстаннан бас сауғалап Қытайға ауған қазақтар қай аймаққа барып қоныс тепкен еді? Босқындардың дені Қытайдың Іле аймағына барды. Себебі, Жетісу мен ор Іле өңірі тұтасып жатқан біртұтас дала, ара қашықтығы жақын болғандықтан Жетісудан Іле өзенін өрлеп ол жаққа бару оңайлау еді. Сонымен қатар, патшалық Ресей әскерлерінің атқылауынан есі шыққан босқын қазақтардың кейбір топтары қырғыз жері арқылы Қашқарияға қашқан дүңгендерге, ұйғырларға ілесіп, Тянь-шань тауының оңтүстігіндегі Ақсу, Қашқар аймақтарына дейін барып паналаған [5, 221–222].

Қазақтардың Шыңжаң өлкесіне келгеннен кейінгі өмірі өз еліндегі көрген қорлығындай ауыр еді. Жетісу жеріндегі кескілескен, қан төгістей болмағанымен, жергілікті үкімет және өзгелердің тарапынан жүргізіліп, көрсетілген қысым қандас бауырларымыздың өмір сүру мүмкіншілігін шектеп, қиын күн кешуіне әкелді. 1917 жылы 7 қаңтардағы Жетісу казак әскерінің старостасы П.В. Бычковпен Ресейдің Қашғардағы елшісі Г.Ф. Стефановичтің Қытайдағы қазақтар жайындағы протоколында: «Жетісу облысының қазақ-қырғыздары қыркүйектің ортасы мен қараша айының басындағы таулы асу арқылы Қытай асқанда өзінің және орыстардан тартып алған малдары қалмады. Ірі малдары мүлде жоқ. Жылқыларының 10% қалды, қойларының төрттен бірі және түйе малының жартысы қалды. Алайда қалған малдарына берер жем-шөптері аз, олар көктің шығуына сенуде. Қазіргі күні азық өте қымбат. Мысалы: жоңышқаның бумасы 3–5 фунт немесе 1 сом, арпаның пұты 5 сом 50 тиын; Ақырғы кезде қырғыздар Қытайдың ішкі жағына қарай өтуге талпынуда. Көбі жаяу жүр. Олар тіпті қолда бардың бәрін сатып күнін көруде. Мысалы: Шешесі өзінің емізіндегі баласын тастап, базарларға ұл-қызын, соңғы киімін сатуда. Жалпы үш-тұрған базары аталғандармен қатар қазақтардың заттарына атап айтар болсақ киіз үй жабдықтарына тағы басқа керек жарақтарға толы [10, 708] – деп қазақтардың ол жақтағы жағдайының өте мүшкіл екенін айтады.

Жалпы, Қытай асып барып, сонда орналасқан қазақтардың жағдайы өте төмен дәрежеде болған. Қытайдың Қашғар аймағына босып барған қазақтардың барлық малдары сол жылы болып өткен суықтың әсерінен, жем-шөптің даяр болмауы нәтижесінде қырылды. Ал, Қытай асқан жетісу қазақтары мен қырғыздарының дені кедейлер еді. Енді олардың малдарының жолда қырылып қалуы себепті Қытай жеріне олар тақыр күйінде жетті. Қиналған босқындарға жергілікті Қытай үкіметі «босқын» ретінде емес, «қашқын» ретінде қарады. Оларды барынша өз пайдасына қолданып қалуға тырысты. Шыңжаң өлкесіне босып барған қазақтар ақырғы малын, заттарын тіпті әйел-балаларын Қытай үкіметіне сыйлақ ретінде тартып немесе болмашы ақшаға сатуы тиіс болды. Қазақтардың осындай ауыр жағдайға тап болып отырғанда, жығылған үстіне жұдырық болып, олардың қорғансыздығын пайдаланған қалмақтар шабуылды үдете түсіп, әйел, бала-шағасы мен малдарын олжалап кетіп отырған [11, 18–32].

Демек, Шынжаң өлкесіне босып барған оларды, Шынжаң үкіметі «босқындар» емес, «қашқындар» деп тануы, оларды барынша пайдаланып қалуға тырысқаны белгілі болды. Сондықтан да, қазақтар халықаралық заңнамаға сай босқын ретінде жергілікті үкімет тарапынан тиісті көмекті де ала алмаған.

Тәуелсіздікке қол жеткізіп, егемендікке ие болғаннан кейін осы күнді аңсап, белсенді қимыл жасаған көтеріліс және оның тарихын, одан кейін орын алған боқыншылық тақырыбын жан-жақты зерттеп, ғылыми айналымға қосу кезек күттірмейтін іс деп ойлаймын. Қаншама жылдар бойында қазақ тарихы барынша бұрмаланып, өскелең ұрпаққа шынайы тарих айтылмай келгендігі шындық болып отыр. Қазақтың қамын жеген хандарымызды халықты алдаушылар, Отан қорғаған батырларымызды халықты тонаушылар деген жалған айдар тағып, қаншама ұрпақты осындай мәндегі тарихпен сусындатып келдік. Ендігі тұсатағы елде болып өткен түбегейлі өзгерістер, қазақ халқының тәуелсіздік алуы мен ұлттың өзін-өзі танып білуіне деген жоғары сұраныстың оянуы, осындай мән-мазмұндағы тарихи жазбалар өмір сүруін тоқтатып, өскелең ұрпаққа тәрбие берелік шынайы тарихымызбен шынмәнінде жаңа таныса бастадық. Халқының қамын ойлаған батырлардың ерлік әрекеттері мен қазақ халқын жоғары дәрежедегі дамыған мемлекеттер қатарына қосуды арман еткен зиялыларымызбен, ақын-жырауларымыз қазіргі таңда көптің көңілінде қалды, ұрпаққа өнеге болды. Сондықтан халық ішінен шыққан ақын-жыршылар батырлардың ерліктері жайында көптеген өлең-жырлар қазіргі кезде барынша дәріптеліп, халықтың үлкен сұранысқа ие болып отыр. Ұлтының азаттығы үшін күрескен ерлерді, халықтың сүйген ұлдарының ерен еңбектерін дәріптейтін мұндай тарихымыз қазіргі таңда және болашақта халықтың рухани қажетін өтейтіні анық шындық.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.Ә. Құшағымыз бауырларға айқара ашық // Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы. – Алматы, 1993.
2. Рыскулов Т.Р. Восстание киргизов и казахов 1916 году // Грозный 1916 год. – Алматы, 1998.
3. Қойгелдиев М.Қ. Жетісудағы Ресей билігі. – Астана, 2004.
4. Қаһарлы 1916 жыл. Құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы, 1998.
5. Мұхаметханұлы Н. Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы (1860–1920 жж.). – Алматы, 2000.
6. Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. – Алматы, 1995.
7. «Қазақ» газеті. Жинақ. – Алматы, 1998.
8. Тәтімов М. Демографиялық кескін // Қазақ. – Алматы, 1994.
9. Меңдіқұлова Г. Тарихи тағдыр-қазақ диаспорасының шығу мен дамуы. – Алматы, 1997.
10. Восстание 1916 года в Средней Азии Казахстане. Сборник документов. – М., 1960.
11. Восстание киргизов и казахов в 1916 году. – Бишкек, 1991.

30-жылдық соғыс қарсаңындағы Ресей мен Швеция келіссөздері

Ардақ НҰРМҰХАМБЕТОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
тарих факультетінің PhD докторанты

Ресей мен Швеция мемлекеттерінің XVII ғасырдағы өзара саяси қарым-қатынастары тек 30-жылдық соғыс қарсаңында ғана жүзеге асқан емес. Тарихтың түрлі кезеңінде өзара саяси-экономикалық және рухани байланыстар орнатқан қос мемлекеттің қарым-қатынастары әртүрлі сипатта дамыған болатын. Өзара жауласа отырып, олар белгілі бір саяси мақсат үшін біріге де білген. Негізінен екі елдің қарым-қатынастары достық емес, тиімді мүдде тұрғысынан қалыптасты. XVII ғасырдың 20-шы жылдарынан кейін жүргізіле бастаған Ресей мен Швеция арасындағы келіссөздер де нақты мүддеге негізделді. 30-жылдық соғыс барысында жүргізілген бұл келіссөздерге сай Швеция мен Ресей мемлекеттері өзара Польшаға қарсы тұру керек болды. Польша мемлекеті 30-жылдық соғыс барысында Габсбургтердің одақтасы болғаны белгілі. Осылайша, Швеция мен Ресейдің 30-жылдық соғыс барысында бір мүддеге бірігуі байқалды. XVII ғасыр басында бір-бірімен жауласқан бұл мемлекеттердің 30-жылдық соғыс барысында Польшаға қарсы бірігу ниеттерінің бірнеше себептері бар. Екі мемлекеттің бірігуі әрекеттері негізінен саяси себептерге байланысты болды. Ал, өзара экономикалық және рухани байланыстар Ресей мен Швецияның бірігу идеясына да өз септігін тигізді.

Ресей мен Швецияның 30-жылдық соғыс барысында бірігуі туралы келіссөздер саяси астары басым тарихи оқиға болып табылады. Бұл алдымен швед басшысы Густав II Адольфтың үлкен жоспарларына сай жүргізіле бастаған. Қасиетті рим империясындағы протестанттар мен католиктердің шиеленіскен қатынастары швед басшысы үшін қолайлы жағдайларды тудырды. Себебі, протестанттардың тапталған мүддесін қалпына келтіру әрекеттері арқылы Густав II Адольф империяның ішкі істеріне араласу мүмкіндігіне ие болды. Осы арқылы Габсбургтердің билігін әлсіретіп, өздерінің Еуропадағы беделін көтеру немесе Орталық Еуропа мен Балтық бойындағы көшбасшылықты түпкілікті өз қолына алуды көздеді. Әрине, талантты қолбасшы әрі Швецияның басшысы Густав II Адольф Габсбургтерді жеңу үшін тек әскери басымдылық қана емес, сонымен қоса олардың одақтастарын да әлсірету керектігін жақсы түсінді. Бұл кезде Габсбургтерге қолдау көрсете отырып, швед үкіметіне де қауіп төндірген мемлекеттердің бірі Польша болатын. 30-жылдық соғыстың алғашқы жылдарында поляк басшысы III Сигизмунд Габсбургтерге әскери және өзге де көмектер

көрсетті. Оған себеп болған Қасиетті рим императоры Матвеймен жасалған келісім еді. 1613 жылы жасалған осы келісімге сай Қасиетті рим империясы мен Польша мемлекеті бір-біріне әскери көмек көрсететін одақ құрды [1, 174]. 30-жылдық соғыстың алғашқы қос кезеңі Габсбургтер мен олардың одақтасы Польшаның жеңісімен аяқталғаны белгілі. Әрине, бұл жеңіс қос мемлекетті саяси және моральдық тұрғыдан өсуіне мүмкіндік берді. Густав II Адольф үшін 30-жылдық соғыс барысында осындай жеңімпаз болып келген Габсбургтер және Польшамен бірдей екі майданда соғысу мүмкін емес. Сондықтан да, империя территориясындағы соғысты өз пайдасына шешуі үшін алдымен Польшаны өз дегеніне көндіру керек болды. Сонымен қатар, Польшаны бағындыру империя істеріне еркін араласу үшін ғана жүргізілмеді. Ең бастысы, швед басшысы Густав II Адольф Польша мемлекетінен Швецияға төніп тұрған қауіпті жою керек еді. Осы кезде Густав II Адольфтың Швециядағы билігіне Польша басшысы III Сигизмундтың кері әсері байқалды. III Сигизмунд осы мемлекеттегі саяси билікті өз қолына алмақ болған ойы бар еді. Әрине, поляк басшысының бұл ниеті негізсіз емес. Польша басшысы III Сигизмунд Швецияның билеушісі болған III Юханның ұлы еді. Сондықтан, швед басшысы және өзінің бауыры IX Карл қайтыс болғаннан кейін, III Сигизмунд швед басшысы болуға талпынған болатын. 30-жылдық барысындағы III Сигизмундтың билікті алу әрекеті Швеция мен Ресей арасындағы келіссөздердің жүргізілуіне негіз болды. Неліктен, швед басшысы нақты Ресей мемлекетін Польшаға қарсы өзінің одақтасы ретінде көргісі келді. Біздің пікірімізше, III Сигизмунд тұсындағы Польшаның қатал саясаты Швециямен қатар Ресейге де қарсы бағытталған болатын. Бұл саясат билік мәселесімен тығыз байланысты. Ресейдегі билік дағдарысы кезінде мемлекетті басқару құқығы поляк ханзадасы Владиславқа берілген болатын. Мұның соңы екі ел арасындағы соғысқа ұласып, қиын мәселеге айналды. Шиеленісті мәселе бейбіт түрде шешілгенімен, поляк ханзадасы және мемлекет басшысы III Сигизмунд Ресей билігінен әлі де болса бас тарта қоймады. Осы кезде Михаил Романовтың өзі Швециямен бір одаққа бірігуді ойлаған. Столбов бітімінен кейін құрылуы тиіс болған одақтың мақсаты Польшаға қарсы тұру еді. Михаил Романов осы үшін өз елшілерін Швецияға аттандырып, Густав II Адольфқа ұсыныстарын жеткізген. Алайда, орыс патшасының бұл ұсыныстары Густав II Адольф тарапынан қолдау таппаған болатын [2, 20].

Міне, осындай екі ел арасындағы жауласушылықты және жоғарыда атап өткен түрлі себептерді ескере келе, Густав II Адольф 30-жылдық соғыс барысында Ресей патшасы Михаил Романовпен тиімді келіссөздер жүргізуге тырысқан. Бұл келіссөздер швед басшысы Густав II Адольфтың мүддесінен тұтынады. Келіссөздердің негізгі мақсаты өзінің саяси бақталасы болған Польша мемлекетіне қарсы Ресейді соғысқа жұмылдыру және шведтердің Еуропалық жоспарларына Польшаны араластырмау болды. Себебі, келіссөздер нәтижелі болған жағдайда Польша мемлекеті Шығыс Еуропадағы соғысқа тартылуы тиіс еді. Ең бастысы, Густав II Адольф поляк басшысын швед билігінен ресми түрде бас тартқызуды мақсат етті.

30-жылдық соғыс қарсаңында алғашқы келіссөздер жүргізіле бастады. Мысалы, Густав II Адольф Ресей патшасы Михаил Романовқа Феодул Фастам бастаған арнайы елші жіберген. Елшіліктің негізгі мақсаты Мәскеу билігін поляк басшысына бірігіп қарсы тұруға көндіру еді. Алайда, Михаил пат-

ша бұл елшіліктің ұсынысын қабылдамаған. Оның себебін Польшамен арада жасалған бейбіт бітім арқылы түсіндірген және бітімнің мерзімі аяқталған уақытта міндетті түрде соғысатынын жеткізген [3, 189–190]. Бұл мәліметтен байқағанымыз, Ресей патшасы Михаил Романов поляктармен жасалған Деулинг бітіміне адалдығын сақтаған. Өйткені, бітімге сай Ресей мен Польша арасында он төрт жарым жылға бейбіт қарым-қатынастар орнауы тиіс болған. Әрине, патша Михаил Романов швед басшысының ұсынысын қолдамауының өзге де жағдайлар әсер еткен сыңайлы. Мысалы, елдегі саяси дағдарыстың әлі де болса толық аяқталмауы мен мемлекеттің соғысқа дайын еместігін ескерген болуы мүмкін. Осы себепті Густав II Адольфтың алғашқы ұсыныстары Мәскеу билігі тарапынан қолдау таппаған. Әрине, бұл ұсыныс швед үкіметінің мүддесінен туындаған анық. Бірақ, бұл ойларын Польшадан туып тұрған ортақ саяси қауіп арқылы жасырып, түсіндірген. Бір қызығы, швед үкіметімен қатар 1625 жылдың жаз айында Мәскеуге Польшаның елшілері де келген. Елшілік жетпіс адамнан тұрған. Мақсаттары Ресейді Польшамен бірге одақ құрып, шведтерге қарсы соғысқа тарту болды. Егер де Мәскеу басшылары Польшаның ұсынысын қабылдаған жағдайда екі ел арасында мәңгілік бейбіт бітім қабылданып, солтүстік аудандар Ресейдің құрамына өтуі тиіс болды. Сонымен қатар, швед әскеріне қарсы 40000 немесе 50000 сарбаз сұратады. Алайда, поляк елшілігінің бұл екі ұсынысы да Мәскеуліктер тарапынан қолдау таппаған. Керісінше, патша сарайының қызметкерлері арасында Швециямен бірігу туралы пікірлер жиі айтылған [2, 206–208]. Қарап тұрсақ, Патшалық Ресейдің одақтасы болуға Швеция мен Польша бірдей тырысқан. Ресей әскерінің әрекеттерін қос мемлекет өз пайдасына жаратпақ болды. Біздің пікірімізше, Патшалық Ресей басшылары қос жақтың ұсыныстарын қабылдамау арқылы Еуропалық саясаттан алшақтай түсті. Мәскеу билігі үшін осы кезде қолайлы жағдайлар туындады. Себебі, шведтермен бірігу арқылы Балтық теңізіне шығу немесе поляктармен бірігу арқылы өздерінің солтүстік аудандарын қайтарып алуға үлкен мүмкіндіктерге ие болған еді. Бірақ, кейінгі оқиғалар көрсеткендей Мәскеу басшылары оны тиімді пайдалана алмады. Өйткені, қос елдің ұсыныстары қабылданбай, осы мәселеде Мәскеу саясаты тұйықтала түсті.

Польша елшілерінің ұсыныстары Ресей басшылары тарапынан қолдау таппаған соң, мұндай ұсыныстар қайталанбады. Керісінше, Густав II Адольф Мәскеуді өз жағына шығаруға көп әрекеттенді. Әрине, тарихи салыстырмалы түрде алғанда швед-орыс одағының пайда болуы әбден мүмкін еді. XVII ғасыр басында швед және орыс одағы болғандығы белгілі және бұл одақ Польшаға қарсы құрылған болатын. Густав II Адольфтың дәстүрді қалпына келтіру әрекеттері де негізсіз емес. Осындай әрекеттің бірі ретінде швед басшысы 1626 жылы Мәскеуге тағы елшілік ұйымдастырған. Елшілікті бастаған Ревель Броман және фон Унгернге Густав II Адольф тарапынан келіссөздер жүргізудің ерекше тәртібі жүктеледі. Швеция мен Мәскеу арасындағы келіссөздердің саяси астары осы елшіліктің жұмыстары арқылы ерекше көрінді. Елшілер Густав II Адольфтың тапсырмасы бойынша Польшаның Ресейге қатысты ұстанған саясатын барынша қаралап көрсетуі тиіс болды. Осы үшін де елшілер Михаил Романовты Польша мен Австрияның біріккен күштерінің болашақтағы жоспарымен таныстырады. Жоспар бойынша Австрия барлық Еуропа мемлекеттерін, ал Польша уақыт өте Швеция, Дания және Ресейді өзіне қаратуды жоспарлаған.

Ресейдің саяси тәуелсіздігіне қауіп төндірген осындай мәлімет арқылы Густав II Адольф Мәскеуді өз жағына шығаруды ойлады [2, 208–210]. Осылайша, 30-жылдық соғыс қарсаңында Швеция саяси мағынадағы түрлі себептер арқылы Ресейді өзіне одақтас етіп, Польшаға қарсы тұрмақ болған. Алайда, Густав II Адольфтың ойлағанындай келіссөздер нәтижелі болмады. Ресей басшылары Польшаға қарсы тұруды көздеген швед басшысының ұсынысын қабылдамады. Бірақ, швед басшысы келіссөздер арқылы басқа да тиімді шарттарға қол жеткізе алған. Белгілі болғандай, келіссөздердің негізгі және жанама мақсаттары болған. Мысалы, өзара саяси одақ туралы келіссөздермен қатар швед елшілері Ресейдің ішкі және сыртқы саудасы және экономикасы туралы ақпараттар алып келуі тиіс болды. Мұның себебі өзара одақ құрылмаған жағдайда Густав II Адольф орыс басшысын экономикалық көмекке тарту ниетінен туындаған еді. Сондықтан, Швеция мен Ресейдің 30-жылдық соғыс барысындағы келіссөздері экономикалық мүдде тұрғысынан да жүргізілген және нәтижелі болған.

Мәскеуге аттанған әр елшілерге ерекше тапсырмалар жүктелген. Мысалы, елшілер Ресейдің ішкі және сыртқы саудасы немесе экономикасы туралы ақпараттар жинауы тиіс болды. 1626 жылы аттанған елшілерге де осындай міндет жүктелді. Олар Ресейдегі нанның бағасы, сауда жолдары және елдің ішкі саяси жағдайы туралы мәліметтер алып келуі тиіс болды. Біздің пікірімізше, Ресейдің экономикалық жағдайын білу арқылы Густав II Адольф соғыс жағдайында оларды арзан азық-түлік сатуына көндірмекші болды. Рас, 30-жылдық барысында Швеция мен Ресейдің өзара одақ құру мәселесі түпкілікті шешілмеді. Швед-поляк соғысы барысында Ресей ешқандай сарбазын соғысқа аттандырмады. Бірақ, Швециямен бейбіт қатынастарды ұстап тұрды. Ең бастысы, Швецияның Польша және Қасиетті рим императорына қарсы жүргізілген соғысына Ресей экономикалық қолдау көрсетіп тұрды. Саяси одақ құру туралы келіссөздермен қатар экономикалық көмек көрсету туралы да мәселелер көтеріле бастаған. Ресей соғыс барысында арзан бидайын Швецияға жеткізу туралы келіссөздер 1620 жылдардың соңына қарай жүргізіле бастады. Швед басшысының Мәскеудегі бұл саясатын жүргізу ісі Юхан Мёллерге тапсырылған болатын. Алайда, Мәскеудегі оның қызметі ұзаққа созылмады. 1631 жылы ол осы қызметке тағайындалса, 1632 жылы қайтыс болған. Дегенмен, осы бір жыл аралығындағы оның қызметі нәтижелі болып, Швеция арзан бағада Ресейден астық сатып алған [4, 81]. Бұл мәліметтер арқылы Густав II Адольфтың 30-жылдық соғыс барысында Ресеймен жүргізген келіссөздерінің экономикалық мазмұны да басым болғандығына көз жеткізуге болады. Сонымен қатар, 30-жылдық соғыс барысындағы Ресей мен Швеция келіссөздері Балтық бойындағы көшбасшылық мәселесімен де тығыз байланысты. Польша мемлекетіне қарсы соғыс аша отырып, швед басшысы Балтық бойындағы өз мүддесін сақтап қалуды да көздеген. Тіпті, Балтық теңізіндегі сауда жолдарына толық иелік етуді ойлады. Әрине, оның мұндай ойлары жүзеге асуы үшін Польшаны Ресейдің әскері арқылы әлсіретіп, поляктарды Балтық бойынан түпкілікті ығыстырмақ болды. Балтық бойы сөз жоқ ірі экономикалық табысты аймақ. Шведтер жүргізген соғыстың негізгі мақсаттарының бірі де осы аймақты өздеріне қарату болғаны белгілі. Қалай болғанда да, швед басшысының соғыстарына Ресей әскери көмек көрсетпеді. Густав II Адольф Ресейдің көмегіне Польшаны өз дегеніне көндірді. Швеция басшысы алдына қойған мақсаттарына қол жеткізді. Ресейді саяси одақтасы

ете алмағынымен, екі ел арасында достық қарым-қатынастар сақталды. Ресей швед басшысының арзан азық-түліктер мен өзге де қажетті заттарды Швецияға жеткізу туралы ұсынысын қанағаттандырды. Қасиетті рим империясының ішкі істеріне араласа бастаған Густав II Адольфтың әскери әрекеттері сәтті басталды. Әскери реформалар нәтижесінде күшейген швед әскері Еуропаның мықты күшіне айналды. Швед әскерінің соғыс жүргізу тәсілдері де бірнеше мемлекет үшін үлгі боларлық жағдайға жетті. Польшамен арадағы бітімнің аяқталу уақыты жақындағанда Ресей басшылары да Швециядан сарбаз жасақтау және қару алдыру ісін қолға ала бастады. Мысалы, Мәскеу басшылары Швециядан қару-жарақтар мен қару жасаушы шеберлерді Ресейге алдырған [4, 81].

Сонымен қатар, Ресей болашақ Польшамен болатын соғысқа сарбаздар тарту мәселесін де сәтті шеше бастаған. 1631 жылдың 25 қаңтарында Александр Лесли Швецияға аттанады. Мақсаты Швециядан сарбаз жасақтау болады. Лесли өзіне жүктелген тапсырманы орындады. Атап өту керек, Александр Леслидің өзі тегі жағынан орыс емес, шотландтық болатын. Ресейдің Польшаға қарсы соғысында тек қана орыс емес, өзге Еуропалық мемлекеттер сарбаздарының қызметі арта түсті. Осылайша, Смоленск соғысы қарсаңында Ресей бірнеше Еуропалық мемлекеттерден жалдамалы сарбаздарды тарта алды [5, 35–36]. Осындай өзара қарым-қатынастар 1632 жылға дейін жалғасты. Осы жылы Густав II Адольф Лютцен шайқасында қаза тапты. 30-жылдық соғыс қарсаңында Мәскеу мен Стокгольмның жақындасуына себепкер болған швед басшысы қаза тапқан соң, екі арасындағы қарым-қатынастар достық сипатынан айрыла бастады. Тіпті, қос мемлекет арасындағы саяси және әскери одақ құру туралы ұсыныс заңды күшін жоғалтқандай болды. Густав II Адольфтың өлімінен кейін швед басшыларының империя территориясындағы саяси жағдайды қолға алуы да қиындай түсті. Сондықтан, Польшаға қарсы соғыспақ болған Ресейге әскери көмек көрсетіп, саяси одақ құруға Швецияның мүмкіндігі жетпеді. Алдағы уақытта Швецияның өзі ірі саяси одақтас іздеуге мәжбүр болды. Сол одақтасы арқылы Орталық Еуропадағы көшбасшы болу жоспарына қол жеткізуді ойлады. Кейінгі оқиғалар желісі көрсеткендей, Франция мен Швецияның бірігуі байқалды. Керісінше, осы кезде Польша мен Ресей арасындағы бейбіт бітім де аяқталуға жақын қалып, Михаил патша соғысқа дайындала бастаған болатын.

Әрине, бұл соғыс Мәскеу билігінің жеке мүддесінен туындап, Смоленск қаласы мен соған жақын аймақтарды Ресей құрамына қайтаруды мақсат етті. Бірақ, бұл мақсатын шведтердің алдыңғы ұсынысымен байланыстырып, саяси одақ құру мәселесін көтерген болатын. Осы үшін де Стокгольмге елшілік ұйымдастырылды. Елшіліктің негізгі мақсаты Швецияны өзінің одақтасы етіп, Польшаға қарсы әскери және қаржылай көмек алу болатын. Алайда, Мәскеу елшілерінің сұранысы еш нәтиже бермеген. Смоленск соғысы қарсаңында ұйымдастырылған бұл елшілік Стокгольмге келгенімен ұзақ уақыт келіссөздер жүргізе алмады. 1633 жылдың басында келген елшілер тек сол жылдың тамыз айында ғана келіссөздер жүргізе бастаған. Мәскеу елшілерімен кездескен Перь Банер мен Оке Акельсон кешірім сұрап, келіссөздерді бастады. Елшілердің ұзақ уақыт күтіп қалуын елдегі қиын жағдаймен түсіндірді. Рас, Густав II Адольф қаза тапқан соң, Швецияның ішкі саяси жағдайында біраз қиыншылықтар байқалды. Мемлекетті басқару құқығына ие болған Густав II Адольфтың қызы Кристина әлі де болса кәмелет жасына толмаған болатын. Бұл билікке өзге

адамдардың араласуын туғызды. Густав II Адольф швед қоғамының топтасуына ерекше көңіл бөлген. Ал, оның өлімі қарапайым тұрғындар үшін де қиын тиді. Империя территориясындағы шведтердің бірнеше жеңісті әрекеттері оның атымен тығыз байланысты. Бас қолбасшының қатардан шығуы әскери әрекеттердің де нәтижесіне кері әсер етті.

Міне, осындай келеңсіздіктерді алға тартқан Перь Банер мен Оке Акельсон Мәскеу елшілерінің ұсыныстарын қолдамайтынын білдірді. Польшаға қарсы соғысқа дайын еместігін білдіріп, осы елмен бейбіт қатынастардың дамуына мүдделі екендігін айтқан. Швеция мен Польша арасындағы бейбіт бітім бұзылса, шведтердің Еуропалық көшбасшы болу жоспарына түпкілікті нүкте қойылу мүмкін еді. Банер мен Акельсон осы жағдайды Мәскеу елшілеріне жеткізіп, Швеция үшін империя территориясында жүріп жатқан соғыс маңызды екендігін ескерткен. Мәскеу елшілері келген уақытта шведтер 30-жылдық соғыстың шведтік кезеңін ашқаны белгілі. Жоғары да атап өткеніміздей, бұл соғыстың мақсаты Швецияның Еуропалық көшбасшылыққа ие болуында еді. Барлық әскери күшін осы іске жұмылдырған Швеция басшылары Мәскеудің ұсынысын қабылдамады. Саяси одақтың құрылуы мүмкін еместігіне көз жеткізген олар ең болмағанда Швецияның Польшамен болатын соғысқа бес мыңдай сарбаз беруін сұрады. Бұл ұсыныс та толық нәтиже бермеді. Бірақ, Швеция 30-жылдық соғыс барысында өзі жаулап алған иеліктерден сарбаз жасақтауға рұқсат берді. Келіссөздер барысында швед сарбаздарының Польшаға қарсы соғыспайтындығы қатаң ескертілді. Дегенмен, Швеция мен Ресейдің болашақ қарым-қатынастарының жоспарын сәтті жасады. Ресей мен Польша арасындағы соғыс әрекеттері ұзақ уақытқа созылса, Швеция да Ресейдің одақтасы ретінде соғысқа тартылуға уәде берді.

Әрине, ең бастысы Швецияның Польшамен арадағы бітім мерзімі аяқталуы керек болды. Осы жағдайда Швеция мен Ресей арасында саяси одақ пайда болуы мүмкін еді. Ал, Мәскеу басшылары болса Швецияға империядағы соғыс әрекеттеріне көмек ретінде 150000 сом ақша беріп тұруға келіскен болатын. Уақыт өте Швецияның ұсынысы бойынша Ресей ақшалай емес, азық-түліктік көмек көрсетуге міндеттенді. Стокгольмдегі бұл келіссөздердің нәтижесін шведтер өздеріне барынша тиімді етуді көздеді. Швеция үшін Ресейден арзан бағада нан және өзге де керекті заттар сатып алу маңызды болған. Алдағы уақытта Швеция Ресейдің келісімінсіз Польшамен арадағы бейбіт бітімнің мерзімін ұзартпайтын болды. Ресейге тәжірибелі швед әскери мамандарын жіберу де көзделді [2, 435–441]. Өзара көмектесу мен болашақтағы саяси одақтың жоспары осылайша жасалды. Стокгольмдегі бұл келіссөздер Ресейдің Польшаға қарсы соғысына үлкен көмек болуы тиіс еді. Атап өту керек, бұл келіссөздер Ресей мен Польша арасында жүріп жатқан соғыс жағдайында өтті. Дәл осы келіссөздердің соңында Ресейдің Польшадан жеңілгендігі туралы хабар жеткен. Ресей 30-жылдық соғыс барысында Швециямен жүргізілген келіссөздерді өз пайдасына жарата алмады. Густав II Адольфтың бірнеше рет жіберген елшілерінің ұсыныстарынан бас тарту арқылы Михаил Романов өздеріне тиімді болған уақытты жіберіп алды. Жалпы, 30-жылдық соғыс барысындағы қос мемлекеттің Польшаға қарсы өзара келіссөздері дәл осындай мазмұнда жүргізілген. Екі мемлекеттің басшылары Польшаға қарсы тұру туралы мәселесінде үнемі өздеріне тиімді тұстарын таңдаған. Екі мемлекет

басшылары бір-біріне одаққа бірігу туралы үнемі ұсыныстар тастап отырғаны белгілі.

Алайда, әр жағдайда мемлекет басшылары мемлекеттің мүмкіншілігі мен жағдайдың тиімділігін басты назарда ұстаған. Алғаш болып мұндай ұсыныс Густав II Адольфтың басшылығымен жүзеге асып, екі ел 30-соғыс барысында келіссөздер жүргізе бастағанын атап өттік. Бірақ, бұл келіссөздер Ресей тарапынан қолдау таппағаны белгілі болды. Ал, Стокгольмдегі келіссөздер Михаил Романовтың бастамасымен іске асса, бұл келіссөздер швед билігі тарапынан қолдау тапқан жоқ. Егер, Стокгольм қаласына келген Мәскеу елшілерін швед жағы өз уақытында қабылдап, Польшаға қарсы көмек көрсетсе, Смоленск соғысының барысы өзгеше болар еді. Ал, Смоленск қаласын қайтару үшін болған соғыста Ресей әскері поляктардан жеңіліс тапты.

Дегенмен, бұл соғыс тек Ресей ғана емес, Еуропа кеңістігіндегі ірі саяси оқиға болды. Ресейдің Габсбургтер одақтасы болған Польшаға қарсы соғысы ең алдымен өз мүддесінен туындады. Бірақ, бұл соғыс Польшаның назарын Орталық Еуропадан шығысқа аударды. Шығыстағы соғысқа тартылған Польша Орталық Еуропадағы мәселелерден алшақтап, Габсбургтердің сенімді одақтасы болудан қалды. Сондықтан, көптеген ғалымдар Смоленск шайқасын 30-жылдық соғыстың аясында қарастырып, Ресейдің осы Еуропалық соғыстағы орнын айқындауға тырысады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. М. Бобржинский. Очерк истории Польши (Dzieje Polski). – Том II. – СПб, 1891. – 340 стр.
2. Г.В. Форстен. Балтийский вопрос в XVI и XVII столетиях (1544–1648). – Т. II: Борьба Швеции с Польшей и Габсбургским домом (30-летняя война). – СПб, 1894. – 632 стр.
3. Новый летопись составленный в царствование Михаила Федоровича. Издан по списку князя Оболенского. – М., 1853. – 268 стр.
4. Г. Коваленко. Русские и шведы от Рюрика до Ленина. – М., 2010. – 256 стр.
5. А.З. Мышлаевский. Офицерский вопрос в XVII веке (Очерк из истории военного дела в России). – СПб, 1899.

Санжар Асфендиаров – әскери дәрігер

Алмас ЖҮНІСБАЕВ,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың
PhD докторантура және магистратура
институтының магистранты, санжартанушы

Санжар Асфендиаровтың патша әскеріндегі әскери-медициналық қызметі аз зерттелінген, тіпті мүлдем зерттелінбеген десе де болады. Мұрағат құжаттары мен дерек көздерінің тапшылығына байланысты зерттеушілер қайраткер өмірінің осы кезеңіне қатысты үстіртін ғана тоқталып өтуге мәжбүр болып, бірқатар қателіктерге бой алдыртқан. Осы мақалада кеткен Санжар Асфендиаровтың әскери-медициналық қызметін тың мұрағат құжаттарының және бай фактологиялық материалдың негізінде қайта қарастыратын боламыз.

Ресей Мемлекеттік әскери-тарихи мұрағатының Императорлық әскери-медициналық академия (316-қор) және Орыс әскері офицерлерінің қызметтік тізімдері, аттестациялары мен марапат қағаздары (409-қор), сондай-ақ Өзбекстан Республикасының орталық мемлекеттік мұрағатының Түркістан округтық әскери-медициналық басқармасы (И-762) қорларынан табылған Санжар Асфендиаровтың қызметтік тізімдері оның 1912–1916 жылдардағы әскери-медициналық қызметін хронологиялық тәртіпке келтіріп, жан-жақты ашып көрсетуге мүмкіндік беретін бірден-бір дерек көзі болып табылады.

Құрастырылу уақыты жағынан алғанда олардың ең алғашқысына әскери дәрігер Санжар Асфендиаровқа 1912 жылдың қараша айында Императорлық әскери-медициналық академияның басшылығымен құрастырылған қызметтік тізім жатады. Академия басшылығы әскери-медициналық қызметті өтеу үшін Ресей империясының әр түрлі әскери округтарына аттандырылуға даярланып жатқан өз түлектеріне қызметтік формулярлық тізімдерді құрастыра отырып, оларда тек қысқаша мәліметтерді келтірумен ғана шектелген. Дәлірек айтсақ, бұл қызметтік тізімдерде өз қызмет жолдарын енді ғана бастап жатқан академия түлектерінің туған күндері мен жылдары, ұстанған діндері, қай таптан шыққандықтары, қай губерниялардың өкілдері, академияға түскен жылдары, қай ведомствоның шәкіртақысын пайдаланғандықтары, қай жылы дәрігер атағына қол жеткізгендіктері, отбасы жағдайлары және қанша жыл мемлекеттік қызметті өтеуге міндетті болғандықтары туралы бабтар ғана толтырылды [1].

1912 жылдың қараша айында дәрігер атағына қол жеткізген Санжар мемлекеттік қызметті өтеуге міндетті академияның түлегі ретінде Әскери министрліктің Бас әскери-санитарлық басқармасының қарауына өтеді. 1913 жылы 26 қаңтарда академия басшылығынан алынған қызметтік тізімнің негізінде Басқарма кеңсесі Санжарға жаңа қызметтік тізімді құрастырады.

Онда жоғарыда аталған мәліметтермен қатар Санжардың Термездегі 10-шы Түркістан атқыштар полкына әскери қызметті кіші дәрігер лауазымында өтеу үшін жіберілетіндігі, оған 1236 сом көлемінде жалақы тағайындалатындығы, Петербордан үйіне және одан штаттық қызмет орнына дейін тиісті жол ақымен қамтамасыз етілгендігі, сондай-ақ Термез бекінісіне 1913 жылдың 13 наурызында келгендігі туралы құнды мәліметтер берілген [2].

10-шы Түркістан атқыштар полкына бекітілген кіші дәрігер Санжар Асфендиаров 1913 жылы 13 наурызда өзінің штаттық қызмет орны Термез бекінісіне келіп, өзіне жүктелген міндеттерді атқара бастайды. Көп ұзамай полк басшылығы Түркістан округтық әскери-санитарлық басқармасының кеңсесінен дәрігер С. Асфендиаровтың қызметтік формулярлық тізімін талап етіп, оны алдыртқан соң, қажетті баптарды тиянақты толтырып шығады. Бұл қызметтік тізім дәрігер С. Асфендиаровқа құрастырылған соңғы тізім болып, онда қайраткердің 1913–1916 жылдардағы әскери-медициналық қызметі хронологиялық тәртіпте көрсетілген.

Аталған құжат қайраткер өмірінің осы кезеңіне қатысты маңызды дерек көзі ғана болып қоймай, өз тарихымен де қызықтырады. 1914 жылы 10 мамырда Термез бекінісінде шоғырланған 10-шы Түркістан атқыштар полкының басшылығымен құрастырылған бұл тізім осы полктың кеңсесінде Санжар Асфендиаров Самарқанд қаласындағы 19-шы Түркістан атқыштар полкына аға дәрігер қызметіне ауысқанға дейін сақталынды. Полктың басшылығы жаңадан ауысып келген әскери дәрігердің бұрынғы жұмыс орнынан қызметтік тізімді алдыртып, өз кезегінде әскери қызмет бойынша орын алған барлық өзгерістерді мұқият енгізіп отыруды жалғастырды. 1914 жылы тамызда Санжар Асфендиаров 5-ші Түркістан атқыштар полкының құрамында бірінші дүние жүзілік соғыс майданына аттанғаннан кейін, оның қызметтік тізімін Түркістан округтық әскери-санитарлық басқармасы талап етеді. С. Асфендиаров 1915 жылы желтоқсанда Ташкентке қайтып оралғанға дейін оның қызметтік тізімі осы басқарманың кеңсесінде қала берді. 1916 жылдың қаңтарынан Ақпан революциясына дейін С. Асфендиаров Түркістан әскери-санитарлық басқарма қарауында болды, ал оның қызметтік тізіміндегі соңғы жазба 1916 жылы 9 мамырда енгізіліп, аталған басқарманың кеңсесінің қорында осы күнге дейін сақталынып қалып, біздің қолымызға түсті [3].

Осы дерек көзіне сенетін болсақ, 1912 жылдың 14 желтоқсанда әскери-медициналық академияның түлегі Санжар Асфендиаров екі ай мерзімге демалысқа жіберіледі. Туған Түркістан өлкесіне оралған Санжар бұл демалыс уақытын Ташкент және Самарқанд қалаларында отбасының ортасында өткізеді.

1913 жылы наурыздың басында Санжар Бұқара мен Түркістан генерал-губернаторлығы шекарасында орналасқан Термез бекінісіне аттанады. Термезде шоғырланған 10-шы Түркістан атқыштар полкы 1910 жылы 15-ші және 16-шы Түркістан атқыштар батальондарының негізінде құрылып [4], Санжар Асфендиаров полкта қызмет еткен уақытта оған басшылықты полковник С.С. Качаунов жүргізді. 13 наурызда Санжар өзінің штаттық қызмет орнына 10-шы Түркістан атқыштар полкы жанындағы жергілікті лазаретке келіп, аға дәрігер Тапильскийдің қарауына өтеді. Санжар Асфендиаров Сырдария облысының өкілі ретінде сол уақытта күші жүріп тұрған әскери міндеткерлік туралы жарғыға сәйкес оны өтеуден босатылғандықтан Термез жергілікті лазаретінде кіші дәрігер қызметін атқаруға кіріседі.

XIX ғасырдың 70-ші жылдары жергілікті әскерлер мен төменгі кластағы әскери госпитальдердің жанындағы лазареттердің негізінде жергілікті лазареттер ұйымдастырыла бастайды. 1881 жылға қарай Ресей империясы бойынша 153 жергілікті лазареттер құрылып, олардың жиырмаға жуығы Түркістан әскери округына қарасты болған территорияда ашылды. 1885 жылы жарық көрген Жергілікті лазареттер туралы ережеге сәйкес олар әскердің бекініс, резерв және запас бөлімдері, жергілікті командалар, әскери ведомствоның мекемелері және кейбір уездік әскери бастықтарының басқармалары жанынан құрылды. Тиісті әскери бастықтардың қарауында болған жергілікті лазареттер және оларда қызмет еткен дәрігерлер округтық әскери-санитарлық басқармаларға бағынды. Лазареттің медициналық бөліміне жетекшілікті бригада және дивизия командирлерінің бақылауымен аға дәрігер жүргізді [5].

Кіші дәрігер Санжар Асфендиаров қызмет еткен Термез жергілікті лазареті тұрақты әскери-медициналық мекеме ретінде Термез бекінісінде шоғырланған 9-шы және 10-шы Түркістан атқыштар полктарының, 3-ші Түркістан атқыштар артиллериялық дивизионының [6] науқастанған және жараланған офицерлер мен жауынгерлерді емдеумен, сондай-ақ қажетті дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етумен айналысты. Термез жергілікті лазаретінің бастығы қысқа уақыт ішінде өз жауапкершілігімен көзге түскен жас дәрігер Санжар Асфендиаровты жиі лазареттің бақылаушысы міндетін атқаруға тағайындап отырды [7].

Шалғайда орналасқан шекаралық бекіністе қызмет атқару осы жер үшін тән болған ыстық ауа-райымен ғана емес, сонымен қатар тұрақты түрде жауынгерлер мен қарапайым халық арасында жұқпалы аурулардың кең таралуымен қиындатылды. Әскери қызметтің талай ауыртпалығын бастан кешіріп, шыныққан Санжар Термездегі қызмет жылдары бай дәрігерлік және өмірлік тәжірибе жинақтап шығады. Бұл уақытта Санжардың жұбайы Рабиға өз атанасының қолында Самарқанд қаласында тұруға мәжбүр болғандығы туралы да айта кеткен жөн [8].

Өзіне жүктелген міндеттерді абыроймен атқарған Санжарды әскери басшылық 1913 жылы мамырда Романовтар әулетінің билік етуінің 300 жылдық мерейтойына [9] орай қола медальмен марапаттайды. Алты айдан кейін, 16 қарашада қабілетті жас маман Санжар Асфендиаров Түркістан округтық әскери-санитарлық басқарманың бұйрығымен 9-шы Түркістан атқыштар полкының аға дәрігер міндетін атқарушы болып тағайындалады. Келесі жылы, 9 мамырда С. Асфендиаров 3-ші Түркістан атқыштар бригадасының №126 бұйрығымен бригадалық дәрігердің қызметін уақытша атқарушысы болып тағайындалынып, бұл қызметте үш айдай уақыт қана жұмыс істейді [10]. 1914 жылы 7 тамызда Округтық әскери-санитарлық басқарма, алдымен Санжар Асфендиаровты Закаспий облысының Асхабад қаласында шоғырланған 19-шы Түркістан атқыштар полкының аға дәрігері қызметін атқаруға аттандырады. Алайда, Ресей империясының бірінші дүние жүзілік соғысқа кіруіне байланысты және әскерге жалпы мобилизацияның жүргізілуіне орай екі апта өткен соң басқарма оны Самарқанд қаласына шақыртып, 19 тамызда сол жерде тұрған 5-ші Түркістан атқыштар полкының аға дәрігері қызметіне тағайындайды [11].

Бұл уақытта Германияның арандатушы әрекеттеріне жол берген Ресей империясы әлемдік ауқымдағы алғашқы әскери қақтығысқа – бірінші дүние жүзілік соғысқа тартылды. 1914 жылдың шілде айының екінші жартысында

империяның барлық 12 әскери округтары бойынша шұғыл түрде жүргізілген мобилизацияның нәтижесінде 1830 батальоннан, 1243 эскадроннан және 908 батареядан құралған орыс әскері жасақталынып, соғысқа кіруге даярланды [12].

Бельгияны талқандап, оның территориясы арқылы Францияға тұтқиылдан басып кірген неміс әскерінің әрекеттері соғыстың бастапқы кезеңінде Австро-Венгрияға әскери қимылды жүргізуді жоспарлаған патша үкіметін тікелей Германияға қарсы шығуға итермеледі. Мобилизация науқанын толық аяқтап үлгермеген Ресей жақсы қаруланған әрі тактикалық даярлығы мықты неміс әскеріне ашық қарсы тұруға даяр болмағанына қарамастан, өзінің Антанта бойынша әскери одақтасы болған Францияны құтқарып алу мақсатында 1914 жылы 1 тамызда соғысқа уақытынан бұрын араласуға мәжбүр болатын. Себебі, Францияның тез арада соғыста жеңіліс табуы Ресей үшін Үштік одақ елдерімен жеке дара қалу қаупін тудырды. Мұндай жағдайда Германия Батыс майданда босап жатқан ірі әскери күштерін шығысқа қарай аударып, Ресейге аттандыратын еді. Қалыптасқан ауыр жағдай Ресейді ширақ қимылдап, мобилизацияның аяқталуын күтіп жатпай Шығыс Пруссияда (қазіргі Польшаның территориясы – А.Ж.) белсенді түрде әскери қимылдарды жүргізу арқылы соғысқа қызу араласуға міндеттеді.

Соғыстың бастапқы кезеңінде Шығыс Еуропада орын алған ұрыстар Ресей империясының соғысқа тиісті даярлықсыз кіргендігін айқын байқатты. Соғысқа қызу араласқан әскери державалардың ішінде тек Ресей ғана жақын арада, дәлірек айтқанда 1904–1905 жылдары Солтүстік Қытай мен Кореяда үстемдік орнату үшін жүргізілген орыс-жапон соғысына араласу арқылы мол әрі сәтсіз әскери тәжірибе жинақтап үлгерді. Осы жағдай орыс қарулы күштерінің ілгері дамуына ықпал еткені сөзсіз. Сондықтан да Ресейдің бірінші дүние жүзілік соғысқа даярлықсыз кірді деген кеңестік тарихнамада орныққан сыңар жақты пікір шындыққа толық сай келмейді. Орыс-жапон соғысынан кейінгі жылдары Ресей өз әскери қуатын өсіруде алға үлкен қадам жасап үлгерген еді. Бұл қадамдар ең алдымен әскери техниканы жаңартуға, оның саны мен сапасын көбейтуге, төменгі әскери құрамның дайындығын жақсартуға бағытталынып, іске асырылды. Дегенмен, өз жоғарғы әскери құрамның тәжірибесі мен біліміне арқа сүйеген Бас штаб оны қайта жасақтап, даярлығын арттыру ісіне аз көңіл бөлді. Көптеген орыс әскери тарихшылардың пікірінше, патша әскеріне басшылық еткен жоғарғы әскери құрамының даярлық деңгейінің төмендігі мен жау территориясында ірі әскери құрамаларға шұғыл әрі тиянақты басшылықты жүргізе алмауы 1914 жылы тамыз-қыркүйек айларында Шығыс-Пруссиялық операция барысында орыс әскерінің апатқа ұшырауының басты себептерінің біріне айналды. Соғыстың бастапқы кезеңінде Антанта одағының құрамына кірген Франция және Ресейдің сәтсіздікке ұшырауының тағы бір себебі, олардың 1914 жылдың ортасына қарай өздерінің кенеттен басталып кеткен соғысқа тиісті даярлана алмағандығынан көруге болады. Өйткені, олар армия мен флоттың әскери құрамының санын айтарлықтай ұлғайтуды 1917–1918 жылдарға жоспарлады. Осы себептен ресейлік әскери ведомстволар соғыстың басына дейін қарулы күштердің дамуына бөлінген бюджеттік қаржының тек 1/3 жуығын ғана пайдаланды [13].

Ресейдің қарулы күштері мобилизацияны толықтай қарқын алып келе жатқан соғыстың тек 45-ші күніне қарай аяқтады. 1914 жылдың 3 қыркүйегіне қарай

запастан қатардағы әскерге төменгі шендерден, офицерлерден, дәрігерлер мен кластық шендерден, казактардан (3115 мың адам) мен 1-ші разрядтағы ратниктерден (800 мың адам) барлығы 3 915 мың адам шақырылды [14]. Жалпы мобилизацияны жариялағанға дейін Ресей империясы қарулы күштерінің саны 1 423 мың адамға тең екендігін ескеретін болсақ, 1914 жылдың қыркүйек айының ортасына қарай орыс әскерінің қатарындағы адамдардың саны 5 338 мыңға дейін жетті [15].

Шілде айында шұғыл мобилизация жүргізілген әскери округтардың қатарына Түркістан әскери округы да ілінді. XX ғасырдың басында Түркістан әскери округына бес облыспен және бір бөліммен (*Әмудария бөлімі* – А.Ж.) бірге Бұқара мен Хиуа хандықтарының территориялары да кіріп, оларда патша әскерінің гарнизондары орналасты. Түркістан әскери округы территориясының көлемі жағынан алғанда Ресей империясының ең ірі округы болғандығына қарамастан, бірінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде әскер саны 31 829 адамға тең болған округ империя бойынша соңғы орында тұрды [16]. Түркістан өлкесінің территориясында шоғырланған 22 атқыштар полктарының ішінен майданға аттанатын бірнеше полк іріктеліп алынып, олардың құрамына Самарқантта тұрған 5-ші Түркістан атқыштар полкы да кіргізілді. Бұл полк 1910 жылы ақпанда 3-ші резервтік Зербұлақ және 7-ші Түркістан батальондарының негізінде құрылып [17], бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде 1-ші Түркістан әскери корпусына бағынған 2-ші Түркістан атқыштар дивизиясының құрамында Солтүстік-Батыс майданда әрекет еткен 10-шы армияның әскери операцияларына қатысты. 33 мың мылтықтың найзасымен, 200 қылышпен және 132 зеңбірекпен қаруланған 1-ші Түркістан әскери корпусына полковник П.К. Вставский басшылық жүргізді.

1912 жылы 12 маусымда Әскери міндеткерлік туралы жарғыға енгізілген өзгерістер мен қосымшаларға сәйкес Дала және Түркістан генерал-губернаторлықтарының тұрғылықты ұлт өкілдері (казактар, өзбектер, қырғыздар, тәжіктер, түрікмендер және тағы басқа ұлттар мен халықтар – Ж.А.) патша әскері қатарында қызмет етуден босатылды. Демек, бірінші дүние жүзілік соғыс барысында аталған аймақтардың жергілікті халықтарына мобилизация науқаны жүргізілмеді. Алайда ұзаққа созылып кеткен соғыс және ондағы Ресей империясының орасан зор адами шығындары сарқылған әскери күштің орнын толтыруға ұмтылған патша үкіметін бұл мәселені қайта қарастыруға итермеледі.

Соғыстың бастапқы кезеңінде ұлттық аймақтардан майданға негізінен орыс тілді халықтары – орыстар, казактар, украиндер, поляктар, орыс немістері және еврейлер аттандырылып, саяси сенімсіз ұлттардың қатарына жатқызылған Дала және Түркістан өлкелерінің жергілікті халықтары арасынан әскери қызметті өтеуге міндетті болған медициналық және санитарлық персонал ғана мобилизацияланды.

Өкінішке орай, қазіргі таңда бірінші дүние жүзілік соғыста Түркістан өлкесінен және Қазақстаннан майданға аттанған полктардың тағдырлары мен әскери қимылдары жеке зерттеудің нысанына айнала қоймағандықтан, олардың ұлттық және этникалық құрамдарын нақты анықтау мүмкіндігі болмай тұр. Дегенмен, казактың арасынан бірінші дүние жүзілік соғыстың ең ауыр бастапқы кезеңдеріне Императорлық әскери-медициналық академияның түлектері, полк дәрігерлері Санжар Асфендиаровтың және Нұрғали Ипмағанбетовтың қатысып, жау тұтқынына түскендіктері, одан тиісінше 1915 және 1917 жылдары босап

шығып, туған жеріне қайта оралғандықтары туралы тарихи әдебиетте мәліметтер бар. Тек 1916 жылы ғана маусымда патшаның жарлығы жарияланған соң майданға тылдағы жұмыстарға ұлттық аймақтардың халықтары өкілдерінен құралған жұмыс жасақтары аттандырыла бастап, майдандағы Ресей империясының онсыз да этникалық алуан түрлілігін арттырды.

1914 жылы 18 шілдеде 2-ші Түркістан атқыштар бригадасы 5-ші Түркістан атқыштар полкының мобилизациясы туралы бұйрықты шығаруына байланысты оның бірнеше командалары таратылып, өз роталарының қарауына жіберілді. Олардың орны өзге атқыштар полктарынан іріктелініп алынған әскери құрамалармен толықтырылды. Мобилизация кезеңінен бастап полк Қатта-Қорған және Вревтік Орта Азия темір жолы арасындағы темір жол учаскесін қорғауды өз қолына алды [18]. Түркістан округтық әскери-санитарлық баскарманың 1914 жылы 19 тамызда шығарған бұйрығына сәйкес Самарқант-Курск бағытында жол тартуға даярланып жатқан 5-ші Түркістан атқыштар полкының аға дәрігер қызметін атқаруға Санжар Асфендиаров тағайындалады [19]. 31 тамызда бұл маршрут беларус қаласы Гомельге дейін ауыстырылып, қыркүйек айының басында полк өзге әскери құрамалармен бірге қызу әскери қимылдар жүріп жатқан Солтүстік-Батыс майданға келіп жетеді.

Осы майдандағы орыс әскерінің әскери рухы кавалерия генералдары П.К. Ренненкампф және А.В. Самсонов (*1909-1914 жылдардағы Түркістан генерал-губернаторы және Түркістан әскери округының бастығы* – Ж.А.) басшылық еткен 1-ші және 2-ші армиялардың 1914 жылы 28 тамызда Танненберг түбіндегі жеңілісінен кейін Шығыс Пруссия операциясын толық сәтсіздікпен аяқтау салдарынан айтарлықтай төмендеген еді. Шығыс Пруссия операциясының нәтижесінде неміс жағының есептеулері бойынша орыс әскері 250 мың жауынгерден, 500-ге жуық зеңбіректен айырылып, тұтқынға 93 мың солдат, оның ішінде 15 генерал түсті [20].

1914 жылы қыркүйектің басында Ставка соғыс майданына келіп жеткен 22-ші, 3-ші Сібір және 1-ші Түркістан корпустарын 10-шы армияны құру үшін пайдаланып, 5-ші Түркістан атқыштар полкы 11-ші Сібір атқыштар дивизиясының құрамына кіргізіледі. 16 батальоннан құралған бұл дивизия жауынгерлері 48 жеңіл зеңбірекпен және 32 пулеметпен қаруланды.

1914 жылы 18–19 қыркүйекте Августово-Райгорт-Граево маршрутына бет алған 5-ші Түркістан атқыштар полкы жол бойы 1-ші әскери корпуспен Августов орманында орын алған қанды шайқастарға қатыстырылады. Көмекке келген сібірліктердің, кавказдықтар мен финдердің күшімен сандық басымдылыққа қол жеткізген орыс әскері орманда жедел басқару және ауыр артиллерияны қолдану мүмкіндігінен айырылған неміс әскерін талқандайды. 20 қыркүйекте 2-ші Кавказ корпусы Сувалкиді басып алып, Августов ормандарынан жау құрамаларын ығыстырып шыққандығына қарамастан, қосымша күш жинаған 8-ші неміс армиясы 22–27 қыркүйек күндері болған ұрыстарда 2-ші Кавказ корпусын артиллерияның күшті соққысына алып, үлкен шығынға ұшыратады да сол қапталдан 1-ші армияның тарапынан төңіп келе жатқан қауіптен құтылу үшін кері шегініп кетеді. Түркістан құрамалары бұл уақытта Лык және Бялу елді мекендерін басып алып, Бобр және Нарев өзендерінің бойын өз қорғауына алады. Осылайша, генерал Флугтың 10-шы әскері өзі қатысқан ұрыстарда ерлік көрсетіп, немістердің 8-ші армиясын тізе бүктіргендігіне қарамастан, май-

дан штабының қысқаколды саясатының нәтижесінде ширақ шабуылдармен көзге түскен генерал В.Е. Флуг «қауіпті белсенділігі» үшін әскерді басқарудан шеттетіледі [21].

Қазан айының алғашқы күндері 8-ші неміс армиясы 25-ші резервтік корпуспен күшейтіліп, түркістандықтарды Лык түбінен ығыстырып, 1-ші Түркістан атқыштар бригадасына қатты соққы береді. Көп ұзамай, млавтық бағыт бойынша орыс әскерінің жаңа 1-ші армия құрылады да, оның құрамына 6-шы армиялық және 1-ші Түркістан корпустары кіргізіліп, олардың 10-шы армиядағы орындарын бұрынғы 1-ші армияның 3-ші, 20-шы және 26-шы корпустары басқан болатын. Лодзь операциясы басталғанға дейін түркістандықтардың әскери құрамалары Шығыс Пруссияның оңтүстік шекараларында сәтті әскери қимылдарды жүргізе отырып, 30 қазанда Шарнау түбінде жаудың 6 зеңбірегінің қолға түсіреді.

Алма-кезек сипатта өрбіген соғыстың алғашқы кезеңінде бірде-бір жаулаушы жақ айтарлықтай басымдылыққа қол жеткізе алмады. Жоғары әскери басшылықтың жіберген өрескел қателіктерінің нәтижесінде екі жақ арасында орын алған кескілескен ұрыстарда патша әскері орасан зор адами шығындарға ұшырады. Соғыс қарсаңында оның болашақ ауқымын және мүмкін болатын шығындарды, әскерді зақымдап, жаралайтын жаңа эффективті құралдардың (пулеметтердің, от атқыштардың, танктердің, уландыратын заттардың, жарылатын оқтардың – Ж.А.) пайда болуын ескермеген патша үкіметі соғыстың алғашқы жылында өз әскерін қажетті материалдық, техникалық және медициналық көмекпен қамтамасыз етуге қабілеті жетпей, тағдырдың талкегіне қалдырды.

Бас әскери-санитарлық инспектордың мәлімдеуінше, бірінші дүние жүзілік соғыстың қарсаңында Ресей империясының қарулы күштері медициналық-санитарлық құралдармен небәрі төрт-ақ айға қамтамасыз етілді. Сонымен қатар, әрқайсысы 50 мыңнан тұратын 74 әскери корпусарға, 122 лазареттерге, 850 далалы және 79 бекініс госпитальдеріне, 74 әскери-санитарлық көліктерге, 100 әскери-санитарлық поезддерге және бекіністер үшін 76 020 жатып емделетін орындарға арналған медициналық мүліктің төрт айлық қоры қоймаларда сақталынды [22].

Майданда қалыптасқан ауыр жағдайға өзгеріс енгізу мақсатында 1914 жылы 16 қыркүйекте әскери ведомствоның бұйрығына сәйкес Мемлекеттік кеңестің мүшесі, генерал-адъютант ханзада А.П. Ольденбург кең өкілеттіліктерге ие болған Санитарлық және эвакуациялық бөлімнің жоғарғы бастығының басқармасын құрып, оны өзінің тікелей қарауына алады. 13 қазанда Бас қолбасшының бұйрығымен армиялардың штабтары жанынан санитарлық бөлімдер ұйымдастырылып, оларға басшылық еткен бастықтар армия штабының және майданның санитарлық бөлімінің бастықтарына бағынды [23]. Бұл басқарма майданда әскери қимылдарды жүргізіп жатқан әскерді тиісті деңгейдегі әр түрлі медициналық көмекпен қамтамасыз ету міндетін өзіне жүктеді. Ханзада А.П. Ольденбургскийдің тікелей жетекшілік етуімен майданнан эвакуацияланып жатқан көпсанды жараланған және науқастанған жауынгерлерді қабылдай алатын орындардың желісін құру ісін қолға алынды. Тек соғыстың аяғына қарай емдеу мекемелеріндегі койкалардың саны 1 миллионға жетіп, бүкіл армияны толықтай қамтамасыз ету мүмкіндігіне жақындады.

Жоғарыда аталған қажетті бастамаларға қарамастан койкалардың майданда және елдің ішкі аудандарында орналасуы иррационалды сипатқа ие болды: койкалардың 3/2 бөлігі тылда, 3/1 бөлігі майданда орналастырылуы салдарынан бүкіл соғыс кезінде жараланған жауынгерлерді эвакуациялау жүйесі орын алып, маңызды әрі кезек күттірмейтін мәселелердің біріне айналды. Әскери қимылдардың бастапқы кезеңінде тек 52 әскери-санитарлық транспорт ғана жасақталды. Соғыс барысында оларды саны үнемі өсіп отырғанымен, бір дивизияға бір бірлік нормасы орындалмай қалды. 1915 жылдың қыркүйегіне қарай құрамында 20 санитарлық автомобильдері бар 15 санитарлық автобөлімдер құрылғанына қарамастан, бұл бағытта да қажетті нормалар орындалмаған күйінде қала берді. Санитарлық поезддардың саны біртіндеп 255-ке дейін жеткізіліп, олар жараланған сарбаздарды емдеу орындарына эвакуациялаумен айналысты.

Соғыстың бас кезінде-ақ дәрі-дәрмектің және хирургиялық аспаптардың тапшылығы бірден сезініп, шұғыл түрде шешілуге тиіс мәселелердің қатарына қосылды. Бұл мәселенің күрделенуін соғыс кезеңіндегі дәрі-дәрмек тізіміндегі 118 атаулардың ішінен 80-і шетелден, соның ішінде Германия және Австро-Венгриядан тасымалданып отырғандығымен түсіндіруге болады. Ханзада А.П. Ольденбургский 1914 жылдың қазанында екі комиссия ұйымдастырып, оларға қоймалардағы дәрі-дәрмек қорын орынды үлестіру және шетелден дәрі-дәрмекті сатып алу міндеттері жүктелді. Қысқа уақыт ішінде империяда фармацевтикалық зауыттар мен фабрикалар ашылып, олар майдандағы әскерді қажетті дәрі-дәрмекпен және таңғыштармен қамтамасыз етті. Соғыс барысында майданда 1-2 армияға бір дәріхана есебінен далалы дәріханалардың жылжымалы бөлімдері құрылды.

1914 жылы тамыз айында генерал-майор Д.П. Зуев төрағалық еткен арнайы комиссияның жұмыс қорытындысы ретінде жарыққа шыққан «Әскери уақыттағы әскери-медициналық мекемелер туралы ережеге» сәйкес әскери қимылдарды жүргізіп жатқан армия жараланған және науқастанған жауынгерлерден тұрақты қашықтықта тұруы шарт болып алға тартылып, ол өз кезегінде әскердің қимылдарын тұсамай, оның қатарындағы төменгі шендерге тигізіп отырған кері ықпалынан, індеттердің таралуынан, қатынас жолдарының зақымдануынан сақтауы тиіс еді.

Әскери ведомствоның тарапынан жүргізілген барлық талпыныстарға қарамастан, жараланғандардың бірінші ағымын тылға тасымалдау кезінде-ақ эвакуациялау жүйесі ойдағыдай жұмыс істемеді. Эвакуациялық поезддардың кесте бойынша жүрмей, үнемі кешігіп жүру салдарынан көпсанды жараланған жауынгерлер бас таңғыш тұрақтарда жиналып, бірнеше тәулік бойы өз аттану кезегін күтіп жатты. 500-ге тарта адамды тасымалдауға жасақталған бұл поездар ішіндегі санитарлық нормалар қажетті талаптарға жауап бермеді. Жараланған әскер тамақтандырылмай, алғашқы медициналық жәрдемге аса мұқтаж еді.

Майданда дәрігерлік көмек ең алдымен ротаның фельдшерімен көрсетілді. Жараланғандарды іздестіру және ұрыс алаңынан алып кету, алғашқы медициналық жәрдемді көрсету және таңғыш тұрақтарына жеткізу полк және дивизия тасығыштарына тапсырылып, олардың штат бойынша саны жеткілікті еді. Әрбір 16-шы орталық полкта олардың саны 128-ге, демек 4 полкта 512-ге жетіп, дивизияның таңғыш бөлімінде 200 тасығыш болды. Соған қарамастан,

жараланғандарды ұрыс алаңынан уақытында, әсіресе кескілескен шайқастар кезінде, қолайсыз ауа-райы жағдайларында және бейтаныс қоршаған ортадан алып кету толықтай жүзеге асырылмады. Осы жұмыстарды атқару кезінде тасығыштар үлкен шығындарға ұшырап, олардың орнын толтыру қиынға соқты. Майданнан тылға және жақын жерде ұйымдастырылған таңғыш тұрақтарына жаралы және науқас жауынгерлерді атқа жегілген көлікке салып тасып отырды.

Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде жараланған және науқастанған жауынгерлерді эвакуациялау кең ауқымға жетті. 1914 жылдың тамызынан 1916 жылдың қарашасына дейін майданнан тылда орналасқан емдеу-эвакуациялау орындарына 5 812 935 жараланған жауынгер жеткізіліп, бір айда орташа есеппен 116 896 адамды құрады. Олардың 2 539 850 империяның ішкі аудандарына аттандырылған болса, 3 273 085 адам толық емделу курсы аяқтағанға дейін тыл аудандарындағы госпитальдерде орналастырылды [24]. Бұл жерде госпитальдерге түскен жауынгерлер арасындағы өлім көрсеткіші жараланғандар арасында 2,6%-ға жуық, ал науқас болғандарда 2,4%-ға тең келді. Тылдағы госпитальдерде емделініп, қатардағы әскердің құрамына қайта қосылған науқастар – 44%, жараланғандар – 46,5% құрады.

Жоғарыдан көріп отырғанымыздай, бірінші дүние жүзілік соғыстың бастапқы кезеңінде орыс әскерінде медициналық, санитарлық, хирургиялық, фармацевтикалық, сондай-ақ жараланған және науқастанған сарбаздарды ұрыс алаңынан майдан бойы, тылда және империяның ішкі аудандарында құрылған емдеу мекемелеріне эвакуациялау қызметтерінің төменгі деңгейде ұйымдастырылу салдарынан патша үкіметі соғыста үлкен адами шығындарға тап болды. Майдандағы медициналық көмекті көрсетудің бар ауыртпалығы әскери дәрігерлердің мойнына түсті. Орыс әскерінің медициналық персоналы лаза-реттерде хирургиялық аспаптардың және аса қажетті болған дәрі-дәрмектердің тапшылығынан өте күрделі жағдайда жұмыс істеді. Соған қарамастан, әскери дәрігерлер жараланған және науқастанған сарбаздарға алғашқы медициналық көмек көрсету және емдеу арқылы оларды ажал тырнағынан сақтап, әскердің құрамына қайта қосып отырды.

5-ші Түркістан атқыштар полкының аға дәрігер қызметін атқарған Санжар Асфендиаров өз полкының құрамында 1914 жылы қыркүйек-қараша айларында Шығыс Пруссия территориясында орыс әскері жүргізген ауқымды I және II Галиция, сондай-ақ Августов және Лодзь әскери операцияларына қатысып, полк жауынгерлерін нашар жарықпен қамтамасыз етілген, жылуы жоқ қарапайым шатырларда алғашқы медициналық жәрдем көрсету және емдеу, хирургиялық операцияларды жасау, ұрыс алаңынан жауынгерлерді алып кетуге көмектесу, санитарлық нормаларды қатаң бақылау, дәрі-дәрмектің пайдалануын қадағалау, жараланған және науқас сарбаздарды орналастыру, міндетті эвакуацияға аттанатын адамдарды іріктеу және олардың тізімін құрастыру, қоғамдық ұйымдармен және өзге де мекемелермен байланыс орнату арқылы бірігіп әрекет ету, жоғарғы басшылыққа есеп беру сынды қауырт жұмыстарды атқарумен айналысты. Кейбір қиын жағдайларда полк жауынгерлерімен бірге қолына қару алып, жауға қарсы жүргізілген әскери қимылдарға қатысқан сәттері де кездесті.

Солтүстік-Батыс майдандағы жағдайды өз пайдасына шешуге тырысқан орыс әскерінің жоғарғы басшылығы 1914 жылы 10 қарашада «Германияға тереңдеп ену» туралы арнайы директиваны жариялайды. Осы мақсатқа қол

жеткізу үшін Ставка 2-ші, 4-ші, 5-ші және 9-шы армияларды, яғни 16 әскери корпусстарды жасақтап, оларға нысана ретінде Ярочин-Кемпен-Каттавиц-Освечин географиялық межесін белгілейді. Тарихта Лодзь операциясы атымен қалған орыс әскерінің бұл кезекті ауқымды әскери кампаниясы өз бастауын 12 қарашада табады.

Осы ауқымды операция барысында Лодзь қаласы түбінде қараша айының аяғында орын алған кескілескен шайқастардың бірінде басына ауыр жарақат алған әскери дәрігер Санжар Асфендиаров өз полкының жауынгерлерімен бірге неміс тұтқынына түсуге мәжбүр болып, қазіргі Польшаның территориясында орналасқан Торн (*Торунь* – А.Ж.) қаласындағы әскери тұтқындар концентрационды лагеріне аттандырылды [25].

Жалпы алғанда 1914 жылы жазда және 1914–1915 жылдардың қысында жүргізілген әскери кампаниялардың нәтижесінде орыс әскерінің қос майдандардағы шығындары 2 миллионға жуық адамды құрап, олардың 1 миллион 210 мыңы қайтыс болып немесе жараланып, 764 мыңы әскери тұтқынға түсті [26]. 1915 жылдың 1 қаңтарына қарай орыс әскерінің 3 577 офицері мен 306 653 төменгі шендегі жауынгерлері Германия империясының территориясында ұйымдастырылған концентрационды лагерьлердің әскери тұтқындарына айналды. Жалпы алғанда, бірінші дүние жүзіліктің соғыстың аяғына қарай 328 мың солдат пен офицер британ, 350 мың – француз, 916 мың – австро-венгр тұтқынында болды. Ең көп әскери тұтқындар басты жауласушы державалар – Ресей (2, 25 млн.) мен Германия (2,4 млн.) территорияларында шоғырланды [27].

Соғыстың алғашқы жылы майданда жүргізілген барлық әскери қимылдарға қарамастан жауласушы жақтардың бірде-бірі айтарлықтай табысқа қол жеткізе алмады. Патша үкіметінің мобилизация және әскерді жасақтау кезінде жіберген өрескел қателіктері, Ставканың ұстанған қысқа қолды әскери стратегиясының нәтижесінде соғыстың кейінгі жылдары неміс тұтқынына түсіп отырған орыс жауынгерлерінің саны үнемі артып отырды. Оның үстіне патша үкіметі тұтқынға түсуден басқа амалы қалмаған жауынгерлерге қатысты біржақты позиция ұстанудан, жау қолына түсудің алғышарттары мен себептерін мойындаудан үзілді-кесілді түрде бас тартты. Патша үкіметі тұтқынға жараланбай және қорғаныс құралдарын пайдаланбай түскен жауынгерді өз еркімен мойынсұнған тұтқын деп анықтау салдарынан әскери тұтқындардың айтарлықтай бөлігі сырттай қылмыскерлер мен сатқындардың қатарына жатқызылды. Мұндай ұстанымдардың нәтижесінде өз үкіметі тарапынан қолдау мен қорғау таппаған әскери тұтқындар үшін Отанға қайта оралу, әсіресе саяси сенімсіз болып саналған имперлік әскердегі аз санды ұлт өкілдері үшін әскери трибуналдың со-тына тартылумен немесе сотсыз және тергеусіз атылумен тең болды.

Соғыстың бастапқы кезеңінде әскери басшылық армия қатарындағы рухты және қатаң тәртіпті сақтау мақсатында өз әскери тұтқындардың мәселесін шешуден саналы түрде жалтарып, шынайы санын жасырды. Баспасөз қызметкерлеріне әскери тұтқындардың санына қатысты кез келген мәліметтерді жариялауға қатаң тиым салынып, цензура газеттерден тұтқында індеттер кезінде көз жұмған жауынгерлердің саны туралы мәліметтер алып тастады. Тұтқындардың есепке алынбауы және олар туралы жуықтап алғанның өзінде нақты мәліметтердің жасырылуы жау қолында қалған жауынгерлерге көмек көрсету шараларының ауқымына әсер етпей қоймады. Онымен шектелмеген әскери басшылық

тұтқынға түсудің әрбір жағдайын кінәлілерді соғыс аяқталғаннан кейін немесе Отанға оралған соң соттау үшін дереу тергеу жұмыстарын жүргізуді талап етті. Сатқындық үшін кез келген жағдайда аяусыз жаза күтетіндігін көрсету үшін тергеудің қорытындылары қатардағы жауынгерлерге жариялануы тиіс болатын. Сонымен қатар, әскери басшылық тұтқыннан қайтып оралған солдаттар мен офицерлерге сот процесін ұйымдастыру үшін олардың лагерьдегі тәртібіне бақылау орнатуға тырысты [28].

Жау лагерьлерінен әр түрлі жолдар арқылы босап шыққан тұтқындар өздеріне жоғарғы әскери органдардың айрықша назарын аударды. Олардың тағдырына белсенді түрде араласу қарама-қайшы себептермен түсіндірілді: бір жағынан олар жау және тұтқында қалған миллиондаған бұқараның көңіл-күйлері туралы мәлімет бере алатын дерек көзі, сондай-ақ ішкі үгіт құралы ретінде қарастырылса, екінші жағынан неміс агенттері ретінде қабылданды. Бұл екіжақтылық осы санатқа кірген тұтқындарға қатысты қолданылатын іс-шаралардың жүйесін де анықтады. Жау қолынан босап шыққан барлық тұтқындар тергеуге алынып, ар-анықтады. Олардың бір бөлігі саяси сенімсіз элементтер ретінде найы сауалнамадан өтті. Олардың бір бөлігі саяси сенімсіз элементтер ретінде патша күзет орындарының қара тізіміне енгізіліп, тұрақты бақылауда болса, өзге бөлігі үгіт жұмыстарында үлгі ретінде пайдаланылып, тұтқыннан қашып шыққаны үшін ақшалай сый ақымен марапатталды [29].

Қазіргі таңда әскери тұтқындардың мәселесін зерттеумен айналысып жүрген тарихшылар, Германия тұтқынға түскен көпсанды жау солдаттары мен офицерлерін орналастыруға және оларды созылып кеткен соғыс жағдайында қамтамасыз етуге дайын болмады деген пікірді ұстанып отыр [30]. 1914 жылдың аяғына таман Германияға ағылып келген жүздеген мың тұтқындар толқының қамтамасыз ету шараларын ұйымдастыру қиын мәселеге айналды. Зерттеушілермен «импровизация фазасы» деп аталған соғыстың алғашқы жар-ты жылында тұтқындар аспанның астында қарапайым шатырларда және жер үйлерінде үлкен тығыздықпен орналасып, тиісті медициналық көмекпен, азық-түлікпен және киім-кешекпен қамтамасыз етілмеді. Бұл жағдай өз кезегінде тұтқындар арасында сүзек және тырысқақ індеттерінің кең таралуына себепші болып, үлкен өлім көрсеткішіне алып келді. 1915 жылы көктемде негізгі концентрационды лагерьлердің салынуымен «ұйымдастыру фазасы» басталынып, оның барысында әскери тұтқындарды қамтамасыз етудің минималды стандарттары енгізіліп, лагерь мәдениетінің дамуына мүмкіндік беретін шарттар қалыптасты. Еріксіз еңбек жүйесінің пайда болуымен байланысты «екінші қайтара жіктеліс фазасы» 1915 жылдың ортасынан 1922 жылға дейін жалғасып, бұл кезеңде 120 жуық лагерьлер ондаған мың жұмысшылардың командаларымен толықтырылды.

Әскери тұтқындар тарихын зерттеуші О.С. Нагорная өз еңбегінде тұтқындар лагерьлерін келесідей негізгі алты топқа бөлген: өтпелі, негізгі (офицерлер және солдаттар үшін), үгіт, айып лагерьлері, ауылдық, өнеркәсіп және майдан бойы жұмыс командалары [31]. Бірінші типтегі лагерьлер көбіне Шығыс майданда кеңінен таралып, оларда аурудың жоғары көрсеткішіне байланысты жаңадан келіп жатқан тұтқындарды карантинге алу талап етілді. Бір айдың ішінде тұтқындар санитарлық тазалану және медициналық вакциналарды егу процедураларын өткен соң негізгі лагерьлерге және жұмыс командаларына аттандырылды. Үгіт лагерьлеріне артықшылық жағдайына Ресей империясының

аз санды ұлттардың өкілдері жіберіліп, оларға қатысты неміс әскери органдары сепаратистік үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуді жоспарлады. Айып лагерьлерінің негізгі бөлігін тұтқыннан бірнеше рет қашып кету ұмтылыстарын жасаумен, тыңшылық әрекетпен, іріткі салумен, лагерь әкімшілігіне өз отандастарын мойынсұнбауға үндеу етумен көзге түскен солдаттар мен офицерлер құрады. Сонымен қатар бұл жерге мемлекетаралық құғындау нысаны ретінде іріктеліп алынған офицерлер көшірілді [32].

Неміс тұтқын жүйесінің басты бірлігіне және жаңадан келіп жатқан тұтқындар үшін өзіне тән әлеуметтендіру институтына айналды. Мындаған бұқараға бақылау орнатуды қамтамасыз ету үшін лагерь кеңістігін ұсақ бөліктерге бөлу принципі қолданылып, ірі лагерьлер бірнеше кварталдарға бөлінді. Өмірлік маңызға ие болған азық-түлік және қару қоймалары, кір жуу орындары, электростанциялар, күзетшілердің үйлері лагерьден тыс жерлерде орналасты. Төтенше жағдайларда қақпалар жабылып, тұтқындар сыртқы әлемнен толық оқшауландырылды. Негізгі лагерьлерде солдаттарға жеке номер, ерекшелік белгілері бар киім-кешек үлестіріліп, туыстарымен және қайырымдылық комитеттерімен хат алмасу құқығы берілді.

Негізгі лагерьлермен салыстырғанда офицерлер үшін арналған лагерьлер өз құрылымымен айрықшаланды. Жоғары шендер көбіне неміс бекіністерінде немесе босаған казармаларда шоғырландырылды. Пруссия әскери министрлігінің 1915 жылы 15 ақпанда жарық көрген «Германиядағы әскери тұтқын жағдайындағы офицерлер мен солдаттарды ұстау туралы негіздері» бұйрығына сәйкес офицерлерге кіші-гірім бөлмелерде, ал генералдар жеке пәтерлерде орналастырылды. 1907 жылғы Гааг конвенциясына және патша үкіметімен жүргізілген келіссөздердің нәтижесінде тұтқындағы офицерлерге олардың шеніне байланысты ақшалай төлемдер бекітілді: кіші офицерлерге жылына – 600 сом, аға офицерлерге – 900, генералдарға 1500 сом. Бұл төлемдерді орыс офицерлері азық-түлікке және өзге де қажетті заттарға жұмсап отырды.

1914 жылдың қарашасынан 1915 жылдың желтоқсанына дейін Торн қаласында, Кутно және Александровка мекендерінде ұйымдастырылған неміс концентрационды лагерьлерінде тұтқында болған дәрігер Санжар Асфендиаров орыс қарулы күштерінің медициналық қызметінің лейтенанты ретінде офицерлер лагерьіне аттандырылды. Торн лагерьінің әкімшілігімен жарақатынан айыққан білікті маман С. Асфендиаров тұтқынға жаңадан келіп жатқан жаралы және науқас әскери тұтқындарға медициналық көмекті көрсетуге, лагерьде санитарлық нормаларды қадағалауға және тұтқындар арасында кең тараған сүзек, тырысқақ және шешек індеттеріне қарсы күрес жүргізуге белсене тартылды [33]. Неміс лагерьлері ішінде лазареттерге ұқсастандырылып жасақталған емдеу орындары соғыстың бастапқы кезеңінде дәрі-дәрмектің, медициналық аспаптардың және дәрігерлердің, азық-түліктің тапшылығы салдарынан індеттер мен жұқпалы ауруларды таратудың басты ошақтарына айналды. Мұндай ауыр жағдайларда осы лазареттерге түскен жаралы және науқас тұтқындардың емделіп шығып, қатарға қосылу мүмкіндіктері санаулы еді.

Санжар Асфендиаровтың өмірі мен қайраткерлік қызметін зерттеу ісіне өз үлесін қосқан өзбек тарихшысы профессор М. Махмұдовтың Санжардың концентрационды лагерьлерде аман қалуына оның дәрігер мамандығы себепші болғандығы туралы айтқан пікірмен ортақтасуға болады [34]. Оларда қызмет ет-

кен Санжар Асфендиаров өмірі мен денсаулығы қауіп-қатерге тәуекел ете отырып, өзінің дәрігерлік борышын бір сәтке де ұмытпай, жаралы және науқас сарбаздарды емдеп, мүмкін болған медициналық және өзге де көмекті көрсетті. Сонымен қатар дәрігер С. Асфендиаров әскери тұтқындарды іріктеу ісіне қатысып, оларды медициналық куәландырудан өткізумен айналысты. Осы шаралардың негізінде ауыр жарақаттанған тұтқындар бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде бейтарап позицияны ұстанған Швейцария мен Дания елдеріне аттандырылды. Соғыстың тек кейінгі жылдары ғана неміс лагерь жүйесі тәртіпке келтірілген соң медициналық ұйымдастырылудың да деңгейі артты. Соның нәтижесінде тұтқында маңызы жоғары болған дәрігерлер мен санитарлар, діни қызметкерлер тіркеуге алынып, олардың нақты саны анықталған соң теңдей болып Германия, Австро-Венгрия, Польша, Бельгия және Голландия территорияларында ұйымдастырылған концентрационды лагерьлерге жіберілді.

Еуропаның жетекші әскери державалардың барлығы дерлік 1907 жылғы Гааг конвенциясына қол қойғандықтарына қарамастан, бірінші дүние жүзілік соғыс барысында аталған конвенцияның әскери тұтқындарға қатысты баптары өрескел түрде бұзылып сақталынбады. Гааг конвенциясының «Әскери тұтқындар туралы» арнайы тараудың 4-ші бабында жаудың қарусыз солдаттары мен офицерлеріне адамгершілікпен қарау және 15-ші бабында әскери тұтқындар орналасқан жерлерге қайырымдылық ұйымдарының өкілетті өкілдерін жіберу туралы келісім қабылданды [35]. Соғыс басталған шақта барлық мемлекеттер жаудың жаңа халықаралық құқықтың ережелерін бұлжытпай орындалатынына сенді. Алайда, Гааг конвенциясының кейбір баптарының мемлекеттік егемендіктің ұстанымдарына қол сұққандықтан олар жауласушы жақтармен саналы түрде орындалмай қалды. Мысалы, халықаралық конвенцияларға (1906 жылғы Женева және 1907 жылғы Гааг конвенциялары – Ж.А.) сәйкес неміс әскери органдары өздерін медициналық немесе санитарлық персоналға қатыстығын дәлелдей алған әскери тұтқындарды босатуға міндетті еді. Өз әскери басшылығынан растайтын құжаттарды күткен дәрігерлердің санатына Санжар Асфендиаров да кірді. Алайда, уақытша лагерьлерде тұтқындар арасында кең тараған жұқпалы аурулар мен індеттерге қарсы күрес жүргізу, медицина кадрларының тапшылығы жағдайында жаудың медицина қызметкерлерін белсенді жұмысқа тартылудың салдарынан оларды дереу отанына қайтару шараларын іске асыру мүмкін емес болатын.

Тұтқынға түскен дәрігерлер лагерьлердегі имитацияланған лазареттерде қызмет етіп, тұтқындағы жаралы және науқас сарбаздарды емдеумен айналысты. Оларға неміс әскери басшылығы мүмкіндігінше жақсы жағдай жасауға тырысып, лагерьден тыс жерде денсаулықты жақсартуға себепші болатын серуендерді жасауға рұқсат берілді. Орыс әскерінің тұтқындағы дәрігерлері міндетті түрде лазареттің бас неміс дәрігеріне бағынды. Дегенмен, лагерьлерде індеттер өріс алған шақтарда неміс комендатураларының қызметкерлері бастың амандығын ойлап, лагерь территориясын тастап кеткен кездерде медициналық ұйымдастыру шені жоғары болған тұтқын дәрігерлерге жүктелді.

Тұтқында ұстаудың санитарлық нормаларының қатаң бұзылуы, лагерьлердегі ашаршылық, індеттер мен жоғары өлімнің көрсеткіштері бейтарап елдердің және халықаралық ұйымдардың белсенділігінің артуының себебіне айналып, жауласушы мемлекеттер арасында жаңа келісімдердің жасалуына алып келді.

Алайда, орыс басшылығының бір жақты позицияны ұстанудың салдарынан бұл игі бастамалар Шығыс майданда тек 1915 жылдың ортасынан бастап ғана іске асырылды. Германия және Ресей арасында әскери тұтқындармен алмасу туралы жасалған келіссөздердің негізінде 1915 жылдың шілде айында жау қолындағы тұтқындардың алғашқы тобы отанына қайта орала бастады. Ресейдің әскери органдары 1906 жылғы Женева конвенцияның баптарына сәйкес тұтқындағы дәрігерлердің тағдырына ықпал етуге де асықпады. Лагерьлерден тұтқын дәрігерлердің медициналық және санитарлық персоналға қатыстылығын дәлелдейтін қажетті куәліктерді ұсыну туралы келген тапсырыстарға Ресейдің әскери шенеуніктері полктар кеңселерінің жоғалуын сылтауратып, бұл фактілерді растаудың мүмкін еместігі туралы жауап қайтарды [36].

1915 жылы бейтарап елдердің және Қызыл Кресттің Халықаралық комитетінің қызу араласуымен Германияның, Австро-Венгрия және Ресейдің Қызыл Кресттің өкілетті ұйымдарының әскери тұтқындардың мәселесін талқылаған бірнеше кеңестер өткізілді. 1915 жылы қарашада Стокгольмде өткен бірінші конференцияда тұтқындағы дәрігерлердің жағдайын жақсарту және өз мамандығы бойынша жұмысқа тартылмаған санитарлық персоналды отанына қайтару туралы мәселе көтерілді [37]. Аталған шаралар көбіне кеңес беру сипатына ие болғандықтарына қарамастан, олар бірқатар нәтижелерге қол жеткізе алды. 1915 жылы Ватиканның бітістіруші әрекеттерінің негізінде жауласушы жақтар мүгедекке айналған әскери тұтқындармен, сондай-ақ медициналық және санитарлық қызметкерлермен өзара алмасу туралы келісімге қол қойып, Орталық державалар мен Ресейдің арасындағы бұл алмасу бейтарап Швеция арқылы жүргізілді. Осы қызметті реттеу үшін Ресейде арнайы «Мүгедек әскери тұтқындарды эвакуациялау және алмастыру комитеті» құрылды. Ханзада Карлмен басқарылған шведиялық Қызыл Крест ауыр жараланған және науқастанған орыс армиясының әскери тұтқындарын Померанияның портты қалалары Штральзунд пен Засництен Балтық теңізімен Швецияның порты Треллеборгқа дейін, одан ары медициналық персоналмен жасақталған санитарлы поездар арқылы Финляндияның шекарасына тасымалдаумен айналысты. Кері бағытта бұл поездар Ресейден неміс және австриялық мүгедектерін отанға жеткізді.

Қызыл Кресттің Халықаралық комитетімен Ресей және Германия арасында ұйымдастырылған әскери тұтқындармен алмасу процесіне 1915 жылы желтоқсанда әскери тұтқындар лагерьлерінде кең таралған сүзек аурына шалдыққан Санжар Асфендиаров та ілініп, тұтқыннан босатылған соң, алдымен Штральзунд арқылы теңіз жолымен Швецияға, одан ары темір жолмен Петроград қаласына келеді.

Жау қолынан босап, отанына оралған Санжар Асфендиаровқа жоғары әскери басшылық сенімсіздікпен қарап, тергеудің астына алды. Тергеу процесі барысында Санжар Асфендиаров тұтқынға түсу себептері, жау лагерьлері, олардың орналасуы мен саны, лагерьдегі атқарған қызметі, тұтқындардың көңіл-күйлері сынды сұрақтарға жауап беріп, арнайы сауалнамадан өтеді. Тұтқыннан оралған әскери дәрігерлерге қатысты 1915 жылдың 26 желтоқсанында жүргізілген арнайы медициналық куәландырудан өткен соң, денсаулығының нашарлығына байланысты Санжар Асфендиаров әскери-санитарлық ведомствоның бұйрығымен 5-ші Түркістан атқыштар полкының

аға дәрігері қызметінен босатылып, емделіп болғанға дейін Түркістан әскери-санитарлық басқарманың резервіне жіберілді [38].

1916 жылы қаңтарда Ташкентке оралған Санжар Асфендиаровты жергілікті күзет орындары «қауіпті және сенімсіз субъект» санап, оның іс-қимылына жауапты бақылау орнатады. Зерттеуші Р.Б. Рамазановтың 1961 жылы қайраткердің жұбайы Рабиға Сералықызынан жазып алған естелік мәліметіне қарағанда, бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында-ақ большевизм идеяларын бойына сіңіре бастаған Санжар алдымен патша, артынан Уақытша үкімет кезінде құпия полициядан сақтанып жүруге мәжбүр болған [39].

Бірінші дүние жүзілік соғыс барысында әр түрлі деректер бойынша орыс тұтқынына жау әскерінің 2,5 миллионға жуық солдаттары мен офицерлері түсіп, олардың басым бөлігін немістер, австриялықтар және венгрлер құрады. Ресей империясының территориясы бойынша әскери тұтқындарды тұрақты орналастыру орындарының қатарына Мәскеу, Қазан, Омбы, Иркутск және Сібір әскери округтарымен қатар, Түркістан да кіргізілді. Алғашында округта 10 мыңға жуық әскери тұтқындарды орналастыру жоспарланғанымен, Бас штабтың Бас басқармасының мәліметтері бойынша 1915 жылдың 21 шілдесіне қарай округте орналастырылған әскери тұтқындардың саны 150 мыңға дейін жетті [40]. 1915 жылдың аяғына қарай Түркістан әскери округында ұйымдастырылған 25 концентрационды лагерьлерде 200 әскери тұтқын (82 425 австриялық және 3812 неміс) орналастырылып, олардың 22 мыңы әр түрлі аурулардан көз жұмды [41]. Шамадан тыс асып кеткен әскери тұтқындарды орналастыру мақсатында Ташкентте, Самарқандта, Мервте және өзге де қалаларда концентрационды лагерьлер мен казармалар салынып, оларды тиісті медициналық көмекпен қамтамасыз ету үшін арнайы емдеу және санитарлық мекемелер ұйымдастырылды. Өлкеде қалыптаса бастаған ауыр санитарлық жағдайда медициналық кадрлардың тапшылығын көрген округтық әскери-санитарлық басқарма 1916 жылы 9 қаңтарда ауруынан енді ғана басын көтеріп келе жатқан Санжар Асфендиаровқа Ташкент қаласындағы 160-шы құрама эвакуациялық госпиталіне ординаторлық міндеттерді атқару ісін күштеп жүктеген болатын [42]. Тұтқыннан босап, тылға аттандырылған Санжар Асфендиаровқа жергілікті әскери органдар қатал қарады. Бұрынғы әскери тұтқындарға саяси сенімсіз элемент, мемлекет қылмыскері ретінде қарау, олардың нашарлаған денсаулығы мен күйзелген психологиялық жағдайын түсінуден саналы түрде бас тарту, «тұтқында болған әскерилер кінәларын еңбекпен өтеуге міндетті» деп санау ол тұста қалыпты құбылыс болатын. Әскери-санитарлық басқарманың «жағымсыз субъектілер» тізіміне енген Санжарға әлсіз денсаулығына қарамастан Ташкентте ұйымдастырылған эвакуациялық госпитальде майданнан оралып жатқан жаралы, науқас солдаттар мен офицерлерге, әскери тұтқындарға, бейбіт босқындарға дәрігерлік көмек көрсетуіне тура келді.

Соғыс кезінде полициялық функцияларды атқару үшін патша үкіметі жасы үлкен әскери міндеттілердің тобы есебінен жасақтар мен қосын роталарды құрды. Қосын бөлімдер Жетісу облысының территориясында және өлкенің өзге де бөліктерінде тұратын еуропалық ұлт өкілдерінен тұрды. Осындай қосынның бірі болған Кушқалық мемлекеттік жасақ қосынының 1916 жылы 15 қаңтарда аға дәрігері болып тағайындалған Санжар Асфендиаров бұл қызметте ақпан айының аяғына дейін еңбек етеді. 1916 жылдың басында Ташкент қаласында

азық-түліктің тапшылығына байланысты орын ала бастаған ашаршылықтың нәтижесінде халық арасында жұқпалы аурулар мен сүзек індеті кең таралып, оларға қарсы күреске Округтық әскери-санитарлық басқарма білікті маман Санжар Асфендиаровты да жұмылдырып, 1916 жылы 26 ақпанда оны Ташкент дисциплинарлық ротаның, Ташкент қарауыл командасының және Түркістанның штаттан тыс батареяларының аға дәрігер қызметіне тағайындайды [43].

1916 жылы 29 сәуірде Санжар Асфендиаров Округтық әскери-санитарлық басқарманың бұйрығымен Ташкент мемлекеттік жасақ қосынының аға дәрігер қызметіне тағайындалынады [44]. 1916 жылдың 25 маусымында «Бұратана халықтың ер адамдарын қорғаныс құрылыстарын және әскери қатынас жолдарын салу және басқа да әр түрлі мемлекеттік қорғаныс жұмыстары үшін тарту туралы» патшаның жарлығына қарсы Ташкент қаласы ескі бөлігінің тұрғындары 11 шілдеде көтеріліс ұйымдастырды [45]. Шеруге қатысқан қарусыз адамдарға қарсы оқ атудан бас тартқан Ташкент мемлекеттік жасақ қосынының мойынсұнбаушылығынан қауіптенген әскери басшылық оны дереу шекара бойында орналасқан Термез бекінісіне аттандырады. Осы қосынның құрамында дәрігер Санжар Асфендиаров та өзінің алғашқы қызмет орны болған Термез бекінісіне қайта оралған болатын.

Бұл жерде келесідей фактіге тоқталып кеткен жөн. Санжар Асфендиаров Императорлық әскери-медициналық академияда Әскери министрліктің теңіз ведомствосының шәкіртақысына оқығандықтан төрт жыл (1913 жылдың наурызынан – 1917 жылдың наурызына дейін – А.Ж.) патша әскерінде қызмет өтеуі тиіс еді. Әскери-медициналық қызметін 1913 жылы наурыз айында 10-шы Түркістан атқыштар полкының кіші дәрігері ретінде бастаған Санжар Асфендиаров, бір жылдан соң бірінші дүние жүзілік соғыстың майданына аттанып, 1914 жылдың аяғында Лодзь түбінде орын алған ұрыстардың бірінде неміс тұтқынына түседі. Жоғарғы әскери органдардың ерік танытуы бойынша әскери тұтқында өткізілген мерзім әскери міндетті тұлғаның қызметтік формулярлық тізіміне «қызметтен тыс уақыт» деп енгізілуі салдарынан міндетті төрт жылдың орнына Санжар Асфендиаров патша әскерінде дәрігер ретінде тағы да бір жыл, дәлірек айтқанда 1918 жылдың наурызына дейін қызмет өтеуге міндеттелініп, Округтық әскери-санитарлық басқарманың қарауында болады. Дегенмен, 1917 жылы патша үкіметінің жойылуына байланысты Санжар Асфендиаровтың әскери-медициналық қызметі белгіленген мерзімнен бұрын аяқталды.

Түркістан сынды отар аймақта, ұлттық езгідегі жергілікті халық арасында туып, өскен Санжар жас кезінен патша билігінің өлкеде жүргізген ұлттық және отарлық саясатының куәгеріне айналып, халқының құқықсыздық пен теңсіздік жағдайында күн кешіп отырғанын көзімен көрді. Ташкент реалды училищесі мен Императорлық әскери-медициналық академиясында оқи жүріп Санжар 1905–1907 жылдардағы алғашқы орыс революциясынан кейін белсенділігін арттыра түскен ұлттық партиялар мен оппозициялық ұйымдардың саяси-әлеуметтік бағдарламаларымен, идеяларымен жақынырақ танысты. Бұл идеялардың Санжардың өмірлік көзқарастарының қалыптасуына шешуші ықпал жасады. Академияны аяқтаған соң, әскери дәрігер ретінде Түркістан өлкесінің әр түрлі аудандарында қызмет атқарған Санжар патша үкіметінің аймақта жүргізген отарлық саясатының астарлы мәні мен мазмұнын іс жүзінде терең ұғына бастады.

1914 жылы бірінші дүние жүзілік соғыс басталысымен майданға аттанған Санжар монархиялық-империялық саясаттың құрбандарына айналған мыңдаған жауынгерлердің тағдырына ортақтасты. Жаралы және наукас сарбаздарға мүмкін болған медициналық көмек көрсетті. Майдан даласындағы әскердің тағдырына немқұрайлы қараған патша үкіметінің сатқындығы және әскери басшылықтың дарынсыздығы салдарынан жау қолына түскен жүздеген мың орыс жауынгерлерімен бірге Санжар да бір жылдай әскери тұтқынның бар ауыртпалылығы мен азабын бастан кешірді.

Нашар ұйымдастырылған неміс концентрационды лагерьлерінде орын алған сұрапыл ашаршылық, тұтқындар арасында кең тараған жұқпалы аурулар мен індеттер, өлім, жеке бас бостандығының шектелуі мен адами құқықтарының кемсітіліп, аяққа тапталуы, қатаң тәртіп пен бақылау, өзге еуропалық ұлт өкілдерімен (немістер, австриялықтар, француздар, поляктар және тағы басқалар – А.Ж.) араласу Санжардың бейбітшілік және адамгершілік көзқарастарының дамуына себепші болып, патша билігі мен режиміне өшпенділік сезімін тудырды. Тұтқын жағдайындағы Санжардың адам теңдігі, оның құқықтарының сақталынуы, майдандас жолдастарға көмек көрсету, дәрігерлік борышын орындау сынды жоғары моральдық құндылықтарды, ұлттық және демократиялық идеяларды саналы түрде қабылдауы объективті құбылыс еді.

Соғыс пен тұтқындағы жылдар Санжардың ішкі жан дүниесін, құндылықтар жүйесі мен азаматтық позициясын түбегейлі өзгерістерге ұшыратты. Қантөгіс соғыс Санжарға патша режимінің көпұлтты, алып империяны басқарудағы қайшылықты саясатын түсінуге қатты ықпал етті. Ұзаққа созылған соғыстың азабы мен қиыншылығын тартқан майдан даласындағы әскердің прогрессивті бөлігі социал-демократтар мен социал-революционерлер насихаттаған идеяларды өз бойларына тез сіңіріп, патша режиміне қарсы көңіл-күйде орнықты. Осындай қатал өмір мектебінен өткен Санжар Асфендияровтың большевистік идеяларды қабылдап, монархиялық билікке қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалысты қолдауы өз-өзінен түсінікті жағдай.

Жоғарыда айтылғанды ескеретін болсақ, Санжар Асфендияров Термезде әскери-медициналық қызметті өтей жүріп, 1917 жылы Петроградта монархиялық билікті жойған Ақпан буржуазиялық-демократиялық революцияның жеңісі туралы хабарды қуанышпен қарсы алғандығы еш күмән тудырмасы анық.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ресей мемлекеттік әскери-тарихи мұрағаты (РМӨТМ). 316-қ., 42-т., 1050-іс, 41–43 пп.
2. РМӨТМ. 409-қ., 1-т., 180525-іс, 144–148 парақтың арты.
3. Өзбекстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты (ӨРОММ). И-762-қ., 1-т., 30-іс, 100-105 парақтың арты.
4. Звегинцев В.В. Хронология русской армии 1700–1917 гг. В 3-х частях. Часть I. – Париж, 1962. – С. 76, 90.
5. Справочная книжка для офицеров. Составили генерального штаба полковники Малинко В. и Голосов В. – Изд. 3-е, исправленное и дополненное. – Ч. I.

- М., 1902. – С. 204–207; Российский государственный военно-исторический архив. Путеводитель. В 4-х томах. – Т. 3. – М., 2008. – С. 24.
6. ӨРОММ. И-722-қ., 1-т., 302-іс, 235–238 пп.
7. ӨРОММ. И-896. 1-т., 1-іс, 6-6, 27-парақтың арты, 33 п.
8. Махмудов М.М. Санжар Джафарович Асфендияров / Революцией призванные: Биографические очерки. – Вып. 2. – Ташкент, 1991. – С. 40.
9. Толығырақ қараңыз: 300-летие царствующего Дома Романовых. 1613 г. – 21 февраля 1913 г. // Сост. П. Борзаковский. – Одесса, 1913. Репринтное издание. – Рига, 1990.
10. ӨРОММ. И-762-қ., 1-т., 30-іс, 101-парақтың арты.
11. ӨРОММ. И-762-қ., 1-т., 30-іс, 101-парақтың арты.
12. Керсновский А.А. История Русской Армии. В 4-х томах. Том 3. – М., 1994. – С. 178.
13. Первая мировая война. Пролог XX в. / Отв. ред. В.Л. Мальков. – Москва, 1998. – С. 556.
14. Головин Н.Н. Военные усилия России в мировой войне / Военно-исторический журнал. – 1993, №6. – С. 58–59.
15. Россия и СССР в войнах XX века: Статистическое исследование. – М., 2001. – С. 68.
16. Россия в мировой войне 1914–1918 гг. (в цифрах). – М.: Отдел военной статистики, 1925. – С. 29.
17. Звегинцев В.В. Хронология русской армии 1700–1917 гг. В 3-х частях. Часть I. – Париж, 1962. – С. 221.
18. РМӨТМ. 3427-қ., 1-т., 2-іс,
19. ӨРОММ. И-762-қ., 1-т., 30-іс, 101-парақтың арты.
20. Қараңыз: Советская военная энциклопедия. – Т. 2. – М.: Воениздат, 1976; Мультатули П.В. Забытая война. Россия и Германия в Первой мировой войне 1914–1918. – СПб., 1998; Зайончковский А.М. Первая мировая война – СПб., 2002; Мультатули П.В. Восточно-Прусская операция (август–сентябрь 1914 года) / Золотой Лев. – 2009. №189–190.
21. Сонда, 234 б.
22. Аранович А.В. «Эвакуировать во что бы то ни стало»: Военные медики в годы Первой мировой войны / Родина. – 2004, №9. – С. 27.
23. Вельяминов Н.А. Очерки военно-санитарного дела русской армии в войне 1914–1917 гг. и воспоминания / Архив Военно-медицинского музея (ВММ) МО РФ. – №52/43073. – Т. 1. – С. 161.
24. Гладких П.Ф., Локтев А.Е., Мостовой Я.В. Развитие систем лечебно-эвакуационного обеспечения Сухопутных войск России и управление их медицинской службой (Конец XVIII в. – первая половина XX в.). – СПб., 1997. – С. 31; Будко А.А., Селиванов Е.Ф., Чигарева Н.Г. Военная медицина в годы Первой мировой войны / Военно-исторический журнал. – 2004, №8. – С. 61.
25. Головин Н.Н. Военные усилия России в Мировой войне. В двух томах. – Т. 1. – Париж, 1939. – С. 158.
26. Қазақстан Республикасы Президенті мұрағаты (ҚРПМ). 708-қ., 1-т., 168-іс, 6 п.; Сулейменов Р.Б. С.Д. Асфендияров и становление советской исторической науки в Казахстане / Великий Октябрь и социально-экономический прогресс Казахстана. – Алма-Ата, 1987. – С. 158.
27. Кокебаева Г.К. Германия – Россия – СССР: политика, война и плен. – Алматы, 2009. – С. 40.
28. Нагорная О.С. «Другой военный опыт»: российские военнопленные Первой мировой войны в Германии (1914–1922). – М., 2010. – С. 43.
29. Ресей Федерациясының Мемлекеттік мұрағаты (РФММ). 3333-қ., 1-а-т., 66-іс, 12-15 пп.
30. Жданов Н. Русские военнопленные в мировой войне 1914–1918 гг. – М., 1920; Головин Н.Н. Военные усилия России в Мировой войне. В двух томах. – Париж, 1939; Васильева С.Н. Военнопленные Германии, Австро-Венгрии

и России в годы ПМВ. Учебное пособие к спецкурсу. – М., 1999; Абдрашитов Э.Е. Источники личного происхождения по истории российских военнопленных первой мировой войны. Автореферат дисс... канд. ист. наук. – Казань, 2003; Нагорная О.С. «Другой военный опыт»: российские военнопленные Первой мировой войны в Германии (1914–1922). – М., 2010; Сергеев Е.Ю. Русские военнопленные в Германии и Австро-Венгрии в годы Первой мировой войны / Новая и новейшая история. – 1996, №4. – С. 65–78; Ленцен И. Использование труда русских военнопленных в Германии (1914–1918) / Вопросы истории. – 1998, №4. – С. 129–137; Солнцева С. Военный плен в годы Первой мировой войны: новые факты / Вопросы истории. – 2000, №4–5. – С. 98–105; Карелин В.А. Проблема интернирования русских военнопленных Первой мировой войны / Новая и новейшая история. – 2010, №1. – С. 93–105 және т.б.

31. Нагорная О.С. «Другой военный опыт»: российские военнопленные Первой мировой войны в Германии (1914–1922). – М., 2010. – С. 101.

32. Нагорная О.С. Санкционированное принуждение и произвольное насилие по отношению к российским военнопленным в немецких лагерях (1914–1922) / Проблема насилия в истории России. – Челябинск, 2007. – С. 17–23.

33. Неміс лагерьлерінде уақытша жер үйлер мен шатырлардың басым болуы, оларда өрескел антисанитария мен ашаршылықтың орын алуы 1914 жылдың қыркүйегінен 1915 жылдың сәуіріне дейін жалғасқан сүзек індетіне алып келді. Аталған кезеңде сүзек ауруына шалдыққан әскери тұтқындардың саны 44 732-ге дейін жетті.

34. Махмудов М. Партийно-государственная деятельность С. Асфендиарова / Санджар Джафарович Асфендиаров. Материалы научной конференции посвященной 100-летию со дня рождения С.Д. Асфендиарова. – Алма-Ата, 1990. – С. 45; Махмудов М.М. Санжар Джафарович Асфендиаров / Революцией призванные: Биографические очерки. – Вып. 2. – Ташкент, 1991. – С. 41.

35. Международное право ведения боевых действий. Сборник гаагских конвенций и иных соглашений. – М., 1995. – С. 13–29; Кокебаева Г.К. Германия – Россия – СССР: политика, война и плен. – Алматы, 2009. – С. 37.

36. РМӨТМ. 2003-қ., 2-т., 553-іс, 16 п.

37. Альбат Г. Сборник международных конвенций и правительственных распоряжений о военнопленных. – М., 1917. – С. 33–44.

38. ӨРОММ. И-762-қ., 1-т., 30-іс, 101 парақтың арты.

39. Сулейменов Р.Б. Первый казахский историк-марксист / Вестник АН КазССР. – 1966, №9. – С. 65–66; Сулейменов Р.Б. С.Д. Асфендиаров и становление советской исторической науки в Казахстане / Великий Октябрь и социально-экономический прогресс Казахстана. – Алма-Ата, 1987. – С. 158.

40. Киреева Ю.В. Условия содержания немецких и австро-венгерских военнопленных на территории Туркестанского военного округа (1914–1917 гг.) // Доклады академии военных наук. Военная история. – 2006, №5. – С. 199.

41. Кокебаева Г.К. Германия – Россия – СССР: политика, война и плен. – Алматы, 2009. – С. 82, 88.

42. ӨРОММ. И-762-қ., 1-т., 30-іс, 101 парақтың арты.

43. ӨРОММ. И-762-қ., 1-т., 30-іс, 101 парақтың арты.

44. ӨРОММ. И-762-қ., 1-т., 30-іс, 101 парақтың арты.

45. История народов Узбекистана. В 2-х томах. – Т. II. От образования государства Шейбанидов до Великой Октябрьской Социалистической революции. – Ташкент, 1947. – С. 432–433.

Түйіндеме

Основные направления Послания Президента РК

Бахытжан Бухарбаев – научный сотрудник отдела социально-политических исследований КИСИ при Президенте РК

Статья посвящена основным направлениям, обозначенным в Послании Президента РК Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Построим будущее вместе!» от 28 января 2011 г. и перспективам реализации этой стратегической программы.

Major Directions of Presidential Address to the Nation

Bakhytzhon Bukharbayev, Research Fellow, Department of Social and Political Studies, KazISS under President of RK

The paper is devoted to the major directions given by the President of the RK Nursultan Nazarbayev in his Annual Address to the Nation of Kazakhstan 'We Shall Build our Future Together' delivered on January 28, 2011 and the prospects for implementation of this strategic program.

Председательство Казахстана в ОИС:

перед лицом современных вызовов

Бұлат Ауелбаев – заведующий отделом внешнеполитических исследований КИСИ при Президенте РК

Настоящая статья затрагивает вопросы, касающиеся председательства Казахстана в Совете министров иностранных дел (СМИД) Организации Исламского сотрудничества (ОИС), основные проблемы стран мусульманского мира и возможности казахстанской дипломатии в плане содействия принципам «исламской солидарности» как главной ценности Организации. В этом отношении высказанные позиции по палестинской проблеме и гуманитарная помощь населению Сомали стали знаковыми событиями начального этапа казахстанского председательства в ОИС.

Kazakhstan OIC Chairmanship: Facing Contemporary Challenges

Bulat Auelbaev, Department Head, Department of Foreign Policy Studies, KazISS under President of RK

The paper addresses the issues of Kazakhstan's chairmanship in the Islamic Conference of Foreign Ministers of the Organization of Islamic Cooperation (OIC). It focuses on the main challenges of the Muslim world and the perspectives of Kazakhstan's diplomacy to promote the principles of 'Islamic solidarity' as the main value of the Organization. In this respect, the position over the Palestinian issue and humanitarian assistance to the people of Somalia became particularly significant for the initial stage of Kazakhstan OIC chairmanship.

Роль и значение народной дипломатии в современной системе международных отношений

Лаура Абжапарова – PhD докторант факультета международных отношений КазУМОиМЯ им. Абылай хана

В статье рассматривается роль и место народной дипломатии в международных отношениях и исторический путь ее становления и развития. Многие современные проблемы международного масштаба требуют от народной дипломатии сохранения мира и стабильности во всех уголках земного шара.

Role and Meaning of Public Diplomacy in Contemporary International Relations System

Laura Abzhaparova, PhD Candidate, School of International Relations, Ablai Khan Kazakh University of International Relations and World Languages

The article focuses on the role and meaning of public diplomacy in international relations and gives historical overview of its formation and development. Public diplomacy is especially relevant these days as most of problematic issues of international scale require its involvement to maintain peace and stability throughout the world.

Внешняя политика Казахстана в казахоязычной периодике (на примере газет «Егемен Қазақстан», «Түркістан», «Алаш айнасы», «Айқын»)

Дана Байгожина – магистрант 2-го курса факультета журналистики КазНУ им. аль-Фараби

За двадцать лет независимого развития Республика Казахстан достигла успехов во многих сферах государственного строительства и международных отношений. Одним из таких успехов можно назвать внешнюю политику республики и ее признание в мировой политике. В статье рассматриваются вопросы развития внешнеполитической стратегии Казахстана и то, как они освещаются в казахоязычной прессе.

Coverage of Kazakhstan Foreign Policy in Kazakh-language Press (the Case of the 'Egemen Kazakstan', 'Türkistan', 'Alash Aynasy', 'Aıqın' newspapers)

Dana Baygozhina, Master Student, Department of Journalism, Al-Farabi Kazakh National University

For twenty years of its independent development, Kazakhstan has succeeded in both state-building and winning its lawful place in international arena. Kazakhstan foreign policy and its recognition in the world politics are vivid examples of the success. The article considers the coverage of the foreign policy strategy of Kazakhstan in the kazakh-language press.

Институт президентского управления: казахстанский опыт
Нурлан Сейдин – заведующий отделом социально-политических исследований КИСИ при Президенте РК

Статья посвящена особенностям института президентского управления и специфике казахстанского опыта в этом направлении. По мнению автора, выбор Казахстаном президентской системы управления в переходящий период был наиболее оптимальным решением, так как, благодаря успешной деятельности Президента Н.А. Назарбаева, наша страна достигла наивысших достижений за такой короткий промежуток времени.

Presidential Form of Government: the Case of Kazakhstan
Nurlan Seydin, Department Head, Department of Social and Political Studies, KazISS under President of RK

The paper describes the features of presidential form of government and outlines the Kazakhstan's experience of state-building. The author argues that presidential form of government as an ultimate choice of political development proved to be the best for Kazakhstan since it enabled the nation to achieve so much in a such short period of time due to President Nursultan Nazarbayev and his successful government.

Проблемы медиакратии: казахстанский опыт
Гульмира Султанбаева – профессор КазНУ им. аль-Фараби, доктор политических наук

Политологи и эксперты масс-медиа в процессе исследования тенденций политической коммуникации используют материалы периодики как основной источник политических со-

бытий. Настоящая статья посвящена проблемам медиакратии, и на примере публикаций казахстанских казахоязычных газет автор дал анализ процентного соотношения социально-политических проблем, рассмотренных в этих статьях.

Issues of Media Democracy: the Case of Kazakhstan

Gulmira Sultanbaeva, Al-Farabi Kazakh National University, Doctor of Political Science, Professor

Political and media experts, while studying the trends in political communication, have the press materials as the main source for the analysis of political events. The paper deals with the issues of media democracy and considers the case of Kazakhstan and its Kazakh-language newspapers in order to reveal the percentage ratio of the socio-political issues covered by the articles published there.

Состояние межэтнических отношений в Казахстане в будущем

Рустем Мустафин – научный сотрудник отдела социально-политических исследований КИСИ при Президенте РК

В данной статье автор проанализировал состояние межэтнических отношений в Казахстане. Межконфессиональное и межэтническое согласие в Республике Казахстан является одним из необходимых условий целостности государства и его продвижения на пути демократических преобразований.

Основное внимание уделено факторам, влияющим на характер межэтнических отношений, на положительное или отрицательное развитие ситуации в республике, и на этой основе даны авторские рекомендации по реализации политики, направленной на поддержание стабильности межэтнических отношений. Мирное сосуществование представителей различных национальностей во многом зависит от государственной политики, и в этой связи опыт властей Казахстана заслуживает особого внимания.

On Possible Development of Inter-ethnic Relations in Kazakhstan

Rustem Mustafin, Research Fellow, Department of Social and Political Studies, KazISS under President of RK

The article provides the analysis of the current state of inter-ethnic relations in Kazakhstan; inter-confessional and inter-ethnic accord are one of the major premises for successful nation-building and further advance towards democratization.

The paper focuses on the factors of positive and negative influence on the development of inter-ethnic relations. The author makes a number of recommendations for the policies' implementation aimed at maintaining the healthy inter-ethnic environment in Kazakhstan.

Особенности традиции бракосочетания казахов

Аманжол Калыш – заведующий кафедрой археологии, этнологии и музеологии КазНУ им. аль-Фараби, доктор исторических наук, профессор

Статья посвящена специфическим особенностям бракосочетания казахов и некоторым аналогиям, встречающимся у народов Центральной Азии и Алтайского края. Автор на основе результатов собранных материалов среди населения и этносоциологического исследования делает вывод, что некоторые сохранившиеся обряды и народные традиции бракосочетания берут свое начало с давних времен, отображая мировоззрение и целый комплекс представлений народа.

On Features of Wedding Ceremonial Traditions of the Kazakhs

Amanzhol Kalysh, Department Head, Department of Archaeology, Ethnology and Museology, Al-Farabi Kazakh National University, Doctor of Science (History), Professor

The paper considers the specific characteristics of the wedding ceremonial traditions of the Kazakhs and some analogies found in the wedding and marriage rituals of the peoples of Central Asia and those in the Altai region. The author's findings resulted from the analysis of the collected

materials of ethnosociological research reveal that some folk traditions of marriage, which are observed these days, have their origins in ancient times.

Понятие политической организации и верховной власти у кочевников
Эльмира Телеуова – доцент КазНУ им. аль-Фараби, кандидат исторических наук

В настоящей статье автор рассматривает становление и формирование институтов власти кочевых обществ, изучение которых затрагивает радикальные аспекты отечественной истории. Самобытность и специфика казахского общества, его государственно-политического строя были определены предшествующими этапами развития кочевых народов Казахстана. Проблемы формирования института верховной власти в период после монгольских государств на территории Республики Казахстан достаточно хорошо изучены в исторической науке, в то время как основания и корни тюркских и монгольских государств уходят корнями в глубокую древность и не изучены в полной мере.

Political Intuitions and Supreme Power of Nomads
Elmira Teleuova, Al-Farabi Kazakh National University, Associate Professor, Candidate of Science (History)

The author considers the formation and development of power institutions in nomadic societies that have crucial meaning for study of the history of Kazakhstan as the specificity of the Kazakh society and its state and political system were laid in the earlier stages of development of the nomadic peoples within Kazakhstan. When the issues of formation of the supreme power institute in the states existing here after the Mongols have long been a subject of rather successful historical studies, the pre-Mongol period requires further inquiry.

Древняя и раннесредневековая история рода Конырат
Жомарт Женис – старший научный сотрудник Тюркской академии, кандидат исторических наук

Статья посвящена роли и значению рода Конырат в формировании и становлении древних и раннесредневековых государств на территории исторического Туркестана и современного Казахстана. В данной публикации автором были широко использованы исследования предшественников, архивные материалы, а также приведены отрывки из исторических источников и топонимические названия, относящиеся к политической жизни коныратов.

Ancient and Early Medieval History of Konyrat Tribe
Zhomart Zhenis, Senior Research Fellow, Turk Academy, Candidate of Science (History)

The paper is focused on the role of the Konyrat tribe in the formation and development of ancient and early medieval states within the current territory of Kazakhstan historically referred to Turkestan. The author provides the analysis of a number of historical sources; texts and toponyms related to Konyrat history and their political life.

Религиозные традиции и верования как фактор устойчивого развития этноса
Алмас Арзикулов – главный научный редактор КИСИ при Президенте РК

Религия, традиции, верования и мировоззрение народа являются одним из основных факторов, влияющих на историческое развитие, духовно-культурную и политическую жизнь данного сообщества. В статье рассматривается роль и влияние религиозных традиций и верований на формирование этноса в процессе глобализации.

Religious Traditions and Beliefs as Factor of Sustainable Development of Ethnic Communities

Almas Arzikulov, Chief Editor, KazISS under President of RK

Religion, traditions, beliefs and mind-set of people are the main factors influencing the development of historical, spiritual, cultural and political life of any community. The author discusses the role and influence of religious traditions and beliefs on ethno-genesis amidst the globalization process.

Социологический анализ мнений о подготовке специалистов
Сауле Алимбаева – доцент ТарГУ им. М. Дулати, кандидат социологических наук

Статья посвящена вопросам обучения в процессе профессиональной подготовки специалистов в вузе. В первую очередь в своей работе автор использовал статистику, публикации в печати, и, самое главное, представил результаты социологического опроса как основной метод социологического исследования, проведенного с целью изучения, с одной стороны, общественного мнения, а с другой – альтернативных взглядов в отношении подготовки квалифицированных специалистов, отвечающих современным требованиям рынка труда.

Sociological Analysis of Public Opinion on Professional Training
Saule Alimbaeva, M. Dulati Taraz Humanitarian University, Associate Professor, Candidate of Science (Sociology)

The paper deals with the issues of professional training and higher education. It contains the results of the sociological survey conducted to describe the public opinion on the matter and identify the alternative views on the possible way to improve professional training of highly qualified specialists on the background of contemporary realities.

История становления семиотики как науки
Жулдыз Жумашова – PhD докторант КазНУ им. аль-Фараби

В настоящей статье рассматривается история становления семиотики – науки о знаках, представляющей собой довольно развитую теорию, методы которой позволяют анализировать самые разнообразные сферы человеческой деятельности.

Семиотика в современный период времени активно используется учеными в исследовании эффективности и интерпретации знаков в информационном обществе, однако в нашей стране развитие семиотики как науки находится в начальной стадии. Данная публикация может быть полезной исследователям, специализирующимся в области семиотики.

Progress of Scientific Establishment of Semiotics
Zhuldyz Zhumashova, PhD Candidate, Al-Farabi Kazakh National University

The author discusses the history of formation of semiotics as study of signs, which is a developed theory providing the methods to analyze a variety of spheres of human activity. Semiotic studies have been increasingly used for indication and designation of signs in information society. As semiotics studies in Kazakhstan is still in early stages of its establishment, the article provides a number of implications for further research development in this area.

Исход казахов из Семиречья в 1916 г.
Айгиз Тургинбаева – историк

За годы обретения государственной независимости Республика Казахстан стала полноправным членом международного сообщества, его неотъемлемой частью, получив признание и поддержку абсолютного большинства государств мира.

Однако до независимости республики в истории Казахстана, написанной учеными в колониальный период, не всегда представлявшими объективную картину, сокрыто еще немало «белых пятен». Только в годы независимости открылись широкие возможности для

восстановления научной истины на основе архивных материалов, ранее доступных лишь ограниченному кругу лиц. Одной из таких малоизвестных страниц истории Казахстана является массовый исход казахов с насиженных мест из Семиречья в 1916 г. и предшествовавший этому июньский указ царя о всеобщей мобилизации инородцев.

Exodus of the Kazakhs from Semirechye in 1916

Aygiz Turginbaeva, historian

During the years of its independent development, Kazakhstan has had its rightful place in international arena as an integral part of world politics that enjoys recognition and respect among other nations.

However, after gaining independence, historians of Kazakhstan have to fill in the 'white spots' being well aware that the history written by the colonizers cannot always be considered as objective. The paper deals with the massive exodus of the Kazakhs from Semirechye in 1916 resulted from the Decree on Compulsory Military Induction of Non-Russians issued by Russian Tsar in June that year.

Переговоры между Россией и Швецией в преддверии Тридцатилетней войны

Ардак Нурмухамбетов – PhD докторант исторического факультета КазНУ им. аль-Фараби

В данной статье приведен материал, охватывающий исторический период времени в канун Тридцатилетней войны – одной из самых разрушительных войн в европейской истории, расколовшей Европу на два враждебных лагеря. Предметом исследования статьи являются: политические переговоры между Россией и Швецией и их историческая значимость, внешняя политика правителей этих государств Михаила Романова и Густава II Адольфа.

Russian-Swedish Negotiation prior the Thirty Years' War

Ardak Nurmukhambetov, PhD Candidate, Department of History, Al-Farabi Kazakh National University

The article deals with the materials covering the historical period preceding the Thirty Years' War, which, being one of the most destructive in European history, divided Europe into two hostile camps. The paper is focused on the political talks between Russian and Swedish Empires prior the War, considers their historical significance and provides the analysis of the foreign policies of Mikhail Romanov of Russia and Gustav II Adolf of Sweden.

Санжар Асфендияров – военный врач

Алмас Жунисбаев – магистрант Института магистратуры и PhD докторантуры КазНПУ им. Абая, санжаровед

Военно-медицинская деятельность и годы службы Санжара Асфендиярова в составе царской армии – одна из неисследованных страниц жизни и деятельности выдающегося казахского ученого и интеллигента, яркой личности в истории Казахстана. В статье приведены новые архивные источники о военно-медицинской деятельности Санжара Асфендиярова, а также богатый фактологический материал, свидетельствующие о всей глубине эрудиции казахского ученого.

Military Doctor Sanzhar Asfendiarov

Almas Zhunisbaev, Master Student, Abay Kazakh National Pedagogical University, Sanzharian Scholar

Sanzhar Asfendiarov is one of the most outstanding Kazakh scientists and intellectuals. His military and medical service in the tsarist army remains quite obscure for the Sanzharian studies. The paper provides the analysis of the recently discovered archival materials as well as rich factual data wherefrom the significance of Asfendiarov's intellectual contribution is particularly visible.

